

Кәрімбек
ҚҰРМАНӨЛИЕВ

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
СӨЗЖАСАМДЫҚ
ҰЯ МӘСЕЛЕСІНІҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ СИПАТЫ**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЙНАР АКАДЕМИЯСЫ

Кәрімбек
ҚҰРМАНӘЛИЕВ

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
СӨЗЖАСАМДЫҚ
ҰЯ МӘСЕЛЕСІНІҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ СИПАТЫ**


Монография



ARDA

Алматы

2020



Қайнар академиясының ғылыми кеңесі баспаға ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған – Н. ОРАЛБАЙ
*Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткері,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Пікір жазғандар:

*Филология ғылымдарының докторы,
профессор Б. Қасым*

*Педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Ж. Балтабаева*

Құрманәлиев К. А.

Қ77 Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық сипаты. Монография. – Алматы: «Арда», 2020. – 272 бет.

ISBN 978-601-7355-57-9

Ғылыми еңбек қазақ тілі сөзжасамының ұя мәселесіне арналған. Сөзжасамдық ұяның ғылыми-теориялық сипаттамасы жасалып, сөзжасамдық ұяның анықтамасы толықтырылады. Сөзжасамдық ұяның құрамындағы сөзжасамдық бірліктер сөзжасамның жалпы теориялық негізінде зерттеледі.

Монография жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға, ғылыми қызметкерлерге арналған.

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Каз

© Құрманәлиев К., 2020
© «Арда», 2020

ISBN 978-601-7355-57-9

КІРІСПЕ

Қазақ тіл білімінде тұңғыш рет сөзжасамның жалпы теориялық мәселелерінің ғылыми негізін жасаған Тіл білімі институты грамматика бөлімінің қызметкерлері дайындаған 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монография. Тіл білімінің көрнекті ғалымдары М. Балақаев, А. Қалыбаева, Н. Оралбаева, Қ. Есенов, Е. Жанпейісов, С. Нұрқановтың авторлығымен дайындалған монографияда «Сөзжасамның жалпы мәселелері» арнайы зерттеліп, онда тілдің сөзжасам жүйесі толық сипаттамаға ие болды. Сөзжасам жүйесі мәселесінің ішінде сөзжасамдық талдау, туынды сөздер, сөзжасам негізділігі (мотивация), сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тип мәселелері сөз болды.

Осы мәселелер алғаш рет ғылыми айналымға түсіп, өз шешімін тапты. Бұған дейін сөзжасам жүйесі, оның жалпы заңдылықтары сөз болған емес, зерттеулердің бәрі негізінен жеке сөз таптарының жұрнақтар арқылы жасалуы туралы болып келді. Бұрын морфологиялық талдау термині қолданылып, оның мәні сөз құрамына, сөз табына талдау болып түсінілетін. Сөзжасам тілдің жеке саласы болып танылғандықтан, осы сала мәселесі бойынша, сөзге талдау жасау қажеттігі туды. Бұл сөзжасамдық талдау мәселесінің ұғымын, мәнін ашуды керек етті. Осымен байланысты монографияда сөзжасамдық талдау мәселесі қойылып, оның өзіндік ерекшеліктері ашылып, морфологиялық талдаудан айырмашылықтары анықталды.

Туынды сөз мәселесі бұрын да ғылымда, оқулықтарда сөз болып жүрген. Бірақ туында түбір, туынды сөз терминдерінің бірінің орнына бірі қолданылып жүргені, ара-жігі

ашылмағаны біраз қиындықтар туғызған еді. Монографияда жалпы тіліміздегі түрлі сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған сөздердің бәрі туынды сөздерге жататындығын айта келіп, туынды сөз терминінің мәнін ашқан. Бұл туынды сөз терминінің мәнін анықтап, оның тіл білімінде бір мағынада қалыптасуына ықпал жасатады.

Осы бөлімде сөзжасамдық тізбек мәселесі де көтерілген. Сөзжасамдық тізбек термині алғаш қолданылып, оған анықтама берілген және оның ерекшеліктері сипатталған. Монографияда сөзжасамдық ұяда тізбектердің орбу жолдары, тізбектердің құрамы, ондағы мүшелердің қызметі, тізбектен сатының алатын орны, тізбектің қазақ тілінде неше сатыдан тұратыны, тізбектің соңғы мүшесінің ерекшелігі және тағы басқа да белгілері ғылыми түрде тиянақты сипатталған.

Бұл еңбекте сөзжасамдық тип жан-жақты сипатталып, оның негізгі үш белгісі көрсетіліп, сондай-ақ, сөзжасамдық үлгі туралы мағлұмат берілген. Бұл мәселелерде бұрын ғылыми айналымға түспеген оларға ғылыми түсінік сипаттама берілмеген еді.

Сөзжасамның жалпы мәселелер бөлімінде сөзжасамның теориясының негізін қалаған, бұрын назардан тыс қалған, жаңа теориялық ұғымдарды анықтаған, оны ғылымның бір саласын ғылыми деңгейге көтергенін атап көрсету орынды.

Сондай-ақ, бұл еңбекте сөзжасамдық тәсілдер мәселесіне толық ғылыми сипаттама берілгенін айтқан жөн. Бұл мәселеде осы еңбекте тұңғыш рет ғылыми тұрғыда анықталды деуге болады. Бұған дейін сөзжасамдық тәсілдер арнайы зерттелген емес. Сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілдері мәселесі зерттеу нысанына алынған. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» монографиясында сөзжасамдық тәсілдер мәселесінің ғылыми негізі қаланды деп санауға болады.

Монографияда қамтылған сөз таптарының сөзжасам ғылымының соңғы жетістері ескеріліп, жаңа көзқараспен жоғары ғылыми деңгейде жазылғанын байқаймыз.

Ғылыми еңбекте қазақ тіл білімінде тұңғыш рет сөзжасамдық ұя термині ғылыми айналымға қосылды. Белгілі ғалым Н.Оралбаева термині ғана емес, сөзжасамдық ұяға да анықтама берген. Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден таралған туынды түбірлердің жиынтығы аталатындығы туралы сөз еткен. Жұмыста сөзжасамдық ұяның құрылысы нақты мысалдармен дәлелденген. Ұяда негіз сөзден тікелей жасалған, туынды түбірлерден басқа туындылардың бәріне туынды түбірлер негіз болғаны анықталған. Ұяның құрамын талдау арқылы ғалым сөзжасамдық ұяның құрылысы күрделі болатынын дәлелдеген. Сонымен бірге, сөзжасамдық ұяда түбірлес туынды сөздер болатыны анықталған.

Бұл монографияға аса зор мән беріп, талдау жасауға негіз болғаны себебі – ол бүгінгі таңда сөзжасам теориясын толық қамтыған, сөзжасам теориясының ғылыми негізін қалаған, сөзжасамның көп жаңа мәселелерін көтерген ғылыми деңгейі жоғары, өте құнды еңбек екеніндігіне байланысты.

Бұл келелі еңбек сөзжасам мәселесін жаңа бағытта зерделеп, сөзжасамның кейінгі зерттеулеріне соны бағыт елтеуге, сөзжасамға қозғарасты өзгертуге, жаңа идеялар бағстауда маңызы зор болды.

Тілдің сөзжасам саласы кеш танылып, ол туралы арнайы зерттеулер жаңа тұрғыда зерттеушілер назарына жиырмашыны ғасырдың соңғы он жылдығында ғана алынып, тілдің сөзжасам жүйесінің сөзжасамдық ұясы арнайы зерттеліп, оның барлық мәселелері жан-жақты зерделеніп, сөзжасамдық ұяның белгісіз болып келген мәселелерінің мәні анықталып, оның ғылыми негізін қалаған монографиялық еңбектер жарық көре бастады. Әрине, бұл, қазақ тіл білімінің дербес саласы саналатын сөзжасам тұрғысында ғылыми жетістіктің көрінісі болып отыр.

Сөзжасамдық ұя сөзжасам мәселесінің ішіндегі өте күрделі комексі мәселелері көп, қазақ тіл білімінде шешілмей жүрген өзекті ғылыми мәселелердің біріне саналады. Сөзжасамдық ұяның орыс тіл білімінде ғылыми негізін

қалаған ірі ғалым А.Н.Тихонов сөзжасамдық ұяны тілдің кіші сөзжасам жүйесі деп атағаны бекер емес. Сөзжасамдық ұяда кездеспейтін, қолданылмайтын бірде-бір мәселесі жоқ. Бұл жағдай ғалымның неге «кіші сөзжасамдық жүйе» деп атағанын айқындай түседі.

Сөзжасамдық ұя сөзжасамдық бірлік ретінде ғылыми айналымға қосыла бастағаннан бастап, оған өзіндік анықтама беруге ғалымдар ат салысты. Сөзжасамдық ұя ұғымы, термині, анықтамасы да ғылымда бірден қалыптаса қойған жоқ. Ұсынылып отырған монографияда сөзжасамдық ұяның ғылыми-теориялық сипаттамасы жасалып, анықтамасы айқындалды. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген 1989 жылы шыққан монографияда көрнекті ғалым, профессор Н.Оралбаеваның сөзжасамдық ұяға берген алғашқы анықтамасы негізге алына отырып, біз сөзжасамдық ұяның бір түп негіз сөзі және одан туындаған туынды сөздерден тұратыны, ұядағы әр туынды сөздің сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалатыны, ұядағы туынды сөздердің өзіндік жүйесі бары, яғни олардың бейберекет орналаса алмайтыны, туынды сөздердің тілде номинация қызметін атқаратынын, туынды сөздердің ұяда өзіндік құрылымы бар екені ескеріп, ұсынылған ұстанымдар негізге алынынып, сөзжасамға анықтама берілді.

Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселесі алғашқы рет түрлі сөз таптарының жұрнақтарын анықтау, жұрнақтардың мағынасын ашу, олармен жасалған туынды түбірлерді айқындау арқылы сөзжасамның негізгі мәселесінен мағлұмат беруден басталғаны көрінді. Монографияда түрколог ғалымдардың, белгілі тіл мамандарының жоғарыда айтылған мәселелерді зерттеуі туралы қысқаша шолуда сараланды.

Еңбекте сөзжасамдық ұяда барлық сөзжасамдық бірліктер қолданылатындығы, сөзжасамдық ұяның негізгі түбір түп негізден жасалатындығына мән берілді. Сондай-ақ, ұяда туынды сөздің жасалуына тек негізгі түбір ғана уәждеме қызметін атқарып қоймай, туынды түбірлердің де уәждеме қызметін атқаратыны дәлелденген. Уәждеме қыз-

метіндегі негізгі түбір мен туынды түбір салыстырылып, негізгі түбірдің өнімділігі анықталды. Термин қолданысын ретке келтіру мәселесінде де біршама мәселе көтерілді. Тіл білімінде түбір сөз, негізгі түбір, туынды түбір, туынды сөз терминдерінің ара – жігі сақталмай, қалай болса, солай қолданылып жүргені нақты деректермен дәйектеліп, оның шешу жолдары ұсынылды.

Бұл кітапта қазақ тілі сөзжасам жүйесінің ғылыми-теориялық негіздерін айқындап берген, келешек зерттеушілерге ой салып, қазақ тілі сөзжасамының әрі қарай дамуына жол ашқан 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» монографиясында анықталған, сөзжасамның жалпы мәселелерін шешуге арналған көптеген ғылыми идеяларды әрі қарай дамытып, сөзжасамның көкейкесті мәселелерін көтерген, еліміздегі қазақ тілі сөзжасамы саласының белгілі ғалымдарының еңбектеріне шолу жасалады.

Әлемдік әдістеме ілімінің озық тәжірибелеріне сәйкес, модульдік жүйе негізінде жазылған 2014 жылы сөзжасам саласының белгілі ғалымдары Н. Оралбай, К. Құрманәлиев, Ж.Балтабаевалардың авторлығымен дайындалған Білім және ғылым министрлігі еліміздің жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне ұсынған «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығының толықтырылған, екінші нұсқасында, сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері қарастырылып, сөзжасам ғылымының жаңа бағыттары бойынша зерттелген соңғы еңбектер де ескерілген. Әр бөлімнің соңында студенттердің тақырыпты қалай меңгергенін, өзін-өзі тексеру үшін пысықтау сұрақтары берілген. Сонымен бірге, студенттердің өз бетінше ізденіп, ғылыми еңбектермен жұмыс істеу, қазақ тілінің сөзжасамы бойынша жазылған ғылыми-теориялық зерттеулерді терең түсіну, білімін жетілдіру дағдыларын қалыптастыруды көздейтін қосымша әдебиеттер ұсынылған. Оқулықтың сөзжасамдық ұя мәселелеріне арналған – бесінші модульде қаралған сөзжасамдық ұя туралы түсінік, сөзжасамдық ұя құрылымы,

сөзжасамдық ұя мағынасы тақырыптары бойынша профессор К. Құрманәлиевтің «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя проблемаларының ғылыми-теориялық негіздері» атты монографиялық еңбегі қосымша әдебиет ретінде пайдаланылуға ұсынылған.


Сөзжасам бойынша жазылған ғылыми-теориялық еңбектердің таралымының аздығы мен қолжетімділік деңгейінің төмендігі сөзжасамның жаңа бағыттағы зерттеулерімен танысу қиыншылығын тудырып отырғандығы студенттер мен магистранттардың тарабынан дәріс барысында айтылып жүр.

Осыларды ескере отырып, жоғарыда оқулықта ұсынылған тақырыптар аясында сөзжасам ұя мәселесінің қазақ және орыс тілі білімдерінде зерттелуі, сөзжасамдық ұяның анықтамасын айқындауға арналған алғышарттар, сөзжасам ұясының мағынасы, сөзжасамдық ұядағы туынды сөздер мен туынды түбірлер, ұядағы сөзжасамдық жұрнақ туралы сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық сипаты мен сөзжасамдық ұяның құрамындағы сөзжасамдық бірліктер жайлы жазылған еңбектер «Қазақ тілінің сөзжасамы» пәнінің бағдарламасына бейімделіп, ықшамдалған түрде берілді.

1

СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ СИПАТЫ





1.1. Сөзжасамдық ұя мәселесінің зерттелуі туралы

Сөзжасамдық ұя қазақ тіл білімінде соңғы кезде ғана зерттеле басталғандықтан, оның көп мәселелері жалпы сөзжасам мәселелерімен өте тығыз байланысты. Сондықтан сөзжасамдық ұяға қатысты бірсыпыра мәселелер тіл білімінде ертеден – ақ зерттеліп келді. Олай болса, ол мәселелердің зерттелуі туралы қысқаша шолу жасау керек деп білеміз. Өйткені, сөзжасам мәселелері бір – бірімен тығыз байланысты.

Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселесі алғашқы қазақ тілімен байланысты еңбектерден бастау алады.

Ең алғашқы қазақ тілі туралы жазылған еңбектер Н. И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» /1/, П. М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» /2/, М. А. Терентьевтің түркі тілдеріне арналған «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» /3/ атты грамматикаларда түркі сөз таптарының сөзжасамдық жұрнақтары аталып, олардың мағыналары көрсетілгені ғылымында үнемі көрсетіліп келді. Одан соң В. Г. Архангельский 1927 жылы «Грамматика казахского языка» деген еңбек жазғаны да белгілі. Онда ғалым әр сөз табымен байланысты сөзжасамдық бірсыпыра жұрнақтарды көрсетіп, олармен жасалған туынды түбірлерді көрсетіп, олардың мағынасын анықтаған /4/.

Бұдан қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселесі алған түрлі сөз таптарының жұрнақтарын анықтау, жұрнақтардың мағынасын ашу, олармен жасалған туынды түбірлерді айқындау арқылы сөзжасамның бір негізі

мәселесінен мағлұмат беруден басталғаны көрінеді. Бұл ретте түркологтар еңбегін дұрыс бағалау, оны көрсеткен орынды деп білеміз.

Қазақ ғалымдарының ішінен сөзжасам туралы алғаш ғылыми мәлімет А. Байтұрсыновтың «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. (Орынбор, 1914 жыл) оқулығында берілген. Осы оқулықтың «Сөз тұлғалары» тақырыбында сөз тұлғасының 5 түрін көрсетеді. Солардың бірі ретінде туынды сөзді көрсетіп, оған мынадай анықтама береді: «Туынды түбір дегеніміз – бастапқы тұлғасы да, мағынасы да өзгерген сөз: мәселен, бастық, тастық, шашақ, қолтық» /5, – 154/. Міне, бұл – қазақ тіл білімінде, қазақ тілінде туынды сөзге тұңғыш рет берілген анықтама. Туынды түбірге берілген бұл анықтамада артық сөз де, кате пікір де жоқ. Туынды түбір сөздің негізі түбірден тұлғасы да, мағынасы да басқа екені шындық және тұңғыш рет қолданылған туынды түбір деген термин әлі де қолданыста екенін атап өту дұрыс деп санаймыз. Ол терминнің авторы – А. Байтұрсынов, оны да ұмытпау керек.

Осы тақырыпта ғалым сөз тұлғасының бір түрі деп қосымшаларды көрсеткен. Қазіргі тіл білімінде бұл ретте көзқарас өзгерді. Бірақ тілде қосымша терминін тұңғыш қолданып, оған анықтама берген де А. Байтұрсынов екенін айта кету орынды деп санаймыз. А. Байтұрсынов қосымшалардың екі түрін көрсеткен, олар: жалғау және жұрнақ, бұл терминдер әлі де қолданыста, олардың да авторы – А. Байтұрсынов. Сонымен бірге ғалым жалғауға да, жұрнаққа да анықтама берген, ол қосымшамен байланысты көрсетілген. Өз сөзін келтірейік: «Қосымшалар екі түрлі: біреулері жалғанған сөзінің тұлғасын ғана өзгертіп, мағынасын

өзгертпейді, екіншілері жалғанған сөзінің тұлғасын да, ішкі мағынасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқы қосымшалар ішкергі жалғаулар я тікелей жалғау деп аталады; екінші қосымшалар ішкергі жалғаулар я тікелей жұрнақ деп аталады» /5, – 154/. Алғашқы берілген анықтам осындай. А. Байтұрсынов оны мысалымен былай түсіндіреді: «жылқышы» дегенде сөздің бастапқы тұлғасы да, мағынасы да өзгертілді, яғни «жылқышы» деген сөз енді малдың есімін көрсетпейді, адамның есімін көрсетеді» /5, – 154/. Осында жұрнақты жалғаумен салыстырып мынадай белгілерін атаған: «Жалғау аз, жұрнақ көп. Жалғау түбір сөзде де, туынды сөзде де болады. Жұрнақ түбір сөзде жоқ, туынды сөзде де ғана болады деп көрсетіп, оның тағы басқа да белгілерін қосады, – жұрнақтар барша сөзге қосылып жазылады. Жұрнақ ішіндегі дүдәмал естілген дыбыстар естілген қалыпта жазылады... Жұрнақтар түбір сөздің, жалғаулар түбір һәм туынды сөздің аяқ дыбысының түріне қарай, өзгеріңкіреп жалғасады» /5, – 155/.

Келтірілген үзінділермен А. Байтұрсыновтың жұрнақты анықтап, оның туынды сөз жасап, сөз мағынасын өзгертіп, туынды сөз құрамында қолданылып, түбірмен бірге жазылатынын, тілде жұрнақтардың саны да көп екенін нақтылы мысалдармен дәлелдеген. Осы оқулықта =лық, =шы, =шыл, =лас, =лы, =лау, =сыз, =ғы, =еке, =ншы, =у, =ғыш, =қ, =ақ, =с, =м, =нды, =ма жұрнақтарына жаттығулар беріп, олардан туынды сөздерді жасауды талап еткен. Мұнда жұрнақтарды қолдануға, ажыратуға, тануға жаттықтыруды көздеген.

1915 ж. Орынборда шыққан «Тіл – құралы 2-ші жылдық» деген оқулықта осы жұрнақтарды қайталау үшін күрделі жаттығулар берілген және жұрнақтардың құрамы мына жұрнақтармен толықтырылған: =шақ,

=а, =е, =ла, (=ле, =да, =де, =та, =те), =ғар (=қар, =кер), =сын, =шыла (=шіле), =ай, (=ей), =гер, =дай (=дей), =дағы (дегі), =лау (=леу, =дау, =деу, =тау, =теу), =шыл, =ғыл, =ғылт, =ғылым, =шылық (=шілік), =ар (=ер), =ай(=ей) жұрнақтарын қосқан /5, – 213 – 223/. Бұдан басқа, ғалым осы оқулықта оның жасалу жолдырын баяндаған.

Бұл үзінділер А. Байтұрсыновтың тілдегі сөзжасамдық жұрнақтардың басым көпшілігін оқулықта беріп, оларды меңгеруді мақсат еткен жаттығуларды бергені анықталды.

Олай болса, А. Байтұрсынов қазақ тілінің сөзжасам мәселесінің алғаш негізін қалаған, ол туралы алғашқы ғылыми пікір айтқан, оның негізі терминдерін жасаған ғалым деуге толық болады деп есептейміз. Кейінгі мектеп оқулықтарында А. Байтұрсынов пікірлері қайталанып келеді.

Ғылым бір қалыпта қалмай, заман өткен сайын дамиды, толығады, жетіледі. Бұл – заңды құбылыс. Сондықтан кейінгі оқулықтарда негізгі пікір сақталғанымен, онда толығу, жетілу, екшелу, нақтылану әрекеттері болғанын ескермеуге, атамауға болмайды.

Профессор Қ. Жұбанов 1936 жылы 5-ші сыныпқа арналған «Қазақ тілінің грамматикасы» атты оқулықты жариялады. Бұл оқулықта ғалым жұрнақ деген терминнің орнына үстеу деген терминді қолданды және туынды сөз деген терминді қолданбады. Бірақ ғалым «Образование сложных слов» деген мақаласында сөзжасамның аналитикалық тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер мәселесі туралы пікір айтқан: «Сложение, или композиция, есть образование нового слова путем соединения двух или более слов в одном» /6, – 471/. Міне, бұл сөзжасамның бұл тәсілі туралы айтылған

1 – пікір деуге болады. Өйткені грамматикаларда біріккен сөз, қос сөз туралы мағлұмат беріліп жүргенімен, оның сөзжасамға жататыны деп бөліп, оны туынды сөздер тобында қарастыруы сол кезде үшін жаңалық деуге болады.

Қазақ тіл білімінде жалғау, жұрнақтар туралы мақала бастырып шығару 1930 жылдардан басталады. Х. Басымовтың «Қазақ тілінің жалғау, жұрнақтары» деген мақаласы 1930 жылы «Жаңа мектеп» журналының 6–7 нөмірлерінде шықты /7/. Бұл алғашқы мақала болғандықтан оны әдейі атап отырмыз, одан кейін талай мақала шыққаны белгілі, оларды санамалап, атап жату артық деп санадық. Бірақ, бұл жұрнақ мәселесінің ғылымы нысанаға ілігуінің айғағы.

Сөзжасам мәселелері зерттеліп, одан біртіндеп диссертациялар да қорғала бастады. Осы бағыттағы алғашқы диссертациялар Ө. Төлеуовтың диссертациясы. «Словообразовательные аффиксы имен в современном литературном языке» деп аталған /8/. Төлеуов бұдан кейін де есім сөздердің сөзжасамы туралы бірнеше еңбек жариялады. Соның бірі зат есім мен сын есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуын зерттеуге арналған еңбегі /9/.

Ө. Төлеуовтың «Қазақ тіліндегі зат есім категориясы» деген еңбегінде зат есімнің сөзжасамынан мәлімет беріледі /10/. Ғалымның, сонымен бірге, зат есім мен сын есімнің жасалуына арналған «Қазақ тіліндегі есім сөздердің жасалуы» атты еңбегі 1973 жылы жарық көрді /11/. Бұл еңбектерінде ғалым зат есім, сын есім сөзжасамын синтетикалық тұрғыда зерттеген, онда жұрнақтар анықталып, топтастырылды.

А. Хасенова – Қалыбаева етіс категориясы бойынша қорғаған диссертация негізінде 1951 жылғы

«Қазақ тіліндегі етіс категориясы» атты еңбегі жарияланды. Онда етіс аффикстерінің жаңа сөз тудыруда лексикалық қызмет атқаруы жайында сөз болса /12/, ғалымның 1959 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктер» деген еңбегінде қазіргі қазақ тіліндегі аффикс арқылы пайда болғаны туынды түбір етістіктер сөз етіледі. Мұнда басқа сөз таптарымен қатар, етістерден жасалған туынды түбір етістіктер де қамтылған /13/. Туынды етістіктер мәселесі «Етістіктің лексика – грамматикалық сипаты» деген еңбегінде де қамтылған /14/.

1949 жылы Г. Н. Жаркешева «Слитные слова в современном казахском языке» /15/.

Ал 1956 жылы Б. Құлмағамбетова «Аффиксальное словообразование глаголов в современном казахском языке» деген тақырыпта диссертация қорғады /16/.

Б. Құлмағамбетованың зерттеу жұмысында туынды етістіктерді жасайтын жұрнақтардың рөлі, олардың өзіндік мағыналары және өнімділік дәрежесі анықталған. Зерттеуші етістіктер зат есімнен, сын есіммен, еліктеуіш сөзден және түбір етістіктерден жасалады деген қорытындыға келеді.

1960 жылы А. Хасенова «Глагольные основы казахского языка» (производные глаголы синтетического образования) деген тақырыпта қазақ әйел ғалымдарының ішіндегі тұңғыш рет докторлық диссертация қорғады /17/.

3. Бейсембаева ғылыми жұмысында қазіргі қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтардың белгігі бір тобын зерттейді /18/. Автор жұмысында қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамы ең алдымен, сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған жаңа сөздермен толығып отыратынын ескере келіп, зат есім тудыратын


жұрнақтарға тоқталады, сөзжасамдық аффикстер өнімділігінің дәрежесін анықтайды.

Кейбір жұмыстарда қазақ тілі сөзжасамының ерекшеліктері басқа тілдермен салыстыру барысында айқындалады. Мәселен, Е. Н. Шипова жұмысын орыс және қазақ тілдеріндегі зат есімдерді жасайтын сөзжасамдық тәсілдерді салыстырмалы түрде зерттеуге арнайы отырып, осы екі тілдің сөзжасамындағы өзіндік ерекшеліктерді айқындайды /19/. Сондай-ақ, Б. Қайымованың диссертациялық жұмысында етістіктен есім тудыратын жұрнақтар талданады, етістіктен зат есім және сын есім тудыратын ортақ жұрнақтардың сипаттамасы беріліп, жалпы жұрнақтардың өнімді, өнімсіз түрлері олардың жаңа сөз жасаудағы рөлі айқындалады /20/.

Бұл еңбектер қазақ тіл білімінде алғашқы диссертациялар болғандықтан, олардың тізбелеп атап отырмыз. Сонымен бірге тіл білімінде алғашқы ғылыми зерттеулердің нысаны сөзжасам жұрнақтары болғанына назар аудартпақпыз.

Сөйтіп, қазақ тіл білімінде ғылыми зерттеу сөзжасамдық жұрнақтардан басталып, жекеленген зерттеулер аналитикалық сөзжасамды да қамтығанын байқаймыз. Бұл тақырыптарды зерттеушілер сын есім, зат есім, етістік жұрнақтарын анықтады, олардың мағыналарын ашты, олар арқылы жасалған туынды түбір сөздерге талдау жасады. Сонымен бірге, аналитикалық тәсіл арқылы жасалған біріккен сөздер, олардың құрамы, мағынасы, жасалу тәсілдері анықталды.

1950 жылы А. Ысқақов үстеу, ал 1953 жылы Ж. Шакенов сын есім мәселесі бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Екі диссертацияда да сол сөз таптарының сөзжасамы қарастырылды /21,22/.



Ж. Шакенов 1961 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы» деген еңбегінде сын есімнің сөзжасам мәселесін кеңінен қарастырады. Автор сын есімдердің синтетикалық, аналитикалық және лезика – семантикалық тәсілдер арқылы жасалуына тоқталады /23/.

Бұл арада сөзжасам әрекетіне байланысты әр сөз табының туындысына қатысты Б. Хасеновтың 1966 жылы жарық көрген «Сөздердің метофоралы қолданыуы» деген монографиясын атау да орынды. Онда сөздің көпмағыналығының туындауы туралы ұтымды пікірлер айтылған /24/.

Сонымен қатар, қазақ тілі мен көне түркі жазба тіліндегі сөзжасамды салыстырмалы түрде зерттеген А. Есенқұловтың /25/, сөзжасам мәселесінің кейбір жақтарын сөз еткен А. Алдашеваның жұмыстарын да атаған дұрыс /26/. Ғ. Ғ. Мұсабаевтың зерттеуінде бір тарау толығымен сөзжасамға арналып, онда қазақ тіліндегі жаңа сөздер, негізінен, екі тәсіл (сөзқосым және аффиксация) арқылы жасалатыны туралы айтылады /27/.

Бұдан кейін сөзжасам мәселесіне назар аудару сиреп кетті, тіпті бұл мәселені зерттеу бірсыпыра уақыт тоқырауға ұшырады деуге болады. Сөзжасам мәселесіне ғалымдар назарын аударуға себеп болған бір еңбек бар. Ол Н. Оралбаеваның «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формасы» деген 1971 жылғы диссертациялық еңбегі. Мұнда күрделі етістік мәселесі сөзжасам тұрғысынан жаңаша қойылды /28/ және күрделі етістік тек толық мағыналы сыңарлардан құралады деген қағида ұсынылды. Бірінші рет күрделі етістік күрделі қимылды білдіретіні дәлелденді, күрделі етістік «негізгі етістікке көмекші етістіктің тіркеуі

арқылы жасалады» деген ұғымды жоққа шығарды. Бұл кейін күрделі етістіктің, күрделі сөздердің зерттелуіне жол ашты.

1973 жылы С. Исаевтың «Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы» деген еңбегі жарық көреді. Бұл еңбекке қазақ әдеби тілінің Кеңес дәуірінде дамуы баспасөз тілінің лексикалық құрамының баюы, жаңа сөз жасау процесінің дамуы ыңғайында баяндалады. Автор Кеңес дәуіріндегі қазақ әдеби тілінде жаңа сөз тудырудың лезика – семантикалық, мофологиялық, синтаксистік тәсілдері қарқынды дамығанын көрседі /29/.

1998 жылы С. Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» атты еңбегінде сөзжасам мәселесіне бір тарау арналаған /30/. Онда сөзжасам анықтамасы, жүйелік сипаты, сөзжасам тәсілдері, сөзжасам үлгілерінің өнімділік, құнарлылық сипаты мәселерінен мағлұлаттар берілген.

Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселесін зерттеу шындап қолға алынуы 1988–1989 жылдардан басталады.

1988 жылы Н. Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімінің сөзжасам жүйесі» деген монографиясы жарық көрді /31/. Онда ғалым қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне толық сипаттама берді. Бұл қазақ тіл білімінде тілдің сөзжасам жүйесіне берілген тұңғыш ғылыми сипаттама. Бұған дейін ол мәселе ретінде қойылған емес. Онда қазақ тілінің қалыптасқан өзіндік жүйесі ұзақ уақыт ішінде басынан талай өзгерістерді өткізіп қалыптасқаны дәлелденді. Ұзақ уақыт ішінде сөзжасамдық бірліктер қалыптасып, олардың қолданылуы, туынды сөздердің жасалу заңдылықтары қалыптасқаны ғылыми тұрғыда дәлел-

депді, сан есімдердің сөзжасам жүйесі тұңғыш рет сипатталып, оның өзіндік ерекшеліктері көрсетілді. Сан есім сөзжасам жүйесінде негізінен аналитикалық тәсіл қолданылады деген тұжырым еңбекке өзек болып, дәлелденіп отырады. Сан есімнің сөзжасамдық бірліктері сан атауларынан деп дәлелдеген ғалым сан атауларынан басқа сан атауларының жасалуы, қосылу (он + бір) және кобейту (2 x жүз) заңдылығы арқылы жасалатын нақты тілдік деректер негізінде дәлелден, оның түрлі модельдерін жасаған.

Сонымен бірге синтетикалық тәсілдің де сан есімнің сөзжасамында алатын орны, атқаратын қызметі дәлелденіп, тарихи тұрғыдағы талданған.

Сан есім сөзжасамының ғалым төмендегідей өзіндік ерекшеліктерін көрсеткен:

1) сан атауларын жасауға басқа сөз таптары қатыспайды;

2) сан есім сөзжасамы өз ішінде тұйықталған;

3) сан есім сөзжасамы қызметін тоқтатқан, ол өз құрамын толықтырып отырмайды;

4) аналитикалық тәсіл сан есім сөзжасамындай ешбір сөз табында қызмет атқармайды.

Сан есім сөзжасамына қатысты Н. Оралбаева дәлелдеген пікірлер ғылыми тұжырымдар бұрып да, кейін де ұсынылған емес. Сан есім сөзжасамын зерттеуге жалпы тіл білімінде де жеткілікті назар аударылмай келеді деуге болады.

Жалпы сөзжасам мәселесін арнайы зерттемесе де, қазақ тілі мамандарының ішінде сөзжасам мәселесі туралы пікір айтпаған ғалымды кездестіру қиын.

І. Кеңесбаев /23, 33/, С. Аманжолов /34/, М. Балақаев /35, 36, 37, 38/, А. Ысқақов /39, 40/, Т. Қордабаев /41/, М. Томанов /42/, Қ. Есеннов /43, 44/, Ә. Қайдаров

/45, 46/, Р. Сыздықова /47/, Ш. Ш. Сарыбаев /48, 49/, Р. Әміров /50/, К. Аханов /51, 52/, Н. Оралбаева /53, 54/, К. Ш. Құсанов /55, 56/, Е. Жанпейісов /57/, Б. Әбілқайымов /58/, С. Омарбеков /59/, Т. Жанұзақ /60/, Ә. Нұрмығашбетов /61/, О. Айтбаев /62, 63/, Ү. Жүнісбеков /64/, Ғ. Қалиев /65, 66, 67/, Б. Қалиев /68, 69/, Т. Сайрамбаев /70/, Н. Уалиев /71, 72/, М. Серғалиев /73/, О. Нақысбеков /74/, Ш. Құрманбайұлы /75/, М. Оразов /76, 77, 78, 79/, Ж. Манкеева /80, 81, 82/, т.б. жекелеген пікір айтқан ғалымдарды көптеп келтіруге болады.

1989 жылы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген Тіл білімі институтының грамматика бөлімінің ғылыми қызметкерлері дайындаған монография жарық көрді. (Бұл монографияның авторлары: М. Балақаев, А. Қалыбаева, Н. Оралбаева, Қ. Есеннов, Е. Жанпейісов, С. Нұрханов. Редколлегия мүшелері: М. Балақаев, Қ. Есеннов, Е. Жанпейісов, Н. Оралбаева. Жауапты редакторы – Н. Оралбаева) /83/.

Бұл монография сөзжасам мәселесін жана бағытта, жаңа ғылыми негізде жоғары дәрежеге көтерді және оның сөзжасамның кейінгі зерттелуіне соны бағыт ештеуге, сөзжасамға көзқарасты өзгертуге, жаңа идеяларға бастауға маңызы күшті болды. Сондықтан оған толық талдау жасау қажет.

Монографияда қазақ тіл білімінде тұңғыш рет сөзжасамның жалпы теориялық мәселелерінің ғылыми негізі жасалды. Шолудан байқалғандай, 1988 жылға дейін сөзжасам жүйесі, оның жалпы заңдылықтары сөз болған емес, зерттеулердің бәрі негізінен жеке сөз таптарының жұрнақтар арқылы жасалуы туралы болып келді.

1988 жылы шыққан сан есім сөзжасам туралы монографияда «Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі тұңғыш

рет ғылыми мәселе ретінде сөз болса, 1989 жылғы монографияда «Сөзжасамның жалпы мәселелері» арнайы зерттеліп, онда тілдің сөзжасам жүйесі екінші рет толық сипаттамаға ие болды. Сөзжасам жүйесі мәселесінің ішінде сөзжасамдық талдау, туынды сөздер, сөзжасам негізділігі (мотивация), сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тип мәселелері сөз болды. Бұл тарауларды Н. Оралбаева жазды /83, – 112/. Бұл еңбекте осы мәселелер алғаш рет ғылыми айналымға түсіп, өз шешімін тапты.

Бұрын морфологиялық талдау термині қолданылып, оның мәні сөз құрамына, сөз табына талдау болып түсінілетін. Сөзжасам тілдің жеке саласы болып танылғандықтан, осы сала мәселесі бойынша сөзге талдау жасау қажеттігі туды. Бұл сөзжасамдық талдау мәселесінің ұғымын, мәнін ашуды керек етті. Осымен байланысты монографияда сөзжасамдық талдау мәселесі қойылып, оның өзіндік ерекшеліктері ашылып, морфологиялық талдаудан айырмашылықтары анықталды.

Туынды сөздер мәселесі бұрын да ғылымда, оқулықтарда сөз болып жүрген. Бірақ туынды түбір, туынды сөз терминдерінің бірінің орнына бірі қолданылып жүргені, ара жігі ашылмағаны біраз қиындықтар туғызды. Ол туралы монографияда төмендегідей түсінік берілген: «Алдымен туынды сөз деген терминнің мәнін ашып алайық. Қазақ тіл білімінде бұл термин кездесіп жүргенімен, ол тұрақты бір мағынада қалыптасты деуге келмейді. Оны кейде туынды түбір деген мағынада да қолдану кездеседі. Шындығында ол екі терминнің мағынасында үлкен айырма бар. Ал туынды сөз деген терминнің мағынасы туынды түбір деген терминнен әлдеқайда кең. Туынды түбір деген термин – туынды

сөздердің бір тобының ғана аты. Туынды түбірлерге тек журнал арқылы, синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер ғана жатады. Туынды сөз деген терминнің көлеміне туынды түбірлер оның бір тобы ретінде кіретіні сөзсіз, бірақ туынды сөздерге оларды да басқа тәсілдер арқылы жасалған түрлі – түрлі туынды сөздер жатады. Мысалға туынды сөздерге туынды түбірлерден басқа тағы да сөзқосым тәсілі арқылы жасалған біріккен, кіріккен сөздер, қосарлау тәсілі арқылы жасалған қосарлама, қайталама қос сөздер, тіркестіру тәсілі арқылы жасалған аналитикалық яғни күрделі сөздер, семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер жатады. Жалпы тіліміздегі түрлі сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған сөздердің бәрі туынды сөздерге жатады» – деп, туынды сөз терминінің мәнін ашқан /83, – 34/. Бұл туынды сөз терминінің мәнін анықтап, оның тіл білімінде бір мағынада қалыптасуына ықпалы жасалады.

Осы бөлімде қазақ тіл білімінде тұңғыш рет сөзжасамдық ұя термині ғылыми айналымға қосылды. Терминнің авторы – Н. Оралбаева. Термин ғана емес, сөзжасамдық ұяға анықтама берілді. Ол төмендегідей: «Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы аталады» /83, – 51/. Оған бас түп негізінен жасалған ұя түгел мысал ретінде берілді. Монографияда сөзжасамдық ұяның құрылысы нақтылы мысал арқылы дәлелденді. Ұяда негіз сөзден тікелей жасалған туынды түбірлерден басқа туындылардың бәріне туынды түбірлер негіз болғаны анықталған. Осы ұяның құрамын талдау арқылы автор сөзжасамдық ұяның құрылысы күрделі болатыны дәлелдеген. Сонымен бірге сөзжасамдық ұяда түбірлес туынды сөздер болатыны анықталған.

Осы монографияда сөзжасамдық тізбек мәселесі көтерілген. Сөзжасамдық тізбек терминін алғаш қолданған, оған анықтама берген, оның ерекшеліктерін сипаттаған – Н. Оралбаева. Ғалым сөзжасамдық тізбекке монографияда төмендегідей анықтама берген: «...бір түбірден тараған бірінен – бірі тікелей туындайтын, біріне – бірі негіз болатын негізді сөздердің тобы сөзжасамдық тізбек деп аталады» /83–51/.

Сөзжасамдық ұяда тізбектердің өрбу жолын, тізбектердің құрамын, ондағы мүшелердің қызметін, тізбектен сатының алатын орнын, тізбектің қазақ тілінде неше сатыдан тұратынын, тізбектің соңғы мүшесінің ерекшелігін, тағы басқа да белгілерін ғалым тиянақты сипаттаған.

Осы бөлімде сөзжасамдық тип жан – жақты сипатталып, оның негізгі 3 белгісі көрсетілді, сондай-ақ сөзжасамдық үлгі туралы мағлұмат берілді. Бұл мәселелер де бұрын ғылыми айналымға түспеген, оларға бұрын ғылыми түсінік, сипаттам берілмеген еді.

Сөзжасамның жалпы мәселелері бөлімі сөзжасамның теориясының негізін қалаған, бұрын назардан тыс қалған жаңа теориялық ұғымдарды анықтаған, оны ғылымның бір саласын ғылыми деңгейге көтергенін атап кету орынды деп санаймыз.

Монографияда сөзжасамдық тәсілдер мәселесіне толық ғылыми сипаттам берілген. Бұл мәселе де осы еңбекте тұңғыш рет ғылыми тұрғыда анықталды дегуге толық болады. Бұған дейін сөзжасамдық тәсілдер ғылыми тұрғыда арнайы зерттелген емес. Сөзжасамның синтетикалық тәсілі мәселесін А. Қалыбаева /83, – 85–88/, аналитикалық тәсіл мәселесін Н. Оралбаева /83, – 89 – 99/, лексика – семантикалық тәсіл мәселесін Қ. Есенов /83, – 99 – 101/ жазған. Осы монография-

да сөзжасамдық тәсілдер мәселесінің ғылыми негізі қаланды деп санаймыз.

Монографияның 2-бөлімі сөз таптарының сөзжасамына арналған. Жоғарыда сөзжасамды зерттеу сөз таптарының сөзжасамынан басталды дегенбіз. Сондықтан сөз таптарының сөзжасамының бастау көздері болғаны рас. Бірақ монографияда қайталау жоқ, ғалымдар бұл мәселелерді жаңаша көзқараспен жазған. Монографияда сан есім, сын есім сөзжасамы жоқ, 1988 жылы сан есім сөзжасамы жеке монография ретінде баспадан шыққандықтан ба деп ойлаймыз, сан есім сөзжасамы мұнда қамтылмаған, еңбек көлемі де көтермеген болар. Бірақ осы екі сөз табының сөзжасамының еңбекте болмағаны олқылық келтіріп тұр. Өйткені бұл монографияны жоғарғы оқу орындарында қазір оқулық ретінде қолданылып жүр, өйткені сөзжасамнан оқулық жоқ. Сондықтан мұғалімдерге екі сөз табының сөзжасамы мұнда болмағаны қиындық туғызып жүр.

Монографияда қамтылған сөз таптарының сөзжасам ғылымның соңғы жетістіктері ескеріліп, жаңа көзқараспен, жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Соның ішінде зат есім сөзжасамы (авторлары – Е. Жанпейісов, С. Нұрханов) өте жоғары деңгейде диахрондық тұрғыда көп мәселелерді зерттей отырып жазылған /83, – 113 – 231/.

Біз бұл монографияға толық талдау жасауға тырыстық, өйткені ол бүгінгі таңда сөзжасам теориясын бірсыдырғы толық қамтыған, сөзжасам теориясының ғылыми негізін қалаған, сөзжасамның көп жаңа мәселелерін көтерген ғылыми деңгейі жоғарғы, өте құнды еңбек екенін атау орынды деп санаймыз.

Бұл – монографияның құндылығына, жаңалығына, онда көтерілген тоериялық мәселелердің маңызына толық дәлел.

Қасымова Балқия «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер» мәсеелсінен 1992 жылы кандидаттық диссертация қорғады /84/. Автор диссертациясында «Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесі» атты монографиядағы күрделі етістік мәселесінің идеясын дамытып, толық мағыналы сыңарлардан құралған етістіктерді ғана күрделі етістік болатынын дәлелдеген. Диссертацияда күрделі етістіктердің құрамын жан – жақты талдаған. Күрделі етістіктердің ауыспалы сыңарлары мен тірек сыңарларына толық талдау жасап, әр тірек сыңар арқылы тілде қанша күрделі етістік жасалғанын анықтаған, тірек сыңарлардың сөзжасамдық қабілетін ашқан.

Қасым Балқияның 1996 жылы баспадан шыққан «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер» деген еңбегі /85/. Автордың диссертациясы негізінде жазылған, бірақ оны автор толықтырған, дамытқан, жүйеге келтірген, бұл мәселенің тоериялық негізін жаңаша жасаған. Алайда өз идеясының негізі Н. Оралбаева еңбегінен бастау алатынын айта келіп, күрделі етістікке жаңаша көзқарас иесі туралы былай деп жазады: «Қазақ тіл білімінде күрделі етістікке жаңаша қарау Н. Оралбаеваның еңбектерінен басталады. Автор етістіктің аналиткалық формасын күрделі етістік құрамынан бөліп қарап, оны грамматикалық құбылыс ретінде танып, тіліміздің сөздік қорынан орын алатын дайын сөз деп дәлелдеді. Ғалым күрделі сөздің (күрделі етістіктің) мағынасы, оларды құрайтын компонентердің мағынасынан шығатынын айта келіп, оны бір лексикалық ұғымды білдіретін тілдік нұсқа дейді» /85, – 23/.

Қасым Балқия еңбегінде күрделі етістіктің зерттеу тарихы, күрделі етістіктің шығу тегі, күрделі етістіктің табиғаты және негізгі белгілері, күрделі етістіктердің басқа ұқсас тілдік құбылыстардан ерекшелігі, күрделі етістіктің құрылымы, күрделі етістікті байланыстырушы элементтер, күрделі етістіктің етістіктердің тірек сыңары, күрделі етістіктердің ауыспалы сыңары сияқты өнекті мәселелерді талдап, тілдік мол деректерге сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар жасаған.

Бұл еңбекке толығырақ тоқталып отырған себебіміз күрделі етістікті бұрынғыша түсіну әлі де кездесіп қалады. Оның үстіне бұл еңбек тілдегі даулы, шешілмеген, таласы көп күрделі сөз мәселесін дұрыс шешуге бағыт сілтейді.

Қасым Балқия күрделі сөз мәселесін зерттеуді жалғастырып жүргені мәлім. Ол 1999 жылы «Күрделі зат есімдер сөздігін» баспадан шығарды /86, – 100/. Бұл өте керек құрал еді, оның баспадан шыққанын құптау қажет. Ал 2001 жылы «Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым» атты монографиясын баспадан шығарды /87, – 183/. Күрделі сөз мәселесі қазақ тіліндегі, тіпті басқа тілдердегі өте қиын мәселе екені жұртшылық мәлім. Осы қиындықтан шығудың жолын іздеп, оны шешуге бел байлаған ғалымның зерттеулері қомақты нәтижелер берген деп есептейміз. Ғалым осы монографиясында төмендегідей күрделі мәселелерді шешкен деп санаймыз. Олар:

- 1) күрделі зат атауларының уәждеме тоериясы;
- 2) күрделі зат атауларының құрылымы;
- 3) күрделі зат атауларының семантикалық құрылымы;
- 4) күрделі зат атауларының өзіндік белгілері;
- 5) күрделі зат атауларының көпмағыналығы;

- 6) күрделі зат атауларының омонимиялығы;
- 7) күрделі зат атауларының синонимиялығы,
- 8) күрделі зат атауларының терминденуі;
- 9) күрделі зат атаулардың түрлері;
- 10) Күрделі зат атауларының мағыналық топтары.


Автор монографиясында өте күрделі, маңызды мәселелерді зерттегенін осыдан да көруге болады. Монографияда көтерілген мәселелердің бәрі ғылыми тұрғыдан бұрын зерттелмеген, соны мәселелер. Сондықтан ғылымдағы өте күрделі мәселені шешуге арналған бұл еңбек құнды, маңызды деп бағалаймыз.

Осындай жаңа бағыттағы ғылыми зерттеулердің бірі – Шаһарман Гүлжиян Пішенбайқызының диссертациялық еңбегі.

1998 жылы Шаһарман Гүлжиян Пішенбайқызы «Қазақ тіліндегі сан есім сөздерден жасалған туындылардың мағыналық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады /88/. Шаһарман Гүлжиян диссертациясы бір, біреу, екі, үш, төрт, бес, жеті, тоғыз, тоқсан, мың, үші, жетісі, қырқы, жүзі, бірге, бірде, бірден, бесті сөздерінің жаңа мағынаға, саннан басқа мағынаға көшуінің жолдарын, омонимдік дәрежеге жетуінің жолдарын анықтаған. Онда Н. Оралбаеваның 1984 жылғы «Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты мақаласындағы ықшамдалу және күрделену заңдылықтары туралы идеясын негізге алған /88/. Ол туралы автор: «Профессор Н.Оралбаева тіл дамуының екі үлкен заңдылығын көрсетеді. Олар – ықшамдалу және күрделену заңдылықтары. 1–2 – үлгідегі көрсетілген тілдік құбылыстар осының алғашқысы, ықшамдалу заңдылығына, 3–4 – үлгідегі құбылыстар күрделену заңдылығына сәйкес келеді. Берілген үлгіде көрсетілген аталымдардың қатарын толық-

тарып, олардың ықшамдалған және күрделенген түрлеріне қарай топта, кестеге түсіруді орынды санадық» – дейді /88, – 16/.

Түсінікті болу үшін көрсетілген үлгіні келтірейік |



2-үлгі

жеті + күн	жеті аталым
------------	-------------

3-үлгі

сегіз + көз	сегізкөз (аталым)
-------------	-------------------

4-үлгі

алты + қанат	алты қанат (аталым)
--------------	---------------------

Осы мысалдың өзі Шаһарман Гүлжиянның сөзжасам мәселесін сөзжасам заңдылықтарына сүйеніп зерттегенін көрсетеді. Мұнда жаңа көзқарас, жаңа бағыт анық аңғарылады. Сөздің жаңа мағынаға қошу әрекетін (процесін) зерттеу сөзжасамда жаңа бағыт әкелді.

Сол сияқты осы кездерде Ж. Отарбекова /89/, З. Умирзакова /90/, Г. Мамаева /91/ және т.б. зерттеушілердің ғылыми жұмыстары да қорғалды.

Ж. Отарбекованың диссертациялық жұмысының негізіне орта ғасырлық (1602) түркі жазба мәдениетінің тамаша үлгісі Кадырғали Қосымұлы Жалайыридың «Жамиғ ат – тауарих» (жылнамалар жинағы) атты шежіресі алынады. Зерттеуші өз жұмысында аталған шежірені пайдалана отырып, ондағы сөздердің жасалу табиғатын, даму сипатын, сөзжасам процесін зерттеуді арқау етеді. Ескерткіш тіліндегі сөзжасам қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам процесімен салыстырыла қаралады /89/.

Г. Мамаеваның диссертациялық жұмысы күрделі сын есімдер мәселесін зерттеуге арналған. Ол үлкен қиындық туғызып жүрген күрделі сын есімдердің мағынасын, жасау жолдарын зерттеп, үлгілерін жасаған /91/.

Л. К. Жаналина – Қазақстандағы орыс тілі мамандарының ішіндегі сөзжасам мәселесін зерттеп жүрген ірі маман. Оның сөзжасамға байланысты еңбектері де мол /92, 93, 94, 95, 96/. Ол орыс тілінің сөзжасамы туралы докторлық диссертация қорғады /97, 98/. Сонымен бірге орыс тілі мен қазақ тілінің сөзжасамын салыстырып та зерттеді. Л. К. Жаналинаның еңбегі «Сопоставительное словообразование русского и казахского языков» деген атпен жарық көрді /99/.

Сөзжасамды тарихи тұрғыдан зерттеген Ж. Манкеева, Б. Сағындықұлы өлі түбірлер, өлі қосымшалар, сөздің этимологиясы мәселелерінен құнды – құнды пікірлер айтқан /100, 101/.

Салқынбай Анар сөзжасамды диахрондық аспектіде зерттеді /102/. Бұл да сөзжасамды зерттеудің кешегіден қалған, жеткілікті дәрежеде назар аударылмай жүрген мәселесі. Оның үстіне сөзжасамдық семантика – ғылымда өз орнын ала алмай, көңіл бөлінбей, тергелмей келген мәселе. Сөзжасамдық мағынаны семантикалық бағытта зерттеу ғалымның өзіндік пікірлер ұсынуына, қорытынды тұжырымдар жасауына мүмкіндік берді. Бұл еңбектегі көңіл бөлерлік мәселе тарихи сөзжасамның фонетика – семантикалық сипаты деген мәселе.

Салқынбай Анар сөзжасам мәселесін тарихи тұрғыдан зерттеп, докторлық диссертация қорғады /103, 104/. Ғалым диссертациясында сөздердің семантикалық дамуы мәселесінен жоғарғы нәтижелерге жетті.

Тарихи тұрғыдағы зерттеуде фонетикалық сөзжасамға тоқталмау мүмкін емес. Оған Г. А. Рамстедт /105/, Н. А. Баскаков /106, 107/, Э. В. Севортян /108, 109/, А. Н. Кононов /110/, Б. А. Серебренников /111, 112, 113/, А. М. Щербак /114, 115, 116/, Ф. А. Ғаниев /117, 118, 119, 120, 121/, Б. О. Орузбаева /122/ сияқты ірі ғалымдар тарихи сөзжасамға назар аударған, құнды-құнды пікірлер айтқан. Ұйғыр тілінің маманы Тұғлуқжан Талипов /123, 124/ ұйғыр тіліне байланысты зерттеу еңбегінде, қазақ тілі фонетикасына қатысты еңбектерінде, Б. Сағындықұлы /125/ тілді тарихи тұрғыдағы еңбектерінде, М. Томанов «Тарихи грамматика» /126, 127/ атты еңбегінде дыбыстардың алмасуы, оның мағынаға қатысы туралы пікірлер айтқаны белгілі. Тұр-

колог ғалымдар мен қазақ тілі мамандардың идеяларына сүйене, ғылыми тұжырымдарын ескере отырып, Салқынбай Анар дауыссыз дыбыстар арқылы сөз жасалудың 22 қалыбын (өз термині), дауысты дыбыстар бойынша 9 қалыпты анықтаған. Мұны үлгі деп айтуға да болатын сияқты /102, – 149 – 180/. Бұл еңбекте қаралған негізгі мәселе сөз мағынасы, сөз мағынасының сөздік құрамынан туындауы. Бұл ретте сөздің архисемасын анықтауы назар аударады, архисеманың дамуы арқылы сөздің туындауы – дәлелденуі көңіл бөлерлік мәселе.

Сөзжасамды тарихи тұрғыда зерттеуде Керимовтың XIV ғасыр түрік әдеби жазбаларындағы сөзжасамдық жұрнақтар мәселесін зерттеуге арналған диссертациясын да атауға болады (1979) /128/.

Ә. Ибатов «Сөз құрамындағы морфема атауларын тұрақтандыру мәселесі жайында» деген еңбегінде сөзжасам мәселесімен байланысты құнды-құнды пікірлер айтқан /129/. Осы жұмысты дамыту нәтижесінде ғалым 1988 жылы «Қазақ тіліндегі туынды сөдер сөздігін» баспадан шығарды /130/. Бұл, әрине, сөзжасам үшін өте пайдалы еңбек болды. Сөздікте автор 14 мыңдай туынды сөздер берген және қазақ тілінде сөзжасамдық 291 жұрнақ бар деген. Сөздіктегі туынды сөздердің сөз табына қатысы көрсетілген.

Диалектілер сөзжасамы өзінше бір сала, мәселе. Бұл мәселе диалектологтардың бәрінің еңбектерінен орын алды деуге болады. Диалектология ғылымының негізгін қалаған С. Аманжолов /131/, Ж. Досқараевтан /132, 133/ бастап Ш.Ш. Сарыбаев /134, 135, 136, 137/, А. Нұрмағанбетов /138/, С. Омарбеков /139/, Ж. Болатов /140/, О. Нақысбеков /141/, Ғайдаров /142/, А. С. Аманжолов /143/ т.б. осы сияқты ғалымдардың еңбектерінде сөзжасам мәселесіне соқпай өткені жоқтың қасы.

Диалектологтардың ішінде сөзжасамды арнайы зерттеген ғалымдар да бар, олардан Ғ. Қалиевті, Ғ. Жексембаеваны атау қажет. Ғ. Қалиев «Қазақ говорларындағы сөзжасам» деген тақырыпта 1989 жылы докторлық диссертация қорғады. Ғалым диссертациясында диалектілік сөзжасамның тілдің жалпы сөзжасам жүйесіне байланыстылығын дәлелдеді, сөзжасамды әрекеттің әдеби тіл мен сөйленістердегі бірлігін көрсетті, сөзжасамның говорлық сөздік құрамына қатысты, семантикалық диалектизмдердің жасалуын, ондағы сөзжасамдық жұрнақтардың қызметінің ерекшелігін, олардың байланысын анықтап берді. Диалектідегі сөзжасамдық негіз сөздер, көне элементтердің диалектіде сақталуы, сөйленістердегі сөзжасамдық типтер, күрделі сөздер сияқты күрделі – күрделі мәселелерді талдады. Бұл диалекті сөзжасамын зерттеудегі алғашқы күрделі еңбек болды /144/.

Ғ. Жексембаева басқа тілден енген сөздердің сөзжасамға қатысты мәселесін арнайы зерттеді. Ол да көңіл бөлінбей жүрген мәселелердің бірі еді /145/.

Қазақ тілінің басқа мәселелері туралы пікір айтқан, жеке мақалалардағы сөзжасам мәселесі, жоғарғы оқу орындары оқулықтарында сөзжасам мәселесінің көрінісі туралы сөз етсек, ол көп орын алар еді. Дегенмен олардың ішінде де көңіл бөлерлік пікірлер баршылық.

Солардың ішінен К. Ахановтың «Грамматика теориясының негіздері» атты 1972 жылы шыққан еңбегінде күрделі сөздер туралы ұтымды пікірлер айтқанына назар аудардық /146/. Сол сияқты С. Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» атты 1998 жылы шыққан еңбегінде сөзжасамдық

журнақтардың құнарлылығы туралы найдалы пікір айтқан /30/.

Жоғарғы оқу орындарының оқулықтары ғылымның жаңалықтары негізінде жазылатын болғандықтан, оқулықтардағы сөзжасамның қандай дәрежеде орын алғаны туралы да бірер сөз айту қажет.

Сөзжасам соңғы кезге дейін морфология құрамында қаралып келгендіктен, морфологияға арналған оқулықта сөзжасам мәселесі қамтылып келді. Оны 1964 жылдан бастап шығып, 3 басылым көрген (1964, 1974, 1991) А. Ысқақовтың авторлығымен шыққан «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» атты оқулықтан көруге болады. А. Ысқақов Сөздің морфологиялық құрамы мен жасалу жолдарына арнайы тоқталып, көмекші морфемалардың бір түрі ретінде журналдар туралы мағлұмат берген. Онда: «Сөз тудыратын журналдар сөзге (түбірге) жаңа лексикалық мағына үстейтіндіктен, өзі жалғанған сөзді басқа бір жаңа лексикалық тұлғаға айналдырады» – деп, журналдардың құрамы, олардың мағыналары және қолданылу ерекшеліктері мәселелерінен мағлұмат берген, журналдардың түрлерін көрсеткен /39, – 30 – 38/.

Сонымен бірге оқулықта сөз таптарын баяндауда әр сөз табының жасалу жолдарын беріп отырған. Бұл әркімге белгілі мәселе болғандықтан оған толық тоқталмаймыз.

Бұл сөзжасам мәселесінің оқулықта журналдардың жеке талданып, әр сөз табын баяндауда оның сөзжасамының қаралып отырған көрсетеді. Морфология мәселесінің көлемінің кеңдігі, оқулық көлемінің шектеулілігі сөзжасамның мәселелерінің оқулықта толық қаралмауына себеп болған.

Сөзжасам мәселесіне М. Томанов авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» оқулығында да аздаған мәлімет берілген /147/.

Ал сөзжасамға арналған мақалалар әр кезде оқып-оқып жарық көріп тұрды. Оларды аз деуге болмайды, саны жағынан да көтерген мәселелері жағынан да мақалалар сан алуан. Мақалалардың көбі ғалымдардың диссертацияларына, жоғарыда баяндаған еңбектеріне байланысты болғандықтан қайталамау мақсатымен оларға тоқталып жатпаймыз.

Қазақ тілі білімінде **сөзжасамдық ұя** термині, оның ғылыми ұғымы туралы мәлімет 1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда алғаш қолданылды. Енді осы еңбекте сөзжасамдық ұя туралы берілген мағлұматқа толығырақ тоқталайық.

Монографияда: «Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы аталады» – деп, оған мысал ретінде бас деген түп негіз сөзден жасалған сөзжасамдық ұяны келтіріп, онда 143 туынды сөздің жасалғанын, осы ұяда 92 сөзжасамдық тізбек барын көрсеткен. Осы еңбекте ұяға туынды сөздің саны да, тізбектердің саны да түрлі болатыны дәлелденген. Оны бір түп негізінен жасалған сөзжасамдық ұяны келтіріп, ондағы туынды сөздің, сөзжасамдық тізбектің санының аз екенін көрсету арқылы дәлелдеген.

Сөзжасамдық ұяның көлемінің күрделі, кең я тар болуы түп негіз сөздің, туынды сөздердің сөзжасамдық қабілетіне байланысты деп қорытқан: «Сөзжасамдық ұяның күрделілігі» оның құрамындағы әр сөздің сөз жасау қабілетіне байланысты. Олардың әрқайсы-

сы неғұрлым сөзжасамға көбірек қатысса, соғұрлым сөзжасамдық ұя күрделі болады /83, – 55/.

Бұрын тілде түбірлес сөздер бары айтылып жүрсе, монографияда түбірлес сөздер сөзжасамдық ұяның құрамына қатыстылығы анықталған. Бір сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің бәрінің құрамыда түп негіз сөздің болуы міндетті деп саналған. Бұл сөзжасамдық ұя туралы берілген алғашқы қысқаша мағлұмат.

Осы монографияда сөзжасамдық тізбек туралы біраз мағлұмат берілген. Алдымен сөзжасамдық тізбектің анықтамасы берілген: «... бір түбірден тараған, бірінен – бірі тікелей туындайтын, бірінен – бірі негіз болатын негізді сөздердің тобы сөзжасамдық тізбек деп аталады» /83, – 51/. Сонымен бірге сөзжасамдық тізбектің мынадай белгілері көрсетілген:

1) Сөзжасамдық тізбек негіз сөзден басталып, негізді сөзбен аяқталады;

2) Тізбектің алғашқы мүшесінен бастап, ең соңғы мүшеге дейінгілердің бәрі өзінен кейінгі сөзге негіз болады;

3) Сөзжасамдық бір тізбектегі бірінші және соңғы мүшеден басқалардың бәрі әрі негіз, әрі негізді мүше қызметін атқарады;

4) Тізбектегі сөздің саны 3 – тен 6 – ға дейін жетеді;

5) Бір ұяда бірнеше тізбек бола береді /83, – 49–51/.

Сөзжасамдық ұяның құрамында сөзжасамдық типтер қызмет етеді. Сондықтан еңбекте сөзжасамдық тип туралы мағлұмат берілген. Сөзжасамдық типтің мынадай белгілері көрсетілген:

1) Сөзжасамдық тип тілде жаңа сөздің қалай жасалатынын көрсетеді;

2) Сөзжасамдық тип болу үшін негіз сөз бір сөз табынан болады, негіз сөзбен туынды сөздің мағыналық

қатысты болады, сөзжасам тәсілі бір болу керек, синтетикалық тәсіл болса, бір жұрнақ арқылы жасалды деп санаған;

3) Сөзжасамдық мағына бір тип арқылы жасаған туындыларға ортақ /83, – 56 – 58/.

Монографияда сөзжасамдық мағына туралы мағлұмат берілген. Сөзжасамдық мағына сөзжасамдық ұядағы туындыларға қатысты болып табылады. Сөзжасамдық мағына түсіндіріле келе, еңбекте сөзжасамдық мағынаның екі түрі көрсетілген, олар: лексикалық деривация және синтаксистік деривация.

Лексикалық деривациядан түп негіздің мағынасы мен туындының мағынасында үлкен айырма болады, олар бірімен – бір тең бола алмайды.

Синтаксистік деривацияда түп негіз бен туындының лексикалық мағынасы бірдей болады, тек туынды түп негізден басқа сөз табына жатады.

Синтаксистік деривацияда синтагматикалық деривацияны бөліп қарап, оған бірнеше түп негіз арқылы жасалған сөздерді жатқызған, олардың мағынасын қосынды мағына деп тапқан.

Аналитикалық тәсілге жататын туындылардың мағынасын күрделі ұғымды білдіреді деп бағалаған, синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туындылар дара ұғымды білдіреді деп санаған /83, – 59 – 62/.

Бұл айтығандардың монографияда сөзжасамдық ұяға қатысты алғашқы мағлұматтар қысқаша берілгені анықталды. Бұл еңбекте сөзжасамдық ұя басқа да көптеген мәселелер тобында қаралған, ол сөзжасамдық ұяны арнайы зерттеген еңбек емес, сондықтан сөзжасамдық ұя мәселесін толық қамтымаған деген талап қоюға болмайды. Монографияның бұл мәселедегі маңызы оның сөзжасамдық ұя мәселесін алғаш

көтеруінде, ғылыми айналымға түсіріп, оған ғалымдар назар аударуында. Осы мәселенің ғылыми айналымға қосылуы оның зерттелуіне жол ашты.

1996 жылы О. Тоққожаева «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұялар сөздігін» баспадан шығарды /148/. Бұл сөздікте бір буынды есім сөздерден жасалған сөзжасамдық ұялар қамтылған. Сөзжасамдық ұялар бойынша тұңғыш шағын сөздікті сөзжасамдық ұялар сөздігінің алғашқы нұсқасы, үлгісі деп қарау керек. Кейін сөзжасамдық ұялар сөздігінің көлемі ұлғаяр, үлгісі де жетілер, алайда, бұл кішігірім сөздік өзінің жол ашуымен, із салумен, үлгі көрсетуімен құнды.

Осыдан бастап сөзжасамдық ұялар туралы зерттеулер жүргізіліп, мақалалар жариялана бастады. Бұл ретте Т. Тоқтарова, Н. Қоқышева, Б. Есімсеитов сияқты Абай атындағы АлМУ – дің аспиранттарының мақалаларын атау қажет.

Т. Тоқтарова 1996 жылдан бастап бір буынды салт етістіктерден жасалған сөзжасамдық ұялар туралы бірнеше мақала жариялады. Солардың кейбірін атайық:

1) «Сөзжасамдық ұялар» деген мақаласы «Қазақ тілі мен әдибиеті» журналының 7 – 8 нөмірінде жарияланды. Мақалада автор сөзжасамдық ұя туралы жалпы сипаттама жасаған /149/.

2) Осы автордың 2-мақаласы «Бір буынды салт етістіктен жасаған етістік негізді сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлер» деп аталады. Ол «Профессор С. Аманжолов тағылымы» ғылыми – әдістемелік конференцияның атты жинақта 1999 жылы жарияланды /150/.

Н. Оралбаева өзінің «Сөзжасамдық саты» атты 1999 жылғы мақаласында сөзжасамдық сатыға төменгідей анықтама берген: «Сөзжасамдық саты деп негіз

бір бен туынды сөзді жасаушы жұрнақтан құралатын сөзжасамдық бірлік аталады» /151/. Ғалым сөзжасамдық сатыны сөзжасамдық ұяның бір мүшесі деп өсетпейді. Оны өз сөзімен айтқанда: «Сөзжасамдық саты – сөзжасамдық ұяның құрамына кіретін оның мүшесі болып табылады.

Н. Оралбаева осы мақалада ұядағы туынды сөздердің түрлі сатыларға қатысты деп санап, туынды сөздердің қай сатыда орналасуы оның түп негіз сөзден туындау ретімен байланыстырады: «Тізбекте бірінен-бірі тікелей жасалатын туындылар жасалу ретін сақтайды. 1 сатыдағы туындыдан жасалған келесі туынды сөз өзінің негіз сөзінен кейінгі сатыда тұруға тиісті яғни ол 2 – сатыдан орын алады. 2 – сатыдағы туынды түбір келесі туынды түбірдің жасалуына негіз болса, одан жасалған туынды түбір 3 – сатыда тұруға тиісті... Ол әрі қарай келесі сатыны жасайтыны сияқты саты саны өсіп отырады» /151/. Бұдан автор түп негіз сөзден жасалған туындыдан бастап туындылардың бірінен-бірі жасалу реті сатының ретін белгілейтінін байқауға болады.

Б. Есімсеитов мақалаларына қарап, оның бір буынды салт етістіктердің қимыл қозғалыс мағыналық тобынан жасалған сөзжасамдық ұялардағы сөзжасамдық тізбектер мәселесін зерттеп жүргені байқалады. Автор бұл бойынша 7 мақала жариялады. Оларда сөзжасамдық тізбек мәселелері әр қырынан сипатталғаны анықталды. Мәселен «Ақ етістігінен жасалған сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық тізбектердің құрамы» деген мақалада. Б. Есімсеитов бір ұядағы тізбектерге талдау жасаған /152/. «Сөзжасамдық тізбектердің зерттелуі» деген мақаласында Б. Есімсеитов қазақ тілшілерінің еңбегімен қоса әлемдік тіл білімінде осы мәселенің

зерттелуіне шолу жасаған /153/. «Сөзжасамдық тізбек мүшелерінің негіз сөз мағынасымен байланысты» деген мақалада автор ұядағы туынды сөздердің мағыналық байланысын дәлелдеген /154/. «Сөзжасамдық тізбектің құрылымы» деген мақаласында Б. Есімсеитов өзі зерттеген ұялардағы тізбектердің құрылымына талдау жасаған /155/. «Сөзжасамдық тізбектің мағыналық құрылымы туралы түсінік» деген мақаласында тізбектегі туындылардың мағыналық ерекшеліктерін көрсеткен /156/. «Сөзжасамдық тізбек – сөзжасамдық ұяның күрделі құрылымдық бірлігі» деген мақаласында автор тізбек құрамына кіретін сөзжасамдық бірліктерге талдау жасаған /157/.

Қазақ тілінің сөзжасамдық ұялары туралы Н. Қоқышева 2001 жылы кандидаттық диссертация қорғады. Диссертацияның тақырыбы – «Қазақ тіліндегі дене мүшелері атаулары негіздегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатыларындағы туынды сөздер» /158/.

Н. Қоқышева дене мүше атауларына негізделген ұялардағы сөзжасамдық сатылар, ондағы туынды сөздерді зерттеді. Жалпы бұл зерттеу жұмысы сөзжасамдық ұя жөніндегі тұңғыш диссертация, оның ішінде сөзжасамдық мәселесі алғаш рет зерттелген. Диссертация сөзжасам мәселесінен тұңғыш еңбек болғандықтан автор сөзжасамдық ұя мәселесіне ғылыми сипаттама жасаған. Онда сөзжасам анықтамасы сөз болған, сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық типтер мәселесі, туынды сөздер, сөзжасамдық тізбек, тарам сөз болған. Сондай – ақ сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің синтагматикалық, парадигматикалық байланыстары сияқты сөзжасамдық ұяға қатысты негізгі

мәселелерге түсінік берілген. Сөзжасамдық ұяның құрамы туралы толық мағлұмат берген.

Н. Қоқышеваның зерттеуі сөзжасамдық сатыларға байланысты болғандықтан, автор еңбегінде сөзжасамдық сатыларға ғылыми сипаттама берген, сатылардың көлденең қатарда тізбекке қатысын анықтаған, ал тік қатарда сөзжасамдық тарамға қатысын анықтаған. Сөзжасамдық сатыдағы туындылардың бір-бірімен қатысын белгілеген. Сөзжасамдық сатыны өзінің зерттеу нысанына байланысты сипаттаған яғни дене мүшелері атауларынан туындаған туындылармен байланысты сипаттаған.

Диссертацияда дене мүше атауларының сөзжасамдық ұялар жасауға негіз болуы, олардың сөзжасамдық қабілеті сөз болған.

Автор еңбегінде дене мүше атауларынан жасалған 24 сөзжасамдық ұя талдауға түскен, оларда жасалған туынды сөздің жалпы саны анықталған, сол сияқты әр сатыда жасалған туынды сөздер саны көрсетілген. Әр сатыдағы туынды сөздерге морфемдік талдау жасаған, журналдар, сөзжасамдық типтері және олардың сөз табына қатысты анықталған. Әр ұядағы сөзжасамдық сатының деңгейі көрсетілген. Өнімді, өнімсіз ұялар анықталған сатыдағы туынды сөздердің мағыналық қатысты көрсетілген.

Диссертацияда сөзжасамдық, ондағы туынды сөздерге толық талдау жасалып, олар тұжырымдалып отырған.

Бұл жұмыстың бір ерекшелігі ұяда түрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған туындылар түгел қамтылған. Н. Қоқышева өз зерттеуі туралы 7 мақала жарияланған, олар диссертация мазмұнына кіретін болғандықтан, оларға талдау жасалмады /159, 160, 161/.

Сөзжасамдық ұя туралы шағын мағлұмат З. Бейсенбаеваның «Сөзжасамды оқытудың ғылыми – әдістемелік негіздері» атты әдістемелік еңбегінде берілген /162/. Еңбектің «Сөзжасамның ғылыми негізі» деген бөлімінде автор сөзжасам туралы жалпы мәселелерді сөз еткен. Сонымен бірге автор сөзжасамдық ұяға анықтама беріп, ұяның бес түрін көрсеткен /162, – 39/.

З. Бейсембайқызы «Сөзжасам» пәнін модуль бойынша оқыту деген екінші еңбегінде сөзжасамды модуль бойынша оқыту мәселесін көтерген. Онда әдістемелік мәселелермен бірге модульдің 3 түрін көрсеткен:

- «1. Сөзжасам туралы тусінік (1 – модуль)
2. Сөзжасам единицалары (2 – модуль)
3. Сөзжасам тәсілдері (3 – модуль)» /163, – 26/.

Біз жасаған шолу сөзжасамдық ұя мәселесінің ғылымдағы зерттелу жағдайы төмен екендігін көрсетті. Жаңа ғана зерттеле бастаған бұл мәселе қазіргі таңда шешімі табылмай тұрған, зерттелмеген, анықталмаған жағдайлары көп өте өзекті, зерттеуді қажет ететін сөзжасамдық өте күрделі, маңызды мәселесі екенін дәлелдеді. Сондықтан да біз осы мәселені зерттеу нысанымызға алдық.

Сөзжасамдық ұя орыс тіл білімдерінде 1970 жылдардан бастап зерттеліп келе жатқанын, ол туралы, мысалы, орыс тіл білімінде талай докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалып, талай ғылыми зерттеулер жасалып, еңбектер жарияланып жатқанын баяндап өтсек, біздің қаншалықты артта қалып отырғанымыз анықталады. Орыс тіл білімінде сөзжасамдық ұялар сөздігі де жарық көрді.

Орыс, белорус, украин, ағылшын тіл білімінде біз танысқан диссертациялардың өзі жиырмадан артық, бірақ барлық материал түгел қамтылды деп айта алмаймыз. Олардың ішінде бір докторлық диссертация бар. Ол – А.Н. Тихоновтың «Формально – семантические отношения слов в словообразовательном гнезде» деген тақырыптағы 1974 жылы қорғалған докторлық диссертациясы /164/. Сонда қаралған мәселелер мыналар:

- 1) Синхрония и диахрония в словообразовании
- 2) Словообразовательное гнездо
- 3) Смысловые связи слов в словообразовательных гнездах
- 4) Словообразовательная омонимия и множественность структуры слова.
- 5) Влияние морфологических процессов на формальные отношения однокоренных слов /164/.

Бізге белгілі қалған диссертациялардың бәрі кандидаттық диссертациялар. Оларда сөзжасамдық ұя әр қырынан, жан – жақты зерттелген. Ол диссертациялардың хронология бойынша атап шығудың өзі мәселенің зерттеле бастаған кезеңін, зерттелген мәселелерді аңғартады.

1967 жылы Е. Л. Гинзбург «Исследование гнезд сложных слов в русском языке на базе аппликативной модели» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Онда күрделі сөздердің жасалу модельдері берілген /165/.

1973 жылы В. Шевчук «Деривационная структура от глагольных словообразовательных гнезд в современном английском языке» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Мұнда автор сөзжасамдық ұядағы сөздердің құрамына ерекше назар аударған /166/.

1979 жылы А.С. Шишкина «Система отменных гнезд современного английского языка» деген тақырыпқа қорғаған кандидаттық диссертациясында есім сөздер ұясының жүйесін жасады /167/.

Н.Г. Юсупова өзінің «Структура словообразовательных парадигм имен существительных в современном русском языке» (1980 жылы) атты тақырыпта кандидаттық диссертациясында сөзжасамдық ұядағы парадигмалар мәселесін зерттеді /168/.

1981 жылы А. Л. Лукашенко «Словообразовательные гнезда глагов в русском и белорусском языках» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Онда автор етістік негізді ұяларды орыс, белорус тілімен салыстыру зерттеген /169/.

Осы жылы А. М. Зализняк «Структурно – семантический анализ словообразовательного гнезда **бить**» деген тақырыпқа жазған кандидаттық диссертациясында бір ғана **бить** етістігінен жасалған сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің мағынасына талдау жасаған, олардың мағыналық байланысы мен ерекшелігін көрсеткен /170/.

1984 жылы А. Я. Василевич «Словообразовательные гнезда корней слов со значением мышления в современном украинском языке» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Онда ойлауға қатысты түбір сөздер негізіндегі ұяларды зерттеп, олардың құрылымына, мағынасына талдау жасады /171/. 1985 жылы Р. А. Қыдырбаева «Структура словообразовательных гнезд с исходным словом – именем существительным в современном русском языке» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Онда сөзжасамдық ұялардың құрылысын зерттеді /172/. 1986 жылы О. Н. Белявская «Структурно – типологическая

характеристика словообразовательных гнезд с общим исходным глагольным словом в русском и белорусском языках» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Диссертацияда етістік негізді сөзжасамдық ұялар орыс, беларус салыстырылып, олардың типологиясы анықталды /173/. 1987 жылы Б. Д. Хамраев «Типология словообразовательных цепочек наименований лица в современном русском языке» деген мәселеде кандидаттық диссертация қорғады. Диссертацияда сөзжасамдық тізбек мәселесі зерттелді /174/. 1987 жылы Н. И. Тышкiewiczкая «Семантика – словообразовательная структура гнезд слов со значением чувств в современном украинском языке» деген диссертациялық еңбегінде ұяның құрылысы мен мағынасын сөз етеді /175, 174/. 1988 жылы И. В. Бондарко «Словообразовательные гнезда омонимов современного русского языка» атты еңбегінде, сөзжасамдық ұядағы омонимдер мәселесін, олардың жасалу жолын анықтады /176, 175/. 1989 жылы Л. П. Борисова «Развитие словообразовательных гнезд с синонимичными исходными словами» деген кандидаттық диссертациясында питать, кормить деген етістіктер негізіндегі ұяларды зерттеді /177/.

1989 жылы Т. И. Плужникова «Типология гнезд и семантическая структура производных от названий времен года в современном русском языке» деп аталатын диссертациялық еңбегінде жыл мезгілдер атауы негізінде жасалған туынды сөздердің мағынасына талдау жасады /178, 177/.

1990 жылы 3 кандидаттық диссертация қорғалды:

1) А. Ю. Самохин «Словообразовательные гнезда в медицинской терминологии». Мұнда сөзжасамдық ұядағы туындылардың терминдену мәселесі зерттелген /179/.

2) С. Собиров «Словообразовательные парадигмы в гнездах имен существительных наименований лица в современном русском языке». Онда сөзжасамдық парадигма мәселесі жан – жақты зерттелді /180/.

3) Е. В. Лукашевич «Лексико-семантическая структура словообразовательных гнезд с исходным полесемантическим существительных в современном русском языке» деген кандидаттық диссертациясында көп мағыналы сөздердің туынды сөз жасаудағы қызметі анықталған /181/. 1993 жылы Т. Е. Адскова «Субстантивы объективного склонения в системе словообразовательных гнезд современного русского языка» деген тақырыпқа жазған кандидаттық диссертациясында септік жалғаулы сөздердің заттануын зерттеді /182/. 1993 жылы Г. А. Исабекова «Формально-семантическая структура словообразовательных гнезд глаголов говорения» атты кандидаттық диссертациясында сөйлеу етістіктерінен жасалған ұялардың құрылымы мен мағынасын анықтаған /183/.

Біз әр тілдерде қорғалған диссертацияларды келтіру арқылы сөзжасамдық ұя мәселесінің күрделілігін, ғылыми маңызын, оны зерттеудің қажеттілігін дәлелдеуді мақсат етіп отырмыз. Сонымен бірге қазақ тіл білімінде бұл мәселеден көп кеш қалғанымызды аңғартпақпыз. Өйткені, қазақ тіл білімінде бұл мәселеден бір ғана диссертация қорғалып, арнайы осы мәселені зерттеген бір де бір ғылыми монография жарияланбағаны осы пікірімізді дәлелдейді.

Орыс тіл білімінде сөзжасамдық ұяға арналған монографиялар баршылық, оларды атаудың өзі көп орын алады.

Бұл жағдай сөзжасамдық ұя мәселесінің зерттелмеген мәселелері әлі алуан екенін, сондықтан оларды

зерттеу әлі көп уақытты керек ететінін яғни бұл мәселе әлі ұзақ уақыт өзінің өзектілігін сақтайтынын білдіреді.

1.2. Сөзжасамдық ұяның анықтамасы

Сөзжасамдық ұя сөзжасамдық бірлік ретінде ғылыми айналымға қосыла бастағаннан бастап, оған өзінің анықтама беруге ғалымдар ат салысты, сөзжасамдық ұя ұғымы, оның термині, анықтамасы да ғылымда бірден қалыптаса қалған жоқ. Сондықтан бұл мәселенің даму, қалыптасу жолын анықтап алған жөн.

1966 жылы шыққан О. С. Ахмановның «Словарь лингвистических терминов» атты еңбегінде **гнездо** деген терминді алып, оның ағылшыншасын Family of words, французшасын famille de mots деп аударған және оған: «Группа слов, происходящих от одного корня или объединяемых современными морфологическими или семантическими связями» деген анықтама берген /184, – 109/. Сонымен бірге гнезд сөзімен келген мынадай терминдерге түсінік берген: **гнездо** лексическое, **гнездо** синонимическое, **гнездо** словообразовательное, **гнездо** словарное. Оған мынадай анықтама берген: «Группа словморфологический объединяющихся слов, представляемых в виде одной словарной статьи» /184, – 109/. Сөзжасамдық ұяға берілген алғашқы анықтамалар қатарында Е. Л. Гинзбургтың анықтамасын келтіруге болады: «Под словообразовательным гнездом можно понимать совокупность аффиксальных конструкций, упорядоченную отношениями производности однокоренных слов оформленных с этими аффиксами» /185/ – деп, екі анықтамада береді: «Иными словами словообразовательное гнездо – это необходимый компонент лексико – грамматической системы

языка, который обеспечивает устойчивость слов, основных единиц, используемых при построении, сохранении, передаче и преобразовании текстов» /185, – 175/.

Бұл келтірілген пікірден ұя ұғымы жалпы мағынада болғанымен, ол кезде сөзжасамдық ұяның қазіргі ұғымда қалыптаспағаны көреміз. Мұндай кезең қазақ тіл білімінің де басынан өткен. Олардың кейбірінің қолданысы қазір де кездеседі. Термин қолданысындағы ала – құлалықты А.И. Моисеев те байқаған. Ол бір сөзінде: «Кроме термина «Слообразовательное гнездо слов» используется еще несколько терминов, строго неразграниченных по значению: гнезда, гнездо слов, гнездо родственных слов, семья слов, семья родственных слов, а также лексическое гнездо, словарное гнездо и др.» /186, – 13/ деп жазған болатын.

Мұндай термин алалығының орыс тіл білімінде негізгі тереңде жатқанын В.В. Виноградовтың, В.И. Дальдің сөзінен келтірілген мына үзіндіден де көруге болады: «представляет в нашем языке особый и общий закон, который дает нам неизменные правила образования слов звеньями, цепью, гроздьями» /187/. Енді бір сөзінде В.В. Виноградов, В.И. Дальдан үзінді келтіре отырып, өз пікірін: «Собрание слов по гнездам и семьям чаще всего основано на сознании единства их происхождения и родства значения» /187, – 227/ деп түйген болатын. В.В. Виноградов бұл келтірілген пікірлер ұя мәселесінің орыс тіл білімінде ертеден орын алып келе жатқанын айтады, бірақ ол сөзжасамдық ұя мәселесінің жүйелі ғылыми ұғым ретінде анықталуы емес, жекеленген пікірлер ғана болатын. Өйткені тілдегі түбірлес сөздер ғалымдар назарына ілікпеуі мүмкін емес еді.

Бұл кезеңде, яғни 1970 жылдарда сөзжасамдық ұя ұғымының, терминінің қалыптаспағанын анық байқалды. Орыс тіл білімінде сөзжасамдық ұяның ғылыми – теориялық табиғатын ашқан, оны арнайы зерттеп ғылыми негізін қалаған А.Н. Тихонов, осы мәселеден докторлық диссертация қорғап, сөзжасамдық ұяға терминін ғылыми айналымға қосқан және сөзжасамдық ұяға алғаш ғылыми анықтама берген де А.Н. Тихонов. Ол өзінің докторлық диссертациясының («Формально – семантические отношения слов в словообразовательном гнезде», 1974) авторефератында сөзжасамдық ұяға төмендегідей анықтама берген: «Под словообразовательным гнездом понимается упорядоченная отношениями, производности совокупность слов, характеризующихся общностью корня. Общность однокоренных слов, проявляется не только в плане выражения (в наличии у них одного и того же корня), но и в плане содержания (корень выражает общий для всех родственных слов элемент значения), т.е. слова, объединяющихся в словообразовательное гнездо, имеют и смысловую и материальную общность» /188, – 8/.

А.Н. Тихонов «Словообразовательный словарь русского языка» деген еңбектің 1985 жылы шыққан I томында сөзжасамдық ұяға мынадай анықтама бергені: «... под словообразовательным гнездом понимается упорядоченная отношениями производности совокупность слов, характеризующихся общностью корня» /189, – 36/. Ғалым мұнда өзінің сөзжасамдық ұяға берген анықтамасына көзқарасын өзгертпегенін көреміз.

А.Н. Тихонов өз еңбектерінде сөзжасамдық ұяны әр қырынан анықтап отырғаны да байқалады. Ол А.С. Пардаевпен бірге жазған «Роль гнезд однокоренных слов в системной организации русской лексики»

(1989) деген еңбегінде ұяға түбірлес сөз тұрғысынан анықтама берген: «Однокоренными являются слова, которые в синхронной системе языка имеют живые лексические связи мотивированные корневой общностью. Во всей совокупности они составляют гнездо» /190, – 6/.

Сөзжасам мәселесін соңғы кезде зерттеген ғалымдардың сөзжасамдық ұяға соқпай кеткені кемде – кем, өйткені бұл мәселе қазір өзекті мәселеге айналып отыр. Соңғы кезде славян тілдерінің сөзжасамын салыстырмалы түрде зерттеу де ғалымдар назарынан кетірінін алып отыр. Оған «Сопоставительное изучение словообразования славянских языков» деген көлемді еңбегінде бірнеше славян тілдерінің сөзжасамы салыстырмалы түрде зерттелген. Осы еңбекте А. Н. Тихонов славян тілдерінің сөзжасам жүйесін салыстыра зерттеуде сөзжасамдық ұя сөзжасам жүйесінің негізгі бірлігі деген мәселені көтеріп, онда сөзжасамдық ұя, тарам, саты, тип мәселелерінің маңызды екенін ашық айтқан: «По прежнему важным направлением в исследовании словообразования является изучение формального и семантического устройства различных единиц системы – описание словообразовательных типов, цепочек, парадигм гнезд» – деп, ғалым сөзжасамдық ұяға сөзжасамдық тип тұрғысынан анықтама берген: «Словообразовательное гнездо – это, в сущности, тоже совокупности словообразовательных типов» /191, – 109/

Е. Л. Гинзбург сөзжасам мәселесін зерттеуші ғалымдардың ішінде ірі тұлға екенін және оның сөзжасамдық ұяны лексикалық ұямен салыстыру отырып, анықтағанын көреміз: «Лексическое гнездо (Виноградов 1977 г., 85) – это совокупность лексических единиц, общность которых по смыслу отражена в общности по корню. Каждое лексическое гнездо организовано,

обладает структурой. Та честь этой структуры, которая связана словообразовательным отношениям, в частности отношение производности, естественно может быть названа словообразовательной структурой лексического гнезда, или словообразовательным гнездом. Возможность для ряда лексических гнезд обладать одной и той же словообразовательной структурой позволяет от лексического гнезда лингвистической единицей, обладающей своей онтологией» /192, – 162/.

Бұл арада тағы бір байқалатын мәселе – лексикалық ұя термині О. С. Ахманова сөздігінде сөздердің тобы деп берілген. А. И. Моисеев келтірілген сөздер семьясы, «гнездо родственных слов», сөзжасамдық ұясы сияқты т.б. терминдердің аралас қолданылып, сөзжасамдық ұя термин мәнінің әлі толық орнықпаған, оны әркім әр түрлі түсіндірген кезіне апаратын сияқты. Лексикалық ұя, сөздік ұясы, семантикалық поле сияқты терминдердің мағынасы жақын екені байқалады. Сөзжасамдық ұяға ғалымдар өз зерттеу нысанының анықтама беру анықтама туралы пікір алалығына да тугызған. Сондықтан И. С. Улухановтың сөзжасамдық ұяға берген анықтамасын да келтіре кеткен жөн. И. С. Улуханов өзінің «Словообразовательная семантика в русском языке и принципы ее описания» (1977) деген еңбегінде «Отношения мотивации устанавливаются между членами одного и того же словообразовательного гнезда – совокупности слов с тождественным корнем» – деген /193, – 7/. Е. Л. Гинзбург осындағы және А. Н. Тихонов анықтамасындағы совокупность дегенің орнына структура дегенді қолдану дұрыс деп санайды.

Келтірілген ұяға берілген анықтамалардың көбінде анықтамалар құрамында совокупность деген сөздің

жиі қолданылатыны байқалды. Ол туралы А. И. Моисеев былай дейді: «Словообразовательное гнездо обычно определяется как совокупность родственных слов, слов одного корня: сухой, сушь, сухость, сушняк, сушить, сохнуть, засыхать, сушка, осушить, осушение, засуха и все другие слова с корнем *сух* во всех его вариантах =сох, =сух, =сущ, =сых» /194, – 13/.

Сөзжасамдық ұя мәселесіне арналған зерттеулер барған сайын көбейе түсті, сөзжасам мамандары бұл мәселеге ерекше назар аударды, ол әр қырынан зерттеліп, ғылымдағы өзекті мәселеге айналды. Сөзжасамдық ұяға да түрлі анықтамалар, анықтамаларға түсініктер берілді. Мәселен, ғылыми-техникалық терминологияның жасалуын зерттеген С. А. Ганцова ғалымдардың соның ішінде, В. П. Даниленконың терминдердің де сөзжасамдық ұя арқылы жасалу бағыты бар екенін атай отырып, лак түп негізінде жасалған сөзжасамдық ұяны мысалға келтіреді де, өзі сөзжасамдық ұяға мынадай анықтама береді: «... в словообразовательном гнезде группируются однокоренные слова, упорядочение отношениями производности» /1995, –20/.

П. А. Соболева «Словообразовательная полисемия и омонимия» (1980) атты еңбегінде сөзжасамдық ұяға төмендегідей анықтама берілген: «Словообразовательное R – гнездо определяется как конечное множество словообразовательных структурсловб характеризующийся тождеством первого деривационного шага и соответствующее минимум одному гнезду в естественном языке» /196, – 50/. Автор R – слова дегенге төмендегідей анықтама берген: «Абстрагированное от морфемного воплощения и представленное в реляторной записи множество деривационных шагов мы на-

зываем R – словом» /1996, – 50/. Мұнда «деривационный шаг» деп автор әр сатыдағы туынды сөзді атаған. Бұны ескере отырып, анықтамаға түсінік берсек, ол төмендегідей болады: бір ұядағы бірінші сатыдан басталған туынды сөздердің жиынтығы сөзжасамдық ұя деп анықталады.

П. А. Соболева, А. Ф. Мирошникова өздерінің «Составные компоненты словообразовательного гнезда» деген «Деривационные типы и гнезда в синхронии и диахронии» атты 1989 жылы шыққан кітаптағы мақаласында сөзжасамдық ұя жақсы зерттеліп жатқанымен, оның әлі зерттелмей келе жатқан мәселелері бар екенін айта келіп: «К такому роду явлений относятся словообразовательные группы и словообразовательного гнезда», – деп ұяға осы тұрғыдан анықтама береді: «Необходимое для порождения слов множество деривационных шагов соостворяют словообразовательную структуру. Множество структур с первым тождественным деривационными шагом составляют гнездо» /197, – 97/.

Алайда тілде лексикалық тұрғыдан зерттеушілердің еңбегінде қолданылып жүрген гиперлексема термині өзіне назар аударады. Ол өзінің құбылыс емес, сондықтан оларды ажырата білу керек, олардың ұқсастықтары барын ескеру керек. Мәселен, Г. О. Каримова мен А. А. Поликарпов мынадай гиперлексема-ларды мысалға келтіреді: бежать, беженец, беденка, беженство, беговой, бегун, бегание, беготня, бегло, беглость, бег, бегом, бега, беговой, бегун, беглый, бегуня, беглый, бегло, беглость, беглянка. Бұлар сөзжасамдық қатынас бойынша топталған сөздер емес.

Сөзжасамдық ұяны синтагматикалық және парадигматикалық тұрғыдан зерттегенде ғалымдар сөзжа-

самдық ұяға анықтаманы осы тұрғыдан бергенін көруге болады /198, – 161/. Оны А.Г. Лыков пен Г.А. Ключковскаяның анықтамасынан байқауға болады. Бұл ғалымдарың «Гнездо как высшая единица к вопросу о соотношении и классификации единиц русского словообразования» атты мақаласы «Русская словообразовательная синтагматика и парадигматика» (1991) деген жинақта шыққан. Осы мақаласында сөзжасамдық ұяға төмендегідей анықтама берген: «Словообразовательное гнездо – это сложное единство, которое развертывается (Может развертываться) сразу в двух измерениях: вертикально (парадигматически) и горизонтально (синтагматически)» /199, – 75/.

Сөзжасамдық ұяның әр ғалым өз зерттеу нысанының тұрғысынан анықтайтынын осы ғалымдардың: «Иногда гнездо называют большой (полной) парадигмой соответствующего слова» – дегенінен байқауға болады /199, – 75/.

Сөзжасамдық ұяның жан – жақты зерттелуіне байланысты анықтамаларда ала – құлалық орын алғанымен, ол зерттеулер сөзжасамдық ұяның сөзжасамның күрделі тілдік бірлігі екенін дәлелдеп шықты, оның тілдегі ұқсас құбылыстардың, лексикалық ұядан, сөздер тобынан, сөздер смьясынан т.б. тілдік құбылыстардан сөзжасамдық ұяның ерекшелігі анықталды, сөзжасамдық ұяның анықтамасы бір ізге түсті, сөзжасамдық ұяның анықтамасы бір ізге түсті, сөзжасамдық ұяның теориялық негізі анықталды.

Бұл жағдай сөзжасамдық ұя мәселесінің фундаментальді, нормативті оқулықтарға кіргізілуіне негіз болды. Соңғы шыққан орыс тілінің оқулықтарында сөзжасамдық ұяға едәуір орын беріліп, оның анықтамасы беріліп жүр.

Бұдан кейін сөзжасамдық ұя оқулықтарға кіріп, оларда да анықтамалар беріле басталды. «Русская грамматика» (1982) кітабында сөзжасамдық ұяға төмендегідей анықтама берілген: «Словообразовательное гнездо – это совокупность слов с тождественным значением, упроядочения в соответствии с соотношениями словообразовательной мотивации» /200, – 134/.

Анықтамада түбірі бір сөздердің уәждемеге байланысты реттелгеніне назар аударылған, бірақ олардың туынды түбірлер екені ескерілмей қалған.

1989 жылға «Современный русский язык» деген оқулықта да сөзжасамдық ұяға анықтама берілген. Ол анықтама төмендегідей: «Словообразовательное гнездо – это иерархически организованная упроядоченная совокупность всех производных базового слова» /201, – 357/. Бұл анықтамада сөзжасамдық ұяның туынды түбірлерден тұратынын, ол туынды түбірлер тікелей біріннен – бірі туындаған түп негіз сөздеп тараған сөздер екеніне мән берілген. Анықтама сөзжасамдық ұяның негізгі белгілерін қамтыған деуге болады.

Осы келтірілген анықтамалардан сөзжасамдық ұяға ғалымда түрлі анықтама беріліп жүргенін көреміз. Ол сөзжасамдық ұяны ғалымдар түрліше түсініп, оның мазмұнына кіретін мәселелерге ғалымдардың әр түрлі көзқарасы барын көрсетеді. Сонымен әр ғалым сөзжасамдық ұяны өз зерттеу нысаны тұрғысынан анықтауға тырысқанын аңғарамыз. Бұл бағыт сөзжасамдық ұяның атасы деп атауға тұратын А.Н. Тихоновтың анықтамаларынан да байқалып қалды. Алайда көпшілік жағдайда «сөзжасамдық ұя бір түбірден тараған туындылардың жиынтығы» деген анықтаманың қысқа варианты жиі кездеседі. Жұмыс варианты ретінде қолайлылығы оның көп қолданыс

табуына себеп болғанымен, ол сөзжасамдық ұяның мәнін толық ашпайтын болғандықтан, А.Н. Тихонов: «Словообразовательное гнездо нередко определяет как простую совокупность однокоренных слов. Такое определение не отражает одно существенное свойство словообразовательного гнезда – упорядоченный характер этой совокупности слов. Дело в том, что любое гнездо имеет строго определенную структуру и каждый его элемент (слов) занимает в нем предусмотренное место системы языка и закреплённое в корне место. В основе строения гнезд, лежит принцип иерархии, – принцип последовательного подчинения одних единиц другим» – деп сыни пікір айтқан болатын /164, – 8/. А.Н. Тихонов сөзжасамдық ұяның анықтамасынан оның мәні, негізгі ерекшелігі көрініп тұруын талап еткен.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық ұя мәселесі ғылыми тұрғыда өте кеш зерттеле бастады, бірақ сөзжасамдық ұяның құрамына кіретін тілдік құбылыстар қазақ тіл білімінде түбірлес сөздер деген терминмен белгілі еді. Ол осы күнге дейін қолданылып келе жатыр. А. Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі Морфология» деген 1964 жылы шыққан оқулығында негізгі түбірлерден бірнеше туынды түбірлер жасалатынын айта келіп: «Мысалы, біл, білім, білгір, білгіш, білін, білдір, біліс, білгімпаз т.б. Бұл сөздер – бір түбірден туған осындай туынды сөздер. Бір түбірден туған осындай туынды сөздер, әдетте, түбірлес сөздер деп аталады» – дейді /39, – 87/. Түбірлес сөздердің қазір сөзжасамдық ұяның нысаны екені белгілі болса да, кейбір ғылыми еңбектерде **түбірлес сөздер** термині әлі де қолданыста екені байқалады. Салқынбай Анар «Тарихи сөзжасам» атты 1999 жылы шыққан монографиясында түбірлес сөздерді мағыналық жағынан зерт-

теп, оны төмендегідей анықтайды: «Түбірлес сөздерді жасаушы түбірсөздің семамасы барлық туынды сөздер мағыналарында дифференциалды түрде сақталады, яғни әрбір жаңа туынды сөздің мағынасында себепші негіздің семалық қыры болады» /102, – 227/. Ғалым түбірлес сөздерді зерттеудің үш түрлі шартын көрсетеді: «Түбірлес сөздерді сөзжасамдық аспектіде зерттеудің негізгі шарттары мынадай:

1) Түбірлес сөздердің өзегінде бір ғана түбір негіз болады.

2) Озек сема арқылы қалыптасқан туынды мағынада ортақ сема сақталады.

3) Жаңа номинативті мағынада сөзжасамдық мағына болады» /102, – 228/.

Бұл келтірілген мысалдар сөзжасамдық ұяға әкелген **түбірлес сөздер** термині бұрын да, қазір де қолданыста бар екенін көрсетеді.

Ал **сөзжасамдық ұя** терминінің ғылыми айналымға түсуі 1989 жылдан басталады.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық ұя мәселесі 1898 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда бірінші рет ғылыми дәрежеде көтеріліп, онда сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық ұя, туынды сөздер, туынды сөздердің уәждеме мәселесі «Сөзжасам негізділігі» деген тақырыппен берілді, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық мағына мәселелеріне арналған бұл монографияда сөзжасам теориясы мәселелері туралы алғашқы рет ғылыми түсінік берілді, /83, – 8 – 101/. Соның ішінде сөзжасамдық **ұяда** сипатталып, оған «Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы аталады» / 83, – 51/ – деген анықтама берілді.

Кейбір ғалымдар сөзжасамдық ұя мәнінде басқа да терминдерді қолданған. Мысалы, Салқынбай Анар: «Сөзжасамдық **парадигмалық шеп** дегеніміз сөзжасамдық жаңа мағынасы бар, түбірлес сөздер арқылы жасалған туынды сөздер жиынтығы» /102, – 200/ – дейді. Мұнда сөзжасамдық парадигмалық шеп деген термин қолданылғанымен осы анықтаманың мазмұны сөзжасамдық ұяға келетіні анық байқалып тұр.

Орыс тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі анықтамаларға жасалған шолудан сөзжасамдық ұяға әр ғалым өзінше анықтама беріп келгені аңғарылады. Өйткені әр ғалым сөзжасамдық ұяны өзінің зерттеу нысанына байланысты қарастырғандықтан сөзжасамдық ұяның әр қырынан анықталуын туғызған. Оны заңды деп санауға болатын сияқты.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық ұя өте аз зерттелген, қазіргі кезеңді бұл мәселенің зерттеле басталу кезеңі деуге болады. Сондықтан келешекте ғалымдар осы мәселені зерттеуде негізге аралықтай, сөзжасамдық ұяны зерттеушілерге бағыт береліктей сөзжасамдық ұяның толық анықтамасы керек екені сөзсіз. Әрине ол ақырғы анықтама болмас, келешек заман оған өз үлесін қосар, өйткені сөзжасамдық ұяның әлі де ашылмаған сыры өте көп, сондықтан талай жаңалықты келешектен күту заңды. Дегенмен, сөзжасамдық ұяның бүгінгі ғылымда белгілі жайларын ескере отырып, біздің зерттеуіміздің нәтижелеріне сүйене отырып, сөзжасамдық ұяға өз тарапымыздан анықтама беруді жөн көрдік. Ол анықтама зерттеу жұмысы барысында да бізге жол сілтер қызметін атқаруы да назарымызда болды.

Кез келген тілдік құбылысқа анықтама беруде оның негізгі белгілеріне, атқаратын қызметіне, тілден алатын

орнына мән беріледі. Рас, тілдік анықтама атаулының мәнінде олар толық қамтылады деген пікірден аулықпыз, әдетте анықтамалар мәселенің негізгі белгілеріне, мәні мен мазмұнына сүйеніп берілетіні, жасалатыны тәжірибеден белгілі. Ондай анықтамалар осал қызмет атқарып жүрген жоқ, мұндай жағдайда тілдік құбылыстың басқа ерекшеліктері қосымша мәлімет ретінде беріледі. Өйткені, оны бәрін анықтамада қамту анықтаманың құрамын күрделендіріп жібереді, ол есте сақтауды қиындатады. Ал анықтаманың қомақты болуы қолданыста қолайсыздық туғызады, сондықтан көпшілік ғалымдар анықтаманы қысқа жасауға тырысады. Осы жағдайлардың бәрін ескеріп, сөзжасамдық ұяға анықтама жасауда мына ұстанымдарды негізге алдық:

1. Сөзжасамдық ұяның негізгі белгілерін қамту.
2. Сөзжасамдық ұяның мазмұнын ашу.
3. Сөзжасамдық ұяның тілдегі қызметін көрсету.
4. Анықтаманың қолданысқа қолайлылығын көздеу.

Осы ұстанымдарды негізгі ала отырып, біз сөзжасамдық ұяға өз тарапымыздан мынадай анықтама бердік:

Сөзжасамдық ұя – бір түп негіз сөзден сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған, жүйеге түскен, номинация қызметін атқаратын, белгілі құрылымдағы түбірлес туынды сөздердің жиынтығы. Бұл анықтамада сөзжасамдық ұяның бір түп негіз сөзі және одан туындаған туынды сөздерден тұратын, ұядағы әр туынды сөздің сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалатыны, ұядағы туынды сөздердің өзіндік жүйесі бары, яғни олардың бей – берекет орналаса алмайтыны, туынды сөздердің тілде номинация қызметін атқаратын, туын-

ды сөздердің ұяда өзіндік құрылымы бары ескерілді. Егерде анықтама тілдік құбылыстың барлық қасиетін қамтуы мүмкін емес деген қағиданы есепке алған күннің өзінде бұл анықтама сөзжасамдық ұяның негізгі белгілерін, мазмұнын, қызметін біршама толық қамтиды деген пікірдеміз.

1.3. Сөзжасамдық ұяның сипаттамасы.

Сөзжасамдық ұя – өзіндік құрамы бар, құрамындағы бірліктер бір – бірімен белгілі қарым – қатынаста болатын, тілде белгілі сөзжасамдық қызмет атқаратын жүйелі, күрделі тілдік құбылыс. Сондықтан сөзжасамдық ұяны жан – жақты сипаттаудың маңызы өте зор.

Сөзжасамдық ұя тілдің сөзжасам жүйесінің маңызды бірлігіне жатады, өйткені сөзжасамдық ұя туынды сөздер орналасады. Ал туынды сөздер сөзжасамның негізгі мәселесі. Сондықтан сөзжасамдық ұя сөзжасамның негізгі бірлігіне жатады. Бірақ ұяда кез келген туынды сөз орналаса бермейды, бір түп негіз сөзден туындаған туынды сөздер ғана ұядан орын алады. Анығырақ айтсақ, бір түп негіз сөзден туындаған туынды сөздер бір ұяның құрамында болады. Сондықтан да көпшілік ғалымдар «сөзжасамдық ұя деп бір түп негіз сөзден өрбіген туынды сөздердің жиынтығын» айтады. Бұл орыс тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де өте кең тараған ең қысқа анықтама. Өйткені мұнда сөзжасамдық ұядағы ең түп қазақ болатын екі мәселесі қамтыған, олар түп негіз сөз бен одан туындаған туынды сөздер. Түп негіз сөзсіз, одан жасалған туынды сөздерсіз ешбір сөзжасамдық ұя болуы мүмкін емес. Осы тілдік бірліктер ғана сөзжасамдық ұя құрай алады.

Бұл екі тілдік бірлік яғни түп негіз сөз және туынды сөздердің ұядағы негізгі тұлға болуы олардың сөзжасамдық қызметіне байланысты. Түп негіз сөз де, одан жасалған бірінші туынды сөзден бастап, оданшарлары да сөзжасамдық қызмет атқарады. Яғни сөзжасамдық ұядан сөзжасамға қызмет ететін, сөзжасамға қызмет ететін, сөзжасамның нәтижесі болатын сөздер ғана орын алады. Бұл сөзжасамдық ұяның негізгі белгілерінің бірі деп қаралу керек. Өйткені ол – сөзжасамдық ұя атаулының бәріне ортақ құбылыс.

Сол сияқты түп негіз сөзден ұядағы барлық туындылар біртіндеп жасалатын болғандықтан, сөзжасамдық ұя болу үшін онда түп негіз сөз оның құрамында болуы керек, түп негіз сөзсіз ешбір ұя жасалмайды. Сөзжасамдық ұя атаулының бәрінің түп негіз сөзі болады, сондықтан түп негіз сөз сөзжасамдық ұяның өзіндік бір белгісі деп саналады.

Демек сөзжасамдық ұяда түп негіз болуы қандай шартты белгілі болса, ұяда туынды сөздің болуы да сондай шартты белгі, бірақ кез – келген туынды сөз емес, олар түп негіз сөзден өрбіген, туындаған туынды сөздер болу керек. Яғни түбірлес туынды сөздер болу керек. Демек, бір ұяда бір түп негіз сөз бен одан өрбіген туынды түбірлер сөздер ғана яғни бір түп негіз сөз бен одан өрбіген туынды түбірлес сөздер ғана бір сөзжасамдық ұя жасайды.

Сөзжасамдық ұя жасаушы түп негіз сөз бен ондағы туынды түбірлердің бірдей сөзжасамдық қызмет атқаруына олардың қандай ортақ белгілері негіз болады деген сұрақ тууы мүмкін. Түп негіз сөз бен ұядағы туынды сөздерге ортақ қасиет – олардың екеуінің де лексикалық мағыналы сөздері екені.

Тілдің сөзжасам жүйесінің қалыптасқан заңдылығы бойынша туынды сөз жасау лексикалық мағыналы сөздер негізінде ғана жүзеге асады. Ол ғылымда уәждеме сөз деп аталып жүр. Уәждеме сөз тек лексикалық мағыналы сөздерден ғана болу керек.

Туынды сөздің жасалуына дербес лексикалық мағыналы сөздің ғана уәждеме болуы ғылымда танылған заңдылық, сондықтан ол сөзжасам ұясының құрамындағы туынды сөздердің жасалуына да тікелей қатысты.

Уәждеме сөздің мағынасы туынды сөздің мағынасына арқау болады. Сондықтан тек ұядағы ғана емес, жалпы туынды сөз атаулының бәрі лексикалық бірліктердің негізінде жасалады. Сөз жасауға қатысты лексикалық бірліктің мағынасы одан басқа лексикалық мағынаның жасалуына арқау болады. Бұл туынды сөздің жасалуына міндетті түрде лексикалық мағынасы бар сөздің қатысуын керек етеді. Лексикалық мағыналы сөз ғана екінші сөздің мағынасына арқау бола алады. Сондықтан ұядағы негізгі түбір сөз де, туынды түбір сөз де лексикалық мағыналы сөздер болғандықтан, олар басқа сөздің жасалуына уәждеме бола алады. Міне, бұл сөзжасамдық ұядағы түп негіз сөз бен туынды сөздердің бірдей дәрежеде туынды түбірлердің жасалуын негіз болуын, уәждеме болуын қалыптастырады.

Осы заңдылық туынды сөздің жасалуына толық мағыналы дербес сөздердің негіз болуы талап етеді. Өйткені, толық мағынасы ғана туынды сөздің лексикалық мағынасына уәждеме бола алады. Бұл жағдай туынды сөздердің мағына уәжділігі заңдылығын туғызған.

Сөзжасамдық ұяда сөзжасамның осы заңдылығы әрекше анық байқалады. Өйткені, сөзжасамдық ұядағы түп негіз сөзден бастап ондағы туынды сөздердің бәрі бірінен – бірі туындаған, өрбіген туынды сөздер. Сондықтан ұяда туынды сөз жасаушы сөз яғни уәждеме сөз тек жалғыз түп негіз сөз емес, сонымен бірге ұядағы туынды сөздер де уәждеме сөз қызметін атқарады яғни ұядағы туынды сөздердің көбі туынды сөз жасаушы негіз сөздің қызметін атқарады. Ұядағы түп негіз сөз өзінен кейінгі туынды сөздің уәждемесі болса, ол туынды сөз келесі туынды сөздің жасалуына уәждеме болады. Осы ретпен ұядағы туынды сөздің келесі туынды сөздер жасалып отырады, ол сөзжасамдық тізбектің ең соңғы туынды сөзіне дейін жалғасады. Бір сөзжасамдық тізбекте қанша туынды сөз болса, оның ең соңғы туынды сөзі ғана басқа туынды сөздің жасалуына негіз болмайды, одан туынды сөз жасалмайды. Сөйтіп, бір сөзжасамдық тізбекте 6 сөз болса, соның бесеуі уәждеме қызметін атқарады, оған түп негіз сөз де кіреді, тек соңғы туынды сөзден басқа туынды сөз жасалмағандықтан, ол уәждеме қызметін атқармайды. Мысалы, қон – қоныс – қоныста – қоныстат – қоныстаттыр – қоныстаттырт. Осы сөзжасамдық тізбекте 5 туынды түбір бар, олардың әрқайсысы өзінің алдындағы сөздің негізінде жасалған. Уәждеме қызметін атқарған сөздер: қон, қоныс, қоныста, қоныстат, қоныстаттыр. Мұнда бір негізгі түбір сөз, 4 туынды түбір сөз уәждеме қызметін атқарған: қон түбірінен қоныс жасаған, қоныстан қоныста, қоныстандан қоныстат, қоныстаттан қоныстаттыр, қоныстаттырдан қоныстаттырт туынды түбірі жасалған. Бұдан негізгі түбір қандай уәждеме қызметін атқарса, туынды түбір де негізгі түбірмен сондай

тең дәрежеде уәждеме қызметін атқаратының көрдік. Тек ұя құрамында уәждеме қызметін атқаратын негізгі түбірден туынды түбірлер әлдеқайда көп. Бірақ ұядағы туынды түбір атауының бәрі уәждеме қызметін атқарып, басқа туынды сөздің жасалуына негіз бола бермейді. Ұядағы туынды түбірлердің ішінде туынды сөз жасмайтын, туынды сөздердің жасалуына негіз болмайтын туынды түбірлер де бар. Олар – ұядағы әр сөзжасамдық тізбектің соңғы мүшелері. Жоғарыда келтірілген тізбекте ол – қоныстаттырт деген туынды түбір.

Ал сөзжасамдық ұяда бірнеше сөзжасамдық тізбектер болып, оның әрқайсысы бірнеше туынды түбірлерден құралса, тізбектердің соңғы сыңарлары ғана туынды сөз жасауға қатыспайды да, қалғандары туынды сөз жасаушылар. Міне, мұның бәрі ұядағы туынды сөздің көп жасалуын қамтамасыз етеді. Ол ұяның көлемін ұлғайтады.

Сонымен сөзжасамдық ұядағы тілдік бірліктерге олардың сөзжасамдық қызметі жағынан алғанда, түп негіз сөзден туынды сөздердің басым көпшілігі уәждеме қызметін атқаратын бірліктер болды. Олардың көпшілігі уәждеме туынды түбірлер, уәждемелі туынды түбірлерге ұядағы барлық туынды түбірлер жатады. Мысалы, жол түп негізінен жасалған сөзжасамдық ұяда 47 туынды түбір бар солардың бәрі де уәждемелі туынды сөздер. Олар төмендегі кестеде беріліп отыр.

Осы келтірілген сөзжасамдық ұядағы 56 сөздің 47 туынды сөзі уәждемелі туынды сөздер, ал бір сөз – уәждемесіз сөз, ол – жол деген түп негіз сөз, оның уәждемесі жоқ. Сонда бір сөзжасамдық ұяда уәждемесіз сөз де, уәждемелі сөздерде болады екен. Тек уәждемесіз сөз біреу ғана болып, уәждемелі сөз көп болады.

Жол						
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты	6-саты	7-саты
жолдат	жолатқыз жолаттыр	жолатқызу жолаттырт	жолаттыру			
жоллау	жоллаушы	жоллаушыла жоллаушылық	жоллаушылат	жоллаушылаттыр	жоллаушылаттырт	жоллаушылаттырту
жоллай	жоллайғы					
жоллақ	жоллақта жоллақты жоллақсыз	жоллақтат жоллақтан	жоллақтаттыр жоллақтану	жоллақтаттырт	жоллақтаттырту	
жоллаң	жоллаңдық					
жолда	жолдағыш жолдама жолдау жолдат жолдас	жолдағыштық жолдамалы жолдамасыз жолдатқыз				
жолдас	жолдассыз жолдасын жолдастық	жолдассыздық жолдасыну				
жолшы	жолшыбай	жолшыбайғы				
жолшы жолық	жолшылдық жолыққыз жолықтыр	жолыққызу жолықтырыл	жолықтырылу			
10	20	16	5	2	2	1=56

Ал осы ұядағы 56 сөздің 54-і уәждемелі сөз болса, оның 56 уәждемесі болу керек, ұядағы сөздердің саны оған сай болмай тұр, мұның себебі неде деген сұрақ туады. Сондықтан ұядағы бұл сәйкессіздік түсінділу керек.

Ұядағы 54 туынды уәждемелі сөздің 54 уәждемесін талдап көрелік. Бірінші сатыдағы жолат, жолау, жолай, жолық, жолаң, жолда, жолдас, жолшы, жолшыл, жолық туындылардың бәрінің уәждемесі – жол деген түп негіз сөз, ол негізгі түбір. Бұл арада уәждеменің негізгі түбір сөзден болатыны анықталды және ұяда бір уәждеме арқылы 10 туынды түбір жасалғанына қарап, ұяда бір уәждеме арқылы бірнеше туынды сөз жасалатыны анықталды. Ол жалғыз түп негіз сөзге ғана емес, басқа туындыларға да қатысты. Бұл ұядағы туынды сөз бен оның уәждемесінің саны сәйкес болуы міндетті емес екені айқындалды.

Оған тағы бір дәлел – ұядағы туынды сөздердің көбі әрі уәждемелі сөз, әрі уәждеме қызметін атқаруы жоғырада келтірілген мысалда 1 – сатыдағы туынды сөздер уәждемелі туынды сөздер екені дәлелденді. Осы 1 – сатыдағы 10 туынды уәждемелі сөздер 2 – сатыдағы туынды сөздердің уәждемесі қызметін атқарады. Соның нәтижесінде 2 – сатыдағы 20 туынды түбір сөз жасалған, яғни 1 – сатыдағы 10 туынды түбір сөздің уәждеме қызметі арқылы 20 туынды түбір сөз жасалған. Сонда 1 – сатыдағы 10 туынды сөз әрі уәждемелі туындылар, әрі уәждеме сөздер. Сол сияқты 2 – сатыдағы 20 туынды, уәждемелі сөздердің алтауы өзінің сөзжасамдық қызметін жоғалтқан. Қалған 14 туынды түбір 3 – сатыдағы 16 туынды түбірге уәждеме болған яғни 14 туынды түбірден 3 – сатыда 16 туынды түбір жасалған. Ал 3 – сатыдағы 16 туынды түбірдің

біреуі ғана сөз тудырушылық яғни уәждемелік қызмет атқарып, олардан 4 – сатыдағы 5 туынды түбір жасалған 3 – сатыдағы 16 туынды түбірдің 11 сөзтудырушылық қызметін тоқтатқан. 4 – сатыдағы 5 туынды түбірдің үшеуі сөзжасамдық қызметін тоқтатып, екеуі ғана 2 туынды түбір жасауға қатысып, 5 – сатыдағы 2 туынды түбірді жасаған. 5 – сатыдағы екі туынды түбір сөзжасамдық қызметін жалғастырып, 6 – сатыдағы 2 туынды түбірдің уәждемесі болған. 6 – сатыда 2 туынды түбірдің біреуі сөзжасамдық қызметін тоқтатып, біреуі ғана 7 – сатыдағы бір туынды түбірдің жасалуына уәждеме болып, бір туынды түбір жасаған.

Демек, ұядағы мына туынды түбірлер әрі уәждемелі сөз, әрі уәждеме сөз қызметін атқарады: жолат, жолау, жолай, жолақ, жолаң, жолда, жолдас, жолшы, жолшыл, жолық, жолатқыз, жолаттыр, жолаттырт, жолаушы, жолаушыла, жолаушылат, жолаушылаттыр, жолаушылаттырт, жолай, жолақ, жолақта, жолда, жолдағыш, жоладама, жолдағыш, жоладама, жолдау, жолдат, жолдас, жолдассыз, жолдассын, жолшы, жолшыбай, жолшыл, жолық, жолыққыз, жолықтыр, жолықтырыл туынды сөз екі қызметтен атқарады, ол – әрі уәждеме және уәждемелі сөз қызметі. Міне, бұл ұядағы уәждеме сөз бен уәждемелі сөздің саны сәйкес келмеуін туғызады.

Сонымен бірге ұяда тек уәждемелі сөз қызметін атқарып, уәждеме қызметін атқармайтын туынды сөздер де бар, олар жоғарыдағы ұядағы мына сөздер: жолатқызу, жолаттыру, жолаушылат, жолаушылаттыру, жолаушылық, жолайғы, жолақтаттырту, жолақтану, жолақты, жолақсыз, жоландық, жолдағыштық, жоладамалы, жоладамсыз, жолдаушы, жолдассыздық, жолдас, жоластану, жоластық, жолшыбайғы, жолшылдық, жолыққызу, жолықтыру туынды түбірлері.

Жоғарыда сөзжасамдық ұядан келтірілген деректер – әр ұяда бар құбылыстар, ол тек әр ұядағы туынды түбірлердің саны жағынан ғана түрлі бола береді. Ал жалпы осы деректерден мынадай тұжырым жасауға болады:

1. Әр сөзжасамдық ұяда бір ғана уәждемесіз сөз болады, ол – түп негіз сөз. Түп негіз сөзі өзі уәждемесіз сөз болады да бірақ уәждеме қызметін атқарады, сондықтан оны сөзжасамдық бір қызмет атқарады деп санаймыз.

Ұя құрамындағы уәждемесіз сөз саны тұрақты, ол барлық ұяға қатысты.

2. Ұя құрамында екі қызмет атқаратын туындылар болады, ол – уәждеме және уәждемелі сөз қызметі. Олардың саны тұрақсыз, әр ұяда әр түрлі болады. Жоғарыда мысалға келтірілген ұяда мұндай туынды түбірлердің саны – 41. Ұяда 55 туынды түбірдің 41 туынды түбірінің әрі уәждеме, әрі уәждемелі сөз қызметін атқаруы ұяға туынды түбірлердің көбеюіне ықпал жасайды.

3. Ұя құрамында тек уәждеме сөз қызметін атқарып, уәждеме қызметін атқармайтын туынды түбір сөздер де болады, олардың да саны тұрақсыз, әр ұяда әр түрлі бола береді. Жоғарыда мысалға келтірілген ұяда олар – 22 туынды түбір. Сөзжасамдық ұяда тек уәждемелі сөздің ғана қызметін атқаратын сөздің көп болуы ұяның құрылымының кеңуіне қызмет етпейді, керісінше қызмет атқарады. Олардың көп болуы ұяның өнімділігіне қызмет етпейді.

4. Сөзжасамдық ұядағы ең өнімді саты 2 – саты, 1 – дәрежелі туынды түбірлердің сөзжасамдық қабілеті барлық басқа сатылардағы туындылардан жоғары. Сондықтан, ұялардың 2 – сатыларындағы туындылар-

дың саны басқа сатылардағы туындылардан үнемі жоғары болады. Ұяның 3 – сатысындағы туындылар 2 – сатыдан сәл төмен, кейде бірдей болады. Бірақ 4 – сатыдан бастап, қазақ тілінде туынды түбірлердің саны күрт төмендеп кетеді. Бұл ұяда 3 – 4 – 5 дәрежелі туынды түбірлердің сөзжасамдық қабілетінің төмендігін білдіреді.

Алайда, сөзжасамдық ұядағы негізгі түбір де, туынды түбір де сөзжасамдық әрекетке қатысып, сөзжасамдық қызмет атқаратыны анықталды. Ол заңды, өйткені түп негіз сөз де, туынды түбірлер де аксемалар яғни лексикалық мағыналы сөздер, лексикалық мағыналы сөздер ғана туынды сөз жасай алады. Өйткені, лексикалық мағыналы сөздің мағынасы ғана туынды лексикалық мағынаға арқау бола алады. Бұл арада сөз сөзді туғызады деу орынды. Олай болса, негізгі түбір сөздер сөзжасамдық ұялардың құрамына, олардан жасалған туынды түбірлермен бірге кіреді. Осыдан келіп, сөзжасамдық ұя негізгі және туынды сөздерден тұратын болғандықтан, бұл мәселеде сөзжасамдық ұядағы сөздердің бәрінің толық, лексикалық мағыналы сөздер екеніне ерекше назар аудару керек. Өйткені, туынды сөздер тек қана толық лексикалық мағыналы сөздерден жасалады.

Ал лексикалық мағыналы сөз біртұтас мағыналық бірлік болып саналады. Сөздің мағыналық құрылымы қолданысқа байланысты түрлі қызмет атқарады. В.В. Виноградов сөздің мағыналық құрылымының қызметінің бірлігі туралы былай дейді. «Внутреннее единство слов обеспечивается не только внутренним единством его фонетического и грамматического состава, но и семантическим единством системы его значений, которое, в свою очередь, определяется общими

законмерностями семантической системы языка в целом» /202, – 14/.

Біздің зерттеуімізде сөз өзінің лексикалық мағынасы арқылы туынды сөздің жасалуына негіз болып, талай туынды сөздің мағынасына арқау, өзек болады. Бұл туралы А.Н. Тихонов пен А.С. Пардаев былай деп жазады: «Семантическим организующим центром лексического гнезда является корневое (непроизводное) слово от которого тянутся разнообразные смысловые нити к остальным словам» /190, – 7/.

Сөзжасамдық ұядағы түбірлес сөздердің бәрі бір түп негіз сөзден өрбитін болғандықтан, ұядағы туынды түбірлердің мағынасына байланысты. Сондықтан да А.Н. Тихонов пен А.С. Пардаев сөзжасамдық ұядағы түп негіз сөзді мағынаны ұйымдастырушы сөз деп бағалаған.

Сөзжасамдық ұя алуан түрлі, ол құрамына, көліміне, құрамдағы түп негіз сөзбек туынды түбірлерге байланысты. Оны аңғарту үшін тағы бір сөзжасамдық ұяны мысалға келтірейік: түн түп негіз сөзі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяны алайық: түн, түнба, түнбалы, тұбасыз, тұңғыз, тұндыр, тұндыр, тұндырғыз, тұндырғыш, тұндырма, тұндырыл, тұнжырық, тұнжыранқы, тұнжыра, тұнжыранқылық, тұнжырас, тұнжырат, тұнжырау, тұнжыраулы, тұнжырлық, тұншық, тұншықпа, тұншықтыр, тұншықтырғыш, тұншықтырт, тұншықтырушы, тұншықтырыл, тұнық, тұнықтал, тұнықтан, тұнықтық. Бұл келтірілген – өзінше бір сөзжасамдық ұя. Ол жоғарыда келтірілген сөзжасамдық ұядан басқа. Осы келтірілген сөзжасамдық ұялардың екі түрлі болуы олардың түп негізі сөзі екі түрлі, сондықтан екі ұядағы туынды түбірлер де басқа – басқа. Солай бола тұра, оларда ұқсас белгілер де бар,

олар: екі ұяның құрамында да түп негіз сөз бар және түп негіз сөзден өрбіген туынды түбірлер бар, екі ұяның құрамындағы туынды сөздер де түбірлес туынды сөздер. Бұл ерекшеліктер барлық сөзжасамдық ұяларға қатысты, жалпы белгі. Бұдан шығатын қорытынды: сөзжасамдық ұя болу үшін міндетті түрде түп негіз сөз болу керек және сол түп негіз сөзден жасалған туынды сөздер болу керек, ол туынды сөздер – түбірлес туынды сөздер болуы шарт. Сонда сөзжасамдық ұяда бір түп негіз сөз болады да, бірнеше түбірлес сөз туынды сөз болады.

Демек, тілде туынды сөздер жасауға негіз болатын әр түп негіз сөз әр түрлі сөзжасамдық ұя жасайды. Бұл ретте тілдегі сөзжасамдық ұялардың саны туынды сөздердің жасалуына негіз болған түп негіз сөздерге байланысты. Сонымен бірге әр сөзжасамдық ұяның өз туынды сөздері болады, сондықтан әр сөзжасамдық ұяның туынды сөздері де басқа – басқа, яғни әр сөзжасамдық ұядағы түбірлес сөздер де әртүрлі болатыны анықтады.

Демек, түбірлес сөздер деп бір негізгі түбірден жасалған туынды сөздер аталатын болса, ол түбірлес туынды сөздер сөзжасамдық ұяда жасалатын болғандықтан, түбірлес сөздер деген ұғымды негізінен сөзжасамдық ұяға қатысты тілдік құбылыс деп қаралу керек. Бұрын мұндай байланысты қаралмады десек те болады, өйткені, қазақ тіл білімінде сөзжасамдық ұя ұғымы жоқ кезде де түбірлес сөздер термині қолданылған. Сондықтан көп жағдайы түбірлес сөздер ұяға қатыссыз тілдік құбылыс ретінде қолданылып келді, қазір де кездестіруге болады. Сондықтан түбірлес сөздерді сөзжасамдық ұяның құрамына қарап, олардың байланысына мән беру керек.

Алдымен сөзжасамдық ұялардың көлемі түрлі болуын дәлелдеу үшін түрлі көлемдегі ұяларды мысалға келтірейік.

1. Жел деген түп негіз сөзден жасалған ұяны мысалға келтірейік:

Жел						
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты	6-саты	7-саты
желбегей	желбегейле	желбегейлен	желбегейлендір желбегейлену	желбегейлендірт	желбегейлендірту	
желбезек	желбезекті желбезексіз желбезектен	желбезектену				
желбей						
желбең	желбенде	желбендет	желбендету			
желбір	желбіре	желбірек желбірегін желбірет желбіреу желбіреуік	желбіректі желбіреттір желбірету желбіреуікті желбіреуіксіз	желбіреттірт	желбіреттірту	
	желбірле	желбірлет	желбірлеттір	желбірлеттірт	желбірлеттірту	

	желбірлі желбірсіз	желбірлеу	желбірлету			
желде	желдей желден	желденгіз	желденгіздір	желденгіздірт	желденгіздіру желдендірттірт	желдендірттірту
	желдет	желдендір желдент желдеттір желдеткіз желдеткіш желдетіл желдетіңкіре желдету	желдендірт желденттір желдеттірт желдеткізу желдетілу желдетіңкіреу	желдендірттір		
желді	желділік					
желсіз						
желдік	желдіксіз					
желелік	желеліктен					
желкек	желкекті желкектен желкексіз	желкектену				
желкем	желкемде	желкемден желкемдік	желкемдент желкемдену	желкемденту		
желкең	желкеңде	желкеңдет желкеңдету	желкеңдеттір желкеңдеткіз	желкеңдеттір желкеңдеткізу	желкеңдеттірт	желкеңдеттірту

Сөз жасамдық ұялардың ең кіші көлемді түрі үш, кейде екі туындыдан да құрала береді. Мысалы, **бақ** етістігінен жасалған сөзжасамдық ұяда небәрі екі туынды түбір сөз бар. Мысалы, бақ бақтыр – бақтырт.

Бұл мысалға келтірілген үш ұядан – ақ сөзжасамдық ұялардың көлемі түрлі болатыны анықталады. Ол, әрине, түп негіз сөздің сөзжасамдық қабілетіне байланысты. Түп негіз сөздің сөзжасамдық қабілеті күшті болса, ол көптеген туынды сөздердің жасалуына негіз болып, сөзжасамда өнімді қызмет атқарады. Ондай түп негізден жасалған сөзжасамдық ұяның көлемі үлкен болады. Ал түп негіз сөздің сөзжасамдық қабілеті солғын болса, ондай түп негіз сөзден аз туынды түбір жасалып, сөзжасамда ұяның өнімсіз қызмет атқарады, ондай түп негізден жасалған сөзжасамдық ұяның көлемі шағын болады.

Бұдан шығатын қорытынды – сөзжасамдық ұяның көлемі ұяның түп негіз сөзінің сөзжасамдық қабілетіне байланысты.

Сөзжасамдық ұялардың көлемінің түрлі болуының бір себебі түп негіз сөзге байланысты екені байқалады. Ал әр сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі әр түрлі болатындықтан, олардың сөзжасамдық қабілетінің түрлілігінен қарай сөзжасамдық ұялардың көлемі де алуан түрлі болуы заңды құбылыс екені дәлелденді. Ол – тек қазақ тіліне ғана қатысты заңдылық емес, басқа тілдерге де қатысты жалпы заңдылық. Оны анығырақ аңғару үшін, А.Н. Тихонов пен А.С. Нардаев еңбегінен мына деректерді келтіруді орынды деп санадық: «В своем составе гнезда часто объединяют очень большое количество однокоренных слов: нести – 540 слов, ходить – 470, резать – 405, вода – 316, свет – 288, пар –

100, манная – 376, сухой – 284, белый – 243 и т.д. По нашим наблюдениям, они могут иметь более сложный состав. Так электричество включает свыше 2 тыс. однокоренных слов» /190, – 6/. Ғалымдар мұнда түрлі сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің бәрін есепке алған, сондықтан ұя құрамы өте көлемді болып тұр. Қалай болғанда да, сөзжасамдық ұяның құрамының күрделі болуы жиі кездесетін құбылыс. Демек оның себебін анықтау керек.

Қазақ тілінде біз зерттеген сөзжасамдық ұялардың орыс тіліндегі ұялардай өте үлкен көлемі кездеспеді. Мұның бірнеше себебі бар:

1) біз тек бір буынды түп негіз сөзден жасалған ұяларды ғана зерттедік, ол қазақ тіліндегі барлық ұяларды қамтымайды;

2) біздің зерттеу нысанымыз тек синтетикалық тәсілмен жасалған туынды түбірлерден құралғын сөзжасамдық ұялар, сондықтан ол бір түп негізден жасалған барлық туынды сөздерді қамтымайды. Демек, біз зерттеген ұяларды орыс тілінің ғалымдары келтірген деректерімен салыстыруға болмайды. Алайда бір мәселесі ортақтық белгі бар. Ол сөзжасамдық ұяның ондағы түбірлес сөздердің әр ұяда көлемі әр түрлі, яғни ұяның көлемі тұрақсыз. Ол жалпы ортақ шындылық екені анық.

Сөзжасамдық ұяда түп негіз сөздің барлық мағыналық ерекшелігі көрініс табады. Мәселен, біздің тіліміз омоним сөздерге өте бай, сөздердің бұл мағыналық ерекшелігі сөзжасамдық ұядан, сөзжасамдық ұялар сөздігінен көрініс табады. Сөзжасамдық ұяда, сөзжасамдық сөздікте сөздердің омоним мағынасы, әдетте белгілі цифрлармен белгілінеді. Біз де осы тәртіпті

сақтап, оны бірінші мағынасы, екінші мағынасы деген сияқты белгілермен ажыраттық, бірақ әр омонимнің мағынасы жеке ұя ретінде беріледі. Мұның практикалық тәжірибелік маңызы да ескерілді. Сөзжасамдық ұя сөз мағынасын зерттеуге де өте қажет. Осы тұрғыда бұл жүйе зертеушіге көп жәрдем береді. Мысалы, жақ I (пеш), жақ II (I – жақ), жақ III (ол жақ); бет I (мүше), бет II (кітаптың беті), бет III (жердің беті) т.б.

Қазақ тіл біліміндегі тұңғыш сөзжасамдық сөздікте (О. Токқожаева) осы жүйе қолданылды /148/.

Сөзжасамдық ұяның құрамы бір түп негіз сөзден туындаған түбірлес туынды сөздердің тұратын болғандықтан, түбірлес туынды сөздерде түп негіз сөздің мағынасы арқау болуына байланысты олар мағыналық байланысы бар сөздер. Сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің байланысы түп негіз сөзден басталады да, ұядағы барлық туынды сөздерге тарайды. Бірақ құрамына әр түрлі лексикалық бірліктер, сөздер кіреді дедік, ұядағы әр туынды сөз лексикалық бірлік болып есептелетіні белгілі. Демек әр туынды сөздің өзіндік лексикалық мағынасы бар, бұл ретте ұядағы туынды түбірлер әр түрлі мағыналы сөздер деп танылады. Бұл сөзжасамдық ұяның түрлі лексикалық мағыналардың да жиынтығы болып танылуын керек етеді. Ұя құрамындағы лексикалық бірліктер – туынды сөздер бір түп негізден туындаған сөздер болғандықтан, ұядағы әр туынды сөздің мағынасы – бір – бірімен байланысты лексикалық мағыналар. Демек, ұя мағыналық жағынан келгенде, лексикалық байланысты мағыналардың жиынтығы деп саналу керек. Ұяда әр түрлі туынды сөздер болғанына қарамастан, олар мағыналары өзара байланысты сөздер. Бұдан сөзжасамдық ұяда мағына-

лық байланысы жоқ болмайды деген қорытынды шығады. Ұяның құрамында ұядағы басқа сөздермен мағыналық байланысы жоқ сөздің болмайтыны ұя аяулыға қатысты жалпы заңдылық, сондықтан оны сөзжасамдық ұяның бір белгісі деп тану керек.

Ұя құрамындағы туынды сөздер, жалпы алғанда, мағыналары байланысты сөздер, туындылар болғанымен, олардың мағыналық байланысында айырмашылық бар. Түп негіз сөзге мағынасы ең жақын сөздер тікелей түп негізден жасалған I – сатыдағы туынды сөздер. Мысалы, тіл, түп негізінен жасалған сөзжасамдық ұяда тіл, түп негізінен тікелей тіле, тілші, тілсіз, тілде, тілдей, тілді, тілдік, деген туынды сөздер жасалған, олар осы ұядағы тіл түп негізіне мағынасы ең жақын туынды сөздер. Осы ұядағы түп негіз сөзге мағыналық байланысы ең солғын сөздер – тілеуестік және тілсіздендірт туындылары. Бұлар осы ұядағы төртінші соңғы сатыда жасалған туындылар.

Бұдан шығатын қорытынды ұядағы туындылар неғұрлым алыстаған сайын олардың түп негіз сөзбен мағыналық байланысы солғындай береді. Оны төмендегі мысалдардан да коруге болады:

1. Бұқ – бұқна – бұқпан – бұқпанғай – бұқпанғайла – бұқпанғайлап – бұқпанғайландыр – бұқпанғайландыр.
2. Жүз – жүзім – жүзімпаз – жүзімпаздан – жүзімпаздандыр – жүзімпаздандырт.
3. Сің – сіңім – сіңімді – сіңімділік.
4. Кел – келіс – келісім – келісімпаз – келісімпаздан – келісімпаздандыр – келісімпаздандырт.
5. Оз – озған – озғандық.

Осы мысалдардағы түп негіз сөз бен тізбектің соңғы мүшесімен салыстырсақ, олардың мағыналық бай-

ланысы солғын екенін аңғару қиын емес. Мысалы, **бұқ** пен **бұқпантайландырт**, **жүз** бен **жүзімпаздандырт**, **сің** мен **сінімділік**, **кел** мен **келісімпаздандырт**, **өз** бен **өзғындық** деген сөздердің мағыналық байланысы мен **бұқ – бұқпа**, **жүз – жүзім**, **сің – сінім**, **кел – келіс**, **өз – өзғын** сөздерінің мағыналық байланысы бірдей емес екені, соңғылардың мағыналық байланысы күшті екені анық көрініп тұр.

Бұдан шығатын қорытынды – түп негіз сөзден тікелей жасалған туындылар мен бір түп негіздегі туындылардың мағыналық байланысы бірдей емес екені көрінді. Түп негіз сөздің арасына бірнеше бірінен – бірі туындаған түбірлер түсіп, алыстаған сайын түп негізден туынды сөздің мағыналық байланысы солғындай беретінін дәлелдейді. Бұл бір ұядағы бір түп негізден өрбіген туындылардың мағыналарында жалпы байланыстылық болғанымен, іштей туындылар арасында мағыналық байланыста ерекшелік бары анықталады. Мұнда түп негіз сөз бен басқа туындылар арасындағы мағыналық байланыс сөз болды.

Бір сөзжасамдық ұядағы әр туынды сөздің өзіндік лексикалық мағынасы бары белгілі. Өйткені туынды түбір сөз дербес лексикалық бірлік, әр лексикалық бірліктің өзіндік лексикалық мағынасы болатыны тілдің жалпы заңдылығы. Демек ұядағы әр туынды сөздің өзіндік лексикалық мағынасы болады. Ұядағы әр туынды сөздің мағыналарының жинытығы ұяның жалпы мағынасы болып саналады. Сөздің лексикалық мағынасы мен сөзжасамдық мағынасын А.Н. Тихонов пен А.С. Пардаев былай түсіндіреді : «В отличие от лексического значения, которые является индивидуальным семантическим признаком слов, отличающим его от

других таких же единиц языка, словообразовательным парам словообразовательного типа» /190, – 11/.

Демек, уәждеме сөзбен уәждемелі сөзге қатысты ұядағы туынды сөздердің бір – бірімен мағыналық байланысында бір жалпы заңдылық бар. Ол – ұядағы уәждеме болатын уәждеме сөз бен уәждемелі сөздерден, яғни негіз сөз бен негізді сөздерден тұрады. Ал туынды сөздердің мағынасына уәждеме сөздің мағынасы арқау болып, уәждеме сөздің мағынасынан жасалатын болғандықтан, уәждеме сөз бен уәждемелі сөздің иппи туынды сөздің мағына байланысының күшті болуы заңды құбылыс. Бұл тұрғыдан келгенде, сөзжасамдық ұя үнемі мағыналық байланысты күшті сөздер тобынан құралады. Мысалы,

1. Өс – өсім – өсімді – өсімділік
2. Тұр – тұрақ – тұрақсыз – тұрақсыздық
3. Өн – өндірі – өндірім – өнімдірімді – өнімдірімділік
4. Өл – өлім – өлімтік – өлімтіксіз
5. Қон – қондыр – қондырғы

Бұлар – 5 сөзжасамдық ұядан алынған 5 түрлі сөзжасамдық тізбектер.

Бірінші тізбектегі уәждеме және уәждемелі сөздер мыналар: өс – өсім, өсім – өсімді, өсімді – өсімдік.

Екінші тізбектегі уәждеме және уәждемелі сөздер: тұр – тұрақ, тұрақ – тұрақсыз, тұрақсыз – тұрақсыздық.

Үшінші тізбектегі уәждеме және уәждемелі сөздер: өн – өндірі, өндірі – өндірім, өндірім – өнімдірімді, өнімдірімді – өнімдірімділік.

Төртінші тізбектегі уәждеме және уәждемелі сөздер: өл – өлім, өлім – өлімтік, өлімтік – өлімтіксіз.

Бесінші тізбектегі уәждеме және уәждемелі сөздер: қон – қондыр, қондыр – қондырғы.

Осы келтірілген уәждеме сөз бен уәждемелі сөздер сөзжасамдық ұяның тізбектеріндегі ең мағынасы жақын сөздер. Ұя атаулы уәждеме сөз бен уәждемелі сөздерден тұрады. Ұядағы әр уәждеме сөз бен уәждемелі сөз ең мағыналық байланысты күшті сөздер болып табылады. Сондықтан түп негіз сөзден тікелей жасалған туынды сөздерде осы уәждеме сөз бен уәждеме сөздер тобына жағатын болғаныдықтан, ұядағы түп негіз сөзге мағынасы ең жақын туынды сөздер болып табылады.

Сөзжасамдық ұядағы басқа туынды сөздер алғашқы туынды сөзден бастап, бір туындыдан екінші туынды жасалады да, олардың мағынасы түп негіз сөздің мағынасынан алыстай береді.

Бұдан шығатын қорытынды ұядағы туынды сөздердің түп негіз сөзге мағыналық байланысы мен бір – біріне мағыналық байланысында үлкен айырмашылық бар. Бұл бір ұядағы туынды сөздердің бәрі бір түп негізден өрбігендіктен, жалпы мағыналары байланысты бола тұра, іштей мағыналық байлаынста айырмашылық барын дәлелдейді.

Бұл жағдай әр сөзжасамдық ұяның өз мағынасы барын көрсетеді. Сондықтан, әр сөзжасамдық ұя өзінше мағыналық комплекс, мағыналық топ құрайды да, бір ұядан екінші ұя алдымен мағыналық жағынан ажыратылады. Осы жағдай әр сөзжасамдық ұяның тілдік бір күрделі құбылыс екенін дәлелдейді. Өйткені, әр сөзжасамдық ұяның өзіндік жалпы мағынасы болуымен бірге, өзіндік құрамы, құрылымы болады. Оны басқаша анығырақ айтсақ, әр сөзжасамдық ұяның өз туынды сөздері болады. Ол туынды сөздердің саны да, ұядағы

орны да, туынды сөздердің жасаушы жұрнақтары да өзінше болуы заңдылыққа жатады.

Әр сөзжасамдық ұяның өз туынды сөздері болғаныдықтан әр сөзжасамдық ұя өзінше бір күрделі тілдік құбылыс болып танылады. Яғни, сөзжасамдық ұялар бір – бірінен түп негіз сөздері және құрамындағы туынды түбірлері арқылы ажыратылады. Бұл сөзжасамдық ұялардың бір – бірінен негізгі айырым белгісі деп саналады.

Осы айырым белгі сөзжасамдық ұялардың әрқайсысының түбірлес сөздері де әр түрлі екенін білдіреді. Мысалға, сал түп негіз етістігінен жасалған сөзжасамдық ұя мен тай түп негіз етістіктен жасалған екі ұяны салыстырайық. Сал түп негізінен жасалған ұяда мынадай түбірлес туынды түбірлер бар: салбыр, салбыра, салбыранқы, салбыранқыра, салбырат, салбыру, салғансы, салғас, салғастыр, салғастырыл, салғыз, салғыла, салғылас, салғыластыр, салғыласқыш, салғырт, салғыртсы, салғыраттық, салғырттан, салғыш, салғыштық, салдақы, салдама, салдамалық, салдаман.

Бұл ұяда 26 туынды түбір сөз бар екен, олардың бәрі де түбілес туынды сөздер.

Ал тай түп негізінен жасалған сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздері мысалға келтірейік: тайғақ, тайғақта, тайғақтан, тайғақтандыр, тайғақтандырт, тайғақтат, тайқғақтаттыр, тайғақтату, тайғақтық, тайғана, тайғанақ, тайғанақта, тайғанақтат, тайғанақтату, тайғанақтау, тайғанақтық, тайғанат, тайғанау, тайғыз, тайғызу, тайғыш, тайдыр, тайдырт, тайдырту, тайдыру, тайдырыл, тайқа, тайқақ, тайқақса, тайқақта, тайқақтат, тайқақтаттыр,

тайқақататтыру, тайқақтату, тайқақтау, тайқал, тайқалақ, тайқалақта, тайқалақтат, тайқалақтату, тайқалақтан, тайқалу, тайқанда, тайқар, тайқау, тайқи, тайқыт, тайқыту, тайқу, тайқы, тайқыт, тайқыту.

Бұл ұяда 51 туынды түбір сөз бар, олар – түбірлес сөздер салыстырылып отырған екі ұядағы түбірлес туынды сөздер бір – бірінен ұядағы тек түбірлес сөздердің саны жағынан ғана өзгешеленіп тұрған жоқ. Екі ұяның түбірлес туынды сөздері бір – бірінен мүлдем басқа түбірлес туынды сөздер.

Бұл әр ұяның түбірлес сөздері әр басқа дегенді білдіреді. Олай болса, тілде қанша сөзжасамдық ұя болса, сонша түбірлес туынды сөздер тобы бар деп қорытынды жасауды керек етеді. Сонымен бірге түбірлес сөздердің жасалу орны сөзжасамдық ұя екенін де айқындайды.

Бұдан тілде түбірлес сөздердің әр түрлі топ құрайтыны анықталады. Түбірлес сөздердің мұнда түп негізі сөзжасамдық ұяға тікелей байланысты екені анық көрінді. Өйткені, ұядағы түбірлес сөздердің бәрі бір түп негізден туындаған туынды түбірлер. Олай болса, әр сөзжасамдық ұядағы түбірлес туынды түбірлердің көлемі де әр түрлі. Оны жоғарыдағы мысалдан көруге болады.

Бір ұядағы түбірлес туынды түбір сөздер бір түп негізден жасалғандықтан, олардың бәрінің де мағынасына байланысты сөздер екені айтылды. Алайда, түбірлес сөздердің де іштей мағыналық ерекшелігі бар. Бір сөзжасамдық ұядағы түбірлес сөздердің сол мағыналық ерекшелікке байланысты ұяда түбірлес сөздердің бірнеше кіші мағыналық тобы болады.

Тарт түп негіз етістігі арқылы жасалған ұяда 45 түбірлес туынды түбір сөз бар, олар мағыналары байланысты бір топ түбірлес сөздер. Осы бір топ сөздер ішкі топқа бөлінеді. Ол мағыналық кіші топтар уәждеме сөздің түрлілігінен туған.

1 – Кіші топтың уәждемесі **тарт** түп негіз сөзі, одан тікелей жасалған түбірлес туынды түбірлес сөздер бір кіші мағыналық топ құрайды, олар : **тартар, тартқыз, тартқансы, тартқыла, тартқыш, тарту, тартар, тарттыр, тартыл, тартыс, тартпа, тартым, тартын, тартыңқы, тартыс.**

Қалған кіші мағыналық топтар жоғарыдағы топтағы түбірлес сөздердің өзінше уәждеме болуымен тараған мағыналық кіші топтар. Осы топтағы **тартқыла** етістігінің уәждеме болуынан өрбіген түбірлес сөздер 2 – кіші мағыналық топ құраған, олар: **тартқыла, тартқылан, тартқыландыр, тартқылаңқыра, тартқылат, тартқылаттыр, тартқылаттырт.**

Осы ұядағы **тартыл** туынды түбірінен 3 – кіші мағыналық топ құралған, ол – **тартыл, тартылғыш, тартылыс, тартылым, тартылыңқыра.**

Келесі кіші мағыналық топ алғашқы топтағы **тартым** туынды түбірінен мына кіші мағыналық топ жасалған: **тартым, тартымды, тартымдылық, тартымпаз, тартымпаздан.**

Тартым туынды түбірінің уәждеме қызметінен туындаған, бірінен – бірі өрбіген түбірлес туынды сөздер өзінше кіші мағыналық топ жасаған, олар: **тартпа, тартпала, тартпалан, тартпалы, тартпашы.**

Келесі кіші мағыналық топ – **тартыс** туынды сөзінен өрбіген туынды түбірлер, олар: **тартысшыл, тартыстыр, тартыстырт, тартысты, тартысу.**

Кіші мағыналық топтың бірі – **тартыцқы** туынды түбірінен тараған екі сөзден тұратын **тартыцқы, тартыцқыра, тартыцқырағ** сияқты мағыналық топ.

Соңғы кіші мағыналық топ – **тартар** туынды сөзінен тараған **тартарлық, тартарсыз** сөздерінен тұратын туынды сөздер тобы.

Осы кіші мағыналық топтар түбірлес сөздердің жасалуында уәждеме сөздің атқаратын қызметін айқындап тұр. Уәждеме сөздің мағынасы одан өрбіген түбірлес туынды сөздердің туынды сағынасының да түп қазығы, арқауы болатынын көрсетті.

Әр кіші мағыналық топ бір уәждеме сөзден тікелей біріне – бірі уәждеме болу арқылы жасалады. Әр кіші топтың басындағы уәждеме сөзден бастап, туынды сөздер біріне – бірі уәждеме болады. Мысалы, **тартым** туынды сөзінен **тартымды** туынды сөз жасалса, **тартымды** туынды сөзінен екі туынды сөз жасалған **тартымдылық, тартымдық, тартым** сөзінен тікелей **тартымпаз** туынды сөзі, одан **тарымпаз** туынды сөзі жасалған, уәждеме сөзден тікелей бірінен – бірі туындаған туынды сөздерде мағыналық байланысын туғызады. Осыдан кіші мағыналық топтар ығи уәждеме сөз бен уәждемелі сөздерден құралып, олар сол топтың мағыналық байланысты туғызады. Мағыналық байланыстың үзілмеуі – топтағы туындылардың бірінен – бірі тікелей туындауының нәтижесі.

Сөзжасамдық ұяның өзіндік тағы бір ерекшелігі бар. Сөзжасамдық ұя сөзжасамдық қатыстығы бір түп негізден туындаған түбірлес туынды сөздерден тұрады. Түбірлес туынды сөздердің бір – бірімен сөзжасамдық қатысы өте қатал сақталатын қалыптасқан тәртібі бар. Ол тәртіп сөзжасамдық мағынаға негізделген.

Мысалы, **ек** – егін, **жи** – жиын, **ки** – киім десек, туынды мағыналар – егу қимылынан, жию қимылынан, кию қимылынан жасалған заттардың аты. Басқаша айтсақ, егін – егу қимылына байланысты зат, жиын – жию қимылына байланысты заттың аты, киім киетін заттың аты.

Бұл сөзжасамдық қатыс жүйелі болып саналады, өйткені ол – сөзжасамдық ұя атаулыға ортақ заңдылық. Сөзжасамдық ұядағы сөздердің ішіндегі тек түп негізде ғана сөзжасамдық қатыс жоқ. Ұядағы түп негіз сөз ғана сөзжасамдық қатыстың нәтижесі емес. Брақ ол сөз жасашы уәждеме ретінде сөзжасамға қатысады.

Сөзжасамдық мағына ұядағы түбірлес сөздердің қатысын тәртіпке келтіруде үлкен қызмет атқарады. Өйткені сөзжасамдық қатыс сөзжасамдық мағынаға негізделген болса, ол мағынаның көрсеткіші сөзжасамдық жұрнақтар. Осымен байланысты әр сөзжасамдық ұяның өзіндік құрамы болады. Әр сөзжасамдық ұяның сөзжасамдық мағынасына байланысты, оны білдіретін сөзжасамдық көрсеткіштері болады. Ол сөзжасамдық ұяның сөзжасамдық көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды. Осы жағынан да сөзжасамдық ұя лексикалық ұядан ажыратылады, өйткені лексикалық ұя жалпы мағынаға негізделген. Лексикалық ұядағы қатыс лексикаларға негізделеді. Сондықтан сөзжасамдық ұя өзінің тұнғалық құрылысы арқылы да ерекшеленеді.

Сөзжасамдық ұялар бір – бірінен түбірлес туынды сөздердің әр ұяда түрлілігі арқылы ажыратылып, әр ұя өзінше біртұтас күрделі құбылыс бола тұра, араларында еңбір үкеастық жоқ құбылыс деуге болмайды. Олардың ортақ белгідері де жоқ емес. Бұл сөзжасамдық көрсеткіштеріне қатысты.

Әр сөзжасамдық ұяның туынды сөздерін жасайтын сөзжасамдық көрсеткіштерінің құрамы қайталанбайтын. тек сол сөзжасамдық ұяға ғана қатысты құбылыс емес. Сөзжасамдық ұялардың көрсеткіштерінде ортақтық қасиет бар. Анығырақ айтсақ, бір сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық көрсеткіштер басқа ұялардың құрамында да жиі байқалады. Сөзжасамдық көрсеткіштер түрлі ұяда да, бір ұяның ішінде де қайталануы мүмкін. Мысалы, қоныста, жолықта, жолда, желбіре, өрле, ақта т.б. осы сияқты әр ұядан келтірілген мысалдар бір сөзжасамдық көрсеткіштің әр ұяда қолданылғанын дәлелден тұр. Бұл әр ұяның туындыларының бір сөз жасамдық типке ұйымдасатынын көрсетіп тұр.

Одан шығатын қорытынды – сөзжасамдық жұрнақтар түрлі ұяда қайталануы, ол заңдылық болып табылады, әр ұяның өзіндік қана сөзжасамдық жұрнағы жоқ, жұрнақтар ұяларға байлаулы, меншікті емес.

Бұл арада бір ескертпе айту қажет, ол – бір жұрнақ бір сөзжасамдық тізбекте ғана қайталанбайды, бір тізбектің құрамында тек түрлі жұрнақтар ғана қолданылады. Мысалы, айт – айтыс айтыстыр – айтыстырт.

Ал түрлі сөзжасамдық ұяда, кейде бір сөзжасамдық ұяның түрлі тізбегінде сөзжасамдық көрсеткіштің қайталануы сөзжасамдық типтің түрлі сөзжасамдық ұялардан орын алатыны дәлел.

Сөзжасамдық ұяның тағы бір ерекшелігі – ұя мүшелерінің уәждемелік қатысқа құрылуы. Сөзжасамдық ұяның құрамында тек қана уәждеме сөз бен уәждемелі сөз яғни сөз туындырушы сөз бен одан жасалған туынды сөздер ғана орналасады. Уәждемелік – екі жақты құбылыс, ол мағыналық және құрылымдық. Олар бір

бағыттағана қызмет етеді, ол сөз туындырушыдан туындыға қарай бағытталады және ол сөзжасамдық жұрнақ арқылы іске асады. Сондықтан мұнда сөзжасамдық жұрнақтардың қайталануы, жұрнақтардың дайын күйінде іске қосылуы орын алады.

Сөзжасамдық қатыс белгілі бір лексикалық негізде қызмет етеді, сондықтан лексикалық мағынасы жоқ сөз сөзжасамға негіз бола алмайды. Демек сөзжасамдық жұп ең мағынасы жақын сөздер. Сөзжасамдық жұптағы сөз жасаушы және туынды сөз арасындағы қатыс қайталануы мүмкін. Әр туынды сөзге лексикалық мағына мен туынды сөздің мағынасы байланысты. Сөзжасамдық ұядағы сөздердің бір – бірімен қатысы, байланысы **сөзжасамдық қатыс** деп аталады. Сөзжасамдық қатыс лексикалық базаның негізінде туады және қызмте етеді. Ол әр ұяда қайталануы мүмкін, жеке бір ұяға ғана қатысты құбылыс емес.

Сөзжасамдық қатыс ұяда екі түрлі: 1) біріне –бірі уәждеме болу, бірінен бірі туындау, 2) тең уәждемелік. Бірінен – бірі тікелей туындау сөзжасамдық тізбекте іске асады, тең уәждемелік сөзжасамдық тарамда жүзеге асады.

Сөзжасамдағы уәждемелік қатыс синтагматикалыққа жатады. Уәждеме сөз бен уәждемелі сөз арасындағы қатыс ғылымда синтагматикалық қатыс деп саналады. Синтагматикалық қатыс бойынша уәждеме сөз бұрын, оның уәждемелі сөз кейін орналасады. Осы арқылы ұяда туынды сөздердің қайсысы бұрын қайсысы кейін орналасатыны шешіледі. Ал тізбектегі сөздердің орны иерархиялық қатысқа байланысты. Иерархиялық қатыс тізбекке қатысты, тізбектегі сөздер бірінен – бірі тікелей туындайтын сөздер. Олай болса,

тізбекте түп негіз сөзден тікелей жасалған 1 – туынды сөз 1 – сатыда, 1 – туындыдан жасалған 2 – туынды 2 – сатыда, 2 – туындыдан жасалған 3 – туынды сөз 3 – сатыда орналасады. Осылай жалғаса береді. Иерархиялық қатыс туындылардың тізбектегі орнын белгілейді.

Ал сөзжасамдық тарамдағы қатыс ұяда тізбектердің туындауына негіз болады. Осыдан синтагматикалық, иерархиялық, парадигматикалық яғни тарамдық қатыстар ұядағы туындылардың орналасу тәртібін шешеді. Сондықтан да ғалымдар ұядағы туындылар белгілі тәртіпте орналасады, белгілі тәртіпте тұрады деп санайды.

Сөзжасамдық ұяның тағы бір ерекшелігі оның құрамының, құрылысынң қайталануында. Әр сөзжасамдық ұяның өз туындары болатыны айтылды, ол әрине, қайталанбайды. Ал барлық сөзжасамдық ұя атаулының құрылысы бірдей деуге болады, ол сөзжасамдық ұялардың құрылысының қайталануына байланысты. Сөзжасамдық ұядағы туындылардың синтагматикалық, иерархиялық, парадигматикалық қатысынан ұяда сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарм сияқты күрделі тілдік құбылыстар пайда болған. Олар сөзжасамдық ұяның құрамының күрделілігін туғызған, яғни бұл сөзжасамдық ұялардың тілдік күрделі біріліктерден тұратынын білдіреді. Ол сөзжасамдық ұяның күрделі комплекстік құбылыс деп танылуына негіз болған. Сөзжасамда сөз таптарының туынды сөздері жасалғанымен, сөзжасамдық ұя – белгілі бір сөз табына байлаулы құбылыс емес. Сөзжасамдық ұяның құрамында түрлі сөз табына қатысты туынды сөздер жасала береді. Мысалы, **тын** түп негіз сөзінен жасалған сөзжасамдық ұяның құрамы төмендегідей:

Тын				
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5 – саты
тынба	тынбалы	тынбалық		
тындыр	тындырт тындырыл тындырым тындырыс	тындырымпаз тындырымды тындырымсыз	тындырымпаздық тындырымдылық	
тыншы	тыншық тыншыт	тыншықтыр		
тынық	тынықтыр	тырнықтырыл		
тыным	тынымды тынымда тынымпаз	тынымдылық тынымдан тынымсыздан тынымсыздану тынымсыздық	тынымсыздандыр	тынымсыздандырт
тыныс	тыныста	тыныстан тыныстас тыныстат	тыныстандыр	тыныстандырт
тыныш	тынышсыз тынышта	тынышсыздан тынышсыздық тыныштал тыныштан тыныштат тынышты тынышырақ	тынышсыздандыр тыныштандыр	тынышсыздандырт
7	14	21	6	3=51

Осы ұяда 51 туынды түбір сөз бар, сонда туынды зат есім сөзі – 9, туынды сын есім сөз – 11, туынды түбір етістіктер – 31.

Келтірілген мысалдар бір ұяда 3 түрлі сөз табының туынды түбір сөздері жасалғанын көрсетті. Осыдан – ақ ұяның бір сөз табына ғана қатысты, байлаулы емес екенін көруге болады, яғни сөзжасамдық ұя – түрлі сөз табына қатысты тілдік құбылыс.

Сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі түрлі сөз табынан бола береді. Оны да сөзжасамдық ұяның өзіндік бір белгісі деп қарауға болады. Өйткені, түп негіз сөздің қай сөз табының сөзі болуы оның құрамына, құрамындағы туынды сөздердің сөз табына ықпалы жоқ. Бұл тілдің сөзжасам заңдылығына тікелей байланысты. Бұл тілдің сөзжасам заңдылығына тікелей байланысты. Сөзжасам заңдылығына бойынша бір сөз табы түрлі сөз табының туындыларының жасалуына негіз бола береді. Сөзжасамдық ұяда осы заңдылық анық көрінеді.

Сөзжасамдық ұялардың түп негіз сөзіне ондағы туынды сөздердің сөз таптары тығыз байланысты, әр сөзжасамдық ұяда туынды сөздердің сөз таптары, олардың көлемі мен құрамы, жалпы алғанда, ұқсас болады. Бірақ ұяда қай сөз табының туынды сөзі көп – аз болуы, яғни таптық жағынан салмағы әр сөзжасамдық ұяда әр турлы болады. Бұл жағынан алғанды, бірыңғайлық күтуге болмайды. Сондықтан сөзжасамдық ұялар туынды сөздердің сөз табына қатысты жағынан түрлі – түрлі бола береді. Демек, ұялардың сөз табына қатысты түрліше, оны да ұялардың өзіндік бір ерекшелігі деп қарауға болады. Өйткені, ол барлық ұяларға ортақ құбылыс, әсіресе, ол күрделі құрылымды ұяларға қатысты.

Кіші құрылымды ұялардың бір сөз табына екі қатыстысы кездеседі, бірақ өте сирек. Мысалы, бық –

бықтыр – бықтырт – быққыз. Бұл ұя тек етістік туынды сөздерден құралған. Мұндай ұялар сирек кездеседі.

Сонымен сөзжасамдық ұя сөз табына екі жақтан қатысты: алдымен әр сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі бір сөз табына қатысты болады да, ал ұяның ішіндегі туынды сөздер түрлі сөз табына қатысты болады. Бірақ сөзжасамдық ұя сөз табын толықтырады, сөз табына қатысты етеді, бірақ бір сөз табына байлаулы емес.

Сөзжасамдық ұя өте күрделі тілдік, сөзжасамдық құбылыс дегенбіз. Өйткені, сөзжасамдық ұя түрлі күрделі тілдік бірліктерден тұрады. Оның ең кішісінің өзі екі сөзден құралады, ол – сөзжасамдық жұп. Сөзжасамдық жұп сөз тудырушы мен туынды сөзден құралады, яғни ол уәждеме мен уәждемелі сөзден тұрады. Мысалы, күт – күтім, күтім – күтімді, күтімді – күтімділік. Бір сөзжасамдық ұядан келтірілген осы үш сөзжасамдық жұптың әрқайсысы екі сөзден құралған. Сөзжасамдық ұядағы басқа тілдік бірліктер бұдан әлдеқайда үлкен, күрделі.

Сөзжасамдық ұяның құрамындағы тағы бір тілдік бірлік – сөзжасамдық тізбек. Сөзжасамдық тізбектің құрамы алты, кейде жеті сөзге дейін жетеді. Мысалы, қон – қоныс – қоныста – қоныстат – қоныстатқыз – қоныстатқыздыр – қоныстатқыздырт. Бұл келтірілген – бір сөзжасамдық тізбек, оның құрамында 6 сөз бар. Сонда ол 6 сөзден тұратын бір тілдік күрделі құбылыс.

Сөзжасамдық ұяның бір мүшесі – сөзжасамдық тарам. Сөзжасамдық тарам өте күрделі тілдік құбылыс, оның құрамы 20 – 25 сөзге де жетеді. Мысалы түй түп негіз етістігінен жасалған сөзжасамдық ұяның тек 1 – сатысында 25 туынды сөзден тұратын сөзжасамдық

тарам бар. Мысалы, түйін, түйгіз, түйгіле, түйгін, түйдей, түйдек, түйдір, түйме, түйлік, түйнек, түйміш, түйне, түймеш, түйре, түйсік, түйсін, түйткі, түйтпек, түйтің, түйтін, түйін, түлін, түйір, түйіс. Егер тек бір сөзжасамдық тарам 25 туынды сөзден құралса, ол сөзжасамдық тарамдардың күрделілігіне анық дәлел бола алады. Ал бір ұяда бірнеше тарам бола береді. Ол да сөзжасамдық тарамның ұядағы күрделі құбылыс екенін білдіреді.

Сөзжасамдық ұяның құрамына міндетті түрде сөзжасамдық саты кіреді. Сөзжасамдық сатысыз ұя болмайды. Олай болса, саты – сөзжасамдық ұяның бір белгісі. Ұядағы саты саны әр түрлі, дегенмен саты 6–7-ге жетеді.

Бұл айтылғандар сөзжасамдық ұяның құрамындағы тілдік бірліктердің әрқайсысының күрделі құбылыс екенін көрсетті. Ал сол күрделі тілдік бірліктерді құрамына алатын сөзжасамдық ұя күрделілігінің күрделісі болып, шығады, сондықтан оны комплекстік құбылыс деуге де болады.

Қорыта келгенде, сөзжасамдық ұя түбірлес туынды сөздердің мағыналық қатыстағы жиынтығы, яғни лексикалық бірліктердің жиынтығы, сөзжасамдық ұя түбірлес туынды сөздердің сөзжасамдық қатыстағы жиынтығы, яғни сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық ұя түбірлес сөздердің сөз табына қатысты жиынтығы, яғни сөз табы жағынан морфологиялық деңгейдің бірлігі.

Сөзжасамдық ұя құрамының бұл бірліктері бір – бірімен қарым – қатынасқа түсіп, белгілі заңдылық бойынша ұяда орналасады, яғни ұядағы тілдік бірліктердің орналасу тәртібі олардың қарым – қатынасы-

на байланысты. Ұядағы тілдік бірліктер бір – бірімен синтагматикалық, иерархиялық және парадигматикалық байланыста болатынын А.Н. Тихонов дәлелдегені белгілі. Жоғарыда аталған тілдік бірліктердің бәрі осы аталған қатыстар арқылы жасалған.

Ұядағы ең кіші бірлік, яғни сөзжасамдық бірліктердің мүшелері бір – бірімен синтагматикалық байланыста болады. Синтагматикалық байланыс деп уәждеме сөз бен уәждемелі сөздің байланысы аталады. Синтагматикалық байланыс арқылы уәждеме сөз бұрын, уәждемелі сөз кейін тұрып байланысу қалыптасқан, сол арқылы сөзжасамдық жұп сөздер қалыптасқан.

Сөзжасамдық ұядағы туынды сөздер бірінен – бірі тікелей туындап отырады. Мысалы, өс – өсім – өсімдік – өсімдікті. Сол ұядағы сөздердің бірінен кейін бірі орналасу тәртібін қалыптастырған. Бұл ғылымда иерархиялық байланыс деп аталады. Иерархиялық байланыс сөздердің сөз жасамдық тізбекте орналасуын қалыптастырған.

Сөзжасамдық тізбектегі әр туынды сөздің орны сөзжасамдық саты деп аталады. Ал туынды сөздердің бірінен – бірі туындау ретіне қарай сатының да саны өсіп отырады. Мысалы, сал түп негізден жасалған салбыр туынды түбірі 1 – сатыда жасалған, ал одан жасалған салбыра туынды түбірі екінші сатыда жасалған, салбыра туынды түбірінен жасалған салбырат туынды түбірі 3 – сатыға жатады, салбырат туынды түбірінен 4 – сатыда салбыратқыз туынды түбірі жасалған. Ұядағы туынды түбірлердің бірі – бірінен жасалу реті, жолы сөзжасамдық сатыны туғызған. Сөзжасамдық саты екінші жағынан туынды сөздердің иерархиялық байланысымен де қатысты.

Сөзжасамдық ұядағы туынды сөздер бір – бірімен парадигматикалық, яғни тарамдық байланыста да болады. Мысалы, ұядағы бірнеше туындылар бір сатыда бір уәждеме сөзден туындап, бірі – бірімен тарамдық байланысқа түседі. Ол, әсіресе, 1 – сатыда жиі болатын құбылыс, бірақ ол басқа сатыларға да қатысты.

Бірінші сатыда бір түп негіз сөзден бірден бірнеше туынды түбір жасау өте жиі кездеседі. Олар бір – бірімен парадигматикалық байланысқа түседі. Мысалы, түр түп негізінен 1 – сатыда мынадай туынды түбірлер жасалған : тұра, тұрақ, тұран, тұрғы, тұрғыз, тұрғыш, тұрғыш, тұрлау, тұрман, тұрмыс, тұрпайы, тұрпат, тұру, тұрақ, тұрыл, тұрыс, 1 – сатыда бір түп негіз түр етістігінен 16 туынды түбір сөз жасалған. Олар бір – бірімен тарамдық қатыстағы сөздер.

Сөзжасамдық ұядағы сөздердің осы байланыстары екі бағытқа негізделген. Көлденең бағыттағы байланысқа семантикалық және иерархиялық байланыс жатады. Тік қағардағы байланысқа тарамдық байланыс жатады. Сөйтіп, сөзжасамдық ұя мүшелері ғана күрделі болып қоймай, олардың бір –бірімен байланысты да күрделі.

Әр сөзжасамдық ұя – өзінше бір күрделі тілілік құбылыс. Сөзжасамдық ұялардың құрамы, туынды сөздері, құрылысы, өзіндік жүйесі басқа – басқа. Сөзжасамдық ұялар бір – біріне бағынышты емес, әр қайсысы өзінше бір тұтас комплекс. Л.К. Жаналинаның құрылымға қатысты анықтамасы ұяға да қатысты. Ол «Структура – это сеть языковых отношений, связывающих план выражения и план содержания в пределах одного знака и связывающих различные языковые единицы в гомоенные и гетерогенные ряды», /99, –

17/ – деп жазады. Ғалым А.Н. Тихонов атаулы мәселе бойынша: «... каждое словообразовательное гнездо обладает своей формальной структурой. В соответствии с характерным для него набором словообразовательных значений, составляющим его семантическую структуру, словообразовательное гнездо располагает необходимым для этого набором средств их выражения. Участвуя в организации словообразовательных отношений, эти средства представляют собой также упорядоченную совокупность. Они составляют формальную структуру (Г)», – деп тұжырымдайды /164, – б/.

Ғалым әр ұяның өзіндік құрылымы, өзіндік мағынасы болатынын анықтаған. Бұл біздің әр сөзжасамдық ұяның дербестігін тануымыздың дұрыстығын бекіте түседі. Оны жоғарыда келтірілген сөзжасамдық ұялардан көруге болады. Сондықтан бұл арада орын үнемдеу үшін, түрлі ұядан мысал келтірмедік.

1.4. Сөзжасамдық ұяның мағынасы

Сөзжасамдық ұя өзінше бір тілдік күрделі құбылыс болғандықтан, оның өзіндік мағынасы болу керек. Ойткені, тілдік бірліктердің бәрінің өзіндік мағынасы болады. Ол – заңды құбылыс. Сөзжасамдық ұя тілдің сөзжасам жүйесінің бірлігі болғандықтан, оның мағынасы сөзжасамдық мағына.

Сөзжасамдық мағына деп негіз сөздің мағынасының негізінде сөздің мағынасының негізінде сөзжасамдық көрсеткіштер туғызған мағына сөзжасамдық мағына деп аталады. Айталық тең деген негіз сөзге – тер деген сөзжасамдық жұрнақты қоссақ теңгер деген етістік мағына туады. Оған түсіндірмелі сөздікте: «Бірдей етіп теңестіру, тең ету» деген анықтама берілген

/203, 9 том, 117/. Мұнда тең деген сын есім – сөз тудырушы негіз сөз, оған қосалған – гер сөзжасамдық – гер жұрнағы есім сөзден етістік жасайтын жұрнақ. Негіз сөз бен – гер жұрнағының қосылу арқылы теңгеру етістігі жасалды, оның «бірдей етіп теңестіру, тең ету» мағынасы туынды мағына, ол – теңгеру туынды түбірінің мағынасы. Теңгеру туынды түбірі екі морфеманың негізінде жасалған, сондықтан оның құрамындағы негіз сөздік мағынасы туынды сөздік мағынасына арқау болған, ал жұрнақ оған қимыл мағынасын қосқан. Осы екі морфеманың қосылуы сөзжасамдық әрекет болып танылады. Сөзжасамдық әрекеттің негізінде жасалған мағына сөзжасамдық мағына болып саналады. Мысалы, сайлы, сақтық, саркыл. Соққы, суар, сұсты, сүзбе, таттық, тартпа, тәнді, текті, теңел, терде, тойла, тоқтық, тонғақ, тосқын, төстік, тұтын, түйін, түсте, тыным, тісте, ұнтық, ұтыс, ұшқыш т.б.

Мысалы, сөзжасамдық әрекеттің негізіндегі сөзжасамдық бірліктердің сөзжасамдық қатысқа түсуінің нәтижесінде жасалған туынды түбірлер келтірілді. Олардың бәрінде негіз сөздің мағынасынан жұрнақтар туынды мағына жасаған. Сондықтан келтірілген мысалдарыдың бәрінде туынды сөзжасамдық мағына бар. Ол сөзжасамдық мағына негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың мағынасынан жасалған.

Бір көңіл бөлерлік жағдай келтірілген мысалдардың бәрінің сөзжасамдық мағыналары басқа – басқа. Олардың әрқайсысының өзіндік туынды мағыналары бар, бірақ оларда мағыналық байланыс жоқ. Өйткені, олар – әр түрлі негіз сөзден жасалған туынды түбір сөздер. Сондықтан оларды мағыналық байланыс жоқ. Бірақ осы мысалдардың бәріне ортақ бір ерекшелік

бар, ол – осы туынды түбір сөздердің мағыналары негіз сөздің мағынасынан күрделі. Мағынасы кеңейеді, кейде тарылды, яғни негіз сөздердің мағыналары туынды түбірлерде күрделеніп түрлі өзгеріске түскен. Бұл барлық туынды сөздерге тән құбылыс.

Туынды сөз атаулыға қатысты көрсетілген ерекшеліктердің сөзжасамдық ұяға қатысты жағы да, қатыссыз жағы да бар. Келтірілген мысалдарға қарап, әр туынды сөздің өзіндік лексикалық мағынасы болады деген тұжырым сөзжасамдық ұяға да қатысты. Себебі сөзжасамдық ұядағы әр туынды сөздің өз мағынасы болады. Мұны жалпы заңдылық деп қараймыз.

Ал жоғарыда келтірілген туынды сөздердің мағынасында байланыс болмағыны сөзжасамдық ұяға қатысты емсе. Сөзжасамдық ұяда мағыналары байланысты туынды сөздер ғана болады. Мысалы, қой түп негіз етістігінен жасалған сөзжасамдық ұяны алайық: қойғыз, қойғыла, қойғылас, қойғылат, қойғылау, қойғыш, қойғышта, қойғыштық, қойдыр, қойдырт, қойқақ, қойқақта, қойқаштат, қойма, қоймалжы, қоймалжан, қоймалжыңдан, қоймашы, қойнау, қойнаулап, қойнаулы, қойнаушы.

Келтірілген сөзжасамдық ұядағы 27 туынды түбірдің бәрі бір түп негіз сөзден туындаған, өрбіген түбірлес туынды түбір сөздер болғандықтан, олардың мағыналары бір – бірімен байланысты. Олардың бәрінің құрамында қой түп негіз сөзі бар, ол түбірлес сөздердің мағыналық байланысының түп қазығы, бірақ оның мағынасы туынды түбір сөздерде мағынасының өзгеруі болғандықтан, олар яғни ұядағы түбірлес туынды сөздердің мағынасы байланысты.

Міне, бұл сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің ең негізгі мағыналық ерекшелігі болып табылады. Ол сөзжасамдық ұяны басқа лексикалық сөздер тобынан ерекшелеп тұрады. Оны сөзжасамдық ұяның өзіндік белгісі деп қарауға болады, өйткені сөзжасамдық ұяға мағыналық байланысы жоқ сөз кірмейді.

Ұядағы түбірлес сөздерде түп негіз сөздің мағынасы алуан түрлі өзгеріске түседі дедік, ал түп негіз сөздің мағынасын түрлі өзгеріске түсіретін сөзжасамдық көрсеткіштер яғни сөзжасамдық жұрнақтар. Сөзжасамдық жұрнақтар түп негіз сөзге қосылып оның мағынасын бір өзгертеді. Мысалы, біл – ім, өн – ім т.б. түп негіз сөзден жасалған туынды түбірге жұрнақ жалғанып, ол туынды түбірдің мағынасын өзгертеді. Мысалы, білімді, өнімді т.б. бұлар туындыдан жасалған туындылар 1 – туынды түбірде етістік түп негіз сөзден зат есім сөздер (білім, өнім) жасалған еді. Ал екінші туынды түбірдегі – ді жұрнағы жалғанып, ол туынды зат есімнен туынды түбір сын есім сөз жасалды. Осы сын есім сөздерден – лік жұрнағын жалғау арқылы қайтадан туынды зат есім жасауға болады. Мысалы, білімділік, өнімділік, осы өзгерістердің бәрінеде туынды сөздің сөз табы өзгерумен бірге, мағынасы да өзгеріп отырады. Ол мағыналық өзгерістер сөзжасамдық ұяның ішінде болды. Өйткені білім, білімді, білімділік деген туындылары бір сөзжасамдық ұяның құрамында болды. Ол – біл түп негізі арқылы жасалған сөзжасамдық ұя. Ал өнім, өнімді, өнімділік туынды түбірлері – өн деген түп негіз сөз арқылы жасалған сөзжасамдық ұяның құрамындағы туындылар, яғни өнім, өнімді, өнімділік деген туынды түбірлер – өн түп негізгі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяның туындылары.

Осы екі мысал екі ұяның туындылары болғандықтан, олардың лексикалық мағыналары басқа – басқа, олардың арасында мағыналық байланыс жоқ. Олардың екі ұяның мүшесі ретінде әрқайсысымен бөлек алып іштей салыстырсақ, олардағы мағыналық байланыс бірден байқалады. Мысалы, біл, білім, білімді, білімділік деген туынды сөздердің мағынасы байланысты. Сол сияқты өн, өнім, өнімді, өнімділік сөздері де бір – бірімен мағыналары байланысты.

Екі жағдайда да олардың әрқайсысы мағыналары іштей байланысты, екеуінің мағыналары әртүрлі.

Бұдан әр ұяның мүшелерінің мағыналары іштей байланысты екені, бір ұямен екінші ұяның мүшелерінде мағыналық байланыс жоқ екені анықталды.

Ұядағы туынды түбірлерді жасайтын жұрнақтар сөз мағынасын қанша өзгертсе де, олардағы түп негіз сөз мағыналық байланысты сақтап, оған тірек болады. Сондықтан туынды сөздердің мағыналық байланысының болуы арқылы олардың бір ұяның туынды сөздері екенін ажыратуға, анықтауға болады.

Мағыналық байланысты жоқ туындылар бір ұяның мүшесі бола алмайды. Сондықтан да ұядағы туындылардың мағыналық байланысты оның белгісі деп танылады.

Сонымен бірге, ұядағы туынды сөздердің мағыналық байланысы түп негіз сөзге туатын болғандықтан, түп негіз сөз мағыналық байланысты тірегі, қазығы болғандықтан, әр ұяның ішкі мүшелерінің мағыналық байланысы түп негіз сөзден туындайды.

Бұдан шығатын қорытынды – кез келген туынды сөздердің тобы сөзжасамдық ұя жасай алмайды. Оны жоғарыда келтірілген әр түрлі туынды сөздер тобы

анықтады. Олар туынды сөздер болғанымен, бір сөзжасамдық ұя емес екенін талдаулар айқындады.

Сөзжасамдық ұя құрамындағы туындылардың мағынасының байланыстылығы уәждеме сөздің лексикалық мағынасынан туынды лексикалық мағынаның жасалуына байланысты. Ол туралы сөзжасамдық ұя теориясының негізін қалаған ғалым А.Н. Тихонов сөзін келтірген орынды: «Родство и формально – семантическая общность однокоренных слов объясняется прежде всего наличием у них конкретных лексических связей, тем, что производное слово устаивает вполне определенное значение производящего. Ср. база и базовый, базировать, базироваться, базирование, базировка. При этом корень слов, который играет немаловажную роль в формировании этого единства, выступает в функции своего рода «гена» – «носителя наследственности», обеспечивающего преемственность в семантике, является материальным выразителем семантической общности однокоренных слов, и, сочетаясь с различными, аффиксами, нередко сам семантически преобразуется» /164, – 12/.

Барлық жағдайда уәждеме сөз бен уәждемелі сөздің мағыналық байланысы анық көрініп тұра бермейді. Алғаш оларда мағыналық байланыс болғанымен, заман өте келе сөздердің мағынасы өзгеруіне қарай, түрлі мағынаға көшуіне байланысты уәждеме сөз бен уәждемелі сөздің мағыналық байланысы үзілуі де мүмкін. Мысалы, оян, оят, ояу сөздерінің түбірлес сөздер екені мағынадан да, тұғаларынан да көрініп тұр. Осы сөздер тарихи жағынан түбірлес сөздер болып саналады. Бірақ ол сөзжасамдық ұя лексикалық мағыналы түп негіз сөзбен өрбіген туынды түбірлерден құралады деген ережеге сай келмейді, өйткені тілде

ол деген лексикалық мағыналы сөз жоқ, сондықтан оны тілдің қазіргі даму сатысына сай оя деген түп негіз сөзден жасалған ұя деуге келмейді. Осы сияқты не түбір сөзде, не туынды сөзде болған өзгерістерге байланысты түп негіз сөз бен туынды сөздің мағыналық өзгерісінің нәтижесінде ұядан алшақтан кеткен сөздер де кездеседі. Мысалы, ҚТТС – та жинашы деген сөзге «Алым – елшілік жинаушы» деген анықтама берілген /204, – 121/. Қазір бұл сөз осы мағынада қолданылмайды, сондықтан оны жиі етістігінен жасалған сөзжасамдық ұяның мүшесі деп тек тарихи сөзжасам тұрғысынан болмаса, қазіргі тіл даму кезінде сай оны жиі ұясының құрамында қарау қиын. Сол сияқты жиде, жидек сөздерін де осы ұяда қарау қиын. Ал олардың жиі етістігінен жасалуы мүмкін деген жорамал жасауға болады. Өйткені жидек, жиде заттары жиылу қимылына байланысты аталуы да мүмкін. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды – тілде сөзжасамдық ұямен байланысты үзген сөздер де бар дегенді білдіреді.

Сөзжасамдық ұяның туындыларының мағынасы түп негіз сөздің негізгі лексикалық мағынасынан туындайды. Ол – жалпы заңдылық. Күн түп негіз туындағын туындыларды мысалға алайық: күн, күнайым, күнгей, күнгейле, күнгейлет, күнгейлеу, күнгейлік, күнгейше, күнгі, күнде, күндегі, күндегілік, күндегідей, күндақ, күндегіш, күндегіше, күндей, күндейін, күнделе, күнделік, күндемейлеп, күндеп, күндес, күндестей, күндестік, күндесу, күнет, күндеуші, күндеушілік, күндіз, күндізгі, күндізгідей, күндіздей, күнді, күндікке, күндікпен, күндіктен, күндікше, күнелт, күнелттір, күнелтіс, күнес, күнескей, күнесте, күнестет, күнесін, күнжарда, күнжін, күнес, күнсіре, күнсіт, күнсіз, күнтайым,

күнтосқа, күнше, күншіл, күншілдік, күншілдіктік, күншілік, күншіліктен, күншіліктей, күніге, күнім, күнімен, күнінде күніне, күніс.

Бір түп негіз күн деген зат есімнен туындаған осы түбірлес туынды түбірлердің бәрі күн сөзінің: 1) планета, 2) таңның атуы мен күннің батуы аралығындағы уақыт, 3) 24 сағатқа тең уақыт, 4) уақыт, мезгіл, кез, дәуір деген ҚТТС-та көрсетілген негізгі мағыналарынан ғана жасалып қоймаған, оның ауыспалы мағыналарынан жасалғандары да бар. Мысалы, күнайым, күндак, күндес, күндестей, күндестей, күндестік, күндестір, күндесу, күндет, күндеуші, күнелт, күнелттір, күнелтіс, күнтайым, күнтақа, күншіл, күншілдік, күншілдіктік, күншілік, күншіліктен, күншіліксіз, күншіліктей, күнім. Бұл туындылар күн сөзінің ауыспалы мағынасынан жасалған туынды сөздер. Осы келтірілген мысалға қарап, сөздің ауыспалы мағынасының да сөзжасамдық туынды сөзге қатысатыны дәлелденді.

Олай болса, тілде сөзжасамдық ұяда жасалған туынды сөздер түп негіз сөздің негізгі мағынасынан да, туынды мағынасынан да жасала береді екен. Туынды сөздер негіз сөзге негізге мағынасы жағынан да ауыспалы мағынасы жағынан да қатысты болады деп қорытқан дұрыс.

Демек, бұл туынды сөздің мағынасына уәждеме сөздің мағынасының әсері күшті екенін тағы да дәлелдей түседі. Уәждеме сөз бен уәждеме сөздің мағыналық қатысы түрлі – түрлі. Олардың жинақтағанда, олар төмендегідей деуге болады:

1. Уәждемелі сөз уәждеме сөзбен мағынасының белгілі бір жағынан байланысады. Олардың екеуінің де мағыналары түгел байланысты болуы міндетті емес:

а) уәждеме сөздің мағынасы кең болып, уәждеме сөздің мағынасы одан тар болуы мүмкін. Ол, әсіресе, бір сөз табынан екінші сөз табы жасалғанда байқалады. Мысалы, қон – 1) түнеп шығу, қону; 2) құстың бұтқаға қонуы; 3) ауылдың қонысқа қонуы; 4) бір жерге жайғасу; 5) қиснеттің адам басына орналуы; 6) шақ келу т.б.

Ал қонақ келді дегендегі қонақ сөзі осы мағыналардың бірінен ғана жасалған, сондықтан оның мағынасы уәждеме сөздің мағынасынан тар.

ә) Уәждемелі сөздің мағынасы уәждеме сөздің мағынасынан кең болуы бар. Мысалы, кеш түп негізі сөзінің қас қарайған мезгіл, кешкі уақыт деген екі мағынасы ҚТТС-те берілген. Одан жасалған кештік туынды сөзінің 4 мағынасы бар, олар: 1) кештік ас дегендей сын есім сөз; 2) кештік деген зат есім бар (тамақ мәнінде); 3) мезгіл мәнді зат есім; 4) зат есім, кеш қалғандық. Мұнда уәждемелі сөздің мағынасының уәждеме сөз кең болатыны анықталды.

2. Туынды сөз, яғни, уәждемелі сөз уәждеме сөздің барлық мағынасынан жасалады, бірақ олардың мағынасы тең бола бермейді. Мысалы, тын түп негізінен жасалған туындылар түп негіз сөздің лексикалық мағыналарын толық қамтыды деуге болады, бірақ оларды тең деуге болмайды, өйткені тын түрліше жасалған туындылар түрлі сөз табына жатады, оларды түрліше топтастыруға болады.

3. Кейде уәждеме сөз бен уәждемелі сөздің мағыналары тең келетін жағдай да кездеседі.

Сөзжасамдық ұя мағынасында сөзжасамдық тізбек құрамындағы туындылардың мағыналық өзіндік ерекшелігі бар. Сөзжасамдық тізбек құрамындағы туынды сөздердің өзіндік ерекшелігіне олардың бірінен-

бірі тікелей жасалуы жатады да, ол тізбектіге туынды сөздердің мағыналық байланысының күштілігін тугызады. Мысалы, дау түп негізінен жасалған ұядағы дау – даула – даулас – дауласу – дауласушы – дауласушылық деген сөзжасамдық тізбекті алайық. Осы сөзжасамдық тізбекте 6 сөз бар. Олардың біріншісі – ұяның түп негіз сөзі, негізгі түбір, уәждеме сөз. Одан 1-сатыда даула туынды түбір сөзі жасалған. Дау – даула уәждеме және уәждемелі сөз, олардың мағынасы өте жақын. Осы тізбектің келесі сатысында даула туынды түбірінен тікелей даулас туынды түбірі жасалған. 1 – жұпта уәждемелі сөз болған даула туынды түбірі 2-сатыдағы даулас туынды түбірінен уәждеме болып, өзінен жасалған даулас туынды түбірінің тууына негіз болған. Ал 2-сатыдағы уәждемелі сөз – даулас келесі сатыдағы дауласу туынды сөзінің жасалуына уәждеме болып, екінші сөзжасамдық қызметті атқарған. Мұнда уәждемелі сөз – дауласу 4-сатыдағы дауласушы туынды сөзінің жасалуына уәждеме болып, өзінің негізінде дауласушы туынды түбірін, яғни уәждемелі сөзді тугызған. Ал дауласушы деген уәждемелі сөз уәждеме қызметін атқарып, өзінен даласушылық уәждемелі сөзінің жасалуына негіз болған. Демек, осы тізбектегі 5 туынды түбір сөз түп негіз сөзден, кейін бірінен – бірі тікелей туындап, мағыналық байланыс үзілмей, бірінен-бірі тікелей жасалғандықтан, тізбектегі сөздердің мағыналық байланысы сақталған. Бұл келтірілген мысал сөзжасамдық қызметтегі туындыларда мағыналық байланыс өте күшті екенін көрсетті.

Тізбектегі туындылардың мағыналық байланысының күшті болуы:

- 1) Олардың бірінен – бірінің тікелей туындауына;
- 2) Тізбектіге сөздердің әрі уәждеме, әрі уәждемелі сөз қызметін атқаруына;
- 3) Сөзжасамдық тізбектегі сөздердің иерархиялық қырым-қатынасты болуына;
- 4) Араларына басқа сөздің түспеуіне;
- 5) Мағыналық байланыстың үзілмеуіне байланысты.

Түп негіз сөз мағыналы болғанда оның мағыналары сөзжасамдық тізбек бойында бірге өтеді. Мысалы, от түп негізінен жасалған ұяда от – өткір – өткірле – өткірлен – өткірлендір – өткірлендірт деген сөзжасамдық тізбек бар. Осы сөзжасамдық тізбектің құрамындағы пышақтың өткірлігі, адамның өткірлігі мағыналарының бәрі бар. Мысалы, «Пышақ өткір болса, қиналмайсың, адам өткір болса, дегеніне жетеді»; «Пышақтың өткірлігі қайраушыдан, адамның өткірлігі тәрбиеден» деген сиықты мысалдар туындылардың көп мағыналығын дәлелден түр. Ол қолданыста анық байқалады.

Көпшілік жағдайда түп негіз сөздің мағынасы тізбектен орын ала бермейді. Бірақ ұядағы әр тізбектен оларды кездестіруге болады. Оң түп негіз етістігінің ҚТТС – те «жөнді білу, жетісу» мағынасы мен «бояуы қайту, оңі, түсі кету» мағыналары берілген. /205, – 430/. Осы түп негіз арқылы жасалған сөзжасамдық ұяда осы мағыналар түрлі тізбектен көрініс тапқан: 1) оң – оңал – оңалдыр – оңалдырт; 2) оң – оңақ – оңақтық. Келтірілген екі тізбектің біріншісінде « жөнді білу, жетісу» мәні берілген. Екіншісінде «бояуы қайту, оңі, түсі кету» мәні берілген.

Мұндай жағдайда түбірлес сөдер түп негіз сөздің бірлігіне қарамастан, сөзжасамдық тізбектер бір-бірі мен сөзжасамдық мағыналары арқылы ерекшеленеді.

Сөзжасамадық ұядағы сөзжасамдық мағынаның өрбуі, туындауы бірдей емес. Кейбір сөзжасамдық мағыналары өрістей алмай, бірінші сатыда тоқтаса, кейбір сөзжасамдық мағыналар өрбіп бірнеше сатыға дейін жетеді. Мысалға май түп негізінен жасалған ұядағы екі сөзжасамдық тізбекті алайық:

1) Май – майла – майлан – майландыр – майландырт;

2) Май – майсыз – майсыздық.

Бір сөзжасамдық ұяның екі тізбегі екі түрлі, беруінде 4 туынды сөз жасалған, екіншісінде екі ғана туынды сөз жасалған, соңғыда сөзжасамдық мағынаның түрлені мүмкіндігі аз екенін байқау қиын емес, оның соңғы туынды сөзі өзінен туынды сөз жасауға қатыспай, сөзжасамдық қызметін тоқтатқан.

Сөзжасамдық сатыдағы туынды сөздің туынды мағынасы одан басқа сөздің жасалуына негіз болатындай дәрежеге көтерілуі керек. Бір сатыдағы әр туынды сөздің мағынасы бірінен-бірі мағынасы арқыла ерекшеленіп, өзінен сөзжасамдық тізбек жасауға негіз болады. Осымен байланысты бір ұядағы әр тізбектің мағынасы бірінен – бірі ерекшеленеді. Тізбектегі туынды сөздің саны өскен сайын олардың мағынасы түп негіз сөздің мағынасынан алыстай береді. Өйткені оларда уәждеме сөз өзгеріп отырады. Әр уәждеме сөздің қай мағынасына туынды мағынаның негізделуі де мағынаның өзгеруіне жағдай, себеп болады. Сонда бір тізбектегі туындылардан туынды сөздің жасауы мағынаның түрлі болуын туғызады. Туынды сөздердің

түп негіз сөз бен тікелей байланысы мен алыс байланыстың мағынаға әсері болатынын тілдік деректер көрсетті.

Осыдан сөзжасамдық тізбектегі туындылардың бірінен – беренің бағыныштылығы орын алады. Уәждеме сөзге уәждемелі сөздің мағынасы байланысты болуы мағынаның бір-біріне бағыныштылығын туғызады.

Түп негіз сөздің негізгі мағынасының көптігі сөзжасамдық ұядағы әр түрлі тізбектердің бір – бірімен мағыналық күрделі қарым-қатынасын туғызады.

Көл түп негіз сөзінен жасалған сөзжасамдық ұяның көл – көлде – көлдет – көлдеткіз, көл – көлді – көлділік сияқты сөзжасамдық тізбектермен бірге көл – көлбе – көлбет – көлбетіңкіре, көл – көлбе – көлбет – көлбеткіз сияқты сөзжасамдық тізбектер бар. Алғашқы екі тізбек көл түп негіз сөзінің негізге мағынасынан жасалған соңғы екі тізбек түп негіз сөздің негізгі мағынасынан жасалған соңғы екі тізбек түп негіз сөздің «мол, көп, пана-төкпе» деген ауыспалы мағынасына, не метафора арқылы туған мағына, яғни көл сияқты көлбеп жатқан деген мағынаға негізделген. Сол сияқты жет – жеткіз – жеткіздір – жеткіздірт, жет – жетіл – жетілдір – жетілдірт тізбектерімен бірге осы ұяда жет – жете – жетесіз, жет – жетек – жетекте – жетектет – жетектеткіз сияқты жет етістігінің ауыспалы мағынасына өрбіген сөзжасамдық тізбетер бар.

Келтірілген мысалдар сөзжасамдық ұяда түп негіз сөздің негізгі мағынасы да, ауыспалы мағынасы да туынды сөздің жасалуына арқау болып, бір ұядағы туынды сөздердің мағына түрліліген туғызатынын көрсетті. Бұдан сөзжасамдық ұядағы сөздердің туынды сөздердің жалпы мағынасы бола тұра, ол жалпы мағына-

ның негізгі болатын түп негіз сөздің мағынасынан түрлілігінің нәтижесі болатын түп негіз сөздің мағынасының да түрлі болуы заңды. Ол түрлі мағыналардың түп негіз сөзге қатысы да түрліше және олардың өзара байланысы да алуан түрлі. Оны жоғарыда келтірілген мысалдар дәлелдейді. Мысалы, жетіл мен жетесті туындыларының мағыналық байланысын түсіндіруге болғанымен, ол мағыналық байланыс анық көрініп тұрған жоқ.

Кейде сөзжасамдық ұядағы туындылардың мағыналық байланысы үзіліп, ұядан кейбір туындылардың шығуы да тілде бар құбылыс. Мысалы, көл – көлгір – көлгірле – көлгірлен – көлгірлендір – көлгірлендіртізбегінің мүшелерінің мағынасы көл түп негізінен жасалған ұядан өте алыстаған, оны ұядан шыққан деп санауға болады. Ал біздің зерттеуімізше көлем – көлемді – көлемділік тізбегін қазір көл түп негізінен жасалған ұяның құрамында санауға болмайды. Бірақ ол бір кезде осы ұяның мүшесі болған деуге болады, кейін олардың мағыналық байланысы ажырап, басқа-басқа ұялар жасаған. Көлем сөзінің мағынасы көл сөзінің ауыспалы мағынасынан метафоралық негізді туған деуге әбден болады.

Бұл мысалдар сөзжасамдық ұя құрамы, алдымен мағыналық байланысқа қатысты дегенді білдіреді. Ұядағы туынды сөздердің мағыналық байланысы бойын міндетті шарт деп санаймыз. Мағыналық байланыс үзілсе, ұяның мүшесі ыдырайды.

Екіншіден, бұл жағдай сөзжасамдық ұяның шегі, құрамы, қатып қалған құбылыс емес, ол – өзгермелі құбылыс. Ұядан сөздердің шығуы да, ұяға туынды сөздердің қосылуы мүмкін. Мысалы, жер түп негізі-

нен жасалған ұяға аналитикалық тәсілмен жасалған жерерік сөзінің қосылғаны жұртшылыққа аян. Сол сияқты үш түп негізінен жасалған ұяға ұшақ, тікұшақ туындыларының қашан қосылғаны белгілі, тіпті кеше ғана деуге де болады.

Сөзжасамдық ұядан мағынасы алыстаған сөздердің шығуы ұяның көлемін тарылтады да, ұяға жаңа туындылардың қосылуы ұя көлемін кеңейтеді. Бұл сөзжасамдық ұяның мағыналық көлемінің, құрылысының тарылуы я кеңуі деп білу керек.

Сөзжасамдық омонимия және көп мағыналық сөзжасам жүйесінде, оның ішінде сөзжасамдық ұяға қатысты зерттеліп жүрген мәселелерге жатпайды. Ал ол – сөзжасамда кең орын алатын күрделі мәселе. Ол, әрине лексикологияға, лексикографияға да қатысты мәселе. Сондықтан сөзжасамдық омонимия мен көпмағыналық бірсыпыра теориялық мәселелердің шешілуіне ықпал жасай алады. Әсіресе, сөзжасамдық омонимия мәселесін зерттеу сөздіктер жасау ісіне өте қажет, қазір ол әр сөздікте әр түрлі көрініс тауып жүр. Ол, әсіресе, көпмағыналық пен омонимия мәселесінде түрлілік туғызып жүр.

Сөзжасамдық омонимия сөзжасамдық ұялардағы туынды сөздердің морфемдік құрамын анықтауда өте қажет. Ал ол сөзжасамдық құяның құрамын анықтауда, сөзжасамдық ұялар сөздігін жасауда елеулі қызмет атқарады. Соңғы кезге дейін омонимдер омофармия, омография, омофония деп қаралып келгені белгілі. Мысалы, көрші-үйі жақын адамдар, көрші – бұйрық райдың екінші жағы, өт – зат есім, өт-етістік екені, жат-етістік, жад-ес сияқты сөздердің айтылуы бір екені сияқты мысалдар келтіріліп жүргені білгілі. Кейінгі

кезде жалпы тіл білімінде омоним мәселесі тілдің даму заңдылықтарымен байланысты қаралып жүргені талдануы туғызбайды.

Бұл ретте академик В.В. Виноградов, О.С. Ахманова, А.Н. Тихонов, К.Л. Гинзбург, Н.М. Шанский /206/ сияқты еңбектері мол екені ғалымдарға әйгілі.

Қазақ тіл біліміне де Ғ.Ғ. Мұсабаев /207/, К.А. Ахманов /208/, Болғанбаев /209/, Р. Садықбеков /210/ т.б. ғалымдар омоним мәселесін өз еңбектерінде зерттеп, оның ғылыми негізін қалағанын білеміз. Бірақ сөзжасамдық тұрғыдан омонимдер зерттелген жоқ. Сондықтан сөзжасамдық ұялардан сөзжасамдық омонимдер де орын алатын болғандықтан, сөзжасамдық омонимдер мәселесіне де көңіл бөлу қажет болды.

1. Сөзжасамдық ұяда түбірі де, сөзжасамдық жұрнағы да омоним болып келетін сөзжасамдық омонимдер кең орын алады. Мысалы, ағым – судың ағымы, ағым-элеуметтік ағым; жүкті-аяғы ауыр әйел, жүктісын есім жүкті арба; өшіргіш-зат атауы, өшіргіш – сын есім, өшіргіш адам, жерлес-ауылдас; жетек-арба шананы сүйрету үшін арнайы жасалған тәрте, арка, жетек-біреудің ыңғайы, ырқы, ықпалы; жинақ-жиналқы-ықшам; жиын-бір нәрсенің жиытығы, қосындысы; жиын-көп адам жиналған жер, жиын-жиналыс, мәжіліс; жымдас-ымы-жымы бір, жемтіктес; жымдас-жігі білінбей тұтасып кірігіп тұр; отарла-тәуелді ету, отарла-етістік, қойды отарлау; кеспе – тамақ, кеспебау кеспе ұры т.б. Мұндай омонимдер тілде өте көп, оны жағастыру көп орын алады, сондықтан оларды жалғастырмауға тура келді.

2. Сөзжасамдық омонимдердің келесі тобы – туынды түбір сөз тілдегі сөзформамен, яғни грам-

матикалық тұрғыда сөзбен омонимдес болуы. Мысалы, көрме – белгілі бір қоғамның не жеке адамның материалдық және рухани жетістіктерін көпшілікке көрсететін орын; көрме – етістіктің болымсыз тұлғасы; көшкін – тау басынан сырғып түсетін қар, мұз, құм – тау қиыршықтары; көшкін – диалектіде бұйрық райдың 2-жағы; қақпа – есік, дарбаза; көрші – көршілес, есіктес, уйме-үй тұратын адам, қонсы, көрші – етістіктің жілік тұлғасындағы етістік, тізбе – адамының аты, жөн, реті көрсетілген тізім, тізбе – болымсыз етістік тұлғасы т.б.

Бұл омонимдер де тілде көп.

3. Сөзжасамдық омонимдердің келесі тобы – туынды түбір сөздің тілдегі негізгі түбір сөздермен омонимдес болуы. Мысалы, жылан – өздік етіс (жылана беру), жылан – зат есім, жәндік аты; қуыс – ортақ етіс, қуыс – зат есім, бір нәрсенің ішіндегі бос жері; құйын – өздік етістік, құйын – зат есім, үйірім, ұйтқи соғатын екпінді қатты жел; отау – етістік, кимыл атауы, отау – үйленген жастардың бөлек шыққан үйі; тарақ – үшін тарайтын құрал, парак – қағаз, бет, бір парак қағаз; қулық – алдамшы әрекет, қулық – тумай құлындаған бие; ойыс – ортақ етіс, ойыс – төмен түскен, ойлау келген жер; өнер – етістік, есімше (өнер), өнер – зат есім, істі ұқсатып жасаушылық, шеберлік; қырын – өздік етістік, қырын – тұзу емес, бір бүйірі алға қараған; қырық – етістік, қойды қырку, қырық – сан есім; қырым – қырып алар еті жоқ, қырым – жер аты, т.б. Бұл топтағы омонимдес сөздер де бірсыпыра.

4. Сөзжасамдық омонимдер ішінде омофондар да кездеседі, олардың айтылулары ғана бірдей. Мысалы, қулық пен құлық айтылуы ауыса береді, оттық пен отық, салғыш пен салғыз, соққыш пен соққыз, ұғын

мен ұғым, тілде мен тілді, жолық пен жолақ, сенісу мен сіңісу, құйын мен құйыл т.б. туынды сөздер сөйлеу кезінде ауысып дауыстала айтыла береді.

Сөзжасамдық ұяның құрамындағы туындылардың омонимдік мағыналық ерекшеліктерінің әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық:

1. Сөзжасамдық омонимдердің ішінде уәждемелері де, сөзжасамдық жұрнағы омоним болып келетін омонимдер бары дәлелденді. Омонимдік құбылыс түбірге де, жұрнаққа да бірдей тең болғандықтан сөзжасамдық омонимнің бұл түрін теңдес сөзжасамдық омоним деп атадық.

Сөзжасамдық омонимнің бұл түрінің дыбыстық құрамында да, морфемдік құрамында да уәждеме сөздің сөз табына қатысында да ешбір айырмашылық болмайды, айырмашылық алдымен мағынада және жұрнақтық сөз табына қатысында болады. Мысалы, өшіргіш деген омоним сөздің уәждемесі өшір – етістік, одан туынды сөз жасаушы – гіш жұрнағы омонимнің біруінде зат есімнің жұрнағы, екіншісінде – сын есімнің жұрнағы. Бір уәждеме сөзден екі түрлі сөз табының жұрнағы екі түрлі сөз табының туынды сөзін жасаған. Осыған орай екі туынды сөз екі түрлі мағынаны білдірген: біреуі – зат аталымы болған, екіншісі – сындық белгіні білдірген.

Бұл келтірілген мысалда омоним жұрнақ зат есім мен сын есімге қатысты болып, уәждеме сөз етістіктен болған. Бірақ сөзжасамдық теңдес омонимдердің бәрі тек осы құрамда ғана болу керек дегенді білдірмейді. Сөзжасамдық теңдес омонимдердің уәждеме сөзі де, жұрнағы да әр түрлі сөз табына қатысты бола береді. Бұл ретте шек қойылмайды. Мысалы, жүкті, жерлес, шымдас сияқты омонимдерде уәждеме зат есім сөзден

болған, қулық омонимінің уәждемесісын есімнен болған. Осыған қарап, сөзжасамдық теңдес омоним сөздердің түрлі сөз табынан жасалатынын аңдауға болады. Олай болса, сөзжасамдық теңдес омоним сөздер түрлі сөз табына жасала береді деп қорытуға болады.

Бұл мәселеде бір уәждемеден түрлі сөз табына қатысты туынды сөздің жасалуы сөзжасамдық омоним жұрнақтың қандай сөз таптарына қатыстылығына байланысты деп санаймыз.

Тілде сөз ғана омоним болып қоймайды, сонымен бірге қосымшалардың да омонимдік қасиеті барын осы жағдай анық көрсетеді. Рас, ол мәселе ғылымда белгілі, оны ғылымдар К. Аханов / 208/ пен А. Қалыбаева /211, 130–131/ екені мәлім.

Демек, бір уәждемеден сөзжасамдық омоним жасалу уәждемеге омоним жұрнақтардың жалғануына байланысты. Сөзжасамдық омоним жұрнақ қандай сөз таптарына қатысты болса, бір уәждемеден сондай сөз табының туынды сөзі жасалады.

Тілде жиі қолданылатын омоним сөзжасамдық жұрнақтар мына сөз таптарына қатысты: етістік – зат есім, зат есім – сын есім, сын есім – етістік. Сөзжасамдық омоним жұрнақтар негізге сөз таптарын қамтып тұр.

Бір уәждемеден түрлі сөз табына қатысты омоним жұрнақтардың түрлі сөз табының туында сөздердің жасалуы ол туындылардың мағыналарын өзгертетіні белгілі. Оны төмендегі мысалдардан көруге болады. Мысалы, Қытай жібегінен халат киген орта бойлы, ашаң жүзді толық әйел шапшаң қимыл жасап, ақ самаурыннан шай кұйды (К. Тоқаев). Бұйра шашты қара жігіт қабағын шытып, жақындай бергенді, енгезердей толық еркек шығымен оны қағып жіберіп, күле қарады (З. Шашкин)

Келтірілген мысалдарда сол түп негізінен жасалған ұяның туынды түбірі толық (сын есімнің сөз жасамдық жұрнағы – ық арқылы жасалған туынды сын есім). Сөйлемде сын есім мағынасында, сын есім қызметінде қолданылған. Ол адамның денесінің бір сындық белгісін білдірген, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарған. Бұл мағына мен синтаксистік қызмет тол етістігіне қатысты емес, сондықтан ол мағына мен қызмет қызмет – ық жұрнағы арқылы жасалған толық деген туынды түбір сын есім сөзге ғана қатысты.

Осы сын есім туындымен омоним толық етістігін алып қарастырайық. Мысалы, Бірақ ақыл – ойы толыққан сайын, табиғатында жұмсақ, көңілшек жаным әлдебір қаттылық пен мейірімсіздік түрпідей батып қинайтынын сезетін (Т. Әбдіков). Соңғы 7–8 жыл ішінде біздің жаңа мақал-мәтелдеріміз газет–журнал жалпы баспасөз жөніндегі нақыл сөздермен толықты (М. Әшімбаев).

Соңғы екі мысалда тол түп негіз арқылы жасалған ұядағы туынды түбір-толық етістігі сөйлемде қимыл мағынасын білдіріп, етістіктің есімше түрінің жұрнағын және жедел өткен шақтың жұрнағын қабылдап, сөйлемде етістікке тән сөйлем мүшесі қызметін атқарып, мағынасы, түрленуі, синтаксистік қызметі жағынан да етістік екенін дәлелдеп тұр. Олай болса, бұл туынды етістік кірік, өнік туынды етістіктері тобына сирек кездесетін өзгелік етіс жұрнағы = ық арқылы қосылған.

Бір түп негіз арқылы омоним жұрнақ = ық екі түрлі сөз табының туынды түбір сөзін жасаған. Біз мұны тілдің қазіргі даму сатысына сәйкес талдап отырмыз. Диахроникалық аспектіде, яғни тарихи тұрғыда,

оның басқаша сипатталу мүмкіндігі болуын жоққа шығармаймыз.

Тегдес туынды түбір омоним түрлі сөз табына қатысты бола береді. Солардың ішінен омонимнің зат есім мен сын есімнен болуы жиі кездеседі. Мысалы,

Әрі кетсе он сегіз сағат іші,
Қос кеме мың сан қару, адам күші,
Көмекке жеделдетіп жеткіземіз,
Теңізбен, құрғақпенен де өткіземіз.

(Ж. Смаков)

Құрғаққа шыққан жайын-қанаты қырқылған құспен
тең емес пе? (С. Мұқанов)

Бақалардай бақырға
Құрғақ та бір,
Су да бір.

(Қ. Мырзалиев)

Бұл келтірілген мысалдарда құрғақ – құрлық, құрлық жер мағынасында қолданылған яғни құрғақ – бұнда зат есім туынды түбір сөз. Ол құрға етістігінен зат есімнің сөзжасымдық жұрнағы – қ арқылы жасалған. Яғни ол зат зат есім сөзжасамына жатады.

Тілде туынды зат есім құрғақ сөзінің сын есім омонимі бар. Мысалы: Ауаның ылғалсыз өте құрғақ болғаны да зиян (М. Сисекенов). Жаурап кеттік, іште құрғақ отын бар ма? (Ә. Сараев). Осы сындық мағынаның түрлі вариантында қолданылады. Мысалы, құрғақ отын, құрғақ аймақ, құрғақ жаз, құрғақ арна, құрғақ жөтел, құрғақ мақтау, құрғақ азық, құрғақ сөз сияқты түрлі вариантта қолданылады. Бір құрғақ омо-

ним сөзінің зат есім, сын есім болатыны дәлелденді. Сондықтан да бұл сөзге түсіндірме сөздікте «Бір нарсеге босқа жұмсалған қаржы – текке кеткен зат, экономикалық зиян» деген анықтама берілген.

Омоним туынды түбір сөз әрі зат есім, әрі етістік те болады. Мысалы, Жемшөпке жұмсалған азық өншімінің өзіндік құны кем, сол себепті сүт өндіруге жұмсалатын шығын да азайды (Қ. Нұрғалиев). Балық аулаудан түскен қаржы оны өндіруге кеткен шығынның өзін өтей алмайтын (С. Қаженбаев). Бұл туынды зат есім сөздің түрлі ауыспалы мағыналары да бар, олар да заттық ұғымды білдіреді. Мысалы, Санал, түтендеп қарасам, бағанағы төрт қойдан басқа еш шығын жоқ (Ө. Нұршайықов).

Осы шығын туынды түбір омоним сөздің етістік варианты бар. Мысалы, олар қайыру бермей, құлындай шырқырап, шығынып қаша жөнелді (Ө. Нұрпейісов). Шығынып кеткен саяқ үйірдің Баршагүлдің жайын ойлап тұрған Уәлидің құлағына айқайлаған бір дауыс шалынды (Ғ. Сланов). жеті километр жерге шығынып келгендегі әңгімеміздің сиқы осы (У. Уайдин)

Түсіндірмелі сөздікте шығын етістігіне манадай анықтама берілген: «Бір жаққа шығып кету, алыстау, ұзау, шеттеу, шығындау». Жоғырада келтірілген мысалдар осы мағынаны білдірген. Осы омоним сөздер зат есіммен етістіктің – ын жұрнағы арқылы жасалған.

Шығын туынды түбір сөзі арқылы омоним сөздің зат есім және етістік екені дәлелденді. Бұл – жиі кездесетін құбылыс.

Омоним сөз әрі сын есім, әрі етістік те болады. Мысалы, Балалардың арасынан жақын достар ғана емес,

атадан, жеті атадан табысатын қандас туысқандар табылды (М. Мағауин).

Қайран қандас, туыстық!
Құшақтастық, сүйістік.
Көздері де сүйкімді,
Сөздері де тым ыстық

(Ғ. Қайырбеков)

Осы сындық мағынадағы қандас туынды түбірінде түсіндірме сөздікте Шығу тегі бір, бауырлас деген анықтама берілген.

Ал омонимнің екінші сөзі – қандас, етістік, ол – қандас етістігінің ортақ етіс формасы. Мысалы,

Қандасқан жанды көп көрдім
Сойылдасып сарт та сұрт.

(Т. Әлімқұлов)

Жүр екеуі қандасып,
Бірін – бірі ала алмай,
Ызалы көзбен қарасып,
Арбасып тұрған аңдардай.

(Қ. Аманжолов)

Бұл мысалда омоним туынды түбір сөздің сын есім және етістік болатыны дәлелденді.

Омонимдес туынды сөздердің саны әр түрлі, ол үнемі екі сөзден тұра бермейді. Мысалы, толық омоним туынды түбір сөз әрі сын есім, әрі етістік, әрі үстеу. Оның сын есім түріне мысал келтірейік. Мысалы, Үй несі Шодырдың баласы Ахмет күркіреген жуан дауысты, жолдастарының ішіндегі ең толығы да сол екен

(М. Жұмағұлов). Қайдағы су, түнде өз қолымызбен осында жинадық, қаптардың бәрі толық болатын (Ә. Сәрсенбаев).

Осы омоним туынды түбір сөз – әрі етістік. Мысалы, Бұдан жүдеп кеткен адамдар толығын, ал шамадан тыс семіріп кеткендер арықтайды. (С. Субханбердин). Әкесі баласынан көп өзгеріс таниды, дөңгелек жүзін жел қаққан, бағлап денесі мөлшеккен, кеудесі кеңейіп, жазыла түскен (Ж. Молдағадиев).

Сондай-ақ, ол – үстеу де болады. Онда ол – түгелдей дерлік, бүтіндей, тұтас деген мағынаны білдіреді. Мысалы, Батыс жақты жауын күрсап, күн көзін толық жасырған (М. Әуезов). Еркебұланның жағдайын тек Нұржамал ғана толық сезіп отыр. (І. Есенберлин).

Бұл келтірілген мысалдар омоним туынды түбір сөз екі сөз, үш қызметін де атқарып, әртүрлі сөз табына қатысты бола беретіні анық дәлелденді.

Алайда омоним туынды түбір сөздердің түрлі сөз табына қатысты болуы міндетті емес. Ол бір сөз табының да түрлі мағыналы түрлі сөз бола береді. Мәселен қызылша омонимі – зат есімде екі заттың атауы: 1) Тамыр түйнегі тамаққа қолданылатын, қант дайындауға найдаланатын өсімдіктің аты. Мысалы, Жөнін әлі айтқан жоқ, жайлауда қойды санап, мұнда қызылша егілген жерді өлшеп жатыр (С. Бакбергенов). Осындай құрметке еңбек етудің, маңдай терді мың сығып, қызылша өсірудің арқасында ие болғанымды да естен шығарған жоқпын (Ш. Есмырзаев).

2) Қызылша – ауру аты, оған түсіндірме сөздікке мынадай анықтама берген: «Балалардың денесіне қызарып бөртін шығатын жұқпалы ауру». Мысалы, көп баладан қалған соңғы ұлына да қызылша шығып, әл

түнде жатыр еді (Ә. Нұрсейісов). Ауыл арасына қыс басталғалы қызылша таран, балалар інетінен ауырып тұрып жатқан (З. Шүкіров).

Мұнда қызылша деген омоним әрі есім атауы, әрі ауру атауы екені анық көрінеді. Бұдан омоним болу үшін түрлі сөз табына қатысты болу міндетті емес екені анықталды. Омоним тұлғасы бір болғанымен, әр бірнеше сөздің қызметін атқаратын болғандықтан, әр сөз бір сөз табының да, түрлі сөз табының да сөзі бола беретін белгілі. Әңгіме омоним туынды сөз қай сөз табының жұрнағы арқылы жасалуына байланысты деген тұжырым дұрыс деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде, тендес туынды омоним сөздердің мынадай белгілері бар деп санаймыз:

1. Тендес туынды омоним сөздердің негіз сөзі де, жұрнағы да омонимдес болу керек

2. Тендес туынды омоним бір уәждемеден екі, кейде үш сөз табының омоним жұрнағы жалғану арқылы екі түрлі кейде үш түрлі сөз табының туынды сөзін жақсайды.

3. Осындай сөзжасамдық омонимдер 2 кейде 3 түрлі сөз табының мағынасын білдіреді.

4. Қолданыста, сөйлемде тендес омоним туындылар әр түрлі сөз табының қосымшаларымен түрленеді.

5. Тендес омоним сөздер әр түрлі сөз табының синтаксистік қызметін атқарады.

Сөзжасамдық омонимдердің келесі түрлі туынды түбір сөздің тілдегі грамматикалық тұлғалы сөзбен омонимдес болуы дегенбіз. Сөзжасамдық омонимнің бұл түрін тұлғалы омоним деп атадық. Тұлғалық омоним туындылардың біреуі – туынды сөз, екіншісі грамматикалық тұлғалы сөзден құралады. Тұлғалық омоним

сөздердің де уәждеме сөзі ортақ, екеуінде де бір сөз қосымшалары – омоним қосымша. Сырттай қарағанда, тұлғалық омонимдер тендес омонимдерге ұқсас. Айырма – көмекші морфемаға қатысты. Тұлғалық омонимдердің беруінің құрамындағы қосымша, яғни көмекші морфема – сөзжасамдық жұрнақ, екіншісінде қосымша – грамматикалық көрсеткіш, сөздің грамматикалық тұлғасын жасаушы көмекші морфема.

Осымен байланысты тұлғалық омонимдердің мағынасы да, сөз табына қатысты да, сөйлемдегі қызметтері де басқа – басқа. Мысалы, Қамыр деген жарықтықты бабына келтіріп, пісіріп, илеп, шаштайғып кеспе жасаса болмас па еді, түге (Т. Бердияров). Әлім қарт бас болып, үй – іші жас қай етінен жасалған ыстық кеспеге бас қойыпты (С. Шаймерденов).

Бұл мысалдарда кеспе туынды зат есім сөзінің екі мағынасы берілген: біреуі – қамырдан жасалған кеспе, екінші – сорпа мен кеспеден тұратын сұйық тамақ. Екеуі де кес деген уәждеме сөзге зат есімнің сөзжасамдық жұрнағы = пе арқылы жасалған. Бірінші сөйлемде кеспе табыс септігінің нольдік тұлғасында тұрып, толықтауыш қызметін атқарған, екіншісінде кеспе туынды сөзі барыс септік жалғауын қабылдап, толықтауыш қызметін атқарған. Бұл мысалдарда кеспе сөзі зат атауы болып, зат есімдерше түрленіп, сөйлемде зат есімдер синтаксистік қызметті атқарған.

Ал мына төмендегі сөйлемде кеспе тұлғадағы етістік қимыл мағынасын білдіріп, оның болымсыз түрінде қолданылған. Мысалы, Бала қолын кепесін, байқа (С. Жүнісов). Бұл мысалда кес етістігі өзінің лексикалық қимыл мағынасында қолданылған, етістіктің болымсыздық = пе жұрнағын және бұйрық

райдың 3 – жіктік жалғауын қабылдаған, яғни етістік көрсеткіштері мен түрленген сөйлемде етістік атқаратын баяндауыш қызметін атқарған.

Алғашқы мысалдарда лексикалық мағынаны кеспе сөзі білдірсе, соңғы мысалда лексикалық мағынаны кес түбір етістігі білдіреді. Бұл ретте олар бір – бірімен омоним емес. Кеспе деген туынды түбір кес етістігінің қолданыстағы бір тұлғасымен яғни болымсыз тұлғасымен ғана омонимдес болады. Кес етістігінің басқа грамматикалық тұлғаларымен ол омоним бола алмайды. Мысалы, кесті, кескен, кесемін, кеспекшімін, кесермін сияқты т.б. грамматикалық тұлғаларымен ол омоним емес.

Тұлғалас омоним туындылар тілдегі көптеген грамматикалық көрсеткіштерді қамтиды, түрлі сөз табына қатысты.

Тұлғалас омонимдердің төмендегідей ерекшеліктері бар.

1. Тұлғалас омонимдердің түбір сөздерінде омонимдік жоқ. Мысалы, көрме – туынды түбір сөз, лексикалық мағына беретін бөлім, көрме болымсыз етістігінің түбірі – көр етістігі, ол сөздің лексикалық мағына беретін бөлімі, морфемасы. Бұдан тұлғалас омонимдердің лексикалық мағына беретін морфемалары басқа – басқа анықталды. Олай болса тұлғалас омонимдердің лексикалары басқа – басқа, сөз ретінде олар омонимге жатпайды. Бірақ тұлғалас омонимдердің бір сыңары грамматикалық көрсеткіштерге түрленгенде, туынды сөзбен тұлғасы ұқсас болып шығады, сондықтан да ол тұлғалас омоним аталды.

2. Тұлғалас омонимдердің көмекші морфемаларында үлкен айырма бар. Тұлғалас омонимдердің бір

сыңарының қосымшасы сөзжасамдық жұрнақ, екіншісінің қосымшасы, көбіне жалғау, не сөз түрлендіруші жұрнақ.

Қорыта келгенде, тұлғалас омонимдердің түбір сөздері де қосымшалары да әр түрлі. Сондықтан олар сөйлемде әр түрлі қызмет атқарады, әр түрлі мағына береді.

3. Омонимдердің 3 – тобына туынды түбірдің тілдегі негізгі түбірмен омонимдес болуы жатады. Мысалы, отау сөзіне түсіндірме сөздікте мынадай түсінік берілген: қимыл атауы. Отау, яғни мұнда түбір сөз ота етістігі деген ұғым берілген. Осындағы ота етістігіне «Дәнді – дақылды, жеміс – жидектерді арам шөптерден тазарту, арылту» деген түсінік сөздікте берілген. Оны мына мысалдардан көруге болады. Мысалы, Күрішті отау жұмысы да маңызды жұмыстың бірі (Ы. Жақиев). Арам шөпті отауға шебердің өзі де осы хлор (Н. Нұрахметов).

Тілімізде отау деген негізгі түбір сөз бар, оның мағынасы түсіндірме сөздікте былай берілген: «Ұлға енші беріп, бөлек шығарғандағы үй, кіші үй». Бұл отау сөзі бір негізгі морфемадан тұрады, оның лексикалық өзіндік мағынасы түсіндірме сөздіктің анықтамасы арқылы түсіндірілді. Келтірілген екі мысалдың бірі – екі морфемалы сөз, оның бірі негізгі морфема, екіншісі көмекші морфема. Екіншісі – бір морфема сөз, ол негізгі морфера. Омонимдес екі сөздің түбірлері де морфемдік құрамы да басқа – басқа. Сондықтан сөзжасамдық омонимдердің бұл түрін кездейсоқ омоним деп атадық.

Мұндай омонимдердің түп төркінінде түбірлестік болып қалуы да мүмкін, бірақ олардың мағыналық

байланысты үзілген деуге келетіндері туралы сөз болып отыр. Тілде өнер деген зат есім сөз бар. Оның мағынасы – істі ұқсатып жасаушылық, шеберлік. Мысалы, Зергерлікті барлық халық жоғары бағалап, оны өнер етті (С. Қасаманов). Оң қолынан өнер тамады. (С. Мұқанов). Өлеңді мен өнер деп білемін, өлең жазуды жақсы көремін (Ә. Нәбіев).

Ал тілде өн етістігінің өнер деген есімше түрі бар. Бұлар да кездейсоқ омоним болады. Мысалы, Еңбегің өнер кез болады (С. Мұқанов). Мұнда қолданылған өнер формалы етістік жоғарыда келтірілген мысалдардағы өнер сөзімен тұлғалас болғанымен, мағыналары мүлдем басқа.

Кейдейсоқ омонимдердің негізгі ерекшеліктері мыналар:

- 1) Кездейсоқ омонимдердің түбір сөздері басқа-басқа.
- 2) Кездейсоқ омонимдердің морфемдік құрамдары басқа.
- 3) Кездейсоқ омонимдердің мағыналары, қызметтері де басқа.
- 4) Сөзжасамдық омонимдердің ішінде тек айтылуы ұқсас түрлері бар, оларды ғылымда омофондар деп атап жүр. Біз де дағдылы терминді қолдануды дұрыс қордік. Олар тілде ойна көп емес. Мысалы, тұншық пен тұмсық, тұрлауыш пен тұрғау, тазша – тасша, тұзшы мен тұсшы сияқты туынды түбір сөздердің айтылуларындағы ұқсастық фонетикадағы ассимиляция заңдылығына байланысты. Бұл заңдылықтың орфоэпияға ғана қатысты екені белгілі, сөздің жазылуына оның қатысы жоқ. Сондықтан да олар омофондар аталған. Ол туынды сөздер құрамынан да орын ала-

ды. Фонетикада көрсетіліп жүрген 3-ш, 3-с, 3-ж, н-м дыбыстарының алмасуы сияқты тағы басқа өзгерістер туынды сөздерде кездесіп отырады.

Сөздің көп мағыналығы – ғылымда танылып, зерттеліп жүрген мәселе. Салқынбай Анар ол туралы былай дейді:

«Көпмағыналық – сөздің дамуының кешенді қапын көрсететін құбылыс. Адамның қоғамдағы қызметі мен еңбек жолындағы қызметі нәтижесінде жасалатын таным – түсінігінің 1 – көрінісі ретінде туындайтын ұғымдық атаулар көпмағыналы сөздер арқылы таңбаланады. Зат пен құбылыстың ұқсастығы мен қызметтік жақындығы сөздердің мағыналық дамуын туғызып, бір дыбыстық жамылғыш негізінде бірнеше ұғымдарды атауға болады. Бір тұлғаның бірнеше мағынасы иеленуі, сөз мағынасының алуан түрлі қырлануы, сөзжасамның ең тиімді тәсілі ретінде бағаланады» /102, – 73/.

Мұнда ғалым көпмағыналықтың туу себесіне назар аударған.

Көпмағыналықты сөзжасам ретінде қарау да, оны сөзжасамға жатқызбау да ғылымнан орын алады. Д.Н. Шмелев көпмағыналық құбылысын мағыналық жағынан сөзжасамдық құбылыс деп танығанымен, тұлғалық жағынан ол сөзжасамнан басқа құбылыс деп таниды /212, – 104 – 110/.

Ал Дж. Лайонз, В.Г. Гак, Ю.Д. Апресян, К. Аханов, Р. Садықбеков, Ә. Болғанбаев, А. Салқынбай көпмағыналықты сөзжасам мәселесі деп қарайды.

В.Г. Гак көпмағыналықты сөзжасамның конверсия мәліміне жатқызып, сөзжасам деп таниды / 213, – 119/.

Ю.Д. Апресян орыс тіліндегі көпмағыналы сөздерді туынды сөздер деп дәлелдейді /214, – 187/.

Дж. Лайонз көпмағыналықты сөзжасамдық құбылыс деп таниды. /215, – 22/.

К. Аханов сөздің түрлі мағынаға ие болуы арқылы сөздердің туындауын дәлелдеген /216, – 96/.

Р. Садықбеков пен Ә. Болғанбаев сөздің негізі мағынасының басқа мағыналарға ие болуы арқылы жаңа мағыналар пайда болған деп санайды /210, 209/.

Сөздің көпмағыналы құбылысы туынды сөздерден де орны алады, сондықтан ол мәселеге де назар аударуды орынды деп санаймыз. Оның үстіне көп жағдайда омоним мен көпмағыналық ұғымдарының ара жігі анықталмағандықтан, оларды араластыру жиі кездеседі. Ал сөзжасамдық ұяда бұл тілдік екі құбылыстың екеуі де жиі кездеседі.

Сөзжасамдағы көп мағыналылықтың өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, Тынық кешті басына көтеріп, дүрілдеп екі трактор келді (Б. Майлин). Музыка маршы дүрілдеп, цирктің ортасын солқылдатты (И. Жансүгіров). Дүрілдеп аққан Волга – Дон, Сен де бізге бағындың. Құлазып жатқан құба жон. Жасыл жапырақ жамылдың (М. Хакімжанова).

Бұл мысалдардағы дүрілде етістігіне түсіндірме сөздікте мынадай анықтама берген: «Гүр – гүр еткен дыбыс шығару». Ал төменде келтірілген мысалдарда осы мағына жоқ. Мысалы, От дүрілдеп жана жөнелгенде, ол орнынан қуанып түрегелді (Н. Ғабдуллин). Қарниліп ерте кетті де, жер дүрілдеп ерте көктей бастады (Г. Сланов). Оларға сөздікте «оттың маздап жануы, өсімдіктің қаулап өсуі» деген анықтама берілген. Соңғы мысалдарда қатты дыбыс шығару мәні жоқ.

Ал келесі мысалдарда басқа мағынаны көреміз.
Мысалы,

Дабысы Құлагердің дүрілдепті,
Қызыққан, қызғанған жұрт күлімдепті,
Топ жарған талай рет қайран құла,
Өзгеден оза шауып, сүрінбепті.

(Қ. Жұмағалиев)

Атағы шыққан дүрілдеп,
Болыпты небір мергендер.
Мергендер жайлы бүгін де,
Айтады жыр ғып көргендер.

(С. Жиенбаев)

Соңғы екі мысалдағы дүрілде етістігіне түсіндірме сөздікте мынадай анықтама берілген: «Аты шығып, даңққа бөлену». Мұнда ол атақ, даңқтың шығуы туралы мәнде қолданылған.

Бұл келтірілген мысалдар дүрілде етістігінің көп мағыналы сөз екенін көрсетті, ол сөйлемдерде, мысалдарда әр түрлі мағынады қолданылды. Осы әр түрлі мағыналар екі – үш сөздің түрлі мағынасы емес, бір сөздің түрлі мағынасы. Бұл – көп мағыналықтың негізі белгісі. Сол арқылы ол омоним сөздерден ажыратылады. Омонимдік құбылыста екі сөздің құрамы бірдей -болып, мағыналары, сөз табына қатысты түрлі болса, көп мағыналықта бір сөздің мағынасы туралы сөз болады, сондықтан онда түрлі сөз табы туралы сөз болуы мүмкін емес. Сонымен бірге бір сөздің көп мағынасында, түрлі мағынасында алыс болса да, мағыналық байланыс аңғарылып тұрады.

Сөздің көп мағыналығының көлемі әр түрлі, бірақ әр кемі екі мағына болады. Мысалы, Дүйсекең босағада отырып тұрған тұсаулардың бірін алып, қайта шығып кетті (Е. Донбаев). Аттар тұсаумен шауып төмен қарай құлдырады (З. Иманбаев). Бұл мысалдарда тұсау сөзі негізі мағынасында қолданылған. Оған түсіндірме сөздікте мынадай анықтама берілген: «Көліктің алысқа ұшып кетпеуі үшін, аяғына салынатын қайыстан, жіптен жасалған әбзел». Осы мағынаны жоғарыда келтірілген мысалдардан көруге болады.

Ал мына мысалдарда ол мағына жоқ. Мысалы,

Кедейлік үлкен тұсау ғой
Ұзартпайтын өрені,
Күні – түні жұмыс істесек,
Қызығын байлар көреді.

(С. Машақов)

Жүдетпеді жүрегі,
Тұсау түсті уайымға.
Ұқсап кетті қыз сонда,
Бүлдіршін жас қайыңға.

(Қ. Ұябаев)

Бұл мысалдарда тұсау кедергі мәнінде қолданылған. Оны түсіндірме сөздікте «Қол байлау, кедергі, бөгет» деп көрсеткен. Мысалдар тұсау сөзінің негізгі мағынасымен бірге ауыспалы мәндегі екінші мағынасы барын көрсетті. Тілдік деректер көп мағыналықты бұл түрінің көп екенін дәлелдеді.

Көп мағыналық көлемді болып та келе береді. Мысалы: Біреу жотамнан түрткіленген соң, көзімді уқалап,

басымды көтерсем, Береке екен (Қ. Толыбаев). Байқар шегемен түрткілеп еді, ашылмады (З. Иманбаев).

Бұл мысалдарда **түрткіле** етістігі негізгі мағынасында қолданылған. Ол мағынаны түсіндірме сөздікте былай анықтаған: «Бір нәрсемен бірдемені шұқылау, нұқу». Жоғарыдағы мысалдар осы мағынаға сай келеді.

Келесі мысалдарда бұл мағынадан басқа мағыналарды көреміз.

1. «Түйтіңдеп жазу – сызумен айналысу» мәнінде қолданылуы. Мысалы, Несі бар, кеңседе қағаз түрткілеп, шот қаққаның «Бал дәурен». Нәдір ұзық уақыт үнсіз алдындағы қағазын қаламымен түрткілеп отырды (Ғ. Мүсірепов).

2. «Тиісу, соқтығу, кудалау». Мысалы, Көп түрткіленген соң, оңсын ба, Түлекең қолға түсті (Ө. Қанахан). Ол ешкім түрткілемейтін, қызғанбайтын жұмыс іздеді (Т. Ахтанов).

3. «Жанын қоймау, мазасын алу». Мысалы, Ту сыртымнан белгісіз бір күш сол жерге бар деп түрткілеп тұрғандай (М. Шаханов). Әрі – бері түрткілеп сөзге тартып едім, онымнан ештеме шықпады (О. Сәрсенбаев).

4. «Бір нәрсені қарастыру, іздестіру». Мысалы, Уезді түрткілеп көрсек деп едім (М. Жұмағұлов). Оның ойлауынша түрткілейтін нәрселер әлі де бар сияқты (Т. Әлімқұлов).

Міне, бұл мысалдарда **түрткіле** етістігінің негізгі мағынадан басқа түсіндірме сөздікте берілген анықтамаларымен 4 түрлі мағынасы берілді. Ол сөздің негізгі мағынасынан басқа бірнеше мағынасы болатынын дәлелдеді.

Тілде мұнша мағыналы сөз жалғыз – жарым деген ой тұмау керек. Сондықтан тағы бір мысал келтірейік.

Мысалға көзде етістігін алалық, оның да 4 қосымша мағынасы бар. Олардың алдымен негізгі мағынасын келтірейік: Көзде етістігі «Нысанаға алу, дәлдеу» мәнін білдіреді. Мысалы, Жұма көздеп тұрып, олардың аяқтарынан атты. (С. Мыңжасарова). Мына бастауда батырдың жорыққа шыққанда, дүркін – дүркін жауды көздейтін биік жері болыпты (Ғ. Сланов). – Исатайды бақ, – деді оған қарауыл, – сауытын бұза алмас оғың, атын көзде (Б. Аманжол). Мұнда көзде етістігі негізгі мағынада қолданылған осы етістіктің де қосымша мағынасы бар. Олар:

1) Қарау, бақылау – мағынасы. Мысалы, – Қасымжан, кешке дейін көрінбедің ғой.

– Мал көздедім. Қымыз әкел – деді (З. Жәкенов). Ербол Сүйіндік қыстауының жанында төбе басына шығып биесін көздеп жүрген қойшыны көрді (М. Әуезов).

2) Белгілі бір нәрсені мақсат ету мағынасы. Мысалы, Бұл амалын тауып, Жұмаға жолығуды көздеп жүрген Подцепин еді. (С. Мыңжасарова). Ол бар оқушының барша пәннен сауатты болып шығуын көздейді (О. Нұршайықов).

3) Белгілі бір бағытқа бет алу мағынасы. Мысалы, Атының өзі – ақ шақырып тұрған карьерді көздеп екі басшыға ере жөнелді (Ғ. Сланов). Бұлар көздеген жеріне күн еңкейе әрең жеткен (Ө. Тарази).

4) Ұнату, қалау, таңдау мағынасы. Мысалы, Көздеп жүрген қызың бар шығар! – деді. (Ө. Нұрпейісов).

Сырынды жасырмай айт, замандасым.
Менің де өзің еді көздегенім.

(Е. Қандеков)

Сөздің негізгі мағынасына қосымша 4 мағынасы бола беретіні дәлелденді, бірақ ол шек емес, сөздің қосымша мағынасы одан да көп бола береді. Мәселен, көсіл етістігінің 6 ауыспалы мағынасы бар, негізгі мағынасын қосқанда, бұл сөздің жеті мағынасы бар. Оны мысалдар арқылы көрсетейік.

1) Көсіл етістігінің негізгі мағынасы – тегіс жерге отырғанда, шалқасынан жатқанда, тізені бүкпей, аяқты созып жіберу. Мысалы, Бас жағынан біреу төне түсіп, жанар тіктеп қадап тұр екен, Елжас көсілген аяқтарын тез жинап алды (А. Жақсыбаев).

2) Көсіл – малдың, негізінен жылқының, бір сарында бауырын жаза құйғыта шабуы. Мысалы, Тұнқатар тезгінді босатып, тақымын қысып – қысып жіберіп еді, Сұр жебе жіңішкере созылып, өкпесі тесіліп, қолтығы сөгілгендей мүлде көсіліп кетті (М. Қасенов). Қатар түзең біріне – бір қарайлай көшіп бара жатқан екі жануардың бірі добал дене айғыр, екіншісі еліктеі жинақы сүлік қара жас бие (Ә. Тарази).

3) Көсіл – жосылу, өндіре қимылдау, зымырау, зулау, қарқындау, қарыштау. Мысалы,

Алтын самал күнге талас,
Комбайын да көсілді,
Шалқар шалғын бидайды орып,
Алдынан жел есілді

(Т. Жараков).

Төлеген Момбеков домбыраны асықпай тартады: қарабайыр жұмыс істеп үйренген мұғал саусақтары да бірден көсілмей, өнерін ішке бүгіп, ынталы көңілдерді сынағандай ыңғай көрсетеді (Т. Әлімқұлов).

4) Көсіл – арқа – басы кеңею, денесі жайылу, емінен жайлану. Мысалы,

Ата, бала, немере –
Бәрі бір кез көсіліп,
Бес, алты күн қоныпты.

(Қ. Аманжолов)

Мұнда қалған екі бақташы да төсегінде қаннен-қанперсіз көсіліп жатпайды, үй қасындағы бойдақ қара мүйіз мен тайынша-торпақтарды түгендеп, табынға қосушылардың міндеті (С. Омаров).

5) Көсіл-шешіліп, желпініп сөйлеу, шешендікке өту. Мысалы,

Топ жарып сөйлеп ортада.
Шешен болды бұл Бәкен,
Көп алданда көсілген,
Көсем болды, бұл Бәкен.

(С. Кенжеахметов)

Жас ғашық Асанбай Есіркегенов, былай көсілді:

« Базардан алып келген қызыл құман,
Жігітті адастырған қалың тұман...»

6) Көсіл-шабытына міну, әруақтану, шалқу. Мысалы,

Босарға бар көңілі-күлерге жоқ,
Көсілер мың өр түгіл, бір өр де жоқ,
Астында кеткендей-ақ Бекежанның,
Шабытты ақ боз аты мінерге жоқ.

(Е. Ибрайым)

Айтшы маған, – мұхитсың ба, несің сен?
Соған қарап көсілем мен, көсілсем.
Ол шетің мен бұл шетіңе жетем бе,
Айдынында шағалаң боп есілсем?

(Д. Қанатбаев)

7) Көсіл – белгілі бір географиялық алқаптың, өзен-судың, ұзын-сонар жолдың көз ұшанда созылуы, мол аймақты, шетсіз, шексіз әлемді қамтуы. Мысалы: Арқадан көсілген сайдың желі ең алдымен Үстіртасқа келіп соғып өтіп, бұрынғысынан бетер қатайып, Арыстандыға қарай ағылатын болса керек (Ғ. Сланов).

Көк күмбез шатыр киген Зайсан көлі,
Арудай көсіледі шалқып селі,
Толқыны кестеленіп толықсиды,
Суына тисе, нудық қоңыр желі.

(И. Байзақов).

Көпмағыналы туынды түбір сөздер әр сөз табына жататын туындылар яғни көпмағыналылық бір сөз табының туындыларына ғана қатысты емес. Жоғарыда зат есім сөз табының туынды түбірі мен етістік туынды түбірлер мысалға келтірілді. Бұл көпмағыналылық зат есім мен етістікке ғана қатысты дегенді білдірмейді, бірақ ол құбылыс әр сөз табына қатысты дегенді білдіреді. Дегенмен, осы ойды нақтылай түсу үшін, сын есім туынды сөзден бір мысал келтірейік.

Томпақтау деген туынды түбір сөз-сын есім. Оның негізгі мағынасы – сыртқа қарай шығыңқылау, дөңестеу. Мысалы, Жәния езу тартты, аздап томпақтау біткен бет ұшы үшкірлене, айқындала түсті (С. Шаймерденов). Ал осы сөздің тағы ауыспалы мағынасы бар. Ол мағы-

на – рет – жөні жоқтау, ерсілеу, жөнсіздеу, орынсызды деген мағына. Мысалы, Тұрманға Бейсеннің мына мінезі тым томпақтау көрінсе керек (О. Сәрсенбаев). Тіпті онымен қоймай, әңгір таяқ ойнатпақ боласыз, оныңыз томпақтау болады, бәсеке. (М. Хасенов). Екінші мысал келтірейік: Тығыз-сын есім туынды сөз, оның негізгі мағынасы – жиі орналасқан деген мағына. Мысалы: Мектептің алдында тығыз өскен акацияның жасыл қорғаны бар. (С. Мұқанов). Биыл егін-шөп бәсекелесіп өскендей тығыз да бойшаң (газеттен). Осы сөздің тағы екі ауыспалы мағынасы бар. Оның біріншісі – мықты, берік деген мағына. Мысалы, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ежелден бір-бірімен тығыз ынтымақты болғаны айтылды. (Р. Бердібаев). Мұғалімдер оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста болуы қажет (газеттен). Екінші мағынасы асығыс, шұғыл, тығызтаян деген мағына. Мысалы, Абай Дәркембайды танып: – Шешіңіздер, – деп еді, Дәркембайдың жүрісі тығыз екен. (М. Әуезов).

Ермек ауылға барып келетін тығыз шаруам болып қалды деген соң курс жетекшісі қарсылық етпеді (Ә. Қалмырзаев). Бұл талдаулар туынды сөздердің көпмағыналығы туралы мынадай тұжырым жасауға негіз болды:

1. Көпмағыналық түрлі сөз табының туынды сөздеріне қатысты. Ол бір сөз табына қатысты құбылыс емес.

2. Көпмағыналылық жеке сөздің мағыналық ерекшелігі.

3. Көпмағыналылық – сөздің түрлі жағдайда қолданысынан бірте-бірте пайда болатын, қалыптасатын құбылыс.

4. Көпмағыналылықта сөздің түрлі мағыналары негізгі мағынадан түрленген мағыналар екені, мағыналардаң байланысы аңғарылып тұрады.


5. Көпмағыналылық – сөздің мағыналық дамуының нәтижесі.

6. Көпмағыналық метафора, метонимия, синекдохия сияқты жолмен мағынаның ауысуынан пайда болады.

2

СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СӨЗЖАСАМДЫҚ БІРЛІКТЕР





2.1. Сөзжасамдық ұяның құрамындағы сөзжасамдық бірліктердің түрлері

Сөзжасамдық ұя сөзжасамдық басқа бірліктердің ішіндегі ең маңызды әрі, ең күрделі түрі. Ол барлық басқа сөзжасамдық бірліктермен байланысты бола тұра, олардан оқшауланып, ерекшеленіп тұрады. Сөзжасамдық ұяның құрамына тілдегі барлық сөзжасамдық бірліктер кіреді. Олар: негізгі түбір сөз, туынды сөз, сөзжасамдық жұрнақтар, тізбектер, сатылар, тарамдар, жұптар. Бұлардың бәрі сөзжасамдық ұяда бір-бірімен тілге қатысты үш түрлі қарым – қатыстыққа түседі. Олар: синтагматикалық, тарамдық (парадигматикалық), иерархиялық қатыстар.

Бұл қарым – қатыстар сөзжасамдық ұяның ішкі құрылысына қатысты. Сөзжасамдық басқа бірліктердің ешқайсысында мұндай қарым – қатынастар жоқ. Мұндай эмбебап қарым – қатыстық қасиет ешбір сөзжасамдық басқа бірліктерде жоқ.

Әр сөзжасамдық ұяның басында, шыңында түп, негіз сөз тұрады, ұяның құрамындағы басқа сөздердің бәрі ұяның басындағы шыңындағы түп негіз сөзден тараған туынды сөздер.

Көп				
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	барлығы
көпшіл	көпшілдік көпшілік көпшілдеу			

көпше	көпшелет	көпшелен көпшелеу	көпшелендір көпшелену	
көптей				
көпте	көптеп көптес көптел	көптесу көптелу		
көптік	көптеген			
көптір	көптірме көптіру	көптірмеле	көптірмелеу	
6	10	5	3	24

Міне, бұл сөзжасамдық ұяның басында көп деген түп негіз сөз тұр. Осы сөзжасамдық ұяда түп негіз сөзден басқа түп негіз сөзден туындаған туынды сөздер тұр. Бұл ұяның түп негіз сөзі – көп деген сөз. Қалған сөздер – толық лексикалық мағыналы туынды сөздер. Олар: көп, көпшіл, көпшілік, көпшілікшіл, көпшілдік, көпшілдеу, көпше, көпшем, көпшелен, көпшелендір, көптеген, көптей, көптен, көпте, көптес, көптел, көптік, көптір, көптірме, көптірмеле, көптірмелеу, көптіру.

Бұдан ұяның құрамындығы сөздер анықталды. Олар: түп негіз сөз бен туынды сөздер. Олардың бәрі лексикалық мағынасы бар дербес сөздер. Бұл ұяның құрамында толық мағыналы дербес сөз болатынын көрсетті. Оны дәлелдеу үшін ұядағы сөздердің сөйлемде қолданылуына мысал келтірейік. Мысалы,

Тілі де, махаббаттың түрі де көп.

Шегі жоқ, шыңырау терең түбі де жоқ.

(Ж. Молдағалиев)

Жиналыста көп адам сөйледі, көп кемшілік айтылды (газеттен).

Мұнда көп түп негіз сөз баяндауыш, анықтауыш қызметін атқарып тұр. Ал сөйлем мүшелері қызметін дербес лексикалық мағыналы сөз атқаратыны белгілі. Олай болса, түп негіз – дербес лексикалық мағыналы сөз.

Ұядағы туынды сөздер де – дербес лексикалық мағыналы сөздер. Мысалы,

Болмасын кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл.

(Абай)

Көпшілік үнсіз тұрып, құптағандай ұйып тындап қалды. (М. Әуезов)

Кез келгенді көпшілікше
Бұл тәкәппар сүймейтін,
Көңілі шын сүймегенге
Менмен басты имейтін.

(С. Сейфулин).

Аулыңды тағы қалған түгел жина,
Көпшілікті көрсететін іс ойласаң,
Сыя алмас уысыңа барлық қыпшақ
Жауап сол, соған айтар тіл алмаса.

(Иса Байзақов)

Ол кемшіліктерді көпше ұғымның жекеше тармақтарынан іздеген ләзім (І. Омаров).

Осы келтірілген мысалдардың бәрін де ұядағы туынды сөздердің бәрі сөйлемде белгілі мағынаны білдіріп, түрлі сөйлем мүшелері болып тұр. Ұядағы қалған туынды сөздерді сөйлемде алсақ та, осы жағдайды

көреміз. Сондықтан да туынды сөздер сөзжасамда жасалады, өйткені сөзжасамда мағыналық сөздер жасалады да, тілдің сөздік қорын байытады.

Бұл тек осы ұяға қатысты ерекшелік емес, сөзжасамдық ұя атаулының бәріне қатысты жалпы заңдылық. Оны төмендегі мысалдардан да көруге болады. Мысалы, күй түп негізінен жасалған сөзжасамдық ұя

Күй		
1 – саты	2 – саты	3 – саты
күйші	күйшіл күйшідей	күйшілік күйшілдік
күйдей		
күйсіз		
күйпаз	күйпаздық	

Бұл ұядағы түп негіз сөз күй зат есімі. Ұядағы одан жасалған туынды сөздер: күйші, күйшіл, күйшілік, күйшілдік, күйшілдей, күйдей, күйпаз, күйпаздық. Бұларда – ші, – шіл, – лік, – дік, – дей, – сіз, – паз жұрнақтары қолданылған.

Екінші мысалға ен етістігінен яғни ен түп негіз етістіктен жасалған сөзжасамдық ұяны келтірейік.

Ен			
1 – саты	2 – саты	3 – саты	4 – саты
енгіз	енгізгіш енгіздір енгізу енгізіл	енгіздіру енгізуші енгізілу	енгіздіруші
енгенше			
енде	ендет ендеу	ендету	
ендей	ендер ендеше	ендерлік	ендерліктей
ендес	ендесу		

енді	ендігәрі ендігі ендік енділеу енділік ендірек		
ендір	ендірке ендірме ендіру ендіріл	ендіркілеу ендірмелі ендірілу	
енсіз	енсіздеу		
ентеле	ентелен ентелең	ентеленде ентеленкіре	
	ентелес ентелет ентелеу	ентелету	
ентік	ентігу ентігіңкі ентікпе ентіктір	ентігулі ентігіңкіре ентіктіру ентіктірт	ентігіңкіреу ентіктірту
енші	еншідей еншіле еншісіз	еншілеу	
еншік			
	13	31	16
			4 = 64

Бұл сөзжасамдық ұядағы түп негіз сөз – ен деген негізгі түбір. Ұяның туынды сөздері 64.

Соңғы келтірілген екі сөзжасамдық ұя да түп негіз сөзбен туынды сөзден тұратына анықталды. Басқа неше сөзжасамдық ұяны келтірсек те, олардың құрамы жоғарыдағыдай түп негіз сөз бен одан туындаған туынды түбір сөздерден тұрады. Сөзжасамдық ұялар бұл мәселеде бірыңғай болып келеді, ерекшелік жоқ.

Айырма тек олардың құрамындағы туынды сөздерінен басқа – басқа болуымен олардың санына ғана байланысты.

Біз жоғарыда 2 сөзжасамдық ұяны мысалға келтірдік. Олардың әрқайсысының туынды сөздері басқа – басқа 1 – ұяда көп түп негізімен түбірлес сөздер, 2 – ұяда ен түп негізімен түбірлес сөздер. Олардың дыбыстық құрамы да, мағыналары да басқаша. Бұдан әр сөзжасамдық ұяның өзіндік сөздері анықталды және әр ұядағы туынды сөздер бір – бірімен түбірлес сөздер болады. Өйткені әр ұядағы туынды сөздер бір түп негіз ербиді, сондықтан олар – түбірлес сөздер.

Жоғарыда келтірілген үш ұядағы туынды сөздердің бәрі синтетикалық тәсіл арқылы жасалған. Бірақ ол ұядағы туындылар тек синтетикалық тәсілмен жасалады деген ұғымды білдірмейді. Ұя құрамында сөзжасамдық тәсілдің барлық түрі арқылы жасалған туындылар бола береді. Мысалы, жоғарыда келтірілген көп түп негізімен жасалған ұяда көп – көптен, көптеп – көлемдеп, көптеп – көмектеп, көпті – азды сияқты туынды сөздер бар. Біз оларды қоспадық, өйткені біздің жұмысымыз зерттеуіміз синтетикалық сөзжасамға қатысты. Сондықтан ұяда тек синтетикалық тәсілмен жасалған туындылар келтірілді.

Сөзжасамдық ұялардағы келтірілген туынды сөздердің бәрі синтетикалық тәсіл арқылы жасалғандықтан, олар туынды түбірлерге жатады. Ол туынды түбірлердің бәрі сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған. Демек ұядағы әр туынды түбірдің құрамында сөзжасамдық жұрнақ бар. Олай болса, ұяда туынды сөздермен бірге сөзжасамдық жұрнақтар да бар. Мысалы, көп түп негізінен жасалған туындылардың құрамында сөзжасамдық мына қосымшалар бар: көп-

шіл = шіл, көпшілдік: = дік, көпшілік: = ік, көпшілдеу: = деу, көпше: = ше, көпшеле: = ле, көпшелен: = н, көпшелендір: = дір, көпте: = те көптеген: = ген, көптей: = тей, көптеп: = п, көптес: = с, көптел: = л, көпті: = тік, көптір: = ір, көптірме: = ме, көптірмеле: = ле, көптірмелеу: = у көптіру: = у.

Осы бір ұяның туынды түбірлерінің құрамында 19 сөзжасамдық көрсеткіш, қосымша қолданылған. Одетте ұяда қанша туынды түбір болса, сонша сөзжасамдық қосымша болады. Бұл ұяда 20 туынды түбір сөз бар, бірақ у – жұрнағы екі сөзде қолданылғандықтан, ұядағы туынды түбірлерде 19 жұрнақ қолданылған деуге болады.

Демек ұяның құрамында түп негіз сөз, туынды сөздермен бірге сөзжасамдық жұрнақтар да бар деп есептелуі керек. Сонда ұя құрамында үш түрлі сөзжасамдық бірліктер қызмет етеді. Олар түп негіз сөздер, туынды сөздер, туынды сөздер, сөзжасамдық қосымшалар. Бұлардың қызметінде өзіндік ерекшелік бар.

Түп негіз сөз сөз тудырушы яғни уәждеме сөз қызметін атқарады. Сөзжасамдық ұяның бірінші сатысындағы туынды сөздер тікелей түп негіз сөзден жасалған туынды сөздер. Олардың уәждемесі – түп негіз сөз. Түп негіз сөзден жасалған туынды сөздер уәждемелі сөздер. Бұл арада түп негіз сөздің сөз тудырушы қызметі яғни уәждеме қызметі анықталды. 1 – сатыдағы уәждемелі сөздер түп негіз сөзден жұрнақтар арқылы жасалған. Демек сөз жасаушы қызметті тек түп негіз сөз ғана атқарып қоймайды, онымен бірге жұрнақтар да атқарады. Сөйтіп, ұяда түп негіз сөз де, жұрнақ та сөзжасамдық қызмет атқарады. Бұл ғылымда танылған мәселе. С.А. Гонцова ол туралы былай деп

жазады: «Словообразовательную структуру слова составляют его компоненты: производящие основа и деривационный аффикс. Цель словообразовательного анализа-исследования структуры слова, установление его компонентов, или деривационного аффикса, а также изучения соотношений между производной и производящей основами слова: наполнитель-наполнительный» /195, – 21/.

Ал сөзжасамдық ұядағы түп негіз сөз бен жұрнақтың сөзжасамдық қызметінің нәтижесінде туынды сөз жасалады. Сонда ұядағы туынды сөздер түп негіз сөз бен жұрнақтың сөзжасамдық әрекетінің нәтижесі болады. Бұл пікірді А.И. Моисеев сөзімен бекітуге болады. Ол: «Словообразовательное гнездо – это определенный результат словообразовательных процессов» /194, – 13/.

Сонымен ұяның түп негіз сөзімен жұрнақтар сөзжасамдық қызмет атқаратыны, олардың сөзжасамдық әрекетінің нәтижесінде туынды сөз жасалатыны, яғни туынды сөз түп негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың сөзжасамдық әрекетінің нәтижесі екені анықталды.

Алайда ұяда сөз тудырушы қызметті тек түп негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақ қана атқарып қоймайды, ұядағы туынды сөздердің өзі де жұрнақпен қосылып атқарады. Басқаша айтқанда ұяда уәждеме қызметін түп негіз сөзбен бірге туынды сөздер де атқарады. Әр ұядағы түп негіз сөзден тікелей жасалған туынды сөздердің саны туындылардың уәждемелік қызметінен жасалған туындылардан үнемі аз болып келеді. Мұны біздің талдауымызға түскен ұялардың бәрі көрсетті. Олай болса, ұядағы түп негіз сөздің уәждеме қызметінен туынды сөздердің уәждеме қызметі үнемі басым түсіп отыратындықтан, ұядағы сөз тудырушы,

сөз тудырушы тілдік бірліктерге түп негіз сөз, туынды сөз, сөзжасамдық жұрнақтар жатады деп санаймыз.

Олай болса, ұяның құрамындағы сөзжасамдық бірліктердің үш түрі бар. Олар: түп негіз сөз, туынды сөз, сөзжасамдық жұрнақтар.

Сөзжасамдық ұя құрамына кіретін, онда сөзжасамдық қызмет атқаратын сөзжасамдық осы үш бірліктің әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Оларға әрқайсысына арнайы тоқталамыз. Дегенмен осы үш тілдік бірлікті бір – бірін салыстырып, олардың бір – бірімен ерекшелігін көрсету қажет деп ойлаймыз.

Ұяның түп негіз сөзі жалғыз ғана негізгі морфемадан тұрады және ол тілде жеке қолданылып та лексикалық мағынаны білдіреді, сөздіктен де жеке алынып алады. Осы ерекшеліктердің бәрі бірдей ұядағы сөзжасамдық бірліктердің қалған екі түрінде түгел бар деп айта алмаймыз.

Лексикалық мағынаны білдіру, сөздіктерден тұрақты орын алу жағына келсек, түп негіз сөзге туынды сөздер жақын. Өйткені туынды сөздер де лексикалық мағынаны білдіреді, сөйлемде дербес сөз қатарында түп негіз сөздермен бірдей дәрежеде қолданылады. Мысалы, Көп қорқытады, терең батырады (мақал). Ақан Райқанды көптен көрген жоқ, сағынады, жүрегі тулап алып қашады (З. Шашкин).

Осы екі мысалдағы көп, көптен деген сөздердің екеуі де сөйлемде тең дәрежелі толық мағыналы сөз қызметінде қолданылған. Ал олардың сөздіктерде орны бары белгілі жағдай. Бұл жағынан олар бір-біріне жақын. Бірақ түп негіз сөз бен туынды сөздің үлкен айырмасы бар, ол бұларды морфемдік құрамына қатысты айырмашылық. Түп негіз сөздер бір ғана негізгі морфемадан тұрады. Ал ұядағы туынды сөздер ең азы бір

негізгі морфема және бір көмекші морфемадан тұрады. Оны жоғарыда келтірілген көп және көптін деген түп негіз сөзбен туынды үстеуден көруге болады. Көп сөз бір негізгі морфема, көптен көп деген негізгі морфемамен = тен деген көмекші морфемадан құралған. Туынды сөздің құрамындағы көмекші морфемалардың саны бірнешеге жете береді. Мысалы, қақпашылық, жолықтырғызбаушы, қонақшылық, өндірістік, кимешектік, кешірімпаздық, керімділік, қақпашыдай, кіршіксіздік, күтімділік, күйдіргі т.б.

Осы мысалдарға мына туындылар бір негізгі морфема мен үш көмекші морфемадан тұрады: қақпашылық, қонақшылық, өндірістік, кимешектік, қақпашыдай, кіршіксіздік, күтімділік. Ал жолықтырғызбаушы деген туынды сөз – бір негізгі морфемамен алты көмекші морфемадан тұрады, күшсіздік, күйдіргі деген туындылар бір негізгі морфемамен екі көмекші морфемадан құралған.

Бұл мысалдар түп негіз сөз бен туынды сөздердің морфемдік құрамында үлкен айырма барын көрсетті. Сондықтан түп негіз сөз бен туынды сөздің морфемдік құрамында үлкен айырма бар, бұл олардың тілдегі біріне-бірі ажыратылатынын, басқа тілдік бірліктер екеніне толық дәлел. Олардың екеуі де уәждеме қызметін атқаратыны яғни функциясы жағынан ұқсастығы болғанымен бірінен-бірінің үлкен айырмасы бар. Сондықтан олар екі түрлі сөзжасамдық бірліктер деп танылды.

Ал түп негіз сөз бен туынды сөздер сөзжасамдық жұрнақтардан да үлкен ерекшеліктері арқылы ажыратылады. Түп негіз сөз бен туынды сөздер негізгі морфемаларға жатады, олар лексикалық мағынаны білдіреді, сөздікте орындары бар, сөйлемдегі ойды

білдіруші қызметін атқарады, сөйлем мүшесі болады. Ал жұрнақтар сөйлемде жеке мүше бола алмайды, сөздің құрамында ғана қолданылады, сөздікте дербес мағына сияқты берілмейді, дербес лексикалық мағынасы жоқ жұрнақтар тек көмекші морфемаға жатады. Жұрнақтар өзіше сөзжасамдық бірлік болып саналады.

Қорыта келгенде, тілде, сөзжасамдық ұяда бірінен-бірі ерекшеленетін үш түрлі сөзжасамдық бірлік бары анықталды.

Осы сөзжасамдық бірліктерді сөзжасамдық ұялардан туынды түбірлердің сөзжасаушы, уәждеме қызметінде қолданылмауы да кездеседі. Мысалы, су түп негізінен жасалған ұядағы су-судай деген тізбектегі судай түбірі өзінен басқа сөздің жасалуы қамтамасыз етпеген.

Бірақ түп негіз сөзі жоқ, туынды сөзі жоқ, туындылардың құрамында жұрнағы жоқ ұя кездеспейді. Сондықтан ондай ұяны танымаймыз.

Сөзжасамдық ұя бар жерде түп негіз сөз бен туынды сөздер, оларды жасаушы жұрнақтар болуы міндетті.

Бұл талданған сөзжасамдық бірліктер дара бірліктерге жатады. Ал осы бірліктердің сөзжасам әрекетіне түсуінен күрделі сөзжасамдық бірліктер пайда болады. Осы сөзжасамдық бірліктер бірімен-бірі сөзжасамдық ұяның құрамында синтагматикалық, иерархиялық, тарамдық (парадигматикалық) қатысқа түседі. Осы сөзжасамдық қатыстардың арқасында түрлі тілдік күрделі бірліктер тұрады.

А.Н. Тихонов олар туралы былай деді: «По-прежнему важным направлением в исследовании словообразования являются изучение формального и семантического устройства различных единиц системы – описания словообразовательных типов цепочек, парадигм

гнезд. Здесь пока преобладают работы описательного характера, идет накопление конкретного материала. Наряду с этим приобретает особую актуальность исследование определения роли и функций различных единиц словообразования в его системной организации, как они взаимосвязаны, как входят систему, какое место занимает в иерархической структуре языка, в чем конкретно проявляется их системообразующая роль, как они ведут себя в процессе функционирования систем» /188, –105/.

А.Н. Тихонов сөзжасамдық ұяның құрамындағы сөзжасамдық тип, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарамды атай отырып, олардың бір-бірімен қарым-қатысы әлі толық зерттелген жоқ деп санайды.

Бұл мәселелердің әр қайсынан бірнеше диссертациялар қорғалған орыс тілінде ол мәселелер әлі толық зерттелмесе біздің тіліміздегі олардың зерттелуі туралы айтарлықтай, атарлықтай жалғыз-жарым ғана зерттеулер болмаса мәселені зерттеу жағдайымыз нашар екенін мойындауға тура келеді.

Сөзжасам өте күрделі жүйелі құбылыс екені белгілі. Сөзжасам жүйесі оның құрамындағы түрлі бірліктердің бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуінің нәтижесінде іске асады. Ал сөзжасамдық бірлікте дара да күрделі де болады. Ол туралы өз зерттеуінде И.А. Цыба былай дейді: «В отличии от простых единиц (формантов и производящих основ (слов), производящих и производных слов), комплексные единицы словообразования рассматриваются как совокупность простых единиц или же как некое обобщение отдельных производных схем построения производных или групп производных. Следовательно, комплексные единицы словообразования можно разделить на конкретные обобщенные

и конкретным комплексным единицам словообразования относятся; словообразовательная пара (производящее слово и производное слово), словообразовательная цепочка, словообразовательная парадигма, или словообразовательный ряд (Катагощина, 1980, стр.71) словообразовательное гнездо. Среди обобщенных комплексных единиц словообразования следует назвать прежде всего словообразовательный тип, словообразовательную модель словообразовательную категорию, а также обобщенные словообразовательные парадигмы и цепочки.

Наиболее признанным из этих понятий является понятие словообразовательного типа (СТ), которое прежде всего определяется как обобщенное единица-схема построения производных, абстрагированная от конкретных лексических единиц» /217, – 194/.

Сөзжасамдық тип туралы пікірін И.А. Цыба былай қорытады: « Понятие словообразовательного типа лежит в основе всех других обобщенных комплексных единиц словообразования» /217, – 194/.

Сөзжасамдық тип сөзжасамдық жүйеге жатқандықтан, сөзжасамдық жүйенің бір күрделі күрделі құбылысы, күрделі бірлігі сөзжасамдық ұяға да жатады. Оның үстіне А.Н. Тихонов оны иерархиялық қатысқа жатады деп санаған. Иерархиялық қатыс сөзжасамдық тізбегіне қатысты. Сондықтан сөзжасамдық ұяға тікелей қатысты. Мысалы, қыс-қыста, қол-қолды, көз-көзде, су-сулу, сыр-сырла, ой-ойла, оқ-оқта, он-онда, от-отта, өн-өнде, өр-өрле, сақ-сақта, тіл-тілде, деген әр ұядан келтірілген уәждеме сөз бен уәждемелі сөздерді салыстырсақ, олардағы уәждемелі сөз яғни туынды сөздер бір сөзжасамдық тип бойынша жасалған.

1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда сөзжасамдық типтің үш белгісін көрсеткен, сол белгілерге қарап сөзжасамдық типін анықтауға болады деп санаған. Оны Н. Оралбаеваның өз сөзімен келтерейік: «Сөзжасамдық типті белгілеу анықтауда оның төмендегі үш белгісіне сүйенген жөн»

- 1) Негіз сөздің қай сөз табына жататыны
- 2) Негіз сөз бен туындының мағыналық қатысы
- 3) Сөзжасам тәсілінің бірлігі, синтетикалық тәсілде бір аффикс арқылы жасалуы /83, – 56/.

Жоғарады келтірілген туынды түберлер бір сөзжасамдық тип арқылы жасалған, себебі ол туындылардың бәрі зат есім сөздерден жасалған, оның бәрінде зат есім сөздерден қимыл мағынасы жасалған, олардың бәрі бір жұрнақ арқылы жасалған. Сөзжасамдық тип ұядағы барлық күрделі тілдік құбылыстардың бәрін құрамына кіреді.

Сөзжасамдық ұядағы тілдік бірліктер арасындағы байланыс туынды сөз құрамындағы морфемалар арасында да болады. Ол сөзжасамдық типке жатады. Ол – сөзжасам жүйесінен кең орын алған тілдік құбылыс. Ол туралы А.Н. Тихонов былай дейді: «В системном устройстве словообразования важное место занимает словообразовательный тип, который получил широкое признание как основная единица системы».

Словообразовательный тип выступает как совокупность словообразовательных пар. В словообразовательные типы объединяются словообразовательные пары с одинаковым форматом, выражающим одинаковые словообразовательные значения.

Ср.: петь; по – петь = играть; по – играть; по – играть; по – играть = плакать; на – плакать – ся = реветь; на – реветь – ся.

В этом проявляется важнейшее свойство словообразовательного типа как основной системной единицы – повторяемость, воспроизводимость словообразовательного значения и форманта, выражающего это значение. Именно благодаря повторяемости словообразовательный тип выполняет свою главную – системобразующую – функцию, – дей келе, ғалым оның ірі сөзжасамдық бірліктерге кіретінін айтқан, – Другие существенное свойство словообразовательного типа как основной единицы это вхождение его во все вышестоящие единицы словообразования, т.е. участия в иерархическом упорядочении системных отношении» /118, – 105–106/.

«Русская грамматикада» сөзжасамдық тип туралы төмендегі пікір айтылған: «Основной единицей классификации словообразовательной системы является словообразовательный тип. Это схема построения слов определенной части речи, абстрагированная от конкретных лексических единиц, характеризующихся: а) общностью части речи непосредственно мотивирующих слов и б) формантом, тождественным в материальном и семантическом отношении (морфема или др. словообразовательные средства). То общее значение, которое отличает все мотивированные слова данного типа от их мотивирующих, является словообразовательным значением слов этого типа; носителем словообразовательного значения является формант. Так глаголы прыгнуть, свистнуть, толкнуть принадлежат к одному и тому же словообразовательному типу, так как они: а) мотивируются глаголами (прыгать, свистеть, толкать); б) имеют общий формант – суф. – ну – со словообразовательным значением однократности» /200, – 135/.

Демек, сөзжасамдық тип – сөзжасамдық ұялармен орын алатын тілдік құбылыс. Ол бір ұяға ғана қатысты тілдік құбылыс емес, әр ұядан орын алатын тілдік құбылыс болғандықтан, оны ұяның бір мәселесі деп қарау керек, өйткені ол ұядағы туынды сөздердің бірінен – бірі жасалуын іске асырады. Сондықтан А.Н. Тихоновтың пікірінше ұядағы туындылардың иерархиялық қатыс арқылы тәртіпке жүйеге келтіріледі.

Ұядағы сөздердің бір – бірімен синтагматикалық қатысқа түсуінен сөзжасамдық жұптар туады, жасалады.

Сөзжасамдық ұяның құрамындағы кіші тілдік бірлікке (А.Н. Тихоновша) сөзжасамдық жұп жатады. Сөзжасамдық ұяны сөзжасамдық жұптардың жиынтығы деуге де болады. Сондықтан сөзжасамдық жұп ұяда негізі орын алады. Сөзжасамдық ұядағы сөздердің бір – бірімен синтагматикалық байланысқа түсуінен сөзжасамдық жұп жасалады. Сөзжасамдық жұп деп уәждеме сөз бен уәждемелі сөздің байланысы аталады. Мысалы, қол – қолда – қолдағыш – қолдағыштық деген қол түп негіз сөзіне жасалған ұяның бір сөзжасамдық тізбегіндегі туынды сөздерді алсақ, олар бір – бірімен екі түрлі байланысқа түскен. Осы сөзжасамдық тізбекті сөзжасамдық байланыс – уәждеме сөз бен уәждемелі сөздің арасындағы байланыс. Келтірілген сөзжасамдық тізбекте уәждеме сөз бен уәждемелі сөздің байланысы. Мына сөздер арасында: қол – қолда, қолда – қолдағыш, қолдағыш – қолдағыштық. Мұнда осылардың алғашқы сыңары сөз тудырушылар, екінші сыңарлары 1 – сыңардан жасалған сөздер. Сөз тудыруға негіз болған сөзді уәждеме дейміз. Уәждемеден жасалған сөзді уәждеме сөз яғни туынды сөз дейміз. Сөз тудыруға негіз болған сөз бен одан жасалған туынды сөз арасында

байланыс бар. Ол байланыс құрылымы жағынан мағынасы жағынан екі тұрғыда болады. Құрылымы жағынан байланыс мынадан көрінеді: уәждеме сөз уәждемелі сөздің құрамына кіреді. Бірақ ол екеуінің құрамы теңбе – тең емес. Уәждемелі сөздің құрамында уәждеме сөз және сөзжасамдық жұрнақ болады яғни уәждеме сөзден уәждемелі сөздің бір морфемасы ортақ болады. Бірақ уәждеме сөз бен уәждемелі сөзде ортақ морфема болғандықтан, уәждеме сөз бен уәждемелі сөздің құрамы жағынан байланысты деп санаймыз. Мысалы, қол – қолда дегенде екеуіне қол морфемасы ортақ болып тұр. Сол сияқты қолда – қолдағыш дегенде қолда морфемасы ортақ, ал қолдағыш – қолдағыштық дегенде қолдағыш морфемасы оларға ортақ. Бұл уәждеме сөз бен уәждемелі сөздің құрамы жағынан байланысты көрсетеді.

Уәждеме сөз бен уәждемелі сөз мағыналық жағынан да байланысты. Өйткені уәждемелі сөздің мағынасы уәждеме сөздің мағынасынан жасалады, яғни уәждемелі сөздің лексикалық мағынасына уәждемелі сөздің мағынасы арқау болады. Сондықтан олардың мағынасы ұядағы туындылардың ішіндегі ең жақын мағыналық байланыс болып саналады. Мысалы, қол+қолым, қойшы+қойшылық, қолдан+қолдандыр, қорқақ+қорқақта, құл+құлдық сияқты бес түрлі ұядан келтірілген мысалдарды алсақ, олардың бірінші сыңарларының мағынасы екінші сыңарға кіріп, өзгеріске түскені көрініп тұр.

Ұяда уәждеме сөз бен уәждемелі сөз үнемі қатар тұрады. Құрамы, мағынасы, ұядағы орны жағынан бір – бірімен байланысқан мұндай сөздер сөзжасамдық жұп деп аталады. Демек сөзжасамдық жұптар ұядағы

мағынасы ең жақын тілдік құбылыс болып саналады. Бұл синтагматикалық байланысқа жатады.

Бұл туралы А.Н. Тихонов былай дейді: «Все слова, входящие в гнездо находятся в определенных отношениях друг к другу. Их отношения в гнезде строго упорядочены. Каждое производное слово имеет свое производящее (оно отсутствует только у одного – исходного слова, возглавляющего гнездо), т.е. Каждое исходное слово в гнезде входит в ту или иную словообразовательную пару. Иначе говоря, в гнезде нет производных слов, которое не вступали бы в словообразовательные отношения. Что же касается исходных слов, то они тоже не находятся в несловообразовательных отношениях. Ведь исходные слова выступают в качестве производящих для всех слов первой ступени словообразования, т.е. они тоже являются, в сущности, членами словообразовательных пар» /218, – 107/.

Сөйтіп, сөзжасамдық жұп 1-сатыдан басталып, аяғына дейін жасалады. Мысалы, су түп негізінен жасалған ұяның бірінші сатысында мынадай жұптар жасалған; су-суайт, су-суал, су-суар, су-суат, су-суғар, су-судай, су-сула, су-сулы, су-сулық, су-сусын, су-сусыра, су-сусыт, су-суша, су-сушы, су-сушыл т.б. Мұнда бір сөзжасамдық ұяның бірінші сатысында түп негіз сөз арқылы 17 сөзжасамдық жұп жасалған. Бұл сөзжасамдық жұп жасауда түп негіз сөздің сырт қалмайтынын, керісінше өте белсенді қызмет атқаратынын көрсетті. Демек сөзжасамдық жұп құрамына кірмейтін бір де бір сөз жоқ. Ұяда қанша туынды түбір болса, сонша сөзжасамдық жұп болады.

Иерархиялық қатыс ұядағы туынды сөздердің белгілі тәртіпке түсуін қалыптастырады. Оның ең анық көрінісі сөзжасамдық тізбекте өте байқалады. Ол ту-

ралы А.Н. Тихонов былай дейді: «Отношения слов в гнезде иерархический организованы. Принцип последовательного подчинения одних единиц другим пронизывает все словообразовательное гнездо. Особенно четко реализован он в гнезде в словообразовательных цепочках» /218, –107/.

«Русская грамматика» деген еңбекте сөзжасамдық тізбекте осы типтегі анықтама берілген ол: «Словообразовательная цепочка – это ряд однокоренных слов, находящихся в отношениях последовательной митивированности» /200, – 133/. Мұнда бір – біріне уәждеме болуға мән берілген.

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген монографияда сөзжасамдық тізбекке төмендегідей анықтама берілген: «... бір түбірден тараған бірінен – бірі тікелей туындайтын, біріне – бірі негіз болатын негізді сөздердің тізбек деп аталады» /83, – 51/.

Бұл үш анықтамадан мыналарды аңғаруға болады:

1. Ұядағы сөздер бір – бірімен иерархиялық қатыста болады;
2. Иерархиялық қатыс ұядағы сөздердің белгілі тәртіпте орналасуын іске асырады;
3. Ұядағы сөздердің қатысу олардың біріне – бірінің бағануынан туғызады;
4. Ол қатыс ұядағы сөздерді түгел қамтиды, әсіресе, ол сөзжасамдық тізбекте анық көрінеді;
5. Ұядағы, әсіресе, тізбектегі сөздер бір – бірінен тікелей туындайды;
6. Тізбектегі сөздер – біріне – бірі уәждеме болатын және олардан жасалған уәждемелі сөздер.

Бұлар – бір – бірімен байланысты ұғымдар, оларды жеке алып қарау да қиын. Алайда оларды түсіндіру арқылы сөзжасамдық тізбектің қалай жасалатынын,

ұядағы орнын белгілеуге болады. Оны нақтылы мысалдар арқылы түсіндірген анығырақ болмақ. Сондықтан су түп негіз сөзінен жасалған сөзжасамдық ұяны алып, ондағы сөзжасамдық тізбектерді талдайық.

Бұл ұяда 78 сөзжасамдық тізбек бар.

Су					
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты	6-саты
суайт	суайттау суайттық				
суал	суалдыр суалт суалыңқы суалу	суалдырт суалту суалтқыз суалтыл суалңқыра	суландырту суалтқыз- дыр суалтыну	суалтқыз- дырт	суалтқыз- дыр – ту
суар	суарма суарт суару суарыл суарым суарыс	суармалы суартқыз суарту суартыл суарушы суарылу суарымдық суарысу	суартылу		
суат	суатты суатсыз				
суғар	суғару суғарт суғарыл суғарыс	суғарушы суғарту суғарылу суғарысу			
судай					
судыр	судыра судырақ судырла	судырат судырау судырлат	судырат қыз судырат- тыр судырату судырлат- қыз	судырат- тырт	судырат- тыру судырлат- тыр – ту

		судырат судырау	судырлат- тыр судырлату		
		судырлат судырлақ судырлас судырлау	судырласу судырлас- тыр	судырлас- тырт судырлас- тыру	судырлас- тыр – ту
сукан					
сүкіт	сүкіттық сүкіттан	сүкіттан- дыр	сүкіттан – дырт		
суқыл	Суқылда	суқылдат	суқылдат- қыз суқылдат- тыр суқылдату	суқылдат- тырт	суқылдат- тыр – ту
сула	сулан сулас сулат сулау	суландыр сулант сулану сулату	суландыру суланды- рыл суланту	суланды- рылу	
сулы	сулық сулықсыз	сулықтық			
суса	сусар сусат сусау	сусарлы сусату сусаттыр	сусаттырт	сусаттыру	
сусы	суеу сусыл	сусылда	сусылдақ сусылдас сусылдат	сусылдасу сусылдату сусылдат- тыр	сусылдат- тырт

	сусыма сусын	сусымалы сусында	сусылдау сусындан		сусылдат- тыру
	сусыра сусыт	сусындық сусының- қыра сусырат сусырау сусытқыз сусыттыр сусыту	сусындат сусындау сусырату сусыттырт сусыттыру	сусындан- дыр сусындану сусындат- қыз сусындат- тыр	сусындан- дырт сусындан- дыру сусындат- тырт
сусы	сусу сусыл	сусылда	сусылдақ сусылдас сусылдат	сусылдасу сусылдату сусылдат- тыр	сусылдат- тырт сусылдат- тыру
	сусыма сусын	сусымалы сусында	сусылдау сусындан	сусындан- дыр сусын- дану сусындат- қыз сусындат- тыр	сусындан- дырт сусындан- дыру сусындат- тырт
	сусыра сусыт	сусындық сусының- қыра сусырат сусырау сусытқыз сусыттыр сусыту	сусындау сусырату сусыттырт сусыттыру		
сусыз	сусыздан	сусыздан- дыр сусыздану	сусыздан- дыр сусыздан- дырыл	сусыздан- дырылу	
	сусыздық				
суша					
сушы	сяушыл	сушылдық			
17	42	46	32	16	10 = 163

Осы тізбектердің бәрі бір сөзжасамдық ұяның тізбектері. Ұядағы әр тізбек түп негіз сөзден басталған. Ол тізбектің негізгі

1-белгісі. Бұдан бір ұядағы тізбектердің бастау сөзі бір, ортақ болу керек екені анықталды. Оны ұядағы әр тізбектен көруге болады.

2-белгісі. Әр тізбектің соңғы сөзі, тізбекті аяқтаушы сөзі басқа-басқа, онда ұядағы тізбектерде ұқсастық жоқ: суайттау, суайттық, суалдырту, суалту, суалтқыздыру, суалынқыра, суалу, суармалы, суартқыз, суарту, суартылу, суарушы, суарылу, суарымдық, суарысу, суатты, суатсыз, суғарушы, суғарту, суғарылу, суғарысу, судыратқыз, судыраттыру, судырау, судырату, судырақ, судыратқыз, судыраттыру, судырату, судырлақ, судырласу, судырластырту, судырластыру, судырлау, суқан, суқаттық, суқаттандырт, суқылдатқыз, суқылдаттыру, суқылдату, суландыру, саландырылу, суланту, сулану, сулас, сулату, сулау, сулықтық, сулықсыз, сусарлы, сусату, сусаттыру, сусу, сусылдақ, сусылдасу, сусылдату, сусылдаттырт, сусындаттырт, сусындандыру, сусындану, сусындатқыз, сусындарттырт, сусындық, сусыныңқыра, сусындау, сусырату, сусырау, сусытқыз, сусыттырт, сусыттыру, сусыту, сусыздандырт, сусыздандырылу, сусыздану, сусыздық, суша, сушылдық.

78 сөзжасамдық тізбектің 78 түрлі тізбекте аяқтайтын туынды түбір сөздерді жоғарыда берілді. Әр сөзжасамдық тізбек әр түрлі сөзге аяқталады. Бұл сөзжасамдық тізбектің бір белгісі.

3-белгісі бір – ұядағы сөзжасамдық тізбектің, көлемі әр түрлі бола береді. Жоғарыдағы бір ұяның тізбектерінің үшеуі екі сөзден тұрады. 3 сөзден тұратын бұл ұяда 20 тізбек бар. 4 сөзден тұратын 25 сөзжасам-

дық тізбек бар, 5 сөзден тұратын 20 тізбек, 6 сөзден тұратын 10 тізбек бар.

Талдау бір ұядағы тізбектердің құрамы түрлі болатынын және әр құрамдағы тізбектің ұяда саны түрлі болып келетінін анық көрсетті.

4 – белгісі сөзжасамдық тізбектің ең кішісінің құрамына байланысты. Сөзжасамдық тізбектің ең кішісі екі сөзден тұрады. Одан кем сөзжасамдық тізбек болмайды. Жоғарыдағы ұяда екі сөзден құралған үш тізбек бар. Екі сөзден тұратын тізбектер онша көп емес.

5 – белгісі әр түрлі тізбектердің ортақ түшелері бола береді.

Мысалы, жоғарыдағы бірнеше тізбектің екеуінің ортақ мүшесі барлары: 3–4 – тізбектердің суал деген туындысы екі тізбекте де бар, суар, суарт туындылары сегізінші, тоғызыншы, оныншы тізбектерге ортақ сол сияқты сула туынды сөзі жиырма төрт, жиырма бес, жиырма алты, жиырма жеті, жиырма сегіз, жиырма тоғызыншы тізбектерге ортақ. Бұл арада түп негіз сөзді атап отырғынымыз жоқ, ол ұядағы барлық сөзжасамдық тізбекке ортақ.

6 – белгісі тізбектегі сөздер бірінен – бірі тікелей жасалған сөздер болуы міндетті. Келтірілген тізбектердің бәрінде бірінен – бірі тікелей жасалған туынды сөздер ғана бар оны стрелка көрсеткен;

7 – белгісі сөзжасамдық тізбектің құрамы сөзжасамдық жұптардан құралады;

8 – белгісі сөзжасамдық тізбек құрамындағы туындылар сөзжасамдық типтерге жатады;

9 – белгісі сөзжасамдық ұяның тізбектері әр ұяның өзіне ғана қатысты;

10 – белгісі тізбектегі туындылардың мағынасы бір – бірімен өте тығыз байланысты. Мысалы,

су → сула → сулат → сулату

деген тізбекті алсақ, ондағы 4 сөздің мағынасы өте тығыз байланысты. Бұл ұядағы әр тізбекке қатысты;

11 – белгісі бір ұядағы әр тізбектің өзіндік мағыналық ерекшелігі болады яғни ұядағы әр тізбектің бір – бірімен мағыналық байланысы болғанымен, ол бір тізбек ішіндегі туындылардың мағыналық байланысынан солғындау. Мысалы,

су → сула → сулау; су → суат → суатсыз,
су → суар → суарма → суармалы

деген бір ұядағы үш түрлі сөзжасамдық тізбекті салыстырсақ, олардың бір – бірінен мағыналық ерекшелігі бары көрініп тұр. Ал әрқайсысының ішкі мүшелерінің бір – бірімен мағыналық байланысы күшті екенін аңғармау мүмкін емес. Ол әр ұяға да қатысты ортақ белгі.

12 – белгісі бір ұядағы әр тізбектің құрамында бірнешеге дейін сөзжасамдық жұптар болады. Тізбектегі жұп саны ондағы туындының санымен бірдей. Мысалы, су-суал-суалт-суалтқыз-суалтқыздыр-суалтқыздырт тізбегінде 5 туынды сөз бар. Демек тізбекте 5 сөзжасамдық жұп бар. Олар: 1) су + суал, 2) суал + суалт, 3) суалт + суалтқыз, 4) суалтқыз + суалтқыздыр, 5) суалтқыздыр + суалтқыздырт.

13 – белгісі бір ұядағы түрлі тізбектерде сөзжасамдық типтер қайталана береді. Мысала, жоғарыдағы тізбектерде өзгелік етістің =қыз, =дыр, =ыл, =ыс, зат есімнің =тік, сын есімнің =сыз жұрнағы арқылы жасалатын туындылардың сөзжасамдық типтері әр түрлі тізбекте қайталанған. Мысалы, суалтқыз, суартқыз, суалдыр, суландыр, суартыл, суарыл, суарыс, суғарыс, сулас, суайттық, суқиттық, суатсыз, сулақсыз.

Сонымен сөзжасамдық тізбек ұяның бір құрамында мүшесі және оның өзі де құрамында түрлі тілдік бірліктер қолданылатын күрделі сөзжасамдық бірлік екен.

Сөзжасамдық ұяның құрамындағы тағы бір сөзжасамдық бірлік – сөзжасамдық тарам (парадигма). Сөзжасамдық тарам ұғымы ғылымға кейін қосылды. Бұрын тарам сөз түрлендіруші категориялары мен байланысты қолданылып келгені белгілі. Сөзжасамдық тарам термині алғаш Р.С. Манучаряннің «Проблемы исследования словообразовательных значений и средств их выражения» деген 1975 жылы қорғалған диссертациясында қолданылған /219/.

Кейін оны көп ғалымдар қолданатын болды. Ол туралы Р.И. Мальцеваның /220, – 78/ сөзін келтірейік: «Как особая единица словообразовательная парадигма (СП) в первые была исследована Р.С. Манучаряном затем в работах Е.А. Земской, А.Н. Тихонова, И.С. Улуханова, А.Д. Зверева, А.Г. Лыкова др. Она получила подробную характеристику

В работе мы придерживаемся определения парадигмы, высказанного Е.А. Земской: СП – совокупность мотивированных слов, имеющих одну и ту же мотивирующую основу и находящихся на одной ступени деривации».

Сөзжасамдық тарам уәдеме сөзбен уәждемелі сөздің қатысынан туыды, бірақ бұл жұптағы сияқты бір уәждемемен бір уәждемелі сөздің қатысы емес. Тарам бір уәждемеден тікелей жасалған бірнеше уәждемелі сөздердің арасындағы қатыс. Мін етістігінен жасалған сөзжасамдық ұяны алып талдап, ондағы сөзжасамдық тарамдарды көрейік.

Аша				
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты
мінбе	мінбеле мінбелі	мінбелет мінбелес мінбелеу	мінбелету мінбелесу	
мінбер				
мінгес	мінгестір мінгесу	мінгестіру		
мінгі	мінгілік			
мінгіз	мінгіздір мінгізіл мінгізу	мінгіздіру мінгізілу		
мінгіш	мінгіштік			
мінгес міндір міндіру	мінгестір	мінгестіру		
міндет	міндетті міндеткер міндетсу міндетсі міндетсіз міндетсін міндетте	міндеткерлік міндетсіну міндеттел міндеттеме міндеттен міндеттеу міндетті міндетшіл	міндеттелеу міндеттелін міндеттендір міндеттену міндеттілік	міндеттеліну міндеттендіру міндеттендірт
міндір	міндіру			
мінде	міндеу			
мінді				
міндір	міндіру			
міне	мінегіш мінел мінес мінеу	мінелу мінесу мінеуші		

мінсіз	мінсіздік			
мінгер	мінгерлік			
менсіз	менсіздік			
мініл	мінілу			
мінші	міншіл	міншілдік		
мініс	мініскер міністік мінісу	мініскерлек		
міну				
22	33	20	7	3 = 85

Осы сөзжасамдық ұяда 11 сөзжасамдық тарам бар. Олар біріншісі 1 – сатыдағы мін түп негіз сөзімен бір терең сатыда жасалған 16 туынды сөзден тұрады. Олар: мінбе, мінбер, мінбыс, мінгі, мінгіз, мінгіш, мінгес, міндет, міндеу, мінді, мінші, міндір, мінер, мініл, мініс, міну туындылары. Сөзжасамдық тарамның бір сатыда бір түп негіз сөзден яғни бір уәждемеден жасалған 16 туынды сөзден яғни уәждемелі сөзден тұратынын анықтадық.

2 – сөзжасамдық сатыда 6 сөзжасамдық тарам жасалған, олардың үшеуі – екі туынды сөзден тұратын тарамдар. Олардың біреуі 8 туынды түбірден тұрады, біреуі төрт туынды түбірден тұрады, біреуі 3 туынды түбірден, үшеуі екі туынды түбірлерден құралған.

3-сатыда екі ғана сөзжасамдық тарам бар, оның біреуі бес туынды түбірден, біреуі үш туынды түбірден құралған.

4 – және 5 – сатыларда бір-бірден сөзжасамдық тарамдар бар, олардың әрқайсысында екі туынды түбірден бар.

Бұл талдауға қарап, мынадай қорытынды жасауға болады:

1) сөзжасамдық тарам бір уәждемеден бір сатыда жасалған бірнеше туынды сөз:

2) сөзжасамдық тарам сөзжасамдық сатының тік қатарында орналасады;

3) сөзжасамдық тарам сөзжасамдық сатының бірлік түрінде жасала береді;

4) сөзжасамдық тарамның құрамы, көлемі түрлі болады, алай да ол ең кемі екі туынды сөзден құралуы керек;

5) көлемі жағынан ең үлкен сөзжасамдық тарам 1 – сатыда жасалады;

6) сөзжасамдық тарамның құрамындағы әр түрлі сөз табынан бола береді, сөз табы жағынан тарам мүшелеріне шек қойылмайды. Оған 1 – сатыдағы туынды сөздер дәлел, олардағы туындылар зат есім, сын есім етістік сөздер;

7) сөзжасамдық тарам уәждеме сөздердің сөзжасамдық қабілетін көрсетеді.

Сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің әрқайсысының ұяда өзіндік орындары бар. Ол орын қай уәждемеден қай туындының жасалуын нақтылы көрсететін тағы сөзжасамдық құбылыс. Яғни ол туынды сөздің жасалуына жасалу әрекетіне тікелей қатысты сөзжасамдық жүйенің бір мәселесі, бірлігі болып табылады.

В.Н. Немченко өзінің сөзжасамға арналған кітабының соңында берген шағын сөздікте сөзжасамдық сатыны төмендегіше анықтаған: «Ступень словообразования. Акт словообразовательного процесса, заключающийся в присоединении к производящему слову (основе) одного словообразовательного формата» /221, – 241/. Бұнда ғалым сатыны сөзжасамдық әрекет ретінде көрсеткен. Яғни уәждеме сөзге жұрнақ

қосылып туынды сөздің жасалуы сөзжасамдық сатыда деген пікірді аңғарамыз.

Орыс тіл білімінде сөзжасамдық сатының сипаты туралы алғыш рет Г.О. Винокур сөз еткен. «Заметки по русскому словообразованию» деген еңбегінде ғалым былай деп жазады: «Производная морфема, выделяющая в своем составе несколько морфем, выделяет их не все сразу одновременно, а так, что между ними обнаруживаются связи разных планов. Например, если от производной первой степени образуется новая производная основа второй степени, то три морфемы, образующие эту новую основу, связанный между собой не, порознь, в виде сплошной цепи A+B+C, а так, что третья присоединяется к уже, готовой комбинации первых двух, т.е. возникает соотношение образа (A+B)+C; ср. чит-а-ть, но (читать-а)-тель или бел-и-ть, но по(бел-и)-ть» /222, – 440–441/. Басқаша айтқанда негіздер мен түрлі дәрежедегі туынды негіздер арасындағы ішкі байланыс морфемалардың бір уақытта емес, бір ізде, жүйелі жалғануынан байқалады.

Бұл жайында А.Н. Тихонов: «Сатылық-сөзжасамның белгілі-бір типтерімен шектелген қасиет емес. Сатылық сипатқа барлық синхронды орыс сөзжасамы ие», – дейді /223, – 279/.

Бұл айтылған тұжырым қазақ тілі сөзжасамының сипатына да тән. Себебі қазақ тілі жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, сөз тудыру процесі барысында сөзжасамдық жұрнақтар түбір сөзге бірінен сон-бірі ретпен жалғанып, туынды сөздер бірінен-бірі жүйелі, сатылы өрбиді. Сөзжасамның осындай қасиеті туралы Л.К. Жаналина да осы мәселеге қатысты: «Агглютинативность казахского языка, четкость, прозрачность границ между морфемами и закрепленная последова-

тельность аффиксов в казахском слове препятствуют соотношению мотивированного слова с несколькими мотивирующими», – /224, –379/.

«Сөзжасамдық саты» атты мақалада беріледі. Мұнда Н.О. Оралбаева сатыны былай анықтайды: «Сөзжасамдық саты – сөзжасамдық ұяның бір мүшесі. Ол бір сөзден екінші туынды сөздің жасалу шегін білдіреді. Мысалы, біл – білім – білімді – білімділік деген бір сөзжасамдық тізбекті алсақ, осында 3 сөзжасамдық сатыда бір туынды сөзден жасалған. Олар біл негізгі түбірінен тараған сөзжасамдық ұяға жатады. Сондықтан да ол сөзжасамдық ұяның құрылымына кіреді» /151, – 3/.

Ал Т.П. Корпухина сөзжасамдық ұяның құрамыны анықталған еңбегінде: «Деривационный шаг элементарной единицы словообразовательной системы определяемая на лингвистическом уровне как присоединение классиформантов к классу производящих» деп анықтаған /225, – 165/.

Мұнда ғалым сөзжасамдық саты тілдің сөзжасам жүйесіндегі тілдік бірліктердің бірі деп санап, тіл білімдік деңгейде ол қосымшалар тобының уәждемелер тобына қосылды деп атаған.

Сөзжасамдық саты – сөзжасамдық ұяның бір мүшесі.

Сөзжасамдық ұя бір түп негіз сөзден жасалған түбірлес туынды сөздердің жиынтығы болса, сол туынды сөздердің әр қайсысы сөзжасамдық ұяның бір сатысында жасалады. Сондықтан сөзжасамдық саты сөзжасамдық ұяның құрамына кіретін оның мүшесі болып табылады. Мысалы, мал → малай → малайлық деген сөзжасамдық тізбек – мал деген зат есім түп негіз сөзден жасалған сөзжасамдық ұяның бір тізбегі. Осы

тізбекте екі туынды сөз бар. Олардың алғышқысы – малай – мал түп негіз сөзінен бірінші жасалған туынды сөз ол – сатыда. Ал екінші туынды сөз тізбектегі 1 – малай туынды сөзінен жасалған. Тізбектегі бірінші туындыдан жасалған 2 – туынды сөз – малайлық. Ол екінші сатыда орналасқан осыған қарап, тізбекте алғашқы жасалған туынды алда, одан соң жасалған туынды сөз артта тұратынын байқадық. Бірінен – бірі жасалған сөздердің жасалу тәртібі сатылар арқылы білдіретіні анықталды.

Осы тұрғыдан қарағанда, сөзжасамдық сатылар әрі туынды сөздер жасалатын әрі жасалған туындылар орналасатын орын және туындылардың жасалу тәртібін білдіретін тілдік құбылыс, тілдік бірлік.

Бір ұяда бірнеше тізбек барын ескерсек, сөзжасамдық саты әр тізбектің туындыларының сатылардағы жиынтығын білдіреді. Бұл үшін бір ұяны мысалға келтіріп оны нақтылы мысалдармен түсіндіру керек. Ол үшін мұң деген зат есім түп негізден жасалған сөзжасамдық ұяны мысалға келтірейік.

Мұң		
1-саты	2-саты	3-саты
Мұңай	мұңайт	мұңайту
Мұңғыл	мұңғыла	
Мұңда	мұңдан мұңдас	мұңдану мұңдастық мұңдасу
Мұңдақ		
Мұңдан	мұңдандыр	мұңдандырт
Мұңдас	мұңдастық мұңдасу	
Мұңды	мұңдылық мұңдылау мұңдырақ	

Мұңдық		
Мұңшы		
Мұңдық		
Мұңсыз	мұңсыздық	
Мұңшыл	мұңшылдық	
Мұңаса		
Мұңайыс	мұңайысу	
Мұңаю	мұңаюшы	мұңаюшылық
15	14	6 = 35

Сөзжасамдық саты бұл ұяда үшеу. Осы ұядағы туынды сөздердің сөзжасамдық сатыға қатысына келсек, олардың бәрі сөзжасамдық сатыларда орналасқан, сондықтан тыс ұяда бірде – бір туынды сөз жоқ. Осы сөзжасамдық сатыдағы туынды сөздердің бір – біріне қатысы бірдей емес. Оны анықтау үшін сөзжасамдық сатыны екі тұрғыда талдау керек.

Сөзжасамдық сатыны көлденең қатар бойынша және тік қатар бойынша қарастырсақ, талдасақ екі түрлі нәтиже көзге түседі.

Көлденең қатардағы сатыдағы туындылар бірінен – бірі тікелей туындаған туынды сөздерден құралып, олар сөзжасамдық тізбек жасаған. Осы ретте ұяда 21 сөзжасамдық тізбек бар. Олардың алтауы-екі сөзден тұратын тізбен, тоғызы – үш сөзден тұратын тізбектер, алтауы – төрт сөзден тұратын тізбектер.

Тік қатар бойынша талдасақ, әр сатыдағы туынды сөзді анықтаймыз. Сонда

1 – сатыда 16 туынды сөз жасалған.

2 – сатыда 14 туынды сөз жасалған.

3 – сатыда 6 туынды сөз жасалған.

Сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық типті талдауда, ұядағы туынды сөздердің сөз таптарына қатысын анықтауда, ұяның көлемін, өнімді, өнімсіздігін талда-

уда сөзжасамдық сатыны тік қатар бойынша зерттеу қолданылады.

Ғылымда сөзжасамдық сатыны түрлі қырынан зерттеу арқылы ұяның әр түрлі сырын ашуға болады. Сөзжасамдық сатыны жан – жақты зерттелмейінше, сөзжасамдық ұяларды зерттеу мүмкін емес, өйткені ол – сөзжасамдық ұяның бір құрылымдық мүшесі, яғни ол сөзжасамдық ұядағы өзінше бір тілдік құбылыс.

2.2. Сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі

Сөзжасамдық ұялардың түп негіз сөзі бір буынды негізгі түбір сөздер. Олар әр түрлі сөз таптарына жатады. Негізгі түбір бір буынды сөздер барлық сөз таптарында бар. Сондықтан зерттеу жұмысы бір сөз табының сөзжасамына ғана қатысты емес, әр сөз табына қатысты, сөзжасамның жалпы мәселелері тұрғысында қаралуы керек. Оның үстіне бір ұяда түрлі сөз таптарының туындылары жасалатын болғандықтан, бұл зерттеу сөзжасамның жалпы мәселелері құрамына кіреді. Сондай – ақ сөзжасамдық ұя мәселесі сөзжасамның жалпы теориялық мәселелерінің бірі. Бұл айтылғандар зерттеу жұмысының сөзжасамның жалпы теориялық мәселелеріне жататыны анық дәлел.

Зерттеудегі ұялардың бәрі бір буынды түп негізгі сөздерден жасалғандықтан, ұяның шыңында бір буынды түп негізгі сөз тұратындықтан, олар туралы түсінік бірілуі керек деп таптық.

Бір буынды негізгі түбір сөздер – ғалымдар назарына ертеде іліккен сөздер. Олар туралы пікір айтпаған ғалымды туркологияда кездестіру өте қиын. Түркі тілдеріндегі түбір сөздерді зерттеу Ә. Қайдаровтың айтуынша бұдан бір ғасыр бұрын басталған. Оны өз сөзімен келтірейік:

«Не выдаваясь в подробности изложения вопроса, отметим, что изучением тюркской корневой лексики отечественные, зарубежные и советские ученые занимаются более ста лет. Хронологически оно восходит, пожалуй, к сравнительному словарю тюркских корней, составленному Н.И. Золотницким и этимологическому словарю тюркских языков Г. Вамбери, изданным в 70-х годах прошлого столетия» /45/.

Ғалым осы мәселемен айналысқан, зерттеген бір топ ғалымдарды атаған. Олар: В. Котвич, М. Ряснян, Г.И. Рамстедт, В.И. Цинциус, О.П. Суник, Б. Базылхан, И.В. Севортян, Л.С. Левитская, В.Г. Егеров, А.Н. Кононов, Г. Айдаров, А.А. Роджабов, М. Ахметов, Х.Г. Нигматов, И.А. Батманов, В.В. Радлов, Н.А. Баскаков, Н.Ф. Катанов, Б.М. Юнусалиев, К. Менгес, А.М. Щербак, Э.Р. Тенишев, Г. Дерфер, А. Зайончковский, К.М. Мусаев, Б.А. Серебренников, Б.О. Орузбаева, Л.Н. Харитонов, Е.И. Убрятова, А.А. Юлдашев, Н.Т. Антонов, В. Рассадин, А.А. Ахундов, В.И. Асланов, М.А. Хабишев, А.К. Қалыбаева, И.В. Кормушин, М.Т. Томанов, Е.З. Кажибеков, Н.И. Ашмарин, Г.Е. Корнилов, Ш.Ш. Сарыбаев, М. Худайкулиев, У. Ембергенов, Г.В. Попов, Ч.К. Дыйканов, Н.И. Егоров, Ж. Манкеева, Қ.Қ. Қасабекова.

Бұл түбір сөздер мәселесінің түркі тілдерінде тарихи тұрғыда да, қазіргі жағдайы жөнінде де көп зерттеген мәселе екенін көрсетті.

Қазақ тіл білімінде біз қолданып отырған негізгі түбір деген ұғымда білдіруде түрлілік бар. Оны Ә. Қайдаров төмендегіше көрсеткен: «Понятие корень в широком обще тюркологическом смысле, передается казахскими языковедами терминами түбір корень, негізгі түбір – основной корень и түбір сөз корневое

слово, о понятия туынды түбір – производный корень, туынды сөз – производное слово и туынды негіз – производная основа или иногда просто негіз – основа. Сөз в значении выступает как общее и объединяющее понятие перечисленных выше структурных разрядов» /45, – 22/.

Қазақ тіл білімінде осы терминдердің арасы ашықпай жүргені рас. Біз зерттеуде негізгі түбір деген терминді әрі қарай бөлшектеуге келмейтін біртұтас қалыпта лексикалық мағына беретін сөз деген мағынада қолданамыз. Ол орыс тілінде ол мағынада непроизводное слово деген термин қолданылып жүр. Оны С.А. Гонцованың сөзжасамдық ұяға берген түсіндірмесінен көруге болады. С.А. Гонцова сөзжасамдық ұяның түп негіз сөз туралы былай дейді: «Словообразовательное гнездо начинается с исходного слова, однако оно может состоять из одного слова: вдруг. Исходное слово непроизводное» /195, – 19/.

Міне, мұндағы «Исходное слово гнезда» деген ұғымды біз ұяның түп негіз сөзідеп атап отырмыз. Біздің зерттеуімізде ұяның түп негіз сөзі қызметін бір буынды негізгі түбір сөздер атқарады. Яғни сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі негізгі түбір сөзден болады. Басқаша айтсақ, ол – негізгі морфема оны К. Аханов осы мағынада қолданған. Негізгі морфеманың әрі қарай бөлшектеуге келмейтін лексикалық мағыналы сөз екені белгілі. Сондықтан да сөзжасамның түп негіз сөзі мағыналы сөзжасамдық бірлік болып саналады. Біздің зерттеуіміз бір буынды негізгі түбір сөздерден жасалған сөзжасамдық ұялар болғандықтан, бір буынды негізгі түбір сөздерге түсінік беру қажет. Ә. Қайдаров түркі тілдерінің негізгі түбір сөздері туралы былай дейді: «На самом же деле корневую лексику тюркских языков составляют преимущественно односложные лексемы

моносиллабы, одна часть которых в разных соотношениях между современными языками функционируют вполне самостоятельно, другая менее самостоятельно, а третья – лишена былой автономности в силу различных причин, исходящих из особенностей агглативного, процесса развития тюркских языков» /45, – 11/.

Түркі халықтарының алғашқы сөздері бір буынды сөз болған деген пікір барлық түркологтарға ортақ деуге болады. Ал ол бір буынды сөз неше дыбыстан құралған деген мәселеде пікір таласы тоқталған жоқ деуге болады. Алғашқы зертеуші ғалым Г. Вамберидің айтуынша түбір үш не екі дыбыстан құралған оның бір дыбысы түсіп қалған, ол жекелеген бір дыбыстан тұратын түбірлердің басқа, соңғы дыбыстары түскен /45, – 13, 257/.

Н.А. Баскаков, Г. Вамбериден бастап, сақталып келе жатқан түркі тілдерінің көне сөздері үш дыбысты СГС болған деген пікірде, қалған түбірдің Г, ГС, СГ, түрлері кейін пайда болған /226, 89/.

Ғалымдардың басқа бір тобы Дж. Клоусон, Э.В. Севортян, А.Н. Кононов, А.М. Щербак, А. Зайончковский т.б алғашқы түбірлер ашық буын болған деген пікірді ұстанады /45, – 12/. Олардың ойынша бір буынды сөздердің соңғы дауыссызы бір кездегі түбірге кіріккен қосымшалар деп, оларға кел-кет, той-тоқ-тол сияқты т.б. сөздерді мысалға келтіреді. Бұл пікірді жақтаушылар да бірсыпыра.

Біздің зерттеуіміз синхрондық аспектіде болғандықтан, біз ол теорияларды талдап жатпаймыз. Алайда дыбыстың түрі мен орналасуы жағынан алғанда, біздің зерттеу нысанымызға мына түрдегі бір буынды негізі түбір сөздердің қатысатынын көрсетуге болады, олар: СГ, ГС, ГСС, СГС, СГСС. Бұл түбір түрлерінің бәрі

Ә.Қайдаров монографиясында көрсетілген, бірақ ғалым бір буынды сөздердің 6 үлгісін көрсеткен, оның бірі – 1 үлгісі. Бұл үлгідегі түбір сөздер арқылы сөзжасамдық ұя болмағандықтан, біз оны атамай отырмыз.

Қалған 5 үлгідегі бір буынды сөздерден сөзжасамдық ұялар жасалған.

1. Сөзжасамдық ұя жасаған СГ үлгісіндегі бір буынды түп негіз сөздер мыналар: бұ, гу, де, ду, жо, барлығы – 5 негізгі түбір сөз.

2. Сөзжасамдық ұя жасалған ГС үлгісіндегі бір буынды түп негіздер мыналар; аз, ай, ақ, ал, аң, ар, ас, ат, ау, аш, әк, әл, ән, ек, ел, ем, ен, еп, ер, ес, ет, ит, оз, ой, ок, ол, он, оң, ор, от, өз, өл, өң, өр, өс, өт, өш, ұқ, ұя, ұр, ұт, ұш, ұз, үй, үк, ұн, үр, үш, ыз, ык, ым, ыс, ыт, із, іл, ін, іс, іш, барлығы – 58 сөз

3. Сөзжасамдық ұя жасаған ГСС үлгісіндегі бір буынды түп негіз сөздер мыналар: арт, аст, ерт, өрт, үст, ырс, барлығы 6 сөз .

Сөзжасамдық ұя жасаған СГС үлгісіндегі бір буынды түп негіз сөздер мыналар: баж, бай, бақ, бал, бап, бар, бас, бат, бау, бәс, без, бек, бел, бер, бес, бет, би, бит, боз, бой, бок, бол, бор, бос, бөз, бөк, бол, бөз, бу, бұқ, бұл, бұт, бұр, бүр, быж, бык, біз, біл, бір, біт, гүж, гүл, гүр, дақ, дал, даң, дар, дат, дау, дәл, дәм, дән, дәт, дәу, дем, ден, дең, доқ, дом, доп, дос, дой, доң, ду, дүм, дүп, дүр, дық, дым, дың, дыр, діл, дін, дір, діт, жад, жаз, жай, жақ, жал, жан, жап, жар, жас, жат, жау, жез, жек, жел, жем, жең, жер, жи, жой, жоқ, жол, жон, жөн, жу, жүк, жүл, жұм, жұп, жұт, жүз, жүк, жүн, жүр, жық, жыл, жым, жын, жып, жыр, жыт, жік, жіп, заң, зар, зат, зәр, зең, зер, зор, зу, зың, зып, зыр, зыт, зіл, кәр, кеж, кез, кей, кек, кел, кем, кен, кең, кеп, кер, кес, кет, кеш, ки, көз, көк, көл, көм, көн, көң, көп, көр, көс, көш, күж, күз,

күй, күл, күн, күп, күр, күс, күт, күш, кіл, кім, кір, кіс, кіш, қаз, қай, қақ, қал, қам, қан, қап, қар, қас, қат, қау, қаш, қи, қоз, қой, қол, қом, қоң, қон, қор, қос, қош, ку, күз, құй, құқ, құл, құм, құн, құп, құр, құс, құт, құш, қыз, қыл, қын, қың, қыр, қыс, қыш, лақ, лек, леп, лүп, лық, лып, май, мал, маң, мас, мәз, мән, мен, мең, мес, еш, мөр, мұз, мұң, мүк, мыж, мық, мың, мыс, мін, наз, нақ, нш, нар, нас, нәл, нән, нәр, нұр, ніл, паң, пәк, пән, пүл, пыс, піл, піш, рұх, саз, сай, сак, сал, сан, сес, сөз, сой, соқ, сол, сом, соң, сор, сот, сот, сөз, сөк, сөл, сон, су, сүк, сұм, сұр, сұс, сүз, сүй, сүр, сыз, сый, сық, сыл, сым, сын, сыр, сіз, сіл, сің, таз, тай, тақ, тал, там, таң, тап, тар, тас, тат, тау, тәж, тән, тез, тек, тел, тен, теп, тер, ти, тоз, той, тоқ, тол, том, тон, тоң, топ, тор, тос, тот, тоз, тәк, төл, тән, төр, төз, ту, тұз, тұл, тұм, түр, тұс, тұт, тұз, түй, түк, түн, түп, түр, түс, тыз, тый, тық, тын, тың, тып, тыр, тыс, тіз, тік, тіл, тін, тіс, шай, шық, шал, шам, шаң, шап, шар, шат, шаш, шек, шел, шен, шеп, шер, шет, шеш, ши, шоқ, шом, шоң, шор, шот, шөк, шөп, шу, шүп, шыж, шық, шыл, шым, шын, шың, шып, шыр, шыт, барлығы – 393 сөз.

5. Сөзжасамдық ұя жасаған СГСС үлгісіндегі бір буынды негізгі түбір түп негіз сөздер мыналар: балп, борп, борс, борт, бөрт, бұлт, бұрк, бұрт, бүйт, бұлк, былш, бырқ, бырс, бырт, бырш, даңқ, дерт, дұрк, дүрс, дыңқ, діңқ, жент, жорт, жұрт, жылт, зырқ, зірк, кент, кеңк, керт, көмп, күшп, күңк, күрс, күрт, кілт, кірт, кірш, қайт, қалш, қант, қаңк, қарқ, қарт, қарш, қолқ, қорқ, құлқ, құнт, құрт, қылқ, қылп, қырш, мәрт, мерт, мұрт, мүлт, мұңқ, мыңк, мырс, мырт, мырш, нарт, пырт, пырс, реңк, салт, санқ, сарп, сарт, селк, селт, серт, солқ, сұлқ, сұрт, сымп, сырт, таңк, тарс, тарт, томп, тонк, төрт, түрт,

тырс, шалп, шарт, шерт, шолп, шорт, шүрк, шырт, шінік, барлығы – 93 сөз.

Қорыта келгенде, тілде сөзжасамдық ұяға түп негіз сөз болған тілімізде 550 түп негіз сөз, олардың бәрі – бір буынды негізгі түбір сөздер. Осы негізгі түбір сөздердің дыбыстық құрамы әр түрлі, олардың дыбыстық құрамы екі дыбыстан, үш дыбыстан және төрт дыбыстан, бір буыннан тұрады. Бұлардың бәрінің де құрамында бір ғана дауысты дыбыс бар, қалған дыбыстары дауыссыз.

Аталған бір буынды негізгі түбір сөздердің бәрі тілдің қазіргі даму кезеңінде негізгі түбір сөздер деп танылып жүрген сөздер. Олардың этимологиясы яғни тарихи тұрғындағы жағдайын біз есепке алған жоқпыз.

Егер тарихи тұрғыдан келсек, біз негізгі түбір деп беріп отырған сөздердің бірсыпырасы не біразы туынды болып кетуі де ықтимал. Оған А. Зайончковский сияқты ғалымдардың, Ә. Қайдаров, М. Тома-нов, Б. Сағындықұлы, Ж. Манкеева, Салқынбай Анар сияқты ғалымдардың еңбектері дәлел. Ә. Қайдаров негізгі түбір сөздің ерекшелігі оның өзгерімпаздығы деп санайды. Оны өз сөзімен келтірейік: «Наиболее существенное особенностъ корня – историческая изменчивость и сохранение или угасение его отдельных формантов и т.д.» – деп санайды /45, – 19, 257/. Бұған дәлел ретінде А.Н. Конотовтың сөзін келтіреді, ол төмендегідей: «Корень слова понятие историческое в том смысле, что структура корня изменяется в зависимости от ряда обстоятельств, и в первую очередь от сохранения или угасения словотворческой способности отдельных форматов, известно например, что в современных тюркских языках исходной основой для образования глагола в **байла** «связывать» служит имя

существительное той связки узел, состоящее из глагола **та** – связывать + афф. от глагольного имени существительного – и /д. ср. Еще ба+п обвязываться ба+л быть связанным, огран. учиться-ог разум – о-думать; сана считать – сап счет-са – считать (сап – считаться) – /227, – 76/.»

Біздің зерттеуіміз синхрондық тұрғыда болғандықтан, түбірге кірігіп кеткен, жігінен айырылған қосымшаларды ескермейміз, қазіргі статусын, қазіргі ғылыми еңбектерде, оқулықтарды негізгі түбір танылуына сүйенеміз.

Жоғарыда аталған бір буынды негізгі түбір сөздердің дені – В.В. Радлов сөздігінде бар сөздер. Ол осы негізгі түбір сөздердің көнелігін, тілде қашаннан қолданылып келе жатқанының бір дәлі ретінде қарауға болатынын білдіреді.

Осы негізгі түбір сөздер түркі тілдеріне ортақ сөздер тобына жатады. Ол да бұл негізгі түбір сөздердің көне замандардан келе жатқан байырғы сөздер екенін білдіреді. Айырмашылық олардың дыбыстық құрамына ғана байланысты болып келеді. Бұл – заңды құбылыс, ол ғылымда дәлелденген.

А.М. Щербак «Сравнительная фонетика тюркских языков» 1970, еңбегінде түркі тілдеріне ортақ алғашқы ескерткіштерден бері келе жатқан 532 бір буынды негізгі түбір сөздерді анықтаған /228, – 70/. Ал Н.А. Баскаков 670 бір буынды негізгі түбір сөздерді анықтаған. Ә. Қайдаров 1352 дербес бір буынды сөздерді анықтаған /45, – 37/. Бұл ретте ғалымдар пікірінде саны жағынан бірізділік жоқ, ол заңды болар, өйткені олар дамудағы құбылыстар. Біздің жоғарыда атаған 550-дей бір буынды негізгі түбір сөздер тізімінде бірнеше омоним түбірлер бір сөз ретінде саналып отыр. Әр омоним

сөз жеке-жеке сөз ретінде саналса, біздің зерттеуіміздегі бір буынды негізгі түбір сөздер Ә. Қайдаров көрсеткен бір буынды сөздердің саны мен ыңғайлас болуы мүмкін. Олардан 710 сөзжасамдық ұя жасалған.

Жоғарыда келтірілген негізгі түбір сөздердің бәрінің лексикалық мағынасы бар лексемалар, олар бір морфемалы сөздер, оларды тілдің қазіргі даму сатысы кезінде әрі қарай болшектеуге келмейді. Тілде түбір калпында да, қосымшалармен де қолданыла береді. Оны дәлелдеп жату артық деп санаймыз, өйткені ол белгілі даусыз мәселе, түркі тілінің өзіндік белгісінің бірі. Ол туралы Ә. Қайдаров былай дейді: «факты изучаемого нами казахского языка показывают, что преимущественное большинство

ОКО (односложные корни-основы – Қ.Қ.) действительно, обладает самостоятельностью лексического значения, если понимать под самостоятельностью возможность свободно, независимо от контекста выражать то или иное понятие, обозначать тот или иной предмет, передовать сущность того или иного явления. Это свойство присуще многим корневым словам в казахском языке типа ... **бар** – итти, **кел** – придти, **ал** – брать, **он** – десять, **бес** – пять, **сен** – ты, **ол** – он, **көк** – синий, голубой, **ак** – белый и др. /45, – 34, 258/.

Ғалымның бір буынды сөздердің көпшілігі мағыналы деп отырған себебі, оның зерттеу нысанаға өлі түбірлер қосылған жоқ. Біз ғалым атаған мағыналы бір буынды сөздерді ғана нысанымызға алдық. Сондықтан бір буынды негізгі түбір сөздер туралы ғана еңбекте сөз болып отыр. Бір буынды мағыналы негізгі түбірлер сөзжасамдық ұя жасай алады, сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі қызметін атқара алады.

Сөз мағынасы деген тілдегі өте күшті құрал, адамдардың түсінісу, қарым-қатынас жасау сөз мағынасына тікелей қатысты. Сондықтан да бұл мәселеге ғылымда үлкен мән беріледі. Ф. де Соссюр алған тілдік таңбалардың мағынасын ашып дәлелдегеннен бері /229, – 100/. Сөз мағынасына қоңіл бөлмеген ғылым жоқтың қасы, сондықтан оларды атап жатудың өзі қол орын алады. Дегенмен кейбір түркологтарды атағымыз келеді. Олар: П.К. Дмитриев /230, – 197–198/, Харитонов Л.Н. /231, – 19/, Юлдашев А.А. /232, – 38–43/, Э.В. Тенишев /233, – 232, – 293/. Біздің еңбегімізде мағынасыз, бір буынды сөздерді анықтауды А. Қайдаров, К. Құсайынов, Е. Қажыбеков, Қ. Қасабекова /234/ т.б. ғалымдардың еңбектерінің көп көмегі болды.

Зерттеу нысанымыздағы бір буынды негізгі түбір сөздердің мағыналы дербес сөздер екеніне назар аударып отырған себебіміз – олар мағыналы сөздер болғандықтан, өзінен басқа туындылардың жасалуына негіз бола алады. Тек мағыналы сөздерден ғана туынды сөз жасалады.

Міне, бір туынды негізгі түбір сөздер мағыналы сөздер болғандықтан, олар сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі қызметін атқарған.

Ал сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі деп негізгі түбір сөздері алған себебіміз туынды сөздердің орбуіне жол ашады. Сондықтан да бір негізгі түбір арқылы туындаған сөздердің құрамында бір түп негіз тұрады да, түп негіз сөз бен одан туындаған туындылар қосылып, бір түбірлес сөздер тобын құрайды. Оларды ғалымда сөзжасамдық ұя деп атайды. Оны төмендегі мысалдардан көруге болады.

Сөзжасамдық ұяның құрамы түп негіз сөз бен одан өрбіген туынды сөздермен, біздің зерттеуімізде туынды

түбірлерден тұрады. Бұл ғылымда әбден дәлелденген мәселе, ол туралы ғалымдар пікірінде алалық жоқ.

А.И. Моисеев өзінің «Словообразование современного русского языка» деген 1985 жылы шыққан еңбегінде ол туралы былай дейді «В гнездо непременно входит непроизводное, корневое слово, и только одно. Оно является поэтому основной, говорят еще – вершиной, исходным словом гнезда. Все остальные слова гнезда – производные слова гнезда – производные (или сложные, но сложные слова войдут в два гнезда или более – по количеству корней и в соответствие с ними) образованные или непосредственно от непроизводного (исходного) слова или от производных первой степени производности и от производных последующих степеней производности, образованных от производных предшествующих степеней». /194. –13/

А.И. Моисеев біздің ұяда бір түп негіз сөз, және одан жасалған туынды сөздер болады деген пікірімізді дұрыстығын дәлелдеп тұр. Ал ол сөзжасамдық ұя атаулығы ортақ белгі екенін нақтылы мысалдармен дәлелдеу үшін, бірнеше сөзжасамдық ұяны мысалға келтіріп, олардың құрамын талдайық. Ол үшін саны жағынан әр түрлі құрамдағы сөзжасамдық ұяларды мысалға келтірейік.

Наз түп негіз сөзінен жасалған сөзжасамдық ұя.

Наз		
1-саты	2-саты	3-саты
наза	назалан	назаландыр
	назалы	назалану
	наздандыр	назалылық
наздан	наздану	назарландырт
	назданыс	

назды	наздылық	
наздық		
назқой	назқойлық	
назшыл	назшылдық	
назым		
назырқа	назырқан назырқау	назырқану
8	10	5=23

Осы кішігірім сөзжасамдық ұяның ішінде де ең көп буынды сөз түп негіз сөзден жасалған. Ол 8 туынды сөзге негіз болып, одан ү туынды сөз жасалған. Қалған туындылар үштен, екіден, бірден ғана туынды сөз жасаған.

Барлығы бұл ұяда 23 туынды түбір сөз жасалған, олардың 1 – сатыда сегізі жасалған. Олар тікелей түп негіз сөзден жасалған. 2 – сатыда 10 туынды түбір жасалған, олар 1 – сатыда **наза, наздан, назды, назқой, назырқа** туынды түбірлерінен яғни туынды түбірлерден жасалған туынды түбірлер, 3 – сатыда бес туынды түбір жасалған, олар 2 – сатыдағы **назалан, назалы, наздандыр, назырқан** туынды түбірлерінен жасалған.

Осы ұядағы 1 – сатыдағы наздық, назым, туынды түбірлері. 2 – сатыдағы наздану, назданыс, наздылық, назқойлық, назшылдық, назырқай туындылары уәждеме қызметін атқармаған, сондықтан олардан туынды сөз жасамаған. 3 – сатыдағы туынды түбірлерден туынды түбір жасалмаған. Сонымен ұяда бір түп негіз сөз, 23 туынды түбір сөз бар.

Ал мына **шал** түп негіз сөзінен жасалған сөзжасамдық ұяның жағдайы төмендегідей.

Шал			
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты
шалғын	шалғындан шалғынды шалғыншы	шалғындандыр шалғындану шалғындық шалғыншық	шалғындандыр
шалғыр	шалғырлық		
	шалғырт	шалғыртсыз шалғырттан шалғырттық	шалғырттану
шалғыш			
шалғышы			
шалдуар	шалдуарла шалдуарлау шалдуарлық	шалдуарлан	шалдуарлану
шалдық	шалдығу шалдыққыш шалдықтыр	шалдығушы шалдықтыру	шалдығушылық
шалдыр	шалдырла шалдырт шалдыру	шалдырлат шалдырту	шалдырлату
шалжақ	шалжақта	шалжақтау	
шалжанда	шалжаңдат шалжаңдау	шалжаңдату	
шалжи	шалжию		
Шали			
шалма	шалмала шалмашы	шалмалау	
Шалу	шалуатта	шалуатау	
шалшық	шалшықтан шалшықтау шалшықты	шалшықтану	
шалым	шалымды	шалымдылық	
шалын	шалындыр шалыну шалыныс	шалындырт шалындыру шалыныстыр шалынысу	шалыныстырт шалыныстыру
шалыңқыра	шалыңқырау		

шалыс	шалыста	шалыстану шалыстау	шалыстану
	шалыстық шалыстыр шалысу	шалыстыру	
18	33	25	8 = 84

Бұл сөзжасамдық ұяда барлығы 84 туынды түбір сөз жасалған, яғни ұяда бір түп негіз сөз және 84 туынды түбір сөз бар, барлығы – 84 сөз. Осы 84 сөзден тұратын ұяның құрамында да бір негізі түбір түп негіз сөз бар. Ол түп негіз сөз 1-сатыда 18 туынды сөз берген. Ол 18 туынды түбір сөзден 2 – сатыда 33 туынды түбір сөз жасалған. Өйткені 1-сатыда жасалған туынды түбірлердің бесеуінен 2 – сатыда туынды түбір сөз жасалмаған. Бірақ 1 – сатыдағы бір туынды түбір 2 – сатыда 4 туынды түбірге негіз болған және 1 – сатыдағы 6 туынды түбірден үштен, бір туынды түбірден екі туынды түбір жасалған. Сонда 2 – сатыда 33 туынды түбір жасалған. 3-сатыда 2 – сатыдағы 33 туынды түбірден 25 қана туынды түбір жасалған, өйткені, 2 – сатыдағы 14 туынды туынды түбір уәждеме қызметін атқармаған, сондықтан олардан туынды түбір жасалмаған.

Ал 3-сатыдағы 25 туынды түбірдің он сегізі сөзжасамдық қызметін атқармай, тақтап, соның нәтижесінде 4 – сатыда 8 туынды түбір жасалған. Келтірілген мысалдарда сатының саны өскен сайын, әсіресе, 3-4-5-6-сатыларды туынды сөздің азайғанын көрсетті.

Түп негіз сөзжасамдық ұядағы негізгі тұлға. Синхрондық сөзжасамдық ұяда түп негіз сөзсіз ешбір ұя жасалмайды. Сондықтан да оны ұядағы негізгі тұлға деп санаймыз, ол түрлі сөз табынан бола береді.

Түп негіз сөз деп өзінен бірнеше туынды сөздің жасалуына негіз болатын, ол туынды сөздердің бәрінің

дәлелдегені белгілі /31/. Бірақ сан есім сөздер басқа сөз таптарының жасалуына негіз бола береді.

Демек, жоғарыдағы сөзжасамдық ұяның құрамында туынды сан есім сөздердің занды. Ол біз зерттеген сөзжасамдық ұялардың ешқайсысында да жоқ. Бұл Н. Оралбаева пікірінің нақтылығын дәлелдейді.

Бұдан шығатын қорытынды түп негіз сөздің қай сөз табынан болуы ұяда қай сөз табының туынды сөздерінің жасалуына ықпалы жоқ. Екінші жағынан, түп негіз сөз де әр түрлі сөз табынан бола береді.

Бұл сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзінің бір сөз табына байлаулы емес екенін көрсетеді. Сөзжасамдық ұяларда түп негіз сөз қызметін атқарып жүрген тілде 550 негізгі түбір сөз бар. Ол негізгі түбір сөздер – әр түрлі сөз таптарының сөздері. Олар: зат есім, сын есім, сан есім, етістік, үстеу, еліктеуіш сөздер. Сөз таптарының ішіндегі мағыналы негізгі топтарының бір буынды сөздері сөзжасамдық ұя жасаған. Сондықтан түп негіз сөздер негізгі сөз таптарының бәрінен болған.

Зат есімдерден сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі қызметін атқарған негізгі түбір сөздер мыналар: ай, аң, ар, ас, ат, ау, әк, әл, ән, ел, ем, еп, ер, ес, ет, ит, ой, оқ, ор, от, өң, өр, өт, ұл, үй, ұн, ық, ым, ыс, із, ін, іс, іш, өрт, бақ, бал, бап, бас, бау, бәс, без, бек, бел, бет, би, бит, бой, боқ, бор, бөз, бу, бұт, дақ, дал, дар, дат, дау, дән, дәм, дәт, дәу, дем, ден, доп, дос, дін, жат, жақ, жал, жан, жар, жау, жез, жел, жем, жең, жер, жол, жон, жөн, жүк, жүн, жыл, жын, жыр, жік, жіп, заң, зар, зат, зәр, зер, кәр, кек, кен, көз, көл, көң, көш, күй, күн, күн, күс, күш, қаз, қақ, қал, қам, қан, қап, қар, қас, қат, қау, қой, қол, қом, қоң, қор, қос, күз, күк, құл, құм, құн, құр, құс, құт, қыз, қыл, қын, қыр, қыс, қыш, лақ, лек, леп, май, мал, мән, мең, мес, ми, мөр, мұз, мұң, мүк, мық, мыс,

аш, наз, нан, нар, нәл, нәр, нұр, ніл, пән, пұл, піл, рух, сәл, сай, сан, сес, сом, сор, сот, сөз, сөл, су, сұс, сыз, сый, шым, сыр, таз, тай, тақ, тал, там, таң, тас, тат, тау, тәж, төп, тек, тер, тон, той, том, топ, тор, тот, төл, төр, төс, ту, түр, тұз, түк, түн, түп, тыс, тіл, тін, тіс, шай, шал, шам, шаң, шар, шат, шаш, шек, шел, шен, шеп, шер, шет, ши, шок, шот, шөп, шу, шыл, шым, шын, шыт.

Сын есім сөздерден сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі қызметін атқарған негізгі түбір сөздер мыналар аз, ақ, аш, оң, бай, боз, бос, дәл, дәу, дой, жас, жұп, кем, кең, көк, көп, кіл, қас, қу, мас, нақ, нас, нән, паң, пәк, сәк, сұм, сұр, сыз, тар, тел, тең, ток, тың.

Сан есім сөздерден сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі қызметін атқарған негізі түбір сөздер мыналар: бір, үш, төрт, бес, он, жүз, мың.

Есімдік сөздерден сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі қызметін атқарған негізгі түбір сөздер мыналар: мен, сен, сіз, ол, біз, бұл, сол.

Еліктеуіш сөздерден сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі қызметін атқарған негізгі түбір сөздер мыналар: гу, ду, баж, быж, гуж, гүр, дең, дыр, дір, жым, жып, зу, зың, зып, зыт, күж, күп, күр, кіс, кіш, қор, қош, қың, қыр, лүп, лып, маң, мыж, пыс, тық, тып, тыр, шор, шыж, шып, шыр.

Етістік сөздерден сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі қызметін атқарған негізгі түбір сөздер мыналар: де, же, ақ, ал, ас, ат, аш, ер, оз, ой, ор, өл, өр, өс, өт, өш, ұқ, үр, ұт, ұш, ұш, үз, үй, үк, үр, ыз, ық, ыс, әл, бар, бас, бет, без, бер, бол, бұк, бөл, бөс, бу, бұк, бүр, бұр, бық, біл, біт, жаз, жай, жақ, жан, жап, жар, жат, жау, жек, жел, жең, жи, жой, жон, жу, жүк, жүл, жұм, жұт, жүз, жүр, жық, жыр, жыт, зыт, кез, кел, кеп, кер, кес, кет, кеш, қи, көм, көк, көр, көс, көш, күй, күл, күт, кір, қақ, қал, қат,

қаш, ки, қоз, кой, қон, қос, қу, күй, құр, күш, қыз, қыл, қыр, қыс, мал, мін, ныс, піш, сал, сөз, сой, соқ, сөр, соқ, сон, сұқ, сүз, сүй, сұр, сыз, сый, сық, жыл, сын, сыр, сін, тай, тақ, там, тап, тап, тең, тер, ти, тоз, той, тол, тоң, тез, төк, төн, ту, тұн, тұр, тұт, түй, түр, түс, тый, тың, тық, тын, тіз, тік, тіл, шай, шақ, шал, шаш, шен, шөк, шық.

Бұл талдаулар сөзжасамдық ұяның түп негіз сөз қызметін зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, елік-теуіш, етістік сөз таптарының негізгі түбір сөздері атқаратынын көрсетті, осы сөз таптарының ішінде түп негіз сөз қызметінде зат есім, етістік сөздердің негізгі түбір сөздерінің өте көп қатысатыны анықталды. Бұл заңды болар деп те ойлауға болады, өйткені ең көне сөз таптары – зат есім және етістіктер. Олар – тілдегі ең байырғы сөздер. Орхон жазба ескерткіштіктерінде де зат есім мен етістік сөздердің туынды сөздерді басқаларға қарағанда, әлдеқайда көп болғаны белгілі.

Түрлісөзтаптарына жататын түп негіз сөз қызметінде сөзжасамдық ұя жасайтын негізгі түбір сөздер – тілдің негізгі сөздік қорына жататын, атам заманнан бері тілде қолданылып келе жатқан сөздер. Олардың бәрі дерлік түркі тілдеріне ортақ. Олар қапанныан сөз тудырушы, уәждеме қазметін атқарып келе жатқандықтан, олардан жасалған туынды сөздің, яғни уәждемелі сөздің барған сайын саны өсіп отырған. Соның нәтижесінде олар сөзжасамдық ұя жасау, сөзжасамдық ұя құрылымын құру дәрежесіне жеткен.

Ал түп негіз сөздердің сөз табы одан жасалатын туынды сөздердің сөз табын билей алмайды. Мәселен, түп негіз сөз зат есім болса, ұядағы туынды сөздердің зат есім болуы мүлдем міндетті емес, өйткені бір сөз табының түрлі сөз табының туындыларының жасалуы –

Тілде қалыптасқан заңдылы. Тілдің сөзжасам жүйесінде сөз таптарының арасында сөзжасамдық тұрғыда шек жоқ. Сөзжасамда бір сөз табынан екінші, үшінші т.б. сөз таптарына ауысу заңды құбылыс болғандықтан, түп негіз сөздің сөз табы жағынан ықпал жасай алмайды. Оны анықтау үшін **май** негізгі түбір зат есімінен жасалған ұяны мысалға келтірейік.

Май				
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты
майдай				
майкор	майкорлық			
майла	майлап майлас майлат майлау	майландыр майлану майласу майлағу майлаулы майлаусыз майлаушы		
майса	майсақ майсалы	майсақта	майсақтан	майсақтану
майсаң	майсаңда	майсаңдат майсаңдау	майсаңдату	
майсыз	майсыздан майсыздау	майсыздан- дыр майсыздану	майсыздан- дырт майсыздан- дыру	
майсыра	майсырау			
майшы	майшылық			
майшыл	майшылдық			
майпаз	майпазда	майпаздау майпаздан	майпаздану	
майлы	майлылау			
майпаң	майпаңда	майпаңдат майпаңдау	майпаңдату	
12	16	16	6	1=51

Осы ұяда 1 – сатыда түп негіз сөзден 12 туынды түбір сөз жасалған. Олардың он бірінен 2 – сатыда 16 туынды түбір жасалған. Екінші сатыдағы 16 туынды түбір сөздің он бірі ғана 3 – сатыдағы 16 туынды түбірге негіз болған. Осы 16 туынды түбірдің бесеуінен 4 – сатыдағы алты туынды түбір жасалған. 5 – сатыдағы бір ғана туынды түбір 4 – сатыдағы майсақтан туынды түбірінен жасалған, яғни 4 – сатыдағы қалған бес туынды түбір өзінен туынды түбірдің жасалуына негіз болмаған. Ұяда барлығы 51 туынды түбір бір түп негіз сөз бар.

Осы туынды түбірлердің сөз табына қатысына келсек, ол төмендегідей:

1) ұяда зат есім туындылар жасалған, олар: майшы, майшылық, майлаушы, майқорлық, майшылдық.

2) ұядағы сын есім туынды түбірлер мыналар: майдай майқор, майсаң, майсыз, майшыл, майпаз, майпаң, майсақ, майсалы, майлаулы, майлаусыз, майсыздау, майлылау, майпаздау.

3) Ұядағы туынды түбір етістіктер мыналар: майла, майсыра, майлан, майлас, майлат, майлау, майсанда, майсыздан, майсырау, маймазда, маңпанда, майланды, майлану, майласу, майлату, майсаңдат, майсандау, майсыздандыр, майсыздану, майпаздат, майпаздан, майпандау, майсақтан, майсандату, майсыздандырт, майсыздандыру, майпаздану, майпандату, майсақтану.

Демек, бұл сөзжасамдық ұяда зат есім түп негіз сөзден туынды түбір зат есім сөздер, туынды түбір сын есім сөздер, туынды түбір етістіктер жасалған. Түп негіз сөз бір сөз табынан болса да, ұядағы туынды сөздер үш түрлі сөз табына жатады. Бұл жағдай түп негіз сөздің сөз табы одан жасалған туындының сөз табына ықпалы жоқ екенін дәлелдеді. Сондықтан сөзжасамдық ұядан

түрлі сөз таптарының туынды сөздері орын ала береді. Осымен байланысты сөзжасамдық ұя бір сөз табына телулі болмайды, онда түрлі сөз табының туынды сөздері жасала береді.

Сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзінің сөзжасамдық қабілеті, көпмағыналылығы ұяның көлеміне әсер етеді. Оны түрлі түп негіз арқылы жасалған ұяларды салыстыру арқылы дәлелдеуге болады.

Жоғарыда келтірілген **наз** түп негізінен жасалған ұяның – сатысында 8 туынды түбір жасалған, **шал** түп негіз сөзінен 1 – сатыда 18 туынды түбір сөз жасалған, **дау** түп негіз сөзінен жасалған ұяның 1 – сатысында 8 туынды түбір жасалған, **май** түп негізінен жасалған ұяның 1 – сатысында 12 туынды түбір жасалған.

Біріншіден, осы ұялардағы ешбір туынды түбір мұнша туынды түбір жасалмаған. Олардың ішінде ең көбі 4 туынды түбірге ғана негіз болып, 4 туынды түбір жасалған, ол – шалыс деген туынды түбір етістік, одан шаласта, шалыстық, шалыстыр, шалысу сөздері жасалған. Бұл – осы 4 ұяда жалғыз рет қана кездескен жағдай, өйткені ол – жалпы сирек кездесетін құбылыс.

Осы түп негіз сөзден жасалған ұяларды салыстырсақ, 18 туынды сөз берген шал деген түп негіз сөзден жасалған ұяда 84 туынды түбір сөз бар, 12 туынды түбір май деген түп негіз сөзден жасалған сөзжасамдық ұяда 51 туынды сөз бар, ал 8 ден туынды түбір жасаған ұяларда 23 және 24 туынды түбір сөз бар.

Бұл талдаулар мынаны көрсетті:

1) Ұядағы сөздердің сөзжасамдық қабілеті бірдей емес;

2) Ең сөзжасамдық қабілеті күшті сөз – түп негіз сөз;

3) Туынды түбірлердің сөзжасамдық қабілеті негізгі түбірлерден әлдеқайда кем;

4) Ұядағы туынды түбірлердің де сөзжасамдық қабілеті бірдей емес;

5) Туындылардың дәрежесі өскен сайын олардың сөзжасамдық қабілеті кемін отырады. Осымен байланысты саты өскен сайын туынды түбірлерден жасалған туындылар кеми береді. Оны 4-5-6-сатылардағы туындылардың аздығын көрсетеді.

Бұл тілдік деректер ұялардағы ең өнімді сөз түп негіз сөз екенін анық дәлелдеп берді. Бұл жалғыз осы сөзжасамдық ұяға ғана қатасты болуы мүмкін деген ой тумау үшін, оның барлық ұяға қатысты заңдылық екенін көрсету үшін, тағы бір ұяны мысалға келтіріп көрейік.

Тіл деректері түп негіз сөздің өнімділігі ұяның көлеміне, ондағы туынды түбірлердің санына әсер етеді деген тұжырым жасауға жол ашып, дәлел болып тұр. Басқада да себептердің болуын жоққа шығармай, осы пікірді тағы бір мысалмен бекітбекпіз.

Ол үшін ой омоним түп негіз сөзінен жасалған сөзжасамдық ұяны мысалға келтірейік. Ол төмендегідей:

Ой					
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты	6-саты
ойғыз	ойғыздар	ойғыздырт			
ойғылы	ойғылат ойғылан ойғылу				
ойғыш	ойғыштық				
ойдым					
ойдыр	ойдырт ойдыру	ойдырту			

ойқас	ойқаста	ойқастат ойқастату			
ойқы	ойқыл	ойқыдау ойқыдан ойқыдық	ойқылдану		
ойма	оймала оймалы оймаут	оймалау			
оймақ	оймақта оймақтай оймақша	оймақтал	оймақталу		
ойныш	оймышта оймышты	оймыштал оймыштат оймыштау	оймышталу оймыштату		
ойна	ойнақ ойнал ойнамалы ойнампаз ойнас ойнат ойнау	ойнақта ойнақшы ойнақы ойналу ойнампаздық ойнасу ойнаттыр ойнату ойнатыл	ойнақтат ойнақтау ойнақшу ойнақшыт ойнақылан ойнақылау ойнақылық ойнаттыру ойнатылу	ойнақтату ойнақтатқыз ойнақшыту ойнақыландыр ойнақылдану	ойнақтатқызу ойнақыландыру
ойпаң	ойпаңдау				
ойпат	ойпаңды ойпаттан ойпаттау ойпатты	ойпаттану			

қызметін атқармаған, қалған 30 туынды түбірден 64 туынды түбір жасалған. 2 – сатыдағы 64 туынды түбірдің 39-ы туынды түбір жасалмаған. Қалған 25 туынды түбірден 3 – сатыда 47 туынды түбір жасалған. 1 – сатыдағы 47 туынды түбірдің 23 – і ғана уәждеме қызметін атқарып, олардың 4 – сатыда 29 туынды түбір жасалған, 24 туынды түбір уәждеме қызметін атқармаған. 4 – сатыдағы 29 туынды түбір сөздің бесеуі ғана уәждеме қызметін атқарып, олардан 7 туынды түбір жасалған. 5 – сатыдағы 7 туынды түбірдің екеуі ғана 6 – сатыдағы 2 туынды түбірді жасаған.

Үяда бір түп негіз сөз және 170 туынды сөз бар, барлығы – 171 сөз.

Бұдан шағатын қорытынды қандай көлемдегі сөзжасамдық ұя болмасын оның құрамында бір түп негіз сөз бен одан туындаған, өрбіген туынды сөздер болады. Сөзжасамдық ұя болу үшін бір түп негіз сөз бен одан өрбіген туындылар болуы шартты белгілей отырып, жоғарыда келтірілген ұялардан бұл ұяның 1 – сатысында туынды сөздің көп жасалғанына назар аударамыз, өйткені бұл ұяның 1 – сатысында бірден 31 туынды сөз жасалған, жоғарыдағы басқа ұяларда 1 – сатыдағы туындылардың саны бұдан әлдеқайда кем еді, сондықтан олардан жасалған туынды түбір сөздер де бұдан аз болды, өйткені бұл ұяда 170 туынды түбір сөз жасалды. Түп негіз сөздің өнімділігі, сөзжасамдық қабілетінің күштілігін, яғни құнарлығы одан жасалған туындылардың санымен байланыстылығын аңғармау мүмкін емес.

Мұнда екі етістіктің түсіндірме сөздікте көрсетілген төмендегі мағынасынан туындаған, өрбіген туындылар ғана келтірілді. Ол мағына – «Егін егу, тұқым себу, өсімдік өсіру, отырғызу» мағынасы /235, – 282/.

Енді **ки** етістігінен – түп негіз сөзден болған ұяны алайық.

Бұл етістікке: «киім кию» /236, – 29/.

Ки				
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты
Кигіз	кигіздей			
кизігіл				
Кидір	кидіргіз			
Кикең				
Кикіл	кикілжің	кикілжінде		
кикің	кикінде	кикіндет		
Килік	килігу киліккендей киліккіш килікпе	килігуші киліккіштік килікпелі киліктірт киліктіру		
Киме	кимеле кимешек	кимелес кимелет кимелеу кимешекті	кимелеттір кимешектік	кимелеттірт
кирелең	кирелеңде	кирелеңдет		
Кирен	киренде	кирендет	кирендеттір	кирендеттірт
Китің	китінде	китіндеу китіндет	китіндеткіз	
Кию				
Киіз	киіздей киізден киізше киізші	киіздену		
Киіл	киілу			
Киім	киімдей киімді киімдік киімсымақ киімсіз киімшең			

Киім	киіндір	киіндіргіш киіндіру киіндіріл	киіндіргіш- тік	
	киіну киініс			
кейіңкі	кейінкіре	кейінкірет		
Кііс				
Кііт	киіттік			
19	29	20	5	2 = 75

Түп негіз сөздің әр қайсысы өзінше сөзжасамдық ұя жасайды. Түп негіз сөз өзгерген сайын ұяда өзгереді, ол ұядағы туынды сөздерге, ұядағы туынды сөздердің санына, құрамына, көлемінен т.б. белгілерінің бәріне қатысты.

Мына төмендегі екі ұяның туынды сөздерің салыстыру арқылы оған көз жеткізуге болады. Олар: **ек** және **ки** түп негіз сөзінен жасалған сөзжасамдық ұялар. Мысалы,

Ек			
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты
Егу	егуші		
Егусіз			
Егіл	егілгіш егілдір егілме егілт егілу	егілдіру егілмелі егілту	
Егін	егінді егінек егінше егінші	егіндік егіншілік	
Егіс	егістік		
Егітіл			
еккіз	еккіздір еккізу	еккіздірт еккіздіру	еккіздірту

Еккін			
Екпе	екпелі		
Ектір	ектіргіз ектірт ектіру	ектіргізу ектірткіз ектірту	ектірткізу
10	17	10	2 = 39

Осы екі түрлі түп негізден жасалған екі сөзжасамдық ұяның туынды түбірлері де басқа-басқа, туынды түбірлердің саны да, сатылары да, әр сатыдағы туынды түбірлердің саны өзінше, мұнда тендестік жоқ. **Ки** түп негізінен жасалған ұяда 77 туынды түбір бар, **ек** түп негізінен жасалған ұяда 39 туынды түбір сөз бар. **Ки** түп негізінен жасалған ұяда 5 сөзжасамдық саты болса, екі түп негізінен жасалған 4 саты бар. Сонымен бірге екі ұядағы сөзжасамдық жұптар тізбектерде де үлкен айырмашылығы бары анық. Сондай-ақ 1 – сатыдағы түп негіз сөзден тікелей жасалған туынды түбір сөздердің ерекшелігін былай қойғанда, олардың санында да үлкен айырмашылық бар. **Ки** түп негіз сөзінен тікелей 19 туынды түбір жасалса **ек** түп негізінен тікелей 10 туынды түбір жасалған, соған орай туынды түбірлер 75 және 39 болып тұр.

Мысалға бір сөзжасамдық ұя келтірілді бұл сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзі – **ек** етістігі. Ол – негізгі түбір етістік яғни негізгі морфема лексикалық мағыналы сөз. Ұядағы қалған сөздердің бәрі осы түп негіз сөзден өрбіген туынды түбірлер. Бұл туынды түбірлердің бәрінің құрамында түп негіз сөзден өрбіген туынды түбірлер. Бұл туынды түбірлердің бәрінің **ек** етістігінен жасалғанын өрбігенін білдіреді. Сондықтан да олар түбірлес туынды сөздерге жатады.

Осы ұядағы туынды түбірлердің бәрі белгілі бір сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалған. Мысалы:

егін деген туынды сөз – ін жұрнағы арқылы, **егіс** – іс жұрнағы арқылы, **егінді** деген туынды сөзді жұрнағы, **егінші** деген – ші жұрнағы, **егіншілік** деген – лік жұрнағы, **еккіз** деген – кіз жұрнағы, **ектір** деген – тір деген жұрнағы, **ектіріл** мен **егіл** деген –іл жұрнағы, **екпе** деген – пе жұрнағы, **еккіш** – кіш жұрнағы арқылы жасалған. Бұл ұядағы туынды сөздерді жасаған – ін, – іс, – ді, – ші, – лік, – кіз, – тір, – іл, – кі жұрнақтарының ешқайсысының құрамын әрі қарай бөлшектеуге болмайды. Олар осы құрамында тұрғанда ғана, сөзге белгілі мағына қосып, оны өзгерте алады. Әрине, олардың дыбыстық варианттары бары белгілі, заңының ерекшелігі қанша дыбыстық варианты болса да, ол бірге тән екені де ғылымда А. Байтұрсынов Қ. Жұбановтардан бастап әбден дәлелденген мәселе. Сондықтан қосымша осы құрамда дегенде басқа жағдайдағы оның дыбыстық варианты деген ұғымды ол қамтиды.

Келтірілген мысалдар сөзжасамдық ұяда түп негіз сөзден жасауға қатысып, олардан бір сөзжасамдық ұяның жасалуын іске асырып тұрған тілдік бірліктерді анықтадық. Олар: түп негіз сөз бен жұрнақтар. Сонымен бірге сөзжасамдық тірлік бірліктердің нәтижесінде жасалған туынды түбір сөздер де сөзжасамдық ұяның құрамында тұр. Олай болса, сөзжасамдық ұяның құрамында түп негіз сөз, жұрнақ және туынды түбірлер болатыны анықталды. Олардың бәрі сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық бірліктерге жатады. Сөзжасамдық ұяның құрамындағы сөзжасамдық бірліктер деп түп негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақтар мен туынды сөздер аталатыны айтылған.

Ал түп негіз сөздің өнімділігін оның мағынасы мен байланыстыруды қажет етеді. Осы келтірілген

мысалдардың ішіндегі 84 туынды сөз берген шал сөз мен 170 туынды сөз берген ой сөзінің мағыналарын қарайық. Шал сөзінің түсіндірме сөздікте зат есім мағынасын және етістік мағынасын көрсеткен. Етістік мағынасының сөздікте 6 түрі көрсетілген, тіркескен сөзіне қарай мағынасының түрленуі де күшті. Осының бәрі шал сөзінің көп туынды түбір жасауына қолайлы жағдай болған.

Ал ой түп негіз сөзінің деректі, дерексіз екі заттық мағынасы, олардың ішкі мағыналық ерекшеліктері және етістік мағынасы, одағай мағынасы түсіндірме сөздікте көрсетілген. Түп негіз сөздің омонимдік, көпмағыналық ерекшеліктері одан көп туынды сөздің жасалуына негіз болған.

Түп негіз сөз ұяның негізгі мүшесі, негізгі сөзжасамдық бірлігі бола тұра, ол сөзжасамдық ұяның көлемін, құрамын да шешетін негізгі тұлға. Бұл әр сөзжасамдық ұяның өзіне ғана тән туынды сөздерден құралатынына анық дәлел.

Демек, әр сөзжасамдық ұя – өзінше бір тілдік құбылыс.

Әр сөзжасамдық ұядағы туынды сөздер ғана басқа-басқа болып қоймайды, ұядағы туындылардың саны да алуан түрлі. Жоғарыда мысалға келтірілген наз түп негізінен жасалған сөзжасамдық ұяда 23 туынды түбір бар, шал түп негізінен жасалған ұяда – 84. Дау түп негізінен жасалған ұяда 24 туынды түбір, май түп негізінен жасалған ұяда 170 түбір, ки түп негізінен жасалған ұяда 39 туынды түбір сөз бар.

Бұл талдаулар сөзжасамдық ұяның өнімді-өнімсіздігі түп негіз сөздің сөзжасамдық қабілетіне байланысты екенін толық дәлелдеді.

Әрине, бұл жалғыз ғана себеп деуге болмайды, онымен бірге ұядағы туындылардың өнімді-өнімсіздігі де белгілі дәрежеде қызмет атқарады.

Басқа да себептер болуы ықтимал. Олардан негіз сөз білдіретін заттың, ұғымның адам өмірінен алатын орны, атқаратын қызметін атауға болады.

Сөйтіп, бұл арада алдыңғы қатарға түп негіз сөздің өнімділігі алға шығып отыр.

2.3. Сөзжасамдық ұядағы туынды сөздер мен туынды түбірлер

Сөзжасамдық ұя туынды сөздердің жасалу әрекетінің нақтылы нәтижесінің көрсеткіші болғандықтан, оның құрамында сөзжасамдық барлық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер орын алады. Олай болса, сөзжасамдық ұяда түп негіз сөзден кейінгі негізгі тілдік, сөзжасамдық бірлік туынды сөздер. Сондықтан алдымен туынды сөз деген терминнің мәнін ашып алу керек. Өйткені бұл мәселе орыс тіл білімінде де, жалпы тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де анықталған мәселелерге жатпайды. Сөзжасам ілімінің кеш қалыптасуы оның терминдерінің әлі толық қалыптасып үлгермегеніне әсері барын көрсетеді. Оны сөзжасам мамандары көрсетіп жүр.

Е.С. Кубрякова орыс тіл білімінде, шетел тіл білімінде сөзжасамдық әрекет нәтижесінде жасалған сөздердің жалпы термині жоқ деп санайды. Ол туралы ғалымның өз пікірін келтірейік: «В соответствии с общеприятным делением словообразования на словосложение и словопроизводство обычно различают и два основных класса словообразовательных конструкции – сложные слова и производные, т.е. как бы противопоставляют всему классу сложений все иные виды произ-

водных, именуя производными вторичные, но не сложные образования. Термина который объеденял был все виды таких вторичных, производных единиц, таким образом, не существуют. Нет его ни в русском, ни в зарубежном языкознании. А между тем настоятельная потребность в таком термине чрезвычайна велика: оперировать при описании системы словообразования различными описательными оборотами вместо термина не только практический громоздко и потому неудобно но и точно, но ине точно. В области словообразования, следовательно, назрела необходимость в создании собственной терминологии». /237, – 23/.

Е.С. Кубрякова барлық туындыны қамтитын термин болмағандықтан, оған «производное» деген термині уақытша ұсынып, оның мәнін төмендегіше түсіндіреді,оны өз сөзімен келтірейік: «Пока же, за неимением лучшего термина мы предлагаем использовать для названия всех видов словообразовательных единиц термин «производное». В него мы вкладываем в соответствии со сказанным выше гораздо более широкое содержание чем обычно, т.к. для нас производными в буквальном смысле слова являются и фиксальные образования и сложные слова и аббревиатуры, и конвертированные единицы (т.е. образования без специального словообразовательного элемента, ср. Пыльпылить, зелень – зеленить и т.д.) все прочие виды вторичных словообразовательных конструкции.» /237–24/

Бұл жағдай қазақ тіл білімінде де бар, әсіресе, терминдердің орнықпауы, терминдерді қолданудағы түрлілік – өте жиі кездесетін құбылы. Әсіресе, туынды түбір деген термин мен туынды сөз деген термин қазақ тіл білімінде жиі шатастырылады, түбір сөз деген

термин мен негізгі түбір деген терминдердің қолданыстағы түрлілігі ерекше көзге түседі.

Қазақ тіл білімінде әлі түбір сөз, туынды, туынды сөз, туынды түбір сөз сияқты терминдер бірінің орнына бірі қолданылып келген кезең болған. Ол кейбір оқулықтарда әлі де кездеседі. Оны А. Ысмақтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» (1991), атты оқулығынан да көруге болады, ол түрлілікті төменде келтірілген үзінділерден көруге болады:

1. Түбір морфема – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі негізі. /238, – 24/

2. Сөздің өз алдына тұрып мағына бере алатын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі мағыналы бөлшегі, әдетте түбір немесе негізгі түбір, немесе түбір сөз деп аталады. /238, – 86/

3. Сөйтіп туынды сөздер деп жұрнақтар арқылы негізгі түбірден өрбіген сөздерді айтамыз /238, – 90/.

Осы келтірілген үш үзіндіге талдау жасап көрейік.

Бірінші үзіндіде автор түбір морфема деген терминді орынды қолданбаған. Түбір қазақ тілінде лексикалық мағынаны білдіретін сөз деген ұғымды білдіруге тиісті, өйткені тілде негізгі түбір, туынды түбір деген түбірдің түрлері бар. Сондықтан түбір сөз деген терминді біз лексикалық мағына білдіретін сөз деген ұғымда қолданамыз. Сонда жоғарыдағы анықтама негізгі деген сөзді қосып түбір морфема деп алса, анықтама дұрыс, даусыз болып шығар еді. Ал анықтама оқулықтағыдай тұрғанда, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін деп айтуға болмайды, өйткені түбір деген сөз негізгі түбір, туынды түбір деген ұғымды қамтиды. Бұл түбір деген терминнің өз мағынасында қолданылмай тұрғанына дәлел. Сондықтан біз өз еңбегімізде түбір сөз деген терминді лексикалық мағынаны білдіретін

сөз түрлендіруші қосымшаларсыз алынған сөз деген ұғымда қолдандық.

Екінші анықтамада түбір, түбір сөз деген терминдер артық қолданылған. Оларды алып тастасақ, анықтама мынадай дұрыс қалыпқа түсер еді – сөздің өз алдына тұрып, мағына бере алатын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі мағыналы бөлшегі негізгі түбір деп аталады. Біз диссертацияда негізі түбір деген терминді осы мағынада қолдандық. Бұл осы мәселедегі термин алалығын жояды деген пікірдеміз.

3-анықтамада да термин, алалығы орын алған онда туынды түбір деген терминнің орнына туынды сөз термині қолданылғын. Осы терминдерді ауыстырсақ, анықтама мынадай дұрыс қалыпқа келер еді – туынды түбір деп жұрнақтар арқылы негізгі түбірлерден қобіген сөздерді айтамыз. Өйткені туынды сөздерден термин сөзжасамдық түрлі тәсілдер арқылы жасалған барлық туынды сөз атаулыны қамтиды. Бұл арада біз «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монография пікірін ұстандық онда бұл туралы былай деп жазған: «Сөзжасам саласындағы негізгі тұлғалардың бірі-туынды сөз. Туынды сөзге күрделі сөздер, барлық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған туындылардың бірі жатады, туынды сөздер – тілдің сөзжасамдық процесінің нәтижесінде туған лексикалық дайын тұлғалар». /83, – 33/.

Міне, біз бұл пікірмен толық келісеміз оны дұрыс деп негізге алдық, өйткені түбір сөз негізгі түбір, туынды түбір, туынды сөз терминдерін қолайсыздық тұтғызып жүргені рас, оны бір ізге түсіру өте қажет деп санаймыз, сондықтан оны бір қалыпқа келтіру жолын аталған монографияда дұрыс көрсеткен деп тауып, біз де осы жолды ұсынамыз. Сонда туынды сөз деген

термин Е.С. Кубрякова ізден отырған барлық тәсілдер арқылы жасалған сөздерді қамтитын термин болып шығады.

Жалғыз біз емес, қазір ғылымда осы бағыт қолданыс тапқанын соңғы диссертациялардан аңғаруға болады. Н.М. Қоқышева өзінің «Қазіргі қазақ тіліндегі дене мүше атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатылардағы туынды сөздер» тақырыбындағы диссертациясында ұяларды барлық тәсіл арқылы жасалған туындыларға талдау жасаған. Оны автор келтірген мына ұядан көруге болады: Мысалға дене мүше атауы мұрын түп негізі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяны алайық – ден, онда автор төмендегі туынды сөздерді көрсеткен. / 158, – 46/

мұрын	ауыз-мұрны құлақ-мұрын қыр – мұрын мұрынбок мұрынды		
	мұрындық	қымызмұрындық мұрындықсыз мұрындықта мұрындықты мұрындықша	мұрындықтап мұрындықтап

Автор келтірген сөзжасамдық ұяда 13 туынды сөз берілген, ол екі түрлі сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған: аналитикалық және синтетикалық тәсілдер. Аналитикалық тәсіл арқылы 5 туынды сөз жасалған олар: аузы – мұрны, құлақ – мұрын, қыр мұрын, мұрынбок, қымызмұрындық. Синтетикалық тәсіл арқылы 8 туынды сөз жасалған, олар: мұрынды, мұрындықтап, мұрындықша.

Автор сөзжасамдық ұядағы осы сөздердің бәрін туынды сөздер деп атаған. Бірақ олардың айырмашылығына қарай, олар түрліше аталады. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер диссертацияда күрделі сөздер деп аталғын да, синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер туынды түбірлер деп аталған. Ал күрделі сөздер де, туынды түбірлер де сөзжасамдық әрекеттің нәтижесінде жасалғандықтан, олар жаппы алғанда, туынды сөздер деп аталған. Жоғарыда Н.М. Қоқышева мысалға келтірген ұяда жасалған 11 сөз түгел туынды сөз деп танылған. Туынды сөз деп олардың бәрін автордың атағанын дұрыс деп санаймыз, өйткені олардың бәрі уәждеме сөз бен сөз туындырушы көрсеткіштер арқылы жасалған.

Бұл мысал арқылы қазақ тілші ғалымдарының пікірі мен орыс тіліндегі сөзжасам мәселесінің ірі маман ғалымы Е.С. Кубрякованың пікірлерінің бір жерден шыққанын атай отырып, қазақ тіл білімінде «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиядағы туынды сөздер, туынды түбірлер яғни сөзжасамдық бірліктер туралы пікірлер мен терминдер туралы пікірлердің ғылымда өріс алып, қолданыс тапқанын соңғы кездегі зерттеулер мен диссертациялар (М.Н. Қоқышеваның) дәлелдеп отыр. Сондықтан біз де диссертациямызда осы жолды, пікірді ұстандық.

Қорыта келгенде, түбір, негізгі түбір, туынды сөз, туынды түбір, морфема терминдеріне кездесетін алалық, бірінің орнына бірін қолдана салу, оларды қолданудағы жауапсыздықтың жойылатын кезі келді деп санаймыз.

Енді туынды сөздердің негізі ерекшеліктері мен белгілерін сипаттап көрейік.

Туынды сөздер әр кезеңде тілдің сөздік қорын үздіксіз байытып отырған. Орхон жазбаларынан бастап, барлық жазба ескерткіштер тілінде туынды сөздерді көптеп кездестіреміз.

Жазба ескерткіштер тіліндегі туынды сөздерді зерттеген ғалымдар еңбегінде ол мәселе бір талай зерттелді. А. Есенғұловтың 1976 жылы баспадан шыққын «Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар» деген еңбегінде сөзжасамдық жұрнақтарға талдау жасауда өте көп туынды сөздер мысалға келтірілген: йылылық, атлығ, байлығ, ердемліг, (қуаттылық), ачлығ, қағуылық, чаруклық, етлік, ерлік, көзлук, көріклук, бегліг, еркліг, еблік, көмулуг, удаык, борлуг, (жүзімдік), чейклик, бөклі, беглі, чаблы, еріккі, есітті, бедізчі, ітгучі, алағчы, дажығчы, басқарығчы, аяберчи, сығытчы, иығчы, ауғычы, ітгучі, өліг, кечіг, көруг, черіг, сунуг, бітіг,улуг, емгек, йелме, алағ, ачығ, біліг, тіріг, удуг,тутүг,йолук, көрк,йорук,бұлғақ, емгек, алағ, отағ, кечік, көру, өлүг, бүйурук, өчук, көнык, қызғақ, құлкак, қышлағ,йайлығ,ігіме, бітігіме, йатұғма, өтүнүч, ахын (ағын), ачсык, тоғсык, т.б. осы сияқты әр түрлі жұрнақ арқылы жасалған көптеген туынды түбір сөздерді мысалға келтірген /239, – 11/, Н.А. Баскаков /226/.

Бұл туралы П.Н. Кононов /227/, Г. Айдаров /142/, т.б ғалымдар еңбектерінде мағлұмат берілген. Бұл еңбектерде VII–VIII ғасыр жазба ескерткіштерінде туынды сөздер бары, туынды түбір сөздер мен оларды жасаған көптеген жұрнақ талданған.

Ал одан бергі XI–XIV ғасырлар жазба ескерткіштер тілін зерттеген ғалымдар да талай туынды сөздерді көрсетіп, олардың жұрнақтарына талдау жасаған. Орхон жазбаларынан кейінгі кезеңді қазақ тілші маман-

дары көптен зерттеп келеді. Берікбай Сағындықов 1977 жылы «Сравнительный анализ лексика тюркоязычных памятников XIV века» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады /240/. Онда «Мұхаббат – наме» хорезми; «Хосров и Ширин» Кудтба, «Гулистан бит-турки» Сейф Сараи ескерткіштеріне салыстырма талдау жасаған. Ахметгалева Ялкын Сафовна «Исследование языка памятника тюркоязычной письменности» Кисекбаш кітабы деген тақырыпта кандидаттық диссертацияны 1979 жылы қорғады /242/. Мұрат Бөкенбайұлы Сабыров «Құтыптың» Хұсрау уа шырыны» поэмасының тіліндегі реликт тұлғалар (XIV ғасыр)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады /244/. 1998 жылы Макпиров Валерии Уйгурович «Древнетюркская ономастика» тақырыбына докторлық диссертация қорғады /245/.

Мұнда біз, көбіне, соңғы кездердегі зерттеулерді келтіріп отырмыз. Ол көне жазба ескерткіштертерді зерттеу ғылымдар назарында екенін көрсетеді. Бұл зерттеулердің тақырыбы әр түрлі болғанымен, олардың бәрінде көне жазба ескерткіштер тілінде туынды сөздер құрамы жасалу тәсілі жағынан түрлі екені анықталған. Олар – аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздер, синтетикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздер синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлер, сөз мағынасының кеңуі арқылы жасалған сөздер күрделі сөздерде де, туынды сөздерде де, тіпті негіз түбір сөздерде бары дәлелденген.

Ә. Қайдаров «Структура односложных корней и основ в казахском языке» деген еңбегінде түбір сөзде болған өзгерістерді сөзжасамдық негізде дәлелденген. Сөзжасам әрекетінің ертеден келе жатқан тарихи

құбылыс екені бірсыпыра көне туынды түбірлердің құрамы кірігіп, қазір олар негізгі түбір дәрежесіне жеткенін дәлелдеген. Олардың бірсыпырасын атауға болады: жаза, сақал, тоқал, жөтел, сазан, құлан, қоян, жылан, құлын, бұлан, шаян, терең, керең, кілең, күрең, топас, сұрау, калжын, қалқа, қаңқа, мешкей, еңкек, шалқар, жалқау, мылқау, сақау, жылқы, қарғы, тарғыл, пікын, шатпақ, торта, келте, мықты, қауыз, ауыз, уыз, аңыз, теңіз, қоңыр, тобық, тосын, жұлын, көпір, шайыр, бүйір, ыдыс, кебіс, шабыт, үгіт, сауыт т.б.

Бұл сөздердің сөзжасамдық типтерін көрсетіп, ғалымның сөзімен сөзімен айтқанда, сөзжасамдық модельдерін көрсетіп, олардың көне кезеңде 36 модель бойынша жасалған көне замандағы туынды түбір сөздер болғанын дәлелдеген /45,125–128/. Олардың көнелігі соншалықты 36 модель яғни сөзжасамдық тип бойынша жасалған туынды сөздер ұзақ уақыттың ішінде түбір мен жұрнақ кірігіп, олардың көбі негізгі түбір деп таныту дәрежесіне жеткен. Оны Ә. Қайдаровтың өз сөзімен келтірейік: «Консервация некогда самостоятельных односложных корней-основ в структуре производных образований – результат весьма длительного исторического процесса развития морфологической структуры тюркских языков. Причины превращения этих элементов в неразложимое целое с точки зрения сегодняшнего нашего представления прижелании могут быть найдены и объяснены различными методами структурного анализа» /45, –106/.

Қ. Құсайыновтың «Звукоизобразительность в казахском языке» деген 1988 жылы баспадан шыққан монографиясында да дыбысқа еліктеу сөздерінен ертеде жасалған көптеген туынды сөздерге талдау жасалған,

олардың дыбыстық, морфемдік құрамын сақтап жүргендері де бар, сонымен бірге құрамы кіреккендері де бар. Осы туындылардың көнелігін автор түркі тілдеріне ортақтығы арқылы дәлелдеген. Олардың туынды қалпын сақтағанына тоқталмай, құрамы кіріккен бұрынғы туындыларға ғалымның еңбегінен мысал келтірейік: топыр, сықсы, шыңғыр, еңре, аңылда, түкір, шербет, ысқыр, сықыр, ышқыр, маңыра, шапшаң, шапшу, шапалақ, кекеш, кекірек, қақыр, жалтақ, жаллаң, жалау, жалпақ, жылтыр, жымаң, шалқар, көкек, шағала, тырна, тартар, кекілік, тауық, сұңқар, шалшық, т.б.

Қ. Құсайынов бұл сөздердің дыбысқа еліктеуден жасалған, түп негізі еліктеуіш сөздерге апаратын туындылар екенін дәлелдеген. /55/

Қ. Құсайыновтың еңбегінде де туынды сөздердің тілде өте ерте жасалғанын көне жазба ескерткіштер деректеріне сүйеніп, ол туындылардың көне заманнан түркі тілдерінің сөздік қорында бары арқылы дәлелдеген.

Ал олардың бір сыпырасының құрамындағы морфемалары кірігіп, олардың арасындағы жігінің жойылуы ұзақ уақыттағы дамыудың нәтижесі. Олай болса жоғарыдағы қазір негізгі түбір деп танылып жүрген бұрынғы туындылар өте көне кезеңге жатады.

Бұл келтірілген мысалдардың бәрі туынды сөздердің ең көне жазба ескерткіштерден бастап, келе жатқан тілдік құбылыс екенін дәлелдейді. Ол сөзжасам құбылысы түркі тілдерінде ерте бастаған көне құбылыс екенін білдіреді.

Сонымен бірге бір түп негіз сөзден бірнеше туынды сөздің жасалуы да сөзжасам жүйесімен бірге жасасып келе жатыр деген ойдамыз. Оны Қ. Құсайынов

дегіше дәлелдеген: «Түркі тілдерінде де бұл тәсіл (аналитикалық – К.К.) көне замандардан келе жатыр. Орхон жазба ескерткіштерінің тіліндегі мынадай күрделі сөздерді Ғ. Айдаров осы жазба ескерткіштердің лексикалық қоры ретінде келтірген: йошыл угуз – көк өзен, күнтіз – күндіз, беңгу таш мәңгі тас (жазылу тас), Беш Балық – Бесбалық (қала аты), Бес кечен – Бес кечен (жер аты), Бай Балық (жер аты), Қадырқан йыш (жер аты), Қазлық көл (көл аты), Қара құм (жер аты), Қарақол (көл аты), Көмур тағ (тау аты), Тоғы балық (қала аты), Темір қапығ (жер аты), Чугай күз (жер аты), Чут башы (шық аты), Ыдықбаш (жер аты), Баз қаған (кісі аты, хан аты), Барыс бег (шен аты), Білге қаған (хан аты), Бөгу қаған (хан аты), Істемі қаған (хан аты), Күл білге қаған (хан аты), Кули Чор (хан аты), Құны сеңунг (кісі аты), Нең сеңук (кісі аты), Істеміс тегін (хан аты), Оғын білге (кісі аты), Удар сеңүн (кісі ата), Оң оқ (халық аты), Көк түрік (халық аты)» /83, 90–91/. Бұл мысалдардың Ғ. Айдаровтың «Язык орхонских памятников древнетюрском письменности VIII века» атты еңбегінен келтірілгені көрсетілген.

Сол сияқты «Монографияда» лексика – семантикалық тәсілдің де ертеден келе жатқанын омоним сөздер арқылы көрсеткен,

Демек сөзжасамдық тәсілдер де, олар арқылы жасалған туынды сөздер де ең көне жазба ескерткіштер тілінде болғаны ешбір күмән қалдырмайды.

Бұл үш тәсіл сөзжасамдық тәсіл болғандықтан, олар арқылы жасалған сөздер туынды сөздерге жатады. Ол туралы аталған монографияда былай деп жазған «Сөзжасам саласындағы негізгі тұлғалардың бірі – туынды сөз. Туынды сөзге қосымша арқылы жасалған

туынды түбірлер мен аналитикалық сөздер (күрделі сөздер – К.К.), барлық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған туындылардың бәрі жатады, туынды сөздер – тілдің сөзжасамдық процесінің нәтижесінде туған лексикалық дайын тұлғалар.». /83, –33/

Туынды сөздер сөзжасамдық түрлі тәсілдер арқылы жасалатындықтан олардың түрлері көп. Ол туралы аталған 1989 жылғы монографияда былай деп жазылған: «Туынды сөздер – тілден көлемді орын алатын, сөз байлығымыздың өзінше бір қалың қабаты. Қазақ тіліндегі туынды сөздердің түрлері өте көп, олар мыналар: туынды түбір біріккен сөз, қос сөз, күрделі сөз, қысқарған түбір.» /83, – 35/

Біздің зерттеуіміз синхрондық аспектідегі синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөзжасамдық ұялар болғандықтан, біздің зерттеу нысанымызға туынды сөздердің ішіндегі туынды түбірлер қатысты.

Туынды түбірлер – туынды сөздердің құрамында үлкен орын алатын тілдік құбылыс. Олар сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы жасалады. Туынды түбір деп негіз сөздің сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалып, туынды мағынаны білдіретін сөздер аталады: оқушы, тәлімгер, саудагер, аспаз, өрім, бөлім, байлық, пәлекор, сынақ, даулы, өнерпаз, атқыш, тілде, көйлекшең, үйшік, тілсіз, көрме, тыныш, өзгер, айтыс т.б.

Осы келтірілген туынды түбірлердің мағынасы негіз сөз бен жұрнақтың мағынасынан жасалған. Негіз яғни уәждеме сөздің мағынасының негізінде оған қосылған жұрнақтар олардан басқа мағыналы сөз жасалған. Оны негіз сөз бен туынды түбірдің мағынасын салыстыру арқылы дәлелдеуге болады. Мысалы, оқу – оқушы, тәлім – тәлімгер, сауда – саудагер, ас –

аспаз, өр – өрім, бөл – бөлім, бай – байлық, пәле – пәлекор, сын – сынақ, дау – даулы, өнер – өнерпаз, ат – атқыш, тіл – тілде, көйлек – көйлекшең, үй – үйшік, тіл – тілсіз, көр – көрме, тын – тыныш, өз – өзгер, айт – айтыс. Бұл салыстыру мыналарды көрсетеді:

1) Туынды түбірдің негіз сөзі – лексикалық мағыналы сөз болады;

2) Туынды түбір сөзжасасмдық жұрнақ арқылы жасалады;

3) Негіз сөз яғни уәждеме сөз бен туынды түбірдің мағыналары екі басқа;

4) Негіз сөз бен туынды түбірдің мағынасы байланысты;

5) Көбіне негіз сөз бен туынды түбір – екі түрлі сөз таптарының сөздері яғни туынды түбірде негіз сөздің сөз табы өзгереді;

6) Негіз сөзден туынды түбірдің бір морфемасы артық;

7) Әр туынды түбір белгілі бір сөз табына қатысты;

Бұлар келтірілген мысалдарға ғана емес, жалпы туынды түбір атаулығы қатысты ерекшеліктер, белгілер. Сондықтан олардың әрқайсысына жеке – жеке тоқталайық.

1) Туынды түбірдің бірінші белгісі бойынша туынды түбір лексикалық мағыналы түбір сөзден жасалады, яғни туынды түбірге лексикалық мағыналы түбір сөз негіз яғни уәждеме болады. Бұл – негізгі заңдылық. Ал лексикалық мағыналы түбір сөздерге негізгі түбір, туынды түбір, күрделі сөздер жататыны белгілі. Олай болса, бұл түбір сөздердің бәрі туынды түбірге уәждеме сөз бола береді. Мысалы, балалық, өміршең, ақта, сенім, көрік, қақпа, дәрігер сияқты туынды түбірлерді алсақ,

олар уәждеме болып тұрған бала, өмір, ақ, сен, көр, қақ, дәрі деген сөздер – тілде қосымшасыз жеке қолданылып та, мағына беретін, басқа тілге аударылатын толық мағыналы негізгі түбір дербес сөздер. Ол белгілі мәселе болғандықтан оны мысалымен дәлелдейміз. Бұл туынды түбірлерге негізгі түбір сөздер уәждеме болған.

Ал оңайла, орақшы, өлімтік, басқарма, басқармашы, белдікше, беткейлік сияқты туынды түбірлердің уәждеме сөздері – туынды түбірлер. Мұнда туынды түбірден туынды түбір жасалатыны анықталды.

Сөзжасамдық ұяның құрамында негізгі түбірлерден жасалған және туынды түбірлерден жасалған туынды түбірлер кез келген сөзжасамдық ұядан орын алады. Оның үстіне біздің зерттеуіміз синтетикалық тәсілмен жасалған туынды түбірлерден құралған сөзжасамдық ұя болғандықтан, зерттеу нысанымыздағы сөзжасамдық ұяларды тек негізгі түбірден жасалған туынды түбірлер мен туынды түбірлерден жасалған туынды түбірлер ғана орналасқан.

Сөзжасамдық ұяның құрамын бір түп негіз сөзден туындаған түбірлес туынды түбірлер кіреді. Сондықтан да сөзжасамдық ұяға берілген анықтамалардың көбінде «сөзжасамдық ұя бір түбірден тараған туынды сөздердің жиынтығы» деп саналады. Олай болса, сөзжасамдық ұядағы түп негіз сөзден кейінгі негізгі орын алатын тілдік, сөзжасасмдық бірліктер – туынды түбірлер. Сондықтан сөзжасамдық ұяның құрамындағы туынды түбірлер арнайы талданады.

Сөзжасамдық ұяның туынды түбірлері ұяның шыңы, ұяның түп негіз сөзі саналатын сөзден жасалған туынды сөздер, демек олар бір ұяға бір түп негіз сөзге

ғана қатысты, олардың басқа ұядағы туынды сөздерге қатысы жоқ. Өйткені әр ұяның түп негіз сөздері басқа, сондықтан олардан жасалған туынды түбірлерде басқа болуы заңды құбылыс.

Бір ұядағы туынды сөздердің бәрі бір түп негіз сөзден туындайтын болғандықтан ұяда түбірлес туынды түбір болады дедік. Олай болса, әр ұяның өзінше түбірлес туынды түбірлері болады. Бұл тілдегі түбірлес туынды түбірлердің түрлілігін туғызады. Яғни тілде қанша сөзжасамдық ұя болса, сонша түбірлес туынды сөздер бар деп түсіну керек. Оны мына ұялардан көруге болады.

Біздің зерттеуіміздегі сөзжасамдық ұялар негізгі түбірлерден жасалған туынды түбірлерден гөрі тілде туынды түбірлерден жасалған туынды түбірлердің көп екенін анықтады. Ол – сөзжасамдық ұя атаулының бәріне қатысты заңдылық. Алайда оны нақтылы сөзжасамдық ұя арқылы көрсетейік. **Би** түп негіз сөзінен жасалған сөзжасамдық ұяны мысалға алайық:

Би					
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты	6-саты
Биле	билегіш билен билес билет билеу	билену билесу билету билеттір билеуші	билет- тіру билеу- шілік		
Билік	биліксіз билікші	биліксіз- дік билікшіл	билік- шілдік		

Бипаз	бипазда бипаздық	бипаздан	бипаз- дандыр бипаз- дану	бипаз- дандырт	бипаз- дандыр- дырт- тырту
Бипаң	бапинда	бипаңдат	бипаң- датқыз	бипаң- дарт- қызу	
Бипың	бипыңда	бипыңдат	бипың- даттыр	бипаң- даттырт бипың- даттыру	бипаңдат- тырту
бишікеш					
Бишіл	бишілдік бишілік	бишіліксіз			
7	13	10	7	4	2 = 43

Осы кішігірім сөзжасамдық ұяда 43 туынды түбір сөз бар. Олардың жетеуі ғана негізгі түбірден жасалған, қалған 36 туынды түбірлердің уәждемесі туынды түбірлер яғни туынды түбірлер туынды түбірлерден жасалған. Бұл мысал туынды түбірлерге негіз сөз, уәждеме болу үшін сөздің негізгі түбір, туынды түбір яғни түбірдің қай түрі екені маңызды емес, оның лексикалық мағынасы болуы міндетті. Сондықтан туынды түбірдің уәждемесі түбір атаулының бәрінен болады.

Мысалы, балмұздақтай, бүгінше, қолбасшы, қолхоздық (мал) сияқты туынды түбірлердің уәждеме сөзі біріккен және қысқарған түбірлер. Бұдан шығатын қорытынды туынды түбірлер лексикалық мағыналы түбірлердің барлық түрінен жасала береді.

2) туынды түбірдің екінші белгісі – оның сөзжасамдық жқрнақ арқылы жасалуы. Туынды түбір жасау үшін, алдымен лексикалық мағыналы түбір сөз болу керек дедік. Бірақ сонымен бірге ол лексикалық

мағыналы сөздің мағынасының негізінде басқа мағына жасайды. Сондықтан туынды түбір жасау үшін, уәждеме сөз бен бірге сөзжасамдық жұрнақ қатысуы керек, яғни сөзжасамдық жұрнақтың қатысуы міндетті. Біз сөзжасамдық жұрнаққа кейін арнайы тоқталамыз. Мұнда жұрнақ туынды түбірдің бір міндетті белгісі дегенді айтпақ болдық.

3) Туынды түбірдің 3-белгісі – оның негіз сөзден, уәждеме сөзден мағынасының өзгешелігінде. Туынды түбір атаулының мағынасы оның уәждеме сөзінен ерекшеленеді, яғни туынды сөзде уәждеме сөздің мағынасы өзгереді. Сондықтан да сөзжасамға арналған көп еңбектерде туынды түбір негіз сөзден жасалған жаңа, басқа сөз деп түсіндіріледі, оны кейде туынды түбірдің өмірдегі басқа-басқа құбылыстарды білдіруімен түсіндіреді. Мысалы, егінші, құрлысшы суретші деген туынды түбірлердің негіз уәждеме сөздері егін, құрылыс, сурет сөздері өмірдегі түрлі жансыз заттардың атаулары. Ал олардан жасалған егінші, құрылысшы, суретші деген туынды түбірлер маман адамдардың атауы. Бұл туынды түбірде сөз мағынасында өзгеріс болатынын, сол арқылы туынды түбір өзінің уәждеме ажырайтынын, яғни одан басқа екенін білдіреді. Әрине, уәждеме сөз бен туынды түбірдің мағыналық ерекшелігі түрлі дәрежеде болуы ескеріледі. Алайда уәждеме сөз бен одан жасалған туынды түбірдің мағыналық айырмашылығы туынды түбірді сөзжасамға жатқызады. Оларда лексикалық мағынадағы осы айырмашылық болмаса, ол сөзжасамға жатпаса еді. Оған дәлел ретінде сөз болғасын өзгертетін жалғауларды мысалға келтіруге болады. Олар сөздің лексикалық мағынасына өзгеріс жасамайтындықтан, сөзжасамға жатпайды.

4) туынды түбірдің келесі белгісі – оның мағынасының уәждеме сөзбен байланыстылығы. Қай туынды түбірді алсақта оның мағынасы негіз сөзден, яғни уәждеме сөздің мағынасымен байланысты болады. Бұл – сөзжасам да қатал сақталатын заңдылық. Ол туынды түбірді ажыратуда, талдауда үлкен тірек болып саналады. Оған А.Н. Тихонов сөзі дәлел: «Самые тесные семантические связи в гнезде наблюдаются между производящими и производными словами» /188, – 22/.

Біздің зерттеу нысанымызбен, зерттеу мәселемізбен байланысты алғанда, ол әр сөзжасамдық ұяның құрамындағы туынды түбірлердің іштей мағыналық байланысынан көрінеді. Ол туралы А.Н. Тихонов былай дейді: «Родство и формально семантическая общность конкретных лексических связей, тем, что производное слово усваивает вполне определенное знание производящего. Ср. база и базовый, базировать, базироваться, базирование, базировка. При этом корень слова, которое играет немаловажную роль в формировании этого единства вступает в функции своего рода «гена» – «носителя наследственности», обеспечивающего приемственность в семантике, является материальным выразителем семантической общности однокоренных слов и сочетаясь с различными аффиксами, нередко сам семантически преобразуется» / 18, – 12/.

Сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлердің мағыналарының байланысты болатын себебі – олар бір түп негізден өрбеген сөздер. Оны А.Н. Тихонов «гена» деген сөзбен білдірген. Қазақшалағанда, ұядағы сөз бір тұқымнан өрбіген деуге болатын сияқты яғни тегі бір сөздер сондықтан ұядағы туынды түбірлердің мағыналары байланысты. Сонымен бірге бір сөзжа-

самдық ұяда бірінен – бірі жасалған туынды түбірлер ғана болады. Бұл да олардың мағыналарының байланыстылығын туғызады.

5) Ұядағы туынды түбірлердің бәрі бір түп негізден өрбегенімен, туынды түбірлерді түрлі сөз таптарына жұрнақтары жасайды. Ұядағы туынды түбірлердің бәрін бір сөз табының жұрнағымен жасалуы жоқтың қасы. Жұрнақ түп негіз сөздің қай сөз табынан болуынан қарамастан, одан түрлі сөз таптарының туынды түбірлерін жасайды. Міне, бұл туынды түбірлердің түп негіз сөзден басқа сөз таптарының сөздері болуын туғызады. Сондықтан түп негіз сөзден басқа сөз табымен туынды түбірлердің сөз таптары басқа бола береді.

6) Бұл белгісі бойынша – туынды түбірдің уәждеме сөзден бір морфемасы артық болады. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірдің уәждеме сөзден үнемі бір морфемасы артып отырады. Бұл да қалыптасқан қатал сақталатын заңдылық. Туынды түбір бар жерде оның уәждеме сөзден туынды түбір жұрнақ болғандықтан, туынды түбірдің уәждеме сөзден бір морфемасы артып отырады. Мысалы, без – безбе, бол – болжа, бақ – бақыт, ор – орақ, өл – өлім, сақ – сақта, піл – пілдей, сал – салық, сан – сана, сен – сенгіз, сом – самда, сөз – сөздік, тап – табыл, тай – тайлы, тын – тынық, төрт – төртпақ т.б.

Түрлі сөзжасамдық ұялардан келтірілген бұл мысалдар уәждеме сөзден туынды түбірдің бір морфемасы артық екенін анықтап тұр. Ол, екінші жағынан, барлық сөзжасамдық ұяға қатысты дегенді аңғартады, өйткені мысалдар түрлі ұяларда келтірілді. Туынды түбірден уәждеме сөзден артық морфемасы сөзжасамдық жұрнақ, өйткені туынды түбірлер жұрнақ арқылы жа-

салады. Сондықтан уәждеме сөзден туынды түбір жасайтын жұрнақ уәждеме қосылатындықтан туынды түбірдің морфемдік құрамы уәждемеден бір жұрнаққа көбейіп отырады.

7) Ұядағы әр туынды түбір белгілі бір сөз табының мүшесі болады, ұяда сөз табынан тыс туынды түбір болмайды. Бір ұядағы туынды түбірлер әр түрлі сөз табына қатысты. Сондықтан бір ұяда түрлі сөз табының туында түбірлері орналасады, өйткені ұя бір сөз табына тәуелді емес. Оны төменде келтірілген сөзжасамдық ұядан көруге болады. Ол – бір деген түп негіз сөзден жасалған сөзжасамдық ұя.

Бір	1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты
бірақ бірге бірде					
бірдей	бірдейле бірдейлік	бірдейлет бірдейлен бірдейлес	бірдейлеткіз бірдейлестір		
бірден					
берегей	бірегейлік				
Біреп					
біресе					
Біреу	біреуле біреуден	біреулеп			
біркелкі	біркелкуле біркелкілік	біркелкілет біркелкілеу	біркелкілеттір	біркелкілеттірт	
бірлеп					
бірлес	бірлестік бірлестір бірлесу	бірлестіру			

бірлік	бірліксіз бірлікті бірлікшіл			
Біртін	біртіндеп			
Бірік	берігу біріктір	біріктірт біріктіргіз біріктіру біріктіріл	беріктіруші	
Бірін	бірінде біріндей	біріндеп біріндеу		
бірінші	біріншіден біріншілік			
Біріні				
18	20	13	4	1=56

Осы сөзжасамдық ұядағы 56 туынды түбірдің ушеуі ғана (біреу, бірер, бірінші) сан есім туынды түбірлер, қалғандары басқа сөз топтарының туынды түбірлері. Олар:

1) Зат есім туынды түбірлер: бірегейлік, бірлестік, бірлік, біріншілік, біріктіруші;

2) Сын есім туынды түбірлер: бірдеймес, біреудей, біркелкі, бірліксіз, бірлікті, бірегей, біріндей, бірінді, біріні.

3) Туынды түбір етістіктер: бірдейле, бірдейлен, бірдейлес, бірдейлестір, бірдейлеу, біреуле, біркелкі, біркелкілет, біркелкілеу, бірлестір, бірлестіру, бірлесу, бірігу, бірік, біріктір, біріктіру, беріктіріл, біріндеу;

4) Туынды түбір үстеулер: бірлеп, бірге, бірдей, бірден, біреулеп, бірлеп, біртіндеп, бірінде, біріндеп; шылау сөзде де жасалған: бірақ, біресе.

Бұл сөзжасамдық ұяда туынды түбір сан есімдерді қосқанда, 5 түрлі сөз табының туынды түрлері бары

анықталды. Рас, шылаулардың жасалуы басқа туынды түбірлердің жасалуынан өзгершелігі бар мәселе. Алайда, мұнда келтірілген шылаулар түп негіз сөзге мағыналық байланысу сақталған морфемдік жағынан да сай келіп тұп. Сондықтан талдауда ол қосылды.

Осы туынды түбірлердің кейбіреулерінің сөз табы жеке алғаннан гөрі сөйлемде, контексте анық байқалады. Сондықтан оларды қолданыстағы қалпында көрсетуді дұрыс көрдік. Мысала: Үлкен сырлы аяқпен біріні бидай алған әр үй баласына қуырып беріпті (С. Жүнісов). Құсайынның қатыны да кішкене жегенімен бірінді қымызын сасқалақтап тысқа алып шақты (С. Сейфуллин). Аттылы жанның тұрпаты Нұрымның көзіне кетіп, ойына оралды – Мәмбеттің өткен кездері өр сипаты мен өзгеше ерлігі біріндеп тізбектеле берді (Х. Есенжанов). Осы сөйлемдердегі біріні бидай, бірінді қымызын деген тіркесте қолданылған біріні, бірінде деген туынды сөздер – туынды түбір сын есімдер. Соңғы сөйлемдегі біріндеп тізбектен берді деген дегендегі біріндеп – туынды түбір үстеу.

Сөзжасамдық ұядағы басқа туынды түбірлердің сөз табы күмән келтірмейді деп ойлаймыз.

2.4. Ұядағы сөзжасамдық жұрнақтар

Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық жұрнақтар өте көп зерттелген мәселе деуге де болады. 1-бөлімдегі шолуда көрсетілгендей сөзжасамдық жұрнақтар Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, А. Байтұрсынов, І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Т. Қордабаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов, К. Аханов, Н. Оралбаева, М. Томанов, А. Қалыбаева, Ш.Х. Сарыбаев, Ә. Қайдаров, К. Құсайынов, Ж. Манкеева, Е. Жанпейісов, Б. Құлмағанбетова, А.Төлеуов,

Б. Қайымова т.б. атақты тілші мамандарымыздың еңбектерінде, оқулықтарында назардан тыс қалмаған. Түрколог ғалымдар да ол мәселеге ерекше назар аударған. Сөзжасамдық жұрнақ мәселесі ірі-ірі мамандар зерттеулерінен орын алып отырған. Бұл мәселелер шолуда біраз қамтылды. Сондықтан оны қайталау ретсіз саналды.

Сөзжасамдық жұрнақтар ең көне жазба ескерткіштер тілінде аз емес екенін ғалымдар еңбектерінде көрсетіліп жүр. Мәселен, Ғ. Айдаров зат есім жасайтын =ығ/=іг, =уғ/=үг, =ы/=і, =ус/=үс, =уш/=үш, =ку/=ку, =ғу/=ғү, =ма/=ме, =ығма/=гме, =ынч/=інч =нч, =ым/=ім, =ан/=ен/=н, сық жұрнақтарын атап, оларды мысалдармен дәлелдеген. Туынды түбір сын есім жасайтын: =лы/=лі, =лық/=ліг, =сыз/=сіз, =қы/=кі жұрнағының сол кезде сөзге =да/=де, =та/=те, =ра/=ре қосымшаларынан кейін жалғанған. =қы/=кі, =ғы/=ғу дерексіз мағына берген. –сығ жұрнағы зат есім жасаған.

Етістіктің сөзжасамдық мына жұрнақтарын көрсеткен: =а/=е, =ла/=ле, =лан/=лен, =ман/=мен, =д/=ед, =ад, =к/=к, =ык/=ік, =сыра/=сіре, =ыш/=іш, =уш/=үш, =ус/=үс, =ш/=с, =ыт/=іт, =т, =тур/=түр, =дур/=дүр, =ур/=үр, =ын/=ін, =н.

Үстеудің мына жұрнақтарын берген:

=ра/=ре, =ру/=рү, =рі, =йа/=йе, =ғару/=геру, =та, =ты/=ті, =ды/=ді, ча/=че, =теч /142, – 159–232/.

Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов авторлығымен 1971 жылы шыққан «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» деген оқу құралында әр заманғы ескерткіштер тілінде осы жұрнақтардың бәрі дерлік бар. Бірақ орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінде жұрнақтардың жолыққаны байқалады. Осы оқу құра-

лының «М. Қашқари заманындағы түркі халықтарының тілі» деген бөлімде XI ғасырдағы түркі халықтары тілінен дерек берілген. Онда жоғарыда VIII ғасыр жазба ескерткіштерінде кездеспеген бірсыпыра жұрнақтар берілген, олар =даш/=дем, =ут/=үш, =сук/=сүк, =мақ/=мек, =сақ/=сек, =дұрук/=дүрук, =чут/=чүк, =чын/=чин, =чылық/=члік, =сыг/=сүг, =мыш/=миш, =ман/=мен т.б. /246/.

Осы мысалдар сөзжасамдық жұрнақ құрамының толыққанын дәлелдейді.

Ал XIV ғасыр көне қыпшақ тілін зерттеген Ә. Құрышжанов атаған жұрнақтардың құрамы да XI ғасыр ескерткіштерінде берілген жұрнақтар құрамынан жолыққаны байқалды дейді. Онда =ғұн/=мақ, =қан, =қақ, =ав/=ев, =ғұр/=гүр, =сы/=сі=қақ/=кек=з(екіз) =рых/=ріх=ағай/егей=сыл/=сіл=ачык/=е чік, =чуқаз=увса/=үвсе, =аш/=ем, =шур/=шүр т.б. осы сияқты еңбекте берілген жұрнақтар бұрынғы еңбектерде кездеспеген деп санайды /247/.

Бұл тілдік деректер уақыт өткен сайын жұрнақтардың құрамы өсіп отырғанын аңғартты. Бұны заңды құбылыс, тілдің дамуының жемісі деп түсіндік. Екінші жағынан барлық жазба ескерткіштер тіліндегі сөзжасамдық жұрнақтар зерттелсе, қазіргі түркі тілдеріндегі сөзжасамдық жұрнақтар түгел көрінбейтінін де байқауға болады, бірақ қазіргі түркі тілдеріндегі сөзжасамдық жұрнақтардың бірсыпырасын жазба ескерткіштер тілінен көруге болады.

Біздің зерттеуіміз синхрондық тұрғына болғандықтан, көне жұрнақтарға талдау жасаймыз. Алайда, тілдің сөзжасамдық жұрнақтары қазіргі тілдің ғана ерекшелігі емес, ол көне замандардан бері қарай тілді

қолданылып, туынды түбір сөздермен тілді толықтырып келе жатқан, толығып отырған тілдік құбылыс, тілдік бірлік, сөзжасамдық бірлік екенін ескертеміз. Сонымен бірге, олардың ішінде көнеріп қолданыстан шығып қалғандары да бар екенін ескертеміз. Сондай-ақ бірсыпыра жұрнақтардың мағынасы кеңігені де байқалады.

Қазіргі қазақ тілінде сөзжасамдық жұрнақтардың саны жазба ескерткіштер тілінде ғалымдар көрсетіп жүрген жұрнақтардың санына әлдеқайда көп жұрнақтардың санынан әлдеқайда көп, жұрнақтардың саны, құрамы өскен дамыған. Бір ғана зат есімнің сөзжасамдық жұрнағынан өзі жазба ескерткіштер тіліндегі ғалымдар атап жүрген барлық жұрнақтардан әлдеқайда көп. «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» оқулығында зат есімнің 60-тай жұрнағы берілген. Ал 1989 жылғы «Монографияда» зат есімнің 90 жұрнағы талданған /83, – 113–202/. «Морфология» оқулығында осылардың 60-жасқа жуығы берілген 238, 150–161/. Осы оқулықта етістіктің сөзжасамдық 30-дай жұрнағы берілген /238–231–236/. Аталған 1989 жылғы монографияда етістіктің алпысқа тарта жұрнағы талданған /83/.

Бұл екі сөз табының сөзжасамдық жұрнағына бай екені белгілі. Бірақ әңгіме жұрнақтың санында ғана емес, оның мағынасында көп сыр жатыр. Монографияда, оқулықтарда бір жұрнақтың бірнеше мағына беретініне ғалымдар көп назар аударып жүр. Мәселен «монографияда» зат есімнің бір ғана = лық/=лік =дық/ = дік/ =тық/ =тік жұрнағы 17 түрлі мағыналық реңк берген /83, –114–118/.

Ал осы монографияда етістіктің =ла /=ле жұрнағының әр сөз табынан туынды түбір етістік жасаудағы отызға жуық мағыналық реңкін талдаған.

Бұдан шығатын қорытынды қазақ тілі сөзжасамдық жұрнақтарға бай, олар алуан түрлі мағыналы туынды түбір жұрнақтардың туынды түбір жасаудағы нақтылы қызметін көрсетеді. Өйткені тілдегі сөзжасамдық жұрнақтар жасалған туынды түбірлер сөзжасамдық ұялардың құрамынан орын алады. Сөзжасамдық жұрнақтардың мағыналары ұядағы сөзжасамдық типтерден көрінеді.

Оны Ә. Қайдаров модельдер деп атап, төмендегідей түрде білдірген: «В казахском языке самостоятельно функционирует корень ой, который по своей природе синкретичен: выемка, углубление, яма, низина, доябить, прорубить, образовать яму, лунку. В силу этого, вероятно, он обладает исключительной словообразовательной продуктивностью. Иначе, на нем жаждется целый ряд моделей:

ма выем, выдолбленный
мақ наперсток из кожи, в котором вырезается
отверстие для пальца
аз впадина, углубление
нат долина речная, низина, низменность
он диал низменная местность
Ой қыш неровня, с рытвинами местность
қыл впадина, котловина
Ой пақ низина, впадина
ыс выгнутый, выдалбливать, перемешаться
сыра перен понести большой ущерб, урон
лы местность, имеющая впадину
ыл впадина
ық ниша, углубление в стене
дым тжч ойқыш
қыл тжч ойқыш
дыр завтавливать доябить яму и др.» /45, –134/.

Ә. Қайдаров мұнда бір түп негіз сөзден жұрнақ арқылы жасалған бірнеше туынды сөзді келтірген. Ол туындылар – көне сөздер. Автор мұнда буынды негіз бір сөзден түрлі модель арқылы бірнеше туынды сөз жасалатынын көрсетуді мақсат еткен, сол арқылы бір буынды түбірлердің сөзжасамдық қабылетін көрсеткісі келген. Оны өз сөзімен білдірейік «Мы приведем 16 моделей, образующих разные производные основы имен и глаголов. Если уж не такой, то во всяком случае подобной возможности теоретически обладают почти все исконно тюркские односложные корни – основы независимо от того, являются ли они самостоятельными или консервированными и мертвыми» /45/.

Мұнда Ә. Қайдаров түрлі жұрнақтардың түрлі сөзжасамдық үлгі, тип жасап, сол арқылы бір сөзден бірнеше туынды түбірлердің жасалуын нақтылы мысал арқылы көрсеткен. Екінші жағынан, тілдегі түрлі жұрнақтарды көрсетпек болған.

Қазақ тіліндегі сөзжасамдық типтердің бәрін сөзжасамдық ұядан кездестіруге болады. Сөзжасамдық типтер бір сөзжасамдық ұяда да, әр түрлі сөзжасамдық ұядан орын алады. Мысалға қыс түп негіз сөзінен жасалған ұяны алайық.

Қыс				
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты
Қыса	қысалаң			
қысаң	қысаңшылық			
Қысас	қысастан	қысастану		
қысқа	қысқала қысқалық қысқар	қысқалап қысқалау қысқарақ		

	қысқасы қысқаш қысқаша	қысқарт қысқару қысқашсыз қысқашала	қысқартқыз қысқарттыр қысқарту қысқартыл қысқартың- қыра	қысқартқызу қысқарттыру қысқартылу қысқарттың- қырат
қысқыш				
қыспа	қыспак қыспала	қыспақта қыспалау	қыспақтал қыспақтат қыспақтау	қыспақгалу
қыстық	қыстығу			
қыстыр	қыстырғыш қыстырғы қыстырма қыстыру қыстырыл	қыстырылу		
Қысу				
қысық	қысықтау қысықтық қысықша			
қысыл	қысылғандық қысылдыр қысылт қысылтаң қысылтаяң қысылту қысылу	қысылдыру қысылтаяң- дық қысылушы- лық		
	қысылшаң қысылыңқы қысылыс	қысылшаң- дық қысылың- қыра қысылысу	қысылың- қырау	

қысым	қысымды қысымсыз қысымшылық	қысымды- лық		
қысың- қы	қысыңқылау қысыңқыра	қысыңқы- рат		
қысыр	қысыра	қысырақ қысырат қысырау	қысырату	
қысыс	қысысу			
15	37	22	11	5 =90

Осы сөзжасамдық ұяда қимыл атауын жасайтын у жұрнағы арқылы жасалатын сөзжасамдық тип 23 рет қайталанған яғни 23 туынды түбір қимыл есімі жасалған. Бұлардың бәрінде = у жұрнағы етістікке жасалған және бәрінде бір мағына берген яғни қимыл есімі мағынасын берген. Мұнда сөзжасамдық типтің барлық шарты яғни үш түрлі шарты сақталған.

Келесі сөзжасамдық тип бойынша 6 туынды түбір жасалған. Бұл сөзжасамдық типтің жұрнағы = лық/ =лік, =дық/ =дік, =тық/ =тік. Бұл жұрнақ сын есімнен туынды түбір зат есім жасаған. Олар: қысқылық, қысықтық, қысылтаяндық, қысымдылық, қысталандық.

Осы ұяда-т жұрнағы арқылы етістіктен етістік жасайтын сөзжасамдық тип арқылы 6 туынды түбір жасалған. Олар: қыстат, қысылт, қысқарт, қыспақтат, қысырат, қысыңқырат.

Екі туынды түбір жасаған сөзжасамдық типтер бірсыпыра. Мысалы, қысыңқы, қысылыңқы, қыспала, қыстала, қыспақта, қыстыр, қысылдыр т.б..

Бұл мысалдар бір сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалатын сөзжасамдық типтердің бір ұяның ішінде

бола беретінін және типтердің бірнеше түрі бір ұядан орын ала беретінін дәлелдеді.

Ал бір сөзжасамдық типтің түрлі ұядан орын алу ең көп кездесетін жағдай. Мысалы, қысым, бөлім, алым, өнім, өсім, өтім, салым, таным, жырым, қырым, жазым, кесім, келісім, түсінісім, көрім, жем, дем сияқты т.б. сөзжасамдық типтен жасалған туындылар әр ұяда бар деуге болады.

Бір жұрнақ түрлі сөзжасамдық тип жасауы да сөзжасамдық ұяларда жиі кездеседі. Тілде: =ма/=ме, =ба/=бе, =па/=пе сөзжасамдық жұрнағы бары белгілі, бірақ бұл жұрнақтың мағынасы өте көп яғни ол омоним жұрнақ. Сондықтан ол тілді яғни ұяларда түрлі сөзжасамдық тип жасайды. Мысалы, төкпе күй, сырша шапан, кезбе адам, кірме кісі, қызба жігіт, ақпа құлақ, безбе жылқы, бөспе кісі, желме аяқ, жұқпа ауру, жүзбе бақа, бұқпа мінез, құйма құлақ сияқты қолданыстағы туынды түбірлер тек, сыр, кез, кір, қыз, ақ, без, бөс, жел, жұқ, бұқ, құй түп негіз сөздері арқылы жасалған сөзжасамдық ұялардан алынды. Бұл туынды түбірлер =ма/=ме жұрнағы арқылы етістіктен сын есім туынды түбір жасаған. Сондықтан мұнда =ма/=ме жұрнағы арқылы жасалған бір сөзжасамдық тип қызметі анықталды.

Ал бөлмені көр, қойманы жап, камбаға бар, көрмені аш сияқты қолданыстағы туынды түбірлер етістіктен мекен, орын мағынасын беретін =ма/=ме, жұрнағы арқылы жасалған – туынды түбір зат есім сөздер. Бұл мысалда =ма/=ме жұрнағы жоғарыда келтірілген туынды түбір сын есім жасаған сөзжасамдық типтен басқа сөзжасамдық типке жатады. Сөзжасамдық типтің екі белгісі ұқсас. Олар негіз сөздердің сөз табы бір және

жұрнақ бірдей тұлғалы. Бірақ сөзжасамдық типтің 3-белгісі бұларда жоқ, өйткені бұл екі жағдайдың біреуінде сын есім, екіншісінде мекен, орын мағыналы зат есім сөз жасалған.

Осы жұрнақ мекен, орын мағынасынан басқа мағыналы туынды түбір зат есім де жасайды, ол да жоғарыдағы екі типтен басқа сөзжасамдық типке жатады. Мысалы, сүзбе же, кеспе іш, салма жаса, жарма дайын, қоспа дәмді, бөкпе же сияқты қолданыста туынды түбір зат есім сөздер тамақ мағынасын береді. Мұнда да сөзжасамдық тип мағына арқылы бөлінген.

